

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

МАҚАН ЕСБОЛАТОВ атындағы
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

ШИДЕМОВ АЗАМАТ ГАРИФУЛЛАЕВИЧ

**ЭКСТРЕМИСТІК БАҒЫТТАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ
ТЕРГЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Монография



Алматы, 2024

ӘӨЖ 343.985 (035.3)

ҚБЖ 67.52

Ш54

Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы Ғылыми-кеңесімен баспада жарияланымға ұсынылады

Рецензенттер:

Акимжанов Т. – «Тұран» университеті Ғылыми-зерттеу институтының директоры заң ғылымдарының докторы, профессор;

Сейлханова С. – Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі.

Ш54 Шидемов А.Г. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу ерекшеліктері. – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы ҒЗЖРБЖҰБ, 2024. – 286 б.

ISBN 978-601-360-113-7

Монография қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында норма шығару қызметінде, экстремистік бағыттағы қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және тергеп-тексеру тиімділігін арттыру үшін құқық қорғау органдардың практикалық қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Бұл монография экстремизмге қарсы іс-қимыл бөлімшелерінің қызметкерлеріне, ІО қызметкерлерінің өзге де санаттарына, өз қызметінің сипатына қарай экстремизмге қарсы іс-қимылдарға тап болатын қызметкерлерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына арналған.

ӘӨЖ 343.985 (035.3)

ҚБЖ 67.52

ISBN 978-601-360-113-7

© Шидемов А.Г., 2024

© Қазақстан Республикасы ІІМ

М. Есболатов атындағы

Алматы академиясы, 2024

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ – Америка Құрама Штаттары
АӨСШК – Азиядағы Өзара іс-қимыл және Сенім Шаралары Кеңесі
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдар
БП ҚСЖАЕАК – Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ВЖТТ – Ведомствоаралық жедел-тергеу тобы
ГФР – Германия Федеративтік Республикасы
ДІБ – Дін істері жөніндегі басқарма
ДІК – Дін істері комитеті
ЕКПА – Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы
ЕҚЫҰ – Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ықпалдастық Ұйымы
ЖТТ – Жедел-тергеу тобы
ЖОО – Жоғары оқу орын
ИЛИМ – Ирак және Левантаның Ислам Мемлекеті
Интерпо – Қылмыстық полицияның халықаралық ұйымы
ИИР – Иран Ислам Республикасы
КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы
КПД – Криминалдық полиция департаменті
КПБ – Криминалдық полиция басқармасы
ҚАЖД – Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
ҚАЖК – Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
ҚАК – Қылмыстық-атқару кодексі
ҚК – Қылмыстық кодекс
ҚҚО – Құқық қорғау органдары
ҚМК – Қаржы мониторингі комитеті
ҚПК – Қылмыстық-процестік кодекс
ҚХР – Қытай Халық Республикасы
МКК – Мемлекеттік кірістер комитеті
ПД – Полиция департаменті
РФ – Ресей Федерациясы
САҚҰ – Солтүстік Атлантика Келісімі Ұйымы

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТБ – Тергеу басқармасы
ҰҚО – Ұлттық қауіпсіздік органдары
ҰҚК – Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҰҚКД – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті
ҰҚКҰ – Ұжымдық Қауіпсіздік пен Келісім Ұйымы
ШЫҰ – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы
ІМ – Ішкі істер министрлігі
ІО – Ішкі істер органдары
ІБ – Ішкі істер басқармасы
ЭҚІКД – Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті
ЭҚІКБ – Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы
ЭТҚ – Экономикалық тергеу қызметі
ЭТКД – Экономикалық тергеу қызметінің департаменті

Кіріспе

Қазіргі таңда экстремизм әлем елдері үшін жаңа мыңжылдықта мемлекеттердің қауіпсіздігін сақтап қалуда кедергі келтіретін ауқымды мәселе болып отыр. Көптеген ұлттар мен конфессиялар ауызбіршілігін сақтап отырған еліміз үшін де экстремистік көріністердің белең алмауына тосқауыл қоюы бүгінгі күннің басты міндетіне айналды. Экстремизм ұлттық қауіпсіздікке, территориялық тұтастық пен конституциялық құқықтық тәртіпке қауіп төндіреді және елдегі жағдайды тұрақсыздандыратын факторға айналуы мүмкін.

Елбасымыз – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев ««Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне біртұтас шеп құруға тиіс», – деп мемлекет пен қоғамды экстремизмге қарсы іс-қимылда бас қосып, қарсы тұруға шақырды [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев: «Халықаралық терроризм мен зорлық-зомбылық экстремизмі әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздіктің өткір және басты сын-қатері болып қала беретінін ескеру керек», – деп атап өтті [2].

Мемлекетіміз тәуелсіздігін алған уақыттан бері әртүрлі экстремистік сипаттағы қауіп-қатерлерге тап болды, соған өзінің қарсы іс-қимыл саясатын қалыптастыруда. Экстремизм мәселесін шешуде дайын алгоритмдер жоқ. Әрбір мемлекет өзіндегі орныққан әлеуметтік-экономикалық жағдайды, ұлттық менталитетті, құқық қолданушылық тәжірибесін және өзге де факторларларды ескере отырып, өзінің қарсы іс-қимыл стратегиясын қалыптастырады. Бұл мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №124 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында терроризм мен діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен

бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының қабылдануымен расталады.

Қазіргі таңда экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимыл бойынша құқық қолданушылық тәжірибе жетілдіруді және кейіннен аталған бағытта тиісті ғылыми негізделген тәсілді қалыптастыруды қажет етеді. Заманауи кезеңде экстремистік көріністерге мемлекеттік қарсы іс-қимыл құралдарының бірі осындай әрекеттерді жүзеге асыратындарға қатысты қылмыстық қудалау болып табылады.

Соңғы жылдары отандық қылмыстық-құқықтық заңнама аталған бағытта айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұл ҚҚО-ның экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасаған тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту бойынша жұмысын күшейтуге мүмкіндік берді. Дегенмен, осы күндегі қылмыстық ахуал экстремизммен байланысты қарама-қайшы үрдістердің шиеленісуімен сипатталады. Қазақстан Республикасы БП ҚСЖАЕАК ақпараттық сервисінің статистикалық деректері осының айқын дәлелі болып табылады. Статистикалық ақпараттарға сәйкес тіркелген экстремизммен және терроризммен байланысты қылмыстар 2014 жылы – 154; 2015 жылы – 317; 2016 жылы – 554; 2017 жылы – 531; 2018 жылы – 442; 2019 жылы – 367; 2020 жылы – 275; 2021 жылы – 288, 2022 жылы – 237 және 2023 жылы – 275 [3].

ПО-ның тергеулігіне жататын кейбір баптарға тоқтала кетсек:

– Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы (Өлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру) бойынша 2014 жылы – 50; 2015 жылы – 86; 2016 жылы – 163; 2017 жылы – 241; 2018 жылы – 188; 2019 жылы – 99; 2020 жылы – 72; 2021 жылы – 78, 2022 жылы – 54 және 2023 жылы – 94;

– Қазақстан Республикасы ҚК-нің 258-бабы (Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік) бойынша: 2014 жылы – 15; 2015 жылы – 17; 2016 жылы – 20; 2017 жылы – 24; 2018 жылы – 21; 2019 жылы – 10; 2020 жылы – 10; 2021 жылы – 12, 2022 жылы – 6 және 2023 жылы – 8;

– Қазақстан Республикасы ҚК-нің 405-бабы (Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу) бойынша: 2014 жылы – 8; 2015 жылы –17; 2016 жылы – 44; 2017 жылы – 29; 2018 жылы – 52; 2019 жылы – 59; 2020 жылы – 75; 2021 жылы – 88, 2022 жылы – 36 және 2023 жылы – 32; [3] (Қосымша А, Сурет А.1, Сурет А.2, Сурет А.3, Сурет А.4, Сурет А.5, Сурет А.6, Сурет А.7, Сурет А.8, Сурет А.9, Сурет А.10, Сурет А.11).

Статистика аталған санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың артып келе жатқандығын көрсетті. Сонымен қатар олар жүйелік сипатқа ие мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру тұрғысынан өте қауіпті түріне жатады. Сонымен бірге бұл мәліметтер абсолютті толық деп есептеуге болмайды, себебі объективті және субъективті себептерге байланысты экстремистік бағыттағы қылмыстар көп жағдайда басқа да қылмыстар құрамында тіркелуі мүмкін.

Сонымен қатар, ҚҚО экстремистік бағыттағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылда олардың ерекшелігіне байланысты белгілі бір қиындықтарды бастан кешуде. Бұл біздің ойымызша біріншіден, әлеуметтік деструктивті құбылысқа қарсы іс-қимылда тәжірибенің аздығымен; екіншіден, ҚҚО-ның қызметін жүзеге асыру мен ұйымдастыру бойынша іс-қимылдарының нақты алгоритмі жоқтығымен негізделген.

Экстремизмнің саяси, әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық аспектілеріне арналған отандық және шетелдік зерттеулердің болғанына қарамастан, бұл теріс құбылысқа қарсы іс-қимыл мәселесі тиісті деңгейде зерттелмеген, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық даму серпініне сәйкес уақтылы өзектілендіруді талап етеді. Бұның барлығы қылмыстық істерді тергеуді ұйымдастыруға айтарлықтай әсер етеді. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша қылмыстық істерді тергеп-тексерудің тиімділігін арттыру мәселелері отандық заң ғылымында одан әрі пысықтауды қажет етеді.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылдың қазіргі жағдайын талдау, қылмыстың осы түрлерінің криминалистикалық сипаттамасының құрылымдық элементтерінің мазмұндық бөлігінің ерекшеліктерін зерттеу, экстремистік қылмыстарды жасауға ықпал ететін жағдайларды кешенді зерттеу, саяси, әлеуметтік, экономикалық және психологиялық алғышарттар арқылы экстремизмнің пайда болу себептерін зерттеу қажеттілігімен байланысты. Құқық қорғау және өзге де органдардың ынтымақтастығын ұйымдастыруды жетілдіру, сондай-ақ арнайы білімдер мен жекелеген тергеу әрекеттері өндірісінің тактикасын пайдалану ерекшеліктерін айқындау, сондай-ақ терминологиялық аппаратты түзету қажеттігі маңызды болып табылады.

Теориялық базаны жетілдіру және практикалық ұсынымдарды әзірлеу ІІО-ның экстремистік бағыттағы қылмыстарды ашу мен тергеп-тексеру жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Аталған санаттағы қылмыстық істерді тергеудің ерекшеліктерін практика қажеттіліктеріне тиісті деңгейде жауап бермейтін және теориялық тұрғыдан түсінуді талап ететін зерттелу деңгейі бізге осы мәселені кешенді зерттеуде аталған санаттағы қылмыстарды тергеу практикасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыруға және осы қызметті ғылыми қамтамасыз етуге байланысты өз зерттеулеріміздің бағытын анықтауға мүмкіндік берді.

Монография қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында норма шығару қызметінде, экстремистік бағыттағы қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және тергеп-тексеру тиімділігін арттыру үшін ҚҚО-ның практикалық қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Монография «Қылмыстық құқық», «Қылмыстық процесс», «Криминалистика» пәндерін оқыту, сондай-ақ ҚҚО қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау барысында оқу үрдісінде пайдаланылуы мүмкін.

Монографияда қамтылған жекелеген нәтижелер, ұсыныстар мен қорытындылар осы бағыт бойынша одан әрі ғылыми әзірлемелерде пайдаланылуы мүмкін.

1 Экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылдың теориялық және құқықтық негіздері

1.1 Экстремизмнің пайда болу генезисі, түсінігі мен түрлері

Қазақстанның құқық жүйесінде экстремизм түсінігі құқық қолданушылық салада біраз қиындықтар және ғылыми пікірталастар тудырды. Ғылыми негізделген тұжырымның болмауы осы санаттағы қылмыстық істерді тергеп-тексеруді жүзеге асыратын ҚҚО-ның жұмысын тежеуге әсер етеді.

Экстремизмге қарсы іс-қимылда қолданылатын шараларды анықтау үшін экстремизм мағынасын қарастыру, оның даму заңдылығын анықтау және жіктелуін білу қажет. Мұның барлығы экстремизм пайда болуының тарихын, таралуының себебі мен жағдайларын зерттемей қарастыру мүмкін емес.

Ү.Ш. Шапақтың: «Тарих дегеніміз – халықтың жадындағы естелік. Тарих өзінің танымдық құндылығына сай, тарихи сананың қалыптасуына әрекет етуші құрал», – деген пікірімен келісе отырып [4, б. 4], ең алдымен экстремизмнің туындауының тарихына көз салсақ, көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің пікірінше «экстремизм» феномені алғашқы қауымдық құрылыстағы адам социумының пайда болуы кезінде-ақ әлеуметтік құбылыс ретінде таныла бастаған. В.Н. Томалинцевтің пікірінше «экстремизм – әр тарихи кезеңге тиесілі құбылыс. Бұл туралы ежелгі рим цезарьларының өмірлеріндегі жазбалар, ортағасырлық инквизиция тарихы мен алғашқы жиналмалы капиталистік қатынастар кезеңіндегі тарихтың қалыптасуы куәландырады» [5, с. 16].

С.А. Воронцовтың пайымдауынша өзінің тамырымен экстремизм құбылыс ретінде ғасырлар тереңіне кетеді және адам өмірінің көптеген салаларын қамтиды. Адамзатқа экстремизм басқа адамдар үстінен билік ету салдарынан белгілі бір материалдық пайда әкеле бастаған соң, кез келген

жолмен өз мақсаттарына жетуде белгілі бір тұлғалардың, топтар мен ұйымдардың құмарлық пәніне айнала бастады. Рим мемлекетінде экстремизм I ғасырда Иудейлерде римдіктермен ынтымақтасқан еврей ақсүйектерін құртқан сикарийлер (сика-еврейше қанжар немесе қысқа найза) сектасы пайда болып және әрекет жасай бастаған кезде орын алды. Орта ғасырларда мұсылмандық секта ассошафиндер префектілері мен калифтерді өлтіре бастады. Иран, Ауғанстан және де кейбір өзге де мемлекеттердегі қажеттілігі жоқ тұлғаларды толығымен жоюды жетілдірген күшті исмаилиттер сектасы мұсылмандық сунниттер ақсүйектерінің көзін құртатын болған [6, с. 65].

Экстремизм идеологиялық негіздемеге XIX ғасырларда ғана ие болды. Неміс радикалы Карл Гейнцен саяси күресте кісі өлтіруге шектеу қою мүмкін еместігін жариялаған, «адамзаттың ең биік мүддесі» негізінде жүздеген, мыңдаған адамдардың өліміне әкелуін ақтауы мүмкін деп есептеді. Ол экстремистік акциялардың арқасында тіптен ең мықты мемлекеттің өзінде пікірлестердің кішігірім тобының өздері бейберекет тәртіпсіздік ұйымдастыра алатынына сенімді болды [7, с. 41]. К. Гейнценнің «Философия бомбасы» тұжырымдамасы М. Бакуиннның «Қирату теориясы» өз жалғасын тапты. М. Бакуиннның ойынша көтерілісшілер ешқандай келісімдерге бармау қажет. «Қирату теориясы» XIX ғасырдың 70-жылдарындағы анархистердің «насихат доктринасымен» толықтырылды [6, с. 66].

И.В. Веховтың зерттеуі бойынша экстремизм феноменін қоғамдық ғылымда зерттеу ұзақ емес тарихқа ие. Экстремизм әлеуметтік құбылыс ретінде өзіне назарды ГФР-ғы «Баадера-Майнхофф тобы», Италиядағы «Қызыл бригада», Франциядағы «Тікелей әрекет» («Аксьон директ»), Жапониядағы «Қызыл Армия» сынды солшыл радикал террористік ұйымдар бірқатар дамыған елдер пайда бола бастаған кезде XX ғасырдың 70-80 жылдарының соңында өзіне назарын аудартты. Солшыл радикал ұйымдар өзінің басты тапсырмасы етіп қалыптасып қалған саяси режимдермен күрес деп жариялады, террористік әдістерді

белсенді қолдана отырып, мемлекетті құрту немесе оның жүзеге асырылуын жою деп саналды [8, с. 6].

Г.И. Телегин еңбегіне сүйенсек, экстремизмнің посткеңестік елдердің аумағында таралу тарихы патшалық Ресейден бастау алады. Ал Ресейде қалыптасуының тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

– Бірінші революцияға дейінгі кезең 4 сәуір 1866 жылы император Александр II-ге жасалған қастандық немесе 25 желтоқсан 1825 жылы мемлекеттік төңкеріс жасамақшы болған желтоқсаншылдардың әрекеттерімен байланыстырылады. Бұл кезең аралығында экстремизмді патшалық билікті құлатуға немесе қорқытуға арналған құрал ретінде пайдаланды;

– Екінші кеңестік кезең (1917-1991 жж.) экстремистік белсенділіктің төмендігімен тұспа-тұс келеді. Бұл кезеңнің нәтижесі қылмыстық құқықта экстремистік әрекет үшін жауапкершіліктің жоқтығымен түсіндіріледі. Дегенмен дәл осы кезеңде экстремизм көріністері жақсы байқала бастады. Оған себеп кеңес үкіметінің билігіне қарсылық білдіру шараларымен байқала бастады;

– Үшінші өтпелі кезең (1991-2000 жж.) экстремизмнің даму шегіне жеткен кезең деп айтуға болады. Себебі Ресейде экстремизмнің кеңінен таралуы, қылмыстық құқықта экстремистік әрекет үшін жауапкершіліктің жоқтығы, экстремистік әрекеттің субъектілері ретінде жұмыссыз жастардың болуы және әртүрлі экстремизм нысандарының таралуымен байланыстыруға болады;

– Төртінші кезең (2000 жылдан осы күнге дейінгі аралық) келесідей сипаттала бастады: экстремистік әрекеттің (экстремизмнің) құқықтық тұрғыдан формальді түрде бекітілуі, заңнамада экстремистік әрекеттер үшін жауапкершіліктің белгіленуі, құқыққа қайшы құбылыс ретінде экстремизмге қарсы күрес жүйесін қалыптастыру, экстремизмнің жаңа ғасырдың қалыптасқан жағдайларына байланысты пайда болған жаңа формалары мен заманауи экстремизмнің жаһандық көріністерін айтуға болады [9, с. 4].

Жоғарыда айтылған зерттеушілердің экстремизм құбылысының пайда болу тарихына берген қорытындыларын ескере отырып, біздің пікірімізше, экстремизм адамзаттың алғашқы қауымдық құрылысы пайда бола бастаған кезде топтар арасында орын алған белгілі бір теңсіздіктерді жою мақсатында радикалды ойларға немесе әрекеттерді жасауға итермелеуде жиі қолданатын әлеуметтік құбылыс ретінде таныла бастаған деп санаймыз.

Егерде экстремизм құбылысы ерте заманнан-ақ белгілі болса, «экстремизм» терминінің көпғасырлық тарихы жоқ. С.Н. Фридинскийдің пікірінше аталған термин XX ғасырларда шеткі ойлар мен шараларды ұстанатындарға қатысты қолданылатын бола бастаған, ондайларға сол кезеңдегі Үндістанның толықтай тәуелсіздігі үшін күрескен жақтастардың ізбасарлары болып табылатын «Үндістанның ұлттық конгресі» партиясының сол қанатының өкілдерін айтуға болады [10, с. 19].

«Экстремизм» термин ретінде алғаш рет 1838 жылы немістің философы Вильгельм Траугот Кругтың көптомдық философиялық сөздігінде: «Экстремистер болып ортаны мойындамайтын, бірақ тек шеткілікте ғана қанағат алатындарды айтады. Бірақ көбінде оларды ультралықтар деп атайды».

«Экстремизм» термині Англияның саяси баспасөзінде XIX ғасырдың 50 жылдарында пайда болды. Алғашында еркін түрде қолданылғаны соншалық оны тіпті елдің Премьер-министрін әрі либералды партияның басшысын Пальмерстонды атады. Кейіннен термин британдық газеттерден АҚШ-ның журналистикасына көшіп кетті. Француздық журналистер ағылшын тілдегі әріптестерінен «экстремизм» терминін сән ретінде қабылдап, тағы да 1870 жылдардан бастап, шеткі солшыл мен шеткі оңшылдар саяси күштерін белгілеу үшін осылай атаған. Оқырмандар арасындағы түсініспеушіліктер тіпті газетпен соттасуға дейін жеткіздіріп отырды. Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында

(1914-1918 ж.ж.) «экстремизм» термині француздық журналистикада мығым бекітілді.

Құқықтық әдебиетте «экстремизм» терминін алғаш рет XX ғасырдың бірінші жартысында француз заңгері М. Лерой саяси идеалға деген жанкүйерлік сенімді белгілеу мақсатында пайдалана бастады. М. Лерой Ресейдегі азаматтық соғыстағы жағдайларды талдау мақсатында қолданды. М. Лерой Ресейдің саяси аренасында жұмыс жасаған идеялық бағыттарды «қызыл экстремизм» деп большевиктерді және «ақ экстремизм» деп монархизмді атады. Сол уақыттарда идеологиялық концепт «экстремизм», «тоталитаризм» концептімен бірінші рет ресми түрде Италияның белгілі бір буржуазиялық партияларымен қаруландырылды – Орталық халықтық партиясы өзінің бағдарламасындағы мақсаттарының бірі ретінде 1923 жылы солшыл және оңшыл экстремизммен күресті жариялады [11].

«Экстремизм» терминінің тарихына жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, біз аталған термин XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропадағы орын алған азаматтық соғыс кезінде алғаш рет термин ретінде қалыптаса бастады деген пікірдеміз.

Жалпыға мәлім кез келген әлеуметтік шынайылық құбылыстың зерттеуіне оның аса маңызды сипаттамаларын, белгілерін және таралуының себебін анықтаған соң, оның мазмұнын түсінуге, анықтамасын қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Ең алдымен экстремизмнің табиғатын білу үшін оның пайда болуына себеп болған факторларға көз жүгіртсек жеткілікті. Олардың ішінде, тарихи, экономикалық, әлеуметтік-саяси, психологиялық, мәдени және идеялық мінездемелер тән болып келуі мүмкін. Ең бастысы оның пайда болуы кезінде әр мемлекет және оның әрбір аймағының нақты-тарихи маңыздылығына байланысты ерекшеліктері тән. Себебі әр ортадағы экстремистік ағымдар пайда болуының ерекшелігіне байланысты оларға деген көзқарас сәйкесінше сондай болу қажет.

Экстремизм соңғы уақыттарда экстремизм идеологиясын ұстанушы тұрақты әлеуметтік топтардың құрылуы, қоғамда кез келген дауларды тек зорлық-зомбылық көрсету арқылы ғана шешуге болатындығы жайлы пікірдің қалыптасуы, адам мен азаматтардың өміріне қол сұғумен байланысты экстремистік топтардың көбеюі, экстремистік топтың қызметін сапалы ұйымдастыра алатын қатарларында кадрлардың қалыптасуы, экстремистік қауымдастықтардың қылмыстық элементтермен, яғни экономикалық, трансұлттық және жалпықылмыстық сипаттағы қылмыстық топтармен бірігуі немесе идеяларын басшылыққа алуы, экстремистік ұйымдардың заңдастырылуы, институттануы, дәстүрлі діни институттарды өз идеяларын жүзеге асыруда пайдалануы дамуының негізгі тенденциясын құрады.

Қандай да бір құқыққа қайшы және қоғамға қауіпті әрекетке қарсы іс-қимылды жүзеге асырудағы ҚҚО қызметінің нәтижелі болуы олардың уақытылы және тікелей қоршаған ортадағы оның белгілерін анықтауға байланысты болып табылады. Ендігі кезекте экстремизм белгілерін анықтап алғанымыз дұрыс болады. Экстремизм белгілеріне келгенде қозғаушы идеялар мен сол идеялардың көздеген мақсаттарына қатысты көптеген зерттеушілер өз пікірлері мен ой тұжырымдарын келтіріп кеткен.

Мәселен, Ж.К. Дүйсебаевтың пікірінше экстремизмнің негізгі белгілері:

- Біріншіден, мемлекетке диктатура орнатуды ашық жариялайтындығы. Бұл дегеніңіз – елдегі азаматтардың саяси және азаматтық құқықтарын кемсіту;

- Екіншіден, елдегі конституциялық құрылымды үзілді-кесілді мойындамайтындығы. Оны зорлық-зомбылық күшімен жоюды, билікті заңсыз басып алуды ашық түрде насихаттайды;

- Үшіншіден, заңсыз қарулы жасақтар құрады;

- Төртіншіден, елде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни алауыздықты қоздырады. Сонымен қатар, осыған орай, азаматтардың құқығын шектеуді мақсат етеді;

– Бесіншіден, елде белгілі бір ұлттың немесе діни конфессияның тоталитарлық режимін орнатуға ұмтылады [12]. Аталған пікір экстремизмнің қоғамда іс жүзіндегі орын алатын белгілерін және мақсаттарын толықтай дерлік ашып көрсетпеген.

Біршама басқаша берген А.Г. Басалайдың пікірінше, экстремизм күрделі көпқырлы құбылыс, оны конструктивті белгілері бойынша өзге аралас түсініктерден ажырата білу керек. Оларға ең алдымен экстремизмнің келесідей белгілерін жатқыздырады:

1) қандай да бір қозғалысты, қоғамдастықты, ағымды, қоғамдық бірлестікті, сонымен қатар азаматтар мен лауазымды тұлғалардың ішкі және сыртқы саясаттағы лайықсыз қалыптасқан құрылыстан, ұлттық, діни, экономикалық, әлеуметтік, әскери мемлекеттік бағдарламаға қарсы іс-қимыл қызметін құру;

2) қозғалыстың, қоғамдастықтың, ағымның, қоғамдық бірлестіктің, лауазымды тұлға мен азаматтардың өз шеткі көзқарас ұстанатын және демократиялық мемлекет пен қоғамның конституциялық қағидаларына қайшы келетін бағдарламаларын, доктриналарын, мектептерін, ілімдерін таратуға бағытталған қызметі;

3) мемлекетпен тыйым салынғанды бұзатын радикалды әдістер мен өзге де зорлық-зомбылықты қолданумен сабақтаса жүретін идеологияларды, ілімдерді тарату болып табылады [13, с. 14].

Біздің пікірімізше, экстремизмнің белгілері саяси, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тілдік және т.б. байланысы немесе көзқарасы бойынша белгілі бір топтардың артықшылығын, ерекшелігін, басымдылығын қоғамда бекітуге негізделген идеологияларды қамтиды [14, б. 232]. Оған жетудегі басты критерийлері болып адамның жоғарыда аталған ерекшеліктері мен басымдылықта деп ойлайтын пікірінің орындалуын талап етуі. Мұндай адамдар көпшіліктің жағдайы мен қажеттіліктерін түсінбейді немесе түсінуге тырыспайды. Бағыт бағдар көрсететіндердің ешқайсысын

мойындамайды. Өзіне сын көзімен қарау деген олар үшін жат. Өздеріне өзге пайымдаулармен күресті басты міндет көреді. Өздері сол пайымдауларын орындау үшін шеткі әрекеттерді жасауға бейім келеді немесе біреулерді сол әрекеттерді жасауға итермелейді, шақырады немесе ұйымдастырады.

Экстремизм феномені өзінің табиғаты, қозғаушы күші, мақсаты мен нысандары бойынша көпқырлы болып табылады.

Әлеуметтік салалардың ерекшеліктерін, ондағы нақты «шеткілікті» танытудың нысандары мен сипатын ескере отырып, Б.А. Мыльников экстремизмнің болмысын анық байқататын, оның жалпы келесідей қалыптарын бөліп көрсетеді:

1. Халықаралық – өзге де мемлекеттердің қоғамдық-саяси, діни ұйымдарына қарсы бағытталған мемлекет арасындағы қарулы әрекеттер;

2. Мемлекеттік – өз мемлекетінің халқын қорқытуға бағытталған;

3. Саяси – өз мемлекетінің және оның шекарасынан тыс жердегі саяси қарсыластарын қорқытуға бағытталған;

4. Діни – өз қатарына көптеп адамдарды тартатын және өз діни ұйымының ұстанымын бекітуді мақсат етеді;

5. Ұлттық (ұлтаралық) – басқа ұлт пен нәсілді қорқытуды мақсат ететін, оның мәдениетін құрту мен өкілдерін төменгі топтарға шығарып тастау;

6. Жалпықылмыстық – жазадан қорықпай қылмыстарды ашық түрде жасайтын (жарылыс жасау, өртеп жіберу, адам өлтіру) ұйымдасқан қылмыстық топтардың жұмысында байқалады;

7. Қылмыстық – әртүрлі қылмыстық топтардың өзара бір-бірімен күресінде байқалады;

8. Экономикалық – экономика саласындағы экстремистік шараларды жүзеге асырумен байланысты [15, с. 140].

Р.С. Тамаевтың пайымдауынша экстремизм қандай да бір нақты классификацияны беретін қатып қалған феномен

емес. Заманауи саяси энциклопедияда көрініс табуының нысандарына байланысты «экономикалық, саяси, ұлттық, діни, экологиялық, рухани және т.б. экстремизм» бола алады деген пікірде [16].

С.М. Иншаков: «Экстремизм классификациялары тек шартты ғана. Экстремизмнің кейбір қалыптарын біріктіріп бір атаумен атауға болады немесе керісінше, әрқайсысында олардың көптеген қалыптары болуы мүмкін. Көптеген адамдар тартыла отырып жасалатын және олардың мүдделерін қозғайтын әрекеттерде адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнуі мүмкін және қоғамдық тәртіп бұзылатын жерде әрқашанда саясат дінмен, ұлтшылдықпен, экономикамен, қылмыстылықпен шырмаласып жатады. Бұл дегеніміз экстремизмнің бірде бір нысаны таза күйінде болмайтындығын білдіреді. Сондықтан экстремистік ұйым қатысушылары арасында үстем мақсаттар мен бекітпелерде экстремизмнің негізгі нысандары анықталады», – деген пікірде [17, с. 340].

Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында заңшығарушы аталған құбылысты оның саяси, ұлттық және діни сипаттағы көріністері ретінде бөліп көрсеткен. Соған байланысты белгілі ресей зерттеушісі Б.К. Мартыненко өз зерттеу жұмыстарында дәл осылай экстремизм көрінісінің негізгі үш түрін белгілейді: саяси, ұлттық және діни. Оның пікірінше, «саяси экстремизм» мемлекет үкіметімен жүргізілетін саясат пен саяси құрылымды өзгертуге бағытталған зорлықтық әрекеттерді қарастырады. Кейде оны «солшыл», «революцияшыл» және «оңшыл» деп, шартты түрде бөледі, алайда аталған бөлулер саяси экстремистік құбылыстардың барлық түрлерін қамтымайды. Саяси экстремизм әртүрлі утопиялық саяси теориялармен негізделді: жалған көтерілістен бастап фашистікке дейін. Көп жағдайларды ол әртүрлі террорлық актілермен, саяси қарсыластарын өлтірумен, мемлекеттегі жағдайды тұрақсыздандыруға әрекеттену және т.б. болатынын көрсеткен [18, с. 69].

Г.Д. Мейркулова: «Саяси экстремизм – терроризм үшін билік орындарына күш көрсету арқылы ықпал жасау ретінде қолданылатын әдіс», – деген пікірде [19, б. 20].

П.А. Кабанов болса: «Саяси экстремизм мемлекеттің ішінде және аумағынан тысқары жүрген саяси қарсыластарын қорқытуға бағытталғандығын айтады. Бұдан бөлек, аталған экстремизм түрі қоғамдық құрылымдар мен институттарды құртуға және тұрақсыздандыруға (тәртіпсіздік пен террорлық актіні ұйымдастыру) бағытталған», – деген пікірде [20, с. 44].

Саяси экстремизм өзіне ғана тиесілі белгілерге ие, оларға келесілер жатады:

- мемлекеттік билік үшін күрестегі саяси мақсаттарға жетуде экстремистік әрекеттерді жүзеге асыру;

- психологиялық, моральдық және күш қолдану сияқты шаралар арқылы ықпал ету арқылы саяси мақсаттардың объектісіне қатысты зорлық-зомбылық жасауға немесе жасаймын деп қорқыту мақсаттарына жетуге ұмтылуда кез келген құралдар мен әдістерді қолдану;

- ұйымдасқан әрекет, белгілі бір нәтижелерге жетуде материалды-техникалық, саяси және идеялық шаралар жүйесі;

- мәмілелерге және өзге де келісімдерге төзбеушілік.

Экстремизмнің саяси саладағы көрінісінің басқа да белгісі белгілі бір топтардың немесе ұйымдардың, жеке тұлғаның әрекетінің нәтижесінде мемлекет егемендігін жою. Мемлекет билігі аумақтағы биліктен, кез келген қоғамдық ұйымнан, шіркеуден жоғарылығы – осындайдан мемлекет егемендігінің әмбебаптылығы тұрады. Сондықтан саяси экстремизмнің басқа да белгілеріне келесілерін жатқыздырамыз:

- саяси күрестің зорлықтық әдістерінің абсолюттілігі;

- ымырассыздық;

- қоғамдағы басымдыққа ие моральдық, саяси және құқықтық нормалармен байланыс үзу;

- көпшіліктің әлеуметтік психологиясындағы өзгермейтін сезімге деген шағым;

- қоғамдық негіздерді сақтап қалуға емес оларды құртуға бағытталған әрекеттер [21].

Біздің пікірімізше, саяси экстремизм мемлекеттегі орныққан саяси биліктің жұмысына қанағаттанбаған немесе мемлекеттегі орын алып жатқан саяси тұрақсыздық салдарынан оны өзгертуге іс-әрекет жасауға итермелейтін экстремистік идеологияның бір түрі деп пайымдаймыз. (Мәселен, 1917 жылы Ресей империясында орын алған большевиктер көтерілісін және т.б.) [14, б. 234].

Діни экстремизмге қатысты келгенде Б.К. Мартыненко қандай да бір дін басқаша ойлайтын өкілдерге қатысты төзімсіздік деп есептейді. Діни экстремизм көптеген үлкен діндерде өз көрінісін табады: ислам, индуизм және тіпті, буддизмде. Заманауи кезеңде өз идеологияларында дәстүрлі діни парыздардан жеткілікті деңгейде алыс кеткен көбінесе қандай да бір секталардың өкілдері уағызшылары болып табылады [18, с. 70]. Аталған пікірге ұқсас пікірді берген Р.А. Лопаткин ойынша: «Әртүрлі діни ұйымдарда мүшелікте жүрген кейбір топтардың, жекелеген адамдардың идеологиясы. Діни білім алуда шеткі талдауларды ұстанатын, сонымен қатар алдына қойған мақсаттарға жетудегі әрекеттерді орындау әдістері арқылы сипаттауға болады», – деп санайды [22].

А.И. Муминов: «Заманауи діни экстремизмді әртүрлі негіздер бойынша классификацияларға бөлуге болады:

- нақты бір діни риториканы қолдана отырып (исламдық, индуистік, буддистік, христиандық және т.б.);

- қоғамның әртүрлі өмір сүру саласына әсер етуі бойынша (діни-террористік, діни-революциялық);

- рухани салада (фундаменталды, өркениетке қарсы, діни-мәдени);

- ауызбіршілік критерийі бойынша (біріктіруші және жекелеуші (сектанттық));

- бағыты бойынша (мемлекетке қарсы, қоғамға қарсы, тұлғаға қарсы, адамзатқа қарсы);

- басқару сипаты бойынша (мессиандық, оқытушылық, ведикалық, құдайлық)», – деген [23, с. 54].

Г.И. Авцинованың зерттеуі бойынша діни экстремизмнің негізгі мақсаты – өз дінін басты және басқа да діни конфессияларды басу арқылы оларды өзінің діни сенім жүйесіне мәжбүрлеу [24, с. 638].

Ж.К. Дүйсебаев өз еңбегінде: «Діни экстремизм таза күйінде діни болуы мүмкін емес. Қандай жағдайда да оның құрамына әлеуметтік, саяси және экономикалық бөліктері кіреді. Дін фундаменталистік бола алады және болу керек те. Ол өзінің фундаментальді догматтарында тамырын кең жаюға талпынады, алайда өз шеңберінен тысқары шығу яғни экстремистік болуы мүмкін емес. Оны ондай қылып діни емес факторлар жасайды. Дін қазіргі таңда маңызды саясатпен байланысты, діннің әлеуметтік мәселеге тамырын кең жаюы сәйкесінше ол сондай дәрежеде саясаттанған болып кетеді», – деген ой тұжырымдайды [12].

Р.М. Узденовтың пайымдауынша, діни экстремизмнің сипатты белгілері болып діни-идеологиялық доктринаның негізінде экстремистік көзқарастар дамуын айтады. Экстремизмнің осы типіне тиісті топ басшылар көп адамның «санасын басып алуға» талпыныс жасайды. Сонымен қоса билікті басып алу (кейде тіпті бүтіндей бір аумақты), материалдық құндылықтарға ие болуда әртүрлі мақсаттарды іздеуі мүмкін [25, с. 30].

Жоғарыда аталған пайымдауларды қорытындылай келе, біздің түсінігімізше, діни экстремизм қандай да бір әлеуметтік топтың немесе топ өкілінің діни көзқарасы мен дінге деген наным-сенімінің басқа діндер өкілдерінен жоғары және үстем екендігін дәлелдеу мақсатында шеткі іс-әрекет жасауға итермелейтін экстремистік идеологияның бір түрі. Діни экстремизм басқа конфессияның өкілдеріне төзімсіздік танытуда немесе бір конфессия шегінде қатал қарсыластықта көрінеді. Діни экстремизм – әртүрлі конфессиялардың өкілдеріне төзімсіздік білдіреді және бір конфессия өкілдерінің билігін бекіту үшін зайырлы мемлекеттерге қарсы немесе саяси мақсаттарға жетуде діни ұйымдардың күресінде қолданы-

лады. (Мәселен, 2016 жылы орын алған Мьянма мемлекетіндегі «рохинджа» өкілдеріне қарсы діни қудалаушылық және т.б.) [14, б. 236].

Р.М. Узденов өз зерттеуінде: «Ұлттық (ұлтаралық, этнонәсілдік) экстремизм – басқа бір ұлтты немесе нәсілді қорқыту, төменгі деңгейге өкілдерін түсіріп тастау (ауыр қара жұмысты орындатуға) және оның мәдениетін құрту болып табылады», – деген пікірде [25, с. 30].

Г.И. Авцинова болса: «Ұлттық экстремизм басқа ұлттардың құқықтары мен мүдделерінен бас тартады деген ойда. Ол органикалық тұрғыда сепаратизммен байланысты. Көпұлтты мемлекеттердің құлауына бағытталған», – деп ойлайды [24, с. 640].

И.В. Вехов: «Ұлттық экстремизмнің ерекше сипаты болып жеке тұлғамен оның діни, ұлттық, нәсілдік қатыстылық бойынша мәртебелік сипаттардың негізінде анықталатын әлеуметтік топтың өкілдеріне өшпенділік пен араздықта білінетін субъективті мағынасын құрайтын әрекеті», – деген пікірде [8, с. 10].

Б.К. Мартыненконың көзқарасы бойынша ұлттық экстремизм өз халқын, оның экономикалық мүдделерін, мәдени құндылықтарын, ұлттық тілін және т.б. қорғау ұранымен шығады, сәйкесінше бұндай әрекеттер сол аумақта тұратын басқа ұлт өкілдеріне залалы тиеді. Ұлтшылдар нәтижесінде көздегені саяси билікке ұмтылатын тәуелсіз өз алдына мемлекеттік құрылым құру болып табылады [18, с. 72].

П.Е. Сулоновтың пікірінше, ұлттық экстремизм – ұлттық немесе нәсілдік алауыздық пен өшпенділік мақсатымен жасалатын зорлық-зомбылық, өзге нәсіл немесе ұлттың өкіліне қатысты алауыздық пен өшпенділікті қоздыру болып табылады [26, с. 14]. Аталған анықтама ұлттық экстремизм түсінігін аша алды деген пікірдеміз.

Д.Г. Скориковтың пайымдауынша, ұлтаралық қарым-қатынастар саласында ұлттық экстремизм ең алдымен қарулы қақтығыстар және т.б. кезінде халықтар, ұлттар арасында алауыздық пен өшпенділікті қоздыруда көрініс табады. Басқа ұлттық және этникалық топтар бұндай құқықтарға ие емес.

Ұлттық экстремизм сепаратизммен тығыз байланыста, яғни бөлінуге, жекеленуге ұмтылады және көпұлтты мемлекеттерді қиратуға бағытталған, бір ұлттың сол мекеннің байырғы емес тұрғындарынан саяси және әлеуметтік салаларда үстем болуға талпынысы. Бұл өз кезегінде ұлтаралық қатынастардың ушығуына, халықтар арасындағы қақтығыстарға әкеледі. Экстремизм мәдениет пен өнерде басқа халықтардың жетістіктері мен әртүрлі мәдениеттердің тәжірибесін қабылдамайды, зорлық пен қатыгездікті насихаттауда, ескерткіштерді құртуда және т.б. көріністерде орын табады [27, с. 25].

Біздің көзқарасымыз бойынша, ұлттық экстремизм басқа ұлттардың құқықтары мен мүддесінен бас тартады, бір ұлттың басқалардан биік екендігін жариялайды. Қандай да бір әлеуметтік топтың немесе топ өкілінің бір ұлттың басқа ұлт өкілдерінен биік және ерекше екендігін дәлелдеу мақсатында шеткі іс-әрекет жасауға итермелейтін экстремистік идеологияның бір түрі. Көпұлтты мемлекетті қиратуға бағытталған, байырғы ұлттың үстемділігін бекітеді (Үндістандағы Халистан үшін күрес, Испаниядағы баскілер қозғалысы, Түркиядағы «Күрдістан жұмысшы партиясының» азаттық үшін күресі және т.б.).

Көптеген ғылыми еңбектердегі экстремистік көріністерді саяси, ұлттық және діни белгілері бойынша жоғарыда аталғандай бөліп жару шартты болып есептеледі, себебі қандай да бір әлеуметтік құбылысқа ықпал ететін бір-бірімен тығыз байланыста және олар бір-біріне әсер етеді. Сондықтан экстремизмнің бөлінген түрлері тек қана таза күйінде бола бермейді.

Ұлттық экстремизм көп жағдайда өзінде саясылық және жеткілікті дәрежеде діндік элементтерді қамтиды. Ал саяси экстремизм өз негізінде таза емес күйіндегі діни идея болмаса да жалған діни идеяны қамтуы мүмкін. Мұндай идеология логикалық рационалды қағидаларда емес көбінесе сектанттар идеологиясын еске түсіреді, онда басым көпшілік жағдай-

ларда соқыр эмоционалдық сенімге негізделеді. Бұл кез келген экстремистік қозғалыс үлгісінде расталады, ол жалған революциялық, ұлттық немесе діни бояуға ие.

Діни экстремизм қандай да бір діннің таралуын ғана көздемейді, сонымен қатар аталған дін ресми әрі басты болып табылатын мемлекеттік және әкімшілік құрылымдардың құрылуын көздейді. Сонымен бірге сирек түрде экономикалық және саяси мақсаттарды да көздейді. Осылайша, діни экстремизм өзінде саяси экстремизм элементтерін қамтиды. Бұл жерде сонымен бірге жиі қандай да бір ұлттардың өкілдері алдын ала ықтимал болуы мүмкін нақты бір діндердің қолдаушылары ретінде есептелетін қағида жұмыс жасайды, ал қалғандары оның қарсыластары болып табылады. Жоғарыда аталғанды қорытындылай келе, кез келген экстремистік қозғалыстар өзінде тек әртүрлі элементтерді қамтымайтындығын, бірақ бұл элементтер бір-біріне әрі нақты жағдайда күшейе немесе төмендей түсетіндей әсер етеді [14, б. 238]. Мәселен, елімізде соңғы жылдары орын алып жүрген жиі жаңғыртылған сектанттық вахаббитік идеология атымен жамылған діни экстремизм, бірінші кезекте тікелей зорлықтық әрекеттерге сүйенген өзінің жекелеген әкімшілік құрылымын құруға бағытталған саяси экстремизм, бір халықтың екінші бір халықтан үстем ететін ұлттық экстремизм орын алып жатады. Мұның барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Осылайша, заманауи экстремистік әрекеттерде барлық үш құраушылар көрініс тауып жататындығы жайлы қорытындыға келеміз, олар бір-бірімен өзара ажырамас байланыста, олардың ынтымақтастығы аумақтағы жалпы экстремистік көріністерді анықтайды. Жоғарыда аталғандар экстремизмнің ерекше саяси, ұлттық және діни аспектілерін айқындаудан бас тартпайды. Бұл күрделі әрі біркелкі емес әлеуметтік саяси құбылыстармен қарсы іс-қимыл мұқият талдау мен экстремистік әрекетті құраушыларды анықтауды талап етеді.

Экстремизм – бұл жалпымен қабылданған нормалармен, заңдармен, ережелермен келіспеушілік қана емес, оны жою кезінде радикалды әдістер жиі қолданылатын шеткі идея.

Яғни, экстремизм – бұл қалыпты дамуға кедергі келтіретін екі маңызды элементтің бірлескен қызметі, олардың біріншісі мемлекеттегі үкіметтің билігін құлатуды алмастыруға, екіншісі кең ауқымды идеология арқылы қоғамдағы азаматтарға психологиялық қысым жасауға бағытталған. Қалыптасқан жүйенің нәтижесі мемлекеттің қалыптасқан жүйесінің күйреуі болып табылады, ал мемлекеттегі қоғам психологиялық әсерден зиян шегеді. Мұның бәрі жоғарыда аталған экстремизм құбылыстарының барлық түрлерінде кездеседі [28, б. 389].

Экстремизмнің көпқырлы анықтамаларының болуы барысында экстремистік әрекеттерді жасауға итермелейтін экстремистік идеология мағынасын жоғалтады. Экстремистік идеологияның басқадай көзқарастарға деген шыдамсыздықты болжамдайтын ынталандыруының түбін түсінудегі нақты ұсыныстың болмауы нәтижесінде кез келген радикалды сипаттағы басқа да әрекеттерді теңестіруге болады, алайда экстремизмге олардың ешбір қатысы болмауы мүмкін. Экстремизмді қоғамдық қатынастарды тізіп шығу арқылы анықтама-сын беру оның шынайы бейнесін ашып көрсетпейді, аталған саладағы қылмыстық құқықтық реттеу бойынша бұрмалаушылыққа әкеледі.

Осы күнде қоғамда әлі экстремизмге деген нақты және толыққанды барлық сұраққа жауап беретін түсінік қалыптасқан жоқ. Елімізде экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша заңды қабылдауы мәселені тек маңызды етіп қойған жоқ, сонымен қатар оған жаңаша көзқараспен қарауға жол ашты. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) заңының пайдаланылатын негізгі ұғымдары атты 1-бабында:

«1) экстремизм – мыналардың:

1) жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

2) жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

– Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құрылым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

– нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

– діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы», – деп анықтама берген [29].

Заңның экстремизм және экстремистік әрекетке құқықтық тұрғыдан берген анықтамасы теориялық жағынан қарағанда тиянақсыз екіұшты түсінікті білдіруі, оны отандық зерттеушілер арасында кеңірек талқылауға жол ашты.

А.Б. Скаков: «Заңда экстремизмнің әдебиеттерде атап көрсеткендей, нысандарын бөліп қарастыру, шындығына келгенде «таза» күйінде шығып жүрмейді. Мәселен, ұлттық экстремизм барлық кезде өзінде саясидың кейде тіпті жиі дінидің элементтерін қамтып жүреді», – деп заңның анықтама-сындағы кемшіліктерді көрсетті [30, с. 64].

Біз де осы кемшіліктермен толықтай келісеміз. Яғни, экстремизм тек қана таза күйінде саяси, ұлттық және діни

идеологиялық бағытты ұстанып қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы әрекеттер деп санау қателік болар еді. Себебі экстремизмнің теориялық тұрғыдан идеологиялық көзқарас бойынша бөліп қарастырудағы үш түрін (ұлттық, саяси және діни) заңнамада көрсету экстремизм барлық түрлерін ашып көрсетпейді.

Сонымен қатар берілген анықтамада экстремизм анықтамасы толық ашып көрсетілмеген, себебі экстремизм экстремистік бірлестік немесе ұйым атынан ғана жеке және заңды тұлғаның немесе жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің әрекет жасауы деп санау толық мағынасын ашпайды. Әрекет пен құбылысты бір санатқа қою экстремизм туралы түсінік бойынша танымдық түсінікте шатастыруға әкеледі [31, б. 362].

Осы арада А.Д. Дарменовтің аталған заңның анықтамасындағы кемшіліктерді өз еңбегінде: «экстремизм» біріншіден әлеуметтік құбылыс, ол «ұйымдастыру немесе жасау» яғни «әрекет» емес. Егер де құбылыс әрекеттің туындауына себепкер болса, онда ол «экстремистік қызмет». Барлық ұқсастықтарға қарамастан біріншісі әлеуметтік саяси құбылыс, екіншісі кез келген субъектілердің біріншіге тәуелділігіне қарамастан шеткі әрекеттерді көрсетуді сипаттайды, оларды түсініктік айырмашылықтар бойынша ғана емес, сонымен қатар кейіннен қылмыстық-құқықтық, криминалогиялық және басқа да қосымша аспектілер арқылы ғана экстремизмнің алдын алуда араластыруға болмайды», – деп айтып кеткенін ескермей кетпеуге болмайды [32, с. 19].

Әдебиетте аталған түсінікке берілген анықтамалар әртүрлі болып келеді, кейбір жағдайда тіптен қарама-қайшы болып қалады. Мұндай жағдай көбінесе субъективті сипатқа ие болады. Әр зерттеушінің көзқарасы бойынша аталған түсінікке берер анықтамасында өзі үшін маңызды болып табылатын әртүрлі жағынан қарастыруы мүмкін. Бұл теориялық негізде экстремизм түсінігіне зерттеліп отырған құбылыстың негізгі белгілері мен маңызды жақтарын ашу үшін анықтама

бергіміз келеді. Қалыптасқан анықтамалар жұмыстың тақырыбында көрсетілген зерттеудің тапсырмаларын шешу мен мақсаттарына жетуде әдістемелік құрал ретінде пайдалануымыз қажет.

Біріншіден сөздіктерге назар аударсақ, С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведова сөздігі: «Экстремизм – бұл соңғы көзқарастарды қолдануға бейімділік», – деп көрсетеді [33, с. 949].

Д.Н. Ушаковтың түсіндірме сөздігінде, экстремизм – бұл шеткі көзқарастар мен шараларды ұстанушылық, бейімділік, көбінесе саясатта делінген.

Сипатталған энциклопедиялық сөздікте, экстремизм – (лат. *extremus* – шеткі) саясатта шеткі көзқарастар мен шараларды ұстанушылық деп айтылған.

Орыс тілі галицизмінің тарихи сөздігі экстремизмді – саясатта шеткі көзқарастар мен шараларды ұстанушылық; өз мақсаттарына жетуде шеткі шараларды пайдалану (террорлық акт, адам ұрлау, адам өлтіру және т.б.).

Саяси түсіндірме сөздікте: «Экстремизм (фр. *extremisme*, лат. *extremus*) – «шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді) – жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді», – деп көрсетілген [34].

Шетел сөздерінің сөздігінде (лат. *extremus* – шеткі) – 1) шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану, мәселен, саясатта; 2) болашақта мейірімді және ізгі мақсатқа жетудегі қажеттілікпен ақталатын террор зорлығы, «шеткі шара» адамгершілікке жатпайтын саясат деген мағына береді [35, с. 540].

Кеңестік энциклопедиялық сөздікте «экстремизм» термині келесідей анықтамада берілген «шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану (көбінде саясатта)» [36, с. 1552].

Үлкен кеңестік энциклопедиядағы экстремизм анықтамасына сәйкес, радикалдандырылған әлеуметтік институттар, азғантай топтар мен жеке тұлғалардың өз мақсаттарына жетуге бағытталған шеткі көзқарастарды, идеялар мен шараларды ұстануы [37, с. 19].

Заманауи ғылымның кіші энциклопедиясында экстремизмге: «саясат пен шеткі көзқарас және әрекет идеологиясын ұстану», – деген анықтама берілген [38, с. 67].

«Экстремизм» түсінігіне ЕКПА-сы 2003 жылы анықтама берді. Аталған анықтамаға сәйкес: «Экстремизм – парламенттік демократия қағидаларын тікелей немесе жанама түрде қабылдамайтын саяси қызметтің бір нысаны», – деп айтылған [39].

Сөздіктер мен энциклопедияларда келтірілген анықтамаларға сәйкес экстремизм өз қағидаларын мәжбүрлеп міндеттейтін шеткі көзқарастағы ұстаным болып табылатындығын білдіреді. Жоғарыда аталған анықтамалар экстремизм мазмұнының тек қана саяси феноменін ашады, бірақ аталған құбылыстың құқықтық табиғатын көрсетпейді. Сонымен қатар, қарастырылған анықтамаларда құқыққа қайшы сипатын қамту қажет.

Экстремизм түсінігін анықтау мәселесінде зерттеушілердің анықтамаларына зер салсақ, белгілі Ресей зерттеушілері Ю.Е. Пудовочкин мен Р.М. Узденов экстремизм түсінігін қарастыра отырып, оған келесідей анықтама бере кетті: «Экстремизм – бұл қылмыстарды қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласындағы қалыптасқан экстремистермен мойындалмайтын тәртіпте нақты бір нәтижеге жету мақсатында белгілі бір көзқарастар, пікірлер, табынушылыққа шығару жүйесіне сәйкес жүзеге асыру» [40, с. 87]. Берілген анықтама толықтай экстремизмнің құқықтық мағынасын ашпайды және құқықтық ортада аталған түсінік оның әмбебаптылығын көрсетеді. Бұл өз кезегінде нақтылықты қажет ететін зерттеуімізде тығырыққа тірейді.

Осы тұрғыдан келгенде В.А. Пономаренков пен М.А. Яворскийдің анықтамасы: «Діни, нәсілдік, жыныстық және өзге де әлеуметтік жақтыртпаушылық себебімен зорлықтық және құқыққа қайшы әрекеттер жасау, сонымен бірге осындай әрекеттерді жасауға шақыру», – деп оның нақты себептерін көрсетіп отыр, алайда оны әрекет ретінде сипаттайды [41, с. 42].

В.Ю. Верещагин мен М.И. Лабунец: «Экстремизм – бұл оның қағидаларын мәжбүрлі түрде тарататын, оппоненттерге деген төзімсіздік пен оларды зорлықпен басуды қарастыратын идеология болып табылады», – деп есептейді [42, с. 7]. Яғни аталған авторлардың экстремизмді әрекет емес, тек белгілі бір идеология ретіндегі тұжырымдары дұрысырақ деген ойдамыз.

Ю.М. Антонянның пікірінше экстремизм өзінің экономикалық, әлеуметтік және рухани жағдайына қанағатсыз және өзін кемсітілген немесе шеттетілген деп есептейтін белгілі бір әлеуметтік топ адамдары бар мемлекеттерде орын алады. Ол нәсілаларлық қатынастарда құрылуы мүмкін (мәселен, АҚШ) немесе нәсілді-діни (мәселен, Ресей) немесе әлеуметтік, дөрекі түрдегі керексіздігі мен теңсіздігі басылып қалғандық жағдайды тудыратындар [43, с. 246].

Е.Н. Сергунның берген анықтамасында өзге пікір байқалады: «Экстремизмді сырттай ерекшелігі жоқ қандай да бір әлеуметтік топтың тұлғаларына, ұлттарға немесе мемлекетке деген саяси, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздық немесе өшпенділік негізіндегі көзқарастар, тұжырымдар, идеялар немесе ұсынымдарды ұстану. Жеке тұлғаның экстремистік көзқарастары сыртқы көрінісі құқыққа қайшы әрекетте жүзеге асырылса онда оны экстремистік қызмет», – деп түсіну керек делінген [44, с. 197]. Экстремизмнің идеологиялық теориясы мен тәжірибесінің ажырамас байланысы аталған зерттеушінің экстремизмге берген анықтамасында өз көрінісін тапты.

Біздің пікірімізше, отандық зерттеуші Г.Д. Мейркулованың экстремизмге берген анықтамасы мағынасын аша алды деген ойдамыз. Оның пікірінше: «Экстремизм – бұл соңғы көзқарастардағы шара қолдануға бейімділік. Қоғамдағы нормаларға түбегейлі теріс, шектен шығатын, саясатты, дінді бұрмалау көзқарастар мен іс-әрекетке негізделген, саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан саясаттың тұрақсыздығынан, экономикалық салдардан туындайтын идеологиялық құбылыс», – деп көрсетеді [19, б. 28].

И.В. Вороновтың: «Экстремизмді қоғамдық өмірдің қандай да бір саласындағы әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешудің өзіндік бір түрі немесе саяси күрестің шеткі нысандарының жиынтығы ретінде қарастырады», – деген пікірімен келісеміз [45, с. 14].

Осылайша экстремизм түсінігінде сәйкессіздік сияқты мәселе туындайды. Экстремизм ұстаным ретінде қарастырыла ма әлде ол көптеген мамандар айтпақшы бұл әрекет деп санала ма. Ұстанымда болу дегеніміз нақты бір нормаларды, бағалауларды, көзқарастарды және т.б. ұстану. Алайда ұстаным тек әрекетте байқалмауы да мүмкін, тек көзқарас ретінде қалуы да мүмкін. Б.Б. Бидованың ойынша экстремизмді әрекет ретінде көру оның құқықтық тұрғыдан қарастыруына көмектеседі. Дәл осылай ғана экстремизмді қарастыру құқықтық әсер етудің объектісі ретінде қарау қажет [46, с. 297]. Бұлай болмаған жағдайда экстремизмге қарсы іс-қимыл көзқарастармен, басқаша ойлауларға қарсы іс-қимыл деп саналатын еді. Адамның ойлары, көзқарастары, ұстанымдары адамның әрекеттерінде орын алған жағдайда ғана құқықтық баға бере аламыз.

Жоғарыда аталған сөздіктерде, отандық және шетелдік авторлар еңбектерінде және еліміздің заңнамасына көңіл аударып талдау жасадық. Нәтижесінде «экстремизм» анықтамасы ізденушіні экстремизм туралы түсініктік тұрғыдан келгенде белгілі бір қорытынды жасауда тығырыққа әкеледі деген тұжырымға келдік. Ғылыми ортада баға берушілікте, оның ішінде анықтамалық түсінікте экстремизм жалпы қоғамда қалыптасқан жағдайларға, мемлекетпен бекітілген нормалар мен ережелерге бас иеушіліктің шектен шыққан құбылысы деп бағалау керек. Алайда отандық заңнамадағы берілген анықтама бұл құбылыстың мағынасын толыққанды ашпайтынына көз жеткіздік.

Осылайша, «экстремизм» терминіне заңнамалық тұрғыдан біздің авторлық нұсқамыздағы анықтама бермекпіз. Біздің нұсқада: ««экстремизм» термині – қандай да бір әлеуметтік топқа, осы топтың өкіліне қатысты саяси, діни, ұлттық және

өзге де өшпенділік немесе араздық себептері бойынша радикалды іс-әрекетке итермелейтін немесе әлеуметтік-экономикалық проблемалар, саяси тұрақсыздық және қоғамдағы өзге де себептер нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе өзге де жағдайларды өзгертуге бағытталған идеологиялық құбылыс» [47, б. 90].

Қылмыстық заң үшін екі белгінің мәні бар: біріншісі – іс-әрекет, екіншісі – сол іс-әрекетке бағыттайтын көзқарастар. Соңғы атап көрсетілген жағдай бізге экстремистік бағыттағы қылмыстардың анықтамасын қалыптастырумызға мүмкіндік береді. Алайда экстремистік бағыттағы қылмыстардың мағынасын ашпастан бұрын экстремистік әрекеттерге тоқталып кетуіміз керек.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) заңының пайдаланылатын негізгі ұғымдар атты 1-бабының 5-бөлігінде: «экстремистік әрекеттер – экстремистік мақсаттағы әрекеттер жасауға жария түрде шақыруды, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттауды, үгіттеуді және көпшілікке жария көрсетуді қоса алғанда, осындай әрекеттерді тікелей іске асыру», – делінген [29].

«Экстремистік әрекет» терминінің заңнамалық анықтамасының кемшілігі болып аталған әлеуметтік құқықтық құбылыстың мазмұнын сипаттайтын белгілерінің жоқтығын айтуға болады, ол арнайы заңнамада оған берілген анықтамамен расталады.

Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасында «экстремистік қылмыстар» түсінігі бекітілмеген. Бір жағынан «экстремистік қылмыстар» түсінігінің нақты анықтамасының болмауы заңнаманың кемшілігі ретінде көрінуі мүмкін, себебі онда қандай қылмыстар «экстремистік қылмыстар» қатарына кіретіні нақтыланбаған. Екінші жағынан экстремистік қылмыстардың заңнамада нақты тізімінің болмауы «экстремистік қылмы-

стар» қатарына экстремизм көрінісі байқалған кез келген қылмыстарды жатқыздыруға болады деген ойға келтіреді. Аталған қылмыстарды «экстремистік қылмыстар» қатарына жатқыздыру үшін, алдымен экстремистік деп есептеуге болатын және кінәлілердің жасар алдындағы басшылыққа алатын себептері мен мақсаттарына байланысты болмақ. Мақсаттар мен себептер экстремистік деп аталынады, себебі олар экстремистік әрекеттердің міндетті белгісі болып табылады және олар болмай қалған жағдайда қылмысты экстремистік бағыттағы қылмыстар қатарына жатқыздыруға болмайды. Әрине экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша арнайы заңнамада көрсетілмеген экстремизмнің аспектілері Қазақстан Республикасының ҚК-де көрсетілуі тиіс еді. Алайда Қазақстан Республикасының ҚК-нің өзінде анықтамасы тек сол қылмыстардың қатарына кіргізуге болатын баптардың тізімімен шектелген.

Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚК-нің қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру атты 3-бабының 39-бөлігінде: «экстремистік қылмыстар – осы Кодекстің 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 (екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген іс-әрекеттер», – делінген [48].

Ең алдымен анықтама беріп қана барып, аталған қылмыстардың түрлеріне жататын баптарды көрсету керек. ШЫҰ-на мүше мемлекеттер РФ, ҚХР, Беларусь Республикасы, Тәжікстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының ҚК-не зер салсақ дәл осындай жағдай. Тіптен аталған елдердің заңнамаларында экстремистік қылмыстардың қатарына жататын баптардың тізбегі мен анықтамасы да көрсетілмеген.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың басты бағыты болып әлеуметтік топ өкілдерінің ерекшеліктеріне байланысты қандай да бір әлеуметтік топтарға немесе әлеуметтік топтың өкілдеріне деген шектен шыққан негативті қатынасын көрсетеді: нақты бір идеологияға қатысты ұстаным, саясаттағы бағытқа, өшпенді ұлтқа немесе дінге деген қатыстылығы. Сонымен қатар, аталған қылмысты жасаушы өзінің құқыққа қайшы әрекетінде тиісті өшпенділік немесе араздығын

білдіреді, оларды көрсетуді қалайды. Дәл осындай нәтиже экстремистік бағыттағы қылмыстарды өз алдына бөлек қылмыстық жазамен белгіленген әрекеттер қатарына жатқыздыруын негіздейді.

Экстремистік бағыттағы қылмыстар түсінігінің мазмұны қоғамда төзімшілдікті, шыдамдылықты бұзу мүмкіндігін беретін өшпенділік пен араздықты сипаттайтын белгілерді қамту қажет. Бұндай белгілер нәсілдік немесе ұлттық немесе дінге деген қатыстылығы бойынша байланысу қажет. Экстремистік бағыттағы қылмыстар экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген барлық қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы, қылмыстық жаза қарастырылған және Қазақстан Республикасының ҚК-нің баптарында көрсетілген әрекеттердің барлық белгілерін қамту қажет. Ең алдымен экстремистік бағыттағы қылмыстарды заңнама тарапынан анықтап алу керек, қылмыстар тобын емес, яғни осындай түсінікке кіргіздірілетін мазмұны жағынан барлығын немесе әрқайсысының сипатын ашатын белгілерді келтіріп кету керек.

Ұсынылған заңдағы экстремизмге берілген анықтамаға қарап, аталған түсінікті қалыптастырып қана қоймай, қылмыстық заңнамаға көңіл бөлу қажет, оның ішінде қылмыстық құқықтық заңнамамен қорғалатын тиісті объектілерге экстремистік бағыттағы қылмыстармен келтірілген немесе келтірілуі мүмкін қол сұғушылық үшін жаза көздейтін нормаларға назар аудару керек.

Осылайша біздің тұжырымымыз бойынша: «экстремистік қылмыстар – қандай да бір әлеуметтік топқа немесе оның өкіліне қатысты экстремистік ұйымның, топтың атынан немесе өз атынан саяси, діни, ұлттық және өзге де өшпенділік немесе араздық себептері бойынша жасалатын ҚК-те жаза көзделген экстремистік бағыттағы іс-әрекеттерді» жатқыздырамыз [47, б. 91].

Қылмыстың анықтамасы қандай да бір қылмысқа тән әлеуметтік және құқықтық белгілерін көрсетеді. Бұл белгілер (қылмыстық құқыққа қарсылық, қоғамға қауіптілік, кінәлік және жазалылық) басқа қылмыс болып табылмайтын құқық

бұзушылық пен қылмыстық әрекеттерді бір-бірінен ажыратуға көмектеседі. Осы тұрғыдан келгенде біз С.М. Рахметов пен Т.А. Бапановтың: «Көптеген қылмыстардың ішінен нақты бір қылмыстарды бір-бірінен ажырату үшін қылмыс құрамы деген түсінікті пайдалану керек», – деген пікірлерімен келісеміз [49, б. 3].

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды оның объективті жағын құрайтын өзіндік әрекеттер критеріі бойынша саралау қажет:

- 1) экстремистік әрекеттер басқа қоғамдық қауіпті әрекеттің сараланған нысаны ретіндегі құрамы болып;
- 2) экстремизм болып сараланған әрекеттер үшін жауаптылықты көздейтін құрам болып табылады.

Объективті белгісі қоғамға қауіпті әрекет. Экстремистік бағыттағы қылмыстар тек қана әрекет түрінде ғана жасалады. Экстремистік бағыттағы қылмыстардың әрекетсіздік жолмен жасалуы мүмкіндігін қарастыру жоққа шығарылады.

Экстремистік әрекет мемлекеттің біртұтастығын бұзуға немесе конституциялық құрылысын өзгертуге, діни, ұлттық және өзге өшпенділік пен араздықты тудыруға, билік өкілеттіктерін алып алу немесе күштеп басып алуға бағытталған және т.б. әрекеттерде байқалады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған тізімнен басқа экстремистік бағыттағы қылмыстардың объективтік жағы факультативті белгілермен сипатталуы мүмкін (құрал, әдіс, қылмысты жасау кезіндегі жағдай, орын, уақыт, қару және т.б.), егер де қылмыстық құқықтық нормаларда бекітілгенде аталған қылмыс үшін міндетті болып келеді.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың объектісін сипаттай келе, себеп салдарынан байқалатын ерекшеліктеріне байланысты ұлтаралық, саяси, дінаралық немесе басқа да қайшылықтардан көрініс табады және заңмен қорғалатын белгілі бір құқықтарға, бостандықтарға, қоғамдық қатынастарға, заңды мүдделерге және әлеуметтік құндылықтарға зиян тигізеді. Осылайша аталған санаттағы қылмыстардың объектісі болып, орындалған нақты әрекетке байланысты қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, билік мүдделері, тұлғаның

құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ адамзат қауіпсіздігі мен бейбітшілігі болып табылады.

Қылмысты экстремистік бағыттағы қылмыстар қатарына жатқызуда субъективтік жағы үлкен маңызға ие. Қылмыстың субъективтік жағы болып тікелей ниетпен сипатталады – кінәлі өзінің әрекетінің қоғамға қауіптілігін біледі және оның болғанын қалайды. Жария түрде шақырудың мақсаты – экстремистік әрекеттерді жасауға деген ішкі құлшынысын қалыптастыру мен ояту. Ниеттер әртүрлі болуы мүмкін: пайда, кек, идеологиялық алауыздық және т.б.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың субъектісі болып, Қазақстан Республикасының ҚК-де белгіленген жасқа толған есі дұрыс жеке адам. Субъектіде қылмыстың экстремистік ниеті мен экстремистік мақсатының болуы аталған әрекетті экстремистік бағыттағы қылмыс ретінде саралауға мүмкіндік береді.

Ендігі кезекте экстремистік қылмыстар құрамына жататын баптарға тоқталып кетпекпіз. Қазақстан Республикасының ҚК-де экстремистік қылмыстар қатарына кіретін және «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы заңға сәйкес экстремистік қылмыстар қатарына жатуы мүмкін баптар тізімі толық емес. Себебі соңғысының тізімі біріншісіне қарағанда кеңірек көрсетілген. Қазақстан Республикасының ҚК-де аталған экстремистік бағыттағы қылмыстар санатына жататын баптардың арасында экстремизм белгілерін анықтауды немесе экстремизм көріністерін байқауды қажет ететін және диспозициясы мен бап атауында экстремизм белгілерін анықтамай-ақ немесе оны анықтау үшін саралауды қажет етпейтін барлық баптарды қамтымаған. Бұл өз кезегінде ҚҚО қызметкерлері үшін экстремизммен байланысты қылмыстарды тергеп-тексеру барысында қылмыс құрамында экстремизм белгілерінің бар-жоғын анықтау мақсатында қосымша тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Тергеп-тексеру жұмыстары қажетті тергеу әрекеттерін жүргізуге, мамандарға кеңестік көмек алу мақсатында жүгінуге мәжбүрлейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, экстремизм көрінісі анық және оны

қосымша анықтауды қажет етпейтін қылмыс санаттарын экстремистік бағыттағы қылмыстар санатына жатқыздыру керек. Оның басты себебі дұрыс саралау мен қоғамдық қауіптілігін бағалауға, экстремизмнің алдын алу жұмыстарын жүргізуде тигізер пайдасы зор. Осы сұрақ бойынша Ресей зерттеушілері де айналысуда. Оған отандық заңнамамыздың Ресей қылмыстық заңнамасымен ұқсастықтары экстремизм мәселесіне келгенде де қалып қалмағандығын көрсетеді. Дәл біз келтірген осындай пікіріміз сияқты ресейлік зерттеуші Б.А. Мыльников: «РФ ҚК-нің 281.1-бабында көзделген қылмыстардан бөлек отыздан астам қылмыстарды экстремистік қылмыстар қатарына жатқыздыруға болады», – деген пікірде [15, с. 112]. Біздің ойымызша, экстремистік қылмыстар құрылымына жататын баптар толыққанды енгізілмеген. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда Қазақстан Республикасының ҚК-де «экстремистік қылмыстар» терминіне берген анықтамада ұсынылған баптардың тізімі толық емес.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің «экстремистік қылмыстар» терминіне берілген анықтамада: Экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның әрекетіне қатысу (182-бап); Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (258-бап); Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру (259-бап); Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту (260-бап) экстремистік қылмыстар қатарына жататынына күмән келтірмейміз. Бірақ тізімнің жалғасы біз үшін де, процессуалистер үшін де үлкен сұрақ туғызады. Мәселен, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру (174-бап); Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту (179-бап); Сепаратистік әрекет (180-бап); Қарулы бүлік (181-бап); Диверсия (184-бап); Заңсыз әскерилендірілген құрылымды ұйымдастыру (267-бап);

Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру, олардың қызметіне басшылық ету және қатысу (404-баптың 2, 3-бөліктері); Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарту туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу (405-бап). Еліміздің заң шығарушылары ҚК-те атауында айтып тұрғандай баптарды бір қатарда экстремизм көрінісі анық және табиғатында экстремистік бағыттылықты ұстанатын баптармен бірге қоюды мақсат етсе, онда ҚК-тегі кейбір баптар тізімге енгізілмей қалған деген ойға әкеледі.

Ендігі кезекте осы аталған кемшіліктерді жоюда «экстремистік қылмыстар» түсінігін экстремизм көрінісі анық және қылмыстық құқықтық табиғатында экстремистік идеологияны басшылыққа алып соның мақсаттарына жетуде жасалатын құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті және қылмыстық заңнамамен жаза көзделген әрекеттермен байланыстырамыз. Біздің ойымызша, экстремистік бағыттағы қылмыстар санатына келесідей идеологиялық негіздегі ҚК-тегі баптарды енгізгеніміз дұрыс болар еді.

Оларға идеологиялық негізде жасалған жағдайда (саяси экстремизм):

– Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (173-бап);

– Жаппай тәртіпсіздік (272-бап) қосу керек [47, б. 92].

«173-бап. Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау.

1. Шет мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғауды пайдаланатын халықаралық ұйымның қызметкеріне немесе онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелеріне, сол сияқты халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайларына не көлік құралдарына шабуыл жасау, сол сияқты осы адамдарды ұрлау немесе бас бостандығынан күштеп айыру, сондай-ақ көрсетілген әрекеттерді жасау қатерін төндіру –

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет не қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып не адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған не денсаулыққа ауыр зиян келтірумен ұштасқан, сол сияқты соғысқа арандату немесе халықаралық қатынастарды ушықтыру мақсатында жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда адам өліміне әкеп соққан немесе қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [48].

Аталған қылмыстық-құқықтық норманың негізгі мәні халықаралық қорғауға алынған ұйымдар мен адамдарды кез келген қылмыстық қол сұғудан қорғау, сөйтіп соғысқа арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістіруге жол бермеу. Қылмыстың жәбірленушісі халықаралық қорғау аясына алынған адамдар болып табылады. Қылмыс объективтік жағынан шетелдік мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғау аясындағы халықаралық ұйымның қызметкеріне немесе онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелеріне, сондай-ақ халықаралық қорғау аясындағы адамдардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайларына, не көлік құралдарына шабуыл жасау, сондай-ақ осы азаматтарды ұрлау немесе бас бостандығынан күштеп айыру, егер осы әрекеттер соғысқа арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістіру мақсатында жасалу арқылы сипатталады. Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады. Адам халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымға шабуыл жа-

сайтынын сезеді және соны істеуді тілейді. Қылмыстың субъективтік жағының белгісі, қылмыстың мақсаты – соғысты арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістіру болып табылады. Қылмыстың субъектісі – 16 жасқа толған кез келген есі дұрыс адам [50, б. 344]. Мәселен, РФ елшісін Андрей Карловқа Түркия Республикасының астанасы Анкарада қастандық жасалып, нәтижесінде елші қаза болған оқиғаны мысалға алсақ болады. Аталған қылмыстың объектісі РФ мен Түркия Республикасы екі ел арасындағы халықаралық қатынастар. Жәбірленуші – РФ елшісі Андрей Карлов. Қылмыс объективтік жағынан шетелдік мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғау аясындағы халықаралық ұйымның қызметкеріне шабуыл жасау арқылы РФ мен Түркия Республикасын соғысқа арандату. Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалған. Қылмыстың субъективтік жағынан мақсаты – соғысты арандату немесе халықаралық жағдайды шиеленістіру болып табылады. Қылмыстың субъектісі болып жергілікті ұлтшыл экстремистік радикал топтардың өкілі. Аталған қылмыс саяси экстремистік идеологияға негізделген, себебі басты мақсаты халықаралық қатынастарды ушықтыру, саяси қызметкердің өміріне қастандық жасау арқылы мемлекеттерді соғысқа арандату.

«272-бап. Жаппай тәртіпсіздік

1. Күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан, оның ішінде шетелдік көздерден алынған қаражатты пайдалана отырып жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру –

төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жаппай тәртіпсіздікке қатысу –

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Билік өкілдерінің заңды талаптарына белсенді түрде бағынбауға және жаппай тәртіпсіздікке шақыру не жаппай тәртіпсіздікке арандату, сол сияқты азаматтарға зорлық-зомбылық жасауға шақыру –

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [48].

Қазақстан Республикасының ҚК бойынша жаппай тәртіпсіздіктің тікелей объектісі – қоғамдық тәртіп, ал қосымша тікелей объектісі – адамдардың өмірі, денсаулығы, мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншік болады. Объективтік жағынан бұл қылмыстық құқық бұзушылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру арқылы сипатталады. Жаппай тәртіпсіздік деп – қоғамға қауіпті әрекеттердің күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылыс заттарын немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ олардың үкімет өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан әрекеттерін айтамыз. Жаппай тәртіпсіздіктер – формальдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамына жатады. ҚК-нің 272-бабының диспозициясында көрсетілген әрекеттердің біреуін істеген уақыттан бастап аяқталған деп танылады. Субъективтік жағынан қылмыстық құқық бұзушылық тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі адам жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыратын, оның заңды көрсетілген әрекеттермен жалғасатынын сезеді және соны істеуді тілейді. Қылмыс субъектісі – 16 жасқа толған, жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырған немесе басқарған адам [50, б. 515]. (Мәселен, 5 қазан 2020 жылы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен жаппай тәртіпсіздік және т.б.). Сонымен қатар аталып отырған ұсынысымыз халықаралық заңнамаларға жасалған шолудың нәтижесімен нақтыланған. Мәселен, РФ, Беларусь, Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикаларының экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша заңнамаларында экстремистік әрекеттер қатарына жаппай тәртіпсіздікті жатқыздырады [51].

Егерде ол идеологиялық негізде жасалған жағдайда (ұлттық экстремизм):

– Геноцид (168-бап).

«168-бап. Геноцид

1. Геноцид, яғни ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топты осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зиян келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп беріп жіберу, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жою мақсатында өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана іс-әрекеттер –

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Соғыс уақытында жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға, не өлім жазасына жазаланады» [48].

Геноцид – халықаралық құқық нормасы арқылы белгіленген қылмыс. Оның қоғамға қауіптілігі сол, ол бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да жүзеге асырылатын қоғамға аса қауіпті іс әрекет. БҰҰ Бас Ассамблеясында 1946 жылғы 11 желтоқсандағы қарарымен геноцид халықаралық қылмыс деп жарияланды. 1947 жылғы 21 қарашадағы осы органның қарарына сәйкес геноцид үшін ұлттық және халықаралық құқық нормасымен белгіленген жауаптылыққа жеке тұлға немесе мемлекет тартылуға тиіс деп белгіленді. Қылмыстың тікелей объектісі – этникалық, ұлттық, нәсілдік немесе діни топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар. Объективтік жағынан қылмыс геноцид, яғни ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты, осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зардап келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп біреуге беру, күштеп көшіру, не осы топтың мүшелерін қырып жоюға есептелген өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы, толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана әрекеттер

арқылы жүзеге асырылады. Қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады. Қылмыстың субъектісі – 16 жасқа толған кез келген адам [50, б. 342]. (Мәселен, холокост – 1933-1945 жылдары нацистік Германия билігінің еврейлерді құрту саясаты, Осман империясындағы армяндарға қарсы геноцид және т.б.).

Әрине, кейбір зерттеушілер біздің тараптан берген өзгертулермен келіспеуі мүмкін, алайда бұл өзгерістер қылмыстық заңнамamızда «экстремизм» мен «экстремистік қылмыс» ұғымдарын нақтылай кетуге және олардың белгілерін қамтыған баптар тізбектерін беруде экстремизмге қарсы іс-қимылда құқық қолданушыға үлкен құрал ретінде көмегін тигізері сөзсіз және осы саланы болашақта зерттеушілерге эмпирикалық азық ретінде бағыт бағдар беруде үлкен үлесі тиеді деген ойдамыз [47, б. 94].

Осының барлығы Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңына «экстремизм», қылмыстық заңнамасында «экстремистік қылмыстар» анықтамаларына өзгерістер енгізуді қажет ететіндігіне келеміз.

Біздің тараптан берген анықтамалар өз кезегінде:

Біріншіден, құбылыс пен әрекет арасын түсініктік тұрғыда бөліп алуға мүмкіндік береді;

Екіншіден, қоғамдық құбылыстың түсініктік мәселесіне келгенде отандық ғылымдағы болашақ зерттеушілер үшін маңызды дұрыс бағытын анықтап береміз.

Ұсынылған тарау бөлігін талдап, біз келесідей қорытындыға келдік:

1. Экстремизм адамзаттың алғашқы қауымдық құрылысы пайда бола бастаған кезде топтар арасында орын алған белгілі бір теңсіздіктерді жою мақсатында радикалды ойларға немесе әрекеттерді жасауға итермелеуде жиі қолданатын әлеуметтік құбылыс ретінде таныла бастаған;

2. «Экстремизм» термині XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропадағы болып жатқан азаматтық соғыс кезінде алғаш рет термин ретінде қалыптаса бастады;

3. Экстремизмнің белгілері саяси, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тілдік және т.б. байланысы немесе көзқарасы бойынша белгілі бір топтардың артықшылығын, ерекшелігін, басымдылығын қоғамда бекітуге негізделген идеологияларды қамтиды;

4. Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген саяси, ұлттық және діни сипаттағы көріністеріне сәйкес үш түрге тоқталамыз:

– саяси экстремизм – мемлекеттегі орныққан саяси биліктің жұмысына қанағаттанбаған немесе мемлекеттегі орын алып жатқан саяси тұрақсыздық салдарынан оны қалпына келтіру немесе өзгертуге іс-әрекет жасауға итермелейтін экстремистік идеологияның бір түрі;

– діни экстремизм – қандай да бір әлеуметтік топтың немесе топ өкілінің діни көзқарасы мен дінге деген наным-сенімінің басқа діндер өкілдерінен жоғары және үстем екендігін дәлелдеу мақсатында шеткі іс-әрекет жасауға итермелейтін экстремистік идеологияның бір түрі;

– ұлттық экстремизм – қандай да бір әлеуметтік топтың немесе топ өкілінің бір ұлттың басқа ұлт өкілдерінен биік және ерекше екендігін дәлелдеу мақсатында шеткі іс-әрекет жасауға итермелейтін экстремистік идеологияның бір түрі.

Сонымен қатар, қандай да бір әлеуметтік құбылысқа әсер ететін бір-бірімен тығыз байланыста және бір-біріне әсер етеді. Сондықтан экстремизмнің бөлінген түрлері ешқашан таза күйінде бола бермейді;

5. Ұғымдық аппаратты біріздендіру және оны халықаралық заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Заңының 1-бабымен реттелген «экстремизм» терминінің анықтамасына өзгерістер енгізіліп, ол келесідей редакцияда ұсынылады:

– «Экстремизм – қандай да бір әлеуметтік топқа, осы топтың өкіліне қатысты саяси, діни, ұлттық және өзге де өшпенділік немесе араздық себептері бойынша радикалды іс-

әрекетке итермелейтін немесе әлеуметтік-экономикалық проблемалар, саяси тұрақсыздық және қоғамдағы өзге де себептер нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе өзге де жағдайларды өзгертуге бағытталған идеологиялық құбылыс».

6. Қылмыстық заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы ҚК-нің 3-бабының 39-тармағын «экстремистік қылмыстар» терминінің авторлық анықтамасымен толықтыру және экстремистік бағыттағы қылмыстарға жататын баптардың тізіміне қосымша 168, 173, 272-баптарды енгізе отырып, аталған тармақ келесідей редакцияда ұсынылады:

– «Экстремистік қылмыстар – қандай да бір әлеуметтік топқа немесе оның өкіліне қатысты экстремистік ұйымның, топтың атынан немесе өз атынан саяси, діни, ұлттық және өзге де өшпенділік немесе араздық себептері бойынша жасалатын осы кодекстің 168, 173, 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 272, 404 (екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген экстремистік бағыттағы іс-әрекеттер».

1.2 Экстремизмге қарсы іс-қимылды заңнамалық реттеудің салыстырмалы-құқықтық талдауы: отандық және шетелдік тәжірибе

Мемлекетіміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі отыз жыл болды. Осы мерзім аралығында еліміздің барлық салаларында терең, әрі түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, аяқтан нық тұра бастады. Халықаралық деңгейде нарықтық экономикаға өзін бәсекелестікке қабілетті екендігін көрсетіп, рухани мұрамызды қайта жаңғырта бастадық. Дегенмен, қазақстандық қоғамды соңғы он жылда алаңдатып жүрген мәселелер жоқ емес. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңі қазақстандықтардың ой-санасы бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық нарықтық мәселелерге бағытталып, рухани құндылықтарға келгенде ынта-талпынысымыз кешеуілдеді.

Сол себептен рухани құндылықтар орны біраз уақыт бос кеңістікте болды. Осы бос кеңістікті тез толтыруға асыққан шеттен келген жат ұғымдағы идеяны тасушылар оп-оңай толтыруға тырысты. Нәтижесінде рухани құндылықты басқа идеямен толтыруға асыққандар біздің қоғамда әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізге жат және ел қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін үлкен күшке айналып бара жатқанына көз жеткіздік. Бұл жат идеялар экстремизм құбылысының көріністері десек дұрыс айтқан боламыз. ХХІ ғасырдың техникалық мүмкіндіктерін өз мақсаттарына жетуде тиімді пайдалануға тырысқан және заманмен қойылған талаптарға толығымен икемделген экстремизм насихатшыларына Қазақстан Орта Азия аймағының құрамдас бөлігі болғандықтан үлкен қызығушылық тудырды. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында КСРО ыдырағаннан кейін, қалыптасып қалған көршілес елдер арасындағы қоғамдық байланыстар бұзылған соң, қазақстандық қоғам мәдени және рухани құндылықтар бойынша алыс-берістен оқшауланған күйде жүрді. Қазақстан көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекет болғандықтан экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау қаупінің деңгейі ұлғайды.

Елімізде экстремизмнің белең ала бастауының бірден-бір қаупі ретінде экстремистік идеяны насихаттаушылардың өз жақтаушылар қатарына, ең алдымен, идеологиялық вакуумды пайдалана отырып, қоғамның ең белсенді мүшелері жастарды тартуы болып табылады. Жастармен жұмыс істеуде мемлекеттік бағдарламалардың аздығы және оның тиімді жүзеге аспауы бұған өте қолайлы жағдай туғызды. Қазақстанда соңғы жылдары жастардың дінге деген қызығушылығының артуы экстремистік идеяларды насихаттаушылардың өз пайдасына қолдану мақсатында оп-оңай жастар арасындағы діни-рухани кеңістікті толтыруға мүмкіндік берді. Қазақстандағы діни орта еліміздегі түрлі секталар мен діни ұйымдардың пайда болуына себепкер болды [52, б. 134].

Қазақстандық жастарға теологиялық оқу пәндерін оқытумен қатар, саналарын идеологиялық әсерге ұшыратып,

экстремистік топтар мен ұйымдардың мақсаттарын орындауға насихат жүргізілуде. Олардың кейбіреулері содырларды дайындауға арналған лагерьлерге жіберіліп, диверсиялық, жару әрекеттерін жүзеге асырудың арнайы дағдыларына оқытылды. Ақырында экстремистік бағытты ұстанатын жергілікті фундаменталистік сипаты бар діни қауымдастықтар еліміздің аумағында пайда болды және өзінің қызметін белсенді түрде дамытты. Басқаша айтқанда, елімізде көзге көрінбейтін экстремизмнің түрлі идеяларын жұқтыру процесі басталды. Сонымен қатар дінді сылтау етіп, белгілі бір саяси мақсаттарға жетуде радикалды көзқарастарды жастарға насихаттау арқылы қылмыстарды жасауға итермелейтін ұйымдар әрекеттерінің жиілеп кетуін айтпай кетуге болмайды.

Экстремистердің ҚҚО-мен қарулы қақтығыстары Қазақстандағы деструктивті күштердің дамудың жаңа кезеңіне өткенін көрсетеді. Құзырлы органдардың ақпараттары бойынша Қазақстан мен Орталық Азия елдері аумағында соңғы кездері экстремистік ұйымдар мен қозғалыстар идеологиясының таралу үрдісі, аймақтағы әлеуметтік-саяси наразылықтың діни көзқарастағы экстремизмге айналуы байқалуда. Оған мысал ретінде Қазақстанда 2011 жылы Ақтөбе, Атырау, Тараз және Алматы қалаларында барлығы 10-нан астам терактілерді және одан барлығы 7 ҚҚО-ның қызметкерлері, 2 арнайы органдардың қызметкерлері, 14 бейбіт тұрғын қаза тапты. 26 террористің көзі жойылғандығын айтуға болады [53].

Сонымен қатар 2016 жылы Ақтөбеде болған лаңкестік оқиғадан барлығы 25 адам қаза болса, оның 18 террорист, 3 әскери қызметкер, 4 бейбіт тұрғын. 22 адам жарақат алды [54]. Алматы қаласында орын алған террорлық актіден 7 ҚҚО-ның қызметкерлері, 1 шекара қызметінің қызметкері мен 1 бейбіт тұрғын қаза болды [55]. Өкінішке орай, аталған оқиғалар еліміздің ҚҚО үшін экстремизм көріністеріне қарсы іс-қимылда қайғылы тәжірибе жинағандығын көрсетті.

Ж.А. Кегембаева осы күнде Қазақстанда қылмыстылықпен күрестің негізгі бірнеше бағыттарының бірі ретінде терроризммен

және діни экстремизммен күрес дей келе, бүгінгі күні бірде-бір мемлекет өзін террорлық әрекеттен сақтандыра алмайтындығын атап өтті [56, с. 189].

К.М. Бишмановтың: «Қауіптерді уақытылы әрі нақты бағалай білу және оны жою бойынша пара-пар шаралар қолдануы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мінсіз моделі болатыны даусыз», – деген пікірін қолдай келе, елімізде экстремизм қауіпіне қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыс тәжірибесін үнемі жетілдіру үстінде екеніне көз жеткіземіз [57, с. 469].

Біріншіден, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап халықаралық қауымдастықтың экстремизмге қарсы іс-қимылда әртүрлі ұйымдарының белсенді мүшесі болып келе жатыр. Оған дәлел ретінде ҰҚКҰ, ШЫҰ, АӨСШК, ЕҚЫҰ және БҰҰ ұйымдарындағы белсенді жұмыстарын айтсақ болады [58, б. 76].

Екіншіден, экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік- құқықтық базаны қалыптастыруда. Мәселен, Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмысында бірнеше нормативтік заңнамаларды қабылдауын айта аламыз: Қазақстан Республикасының 18 ақпан 2005 жылғы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) заңы [29], Қазақстан Республикасының 06 қаңтар 2012 жылғы №527-IV Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңы (20.06.10 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [59], Қазақстан Республикасының 11 қазан 2011 жылғы №483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңын (20.15.11 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) айта аламыз [60]. Елімізде соңғы жылдары орын алған қайғылы оқиғалардан кейін және экстремизмге қарсы іс-қимыл заңнамасын заман талаптарына сай етіп реттеу мақсатында қабылданған 22 желтоқсан 2016 жылы №28-VI Қазақстан Республикасының «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын айтуға болады (27.02.2017 жылы берілген өзгерістермен) [61]. «Діни қызмет

пен діни бірлестіктер туралы» заң қабылданғаннан кейін, 2011 жылы 14 заңға тәуелді актілер қабылданды. Нәтижесінде діни қызмет саласындағы тәртіп пен ережелер ретке келтірілді. Табыну ғимараттарының құрылысын салу, діни шараларды жасау бөлмелерінің орналасу, діни әдебиеттердің тарату орындарының нақты стандарттары бекітілді. Миссионерлік қызметтің тәртібі реттелді [62]. Одан бөлек Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдар аралығындағы құқықтық тұжырымдамасында экстремизмге қарсы күрес жұмысының маңызды бөлігі болып табылатын, уақытылы діни және этникалық экстремизмді таратудың алдын алу мен жолын кесу бойынша ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормаларды енгізу мен дұрыс қолдану жатады [63]. «Стратегия «Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 2018 жылы 15 наурыздағы №124 «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кадрлық әлеуетті күшейту, сондай-ақ кадрлық құрамның, діни экстремизмге қарсы іс-қимыл субъектілерінің кәсіби біліктілік деңгейін арттыру мәселесіне басты назар аударған [64]. Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев «Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша ШЫҰ-ның конвенциясын ратификациялау туралы» заңға қол қойды [65].

Қазақстанның белсенді түрде экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмысының нәтижесі ретінде 2005 жылы «Хизб-ут-Тахрир» ұйымының қызметіне тыйым салудан басталды.

2014-2016 жылдары аралығындағы ғаламтордағы сайттарға жасалған тексеру нәтижелерінің көрсеткішіне сәйкес, 2014 жылы 8000 сайттан – 346, 2015 жылы – 6000 сайттан – 414, 2016 жылы – 10700 сайттан – 1495 құқыққа қайшы сипаттағы материалдар табылса [62], 2017-2019

жылдары аралығында барлығы 22595 ғаламтор ресурстары зерттелініп, оның 1886-ға жуық ғаламтор ресурстарына сот тарапынан тыйым салынса, 7706 сілтемеге теріс қорытынды беріліп, бұғаттауға жолданды [66] (Қосымша А, Сурет А.10).

2009 жылдан бастап 2019 жылдары аралығында (брошюралар, беттер, кітаптар, журналдар, дыбыс, бейне, мәтіндік және ақпараттық файлдар, дыбыстық кассеталар мен басылымдар) барлығы 869 материал теріс бағаланып, сот шешімімен экстремистік деп танылып, Қазақстан аумағына таратылуына тыйым салынды [66]. Мемлекеттегі діни кітаптардың айналымына бақылау қамтамасыз етілді, түзеу жүйесі, мәдениет мекемелерінде және рухани білім беру мекемелеріндегі кітаптар тексерілді.

Қазақстан Республикасының соттарымен «Хизб-ут-Тахрир», «Сенім. Білім. Өмір», «Общественное движение «Халық майданы» – «Народный фронт» тіркелмеген қоғамдық бірлестігі, «Народная партия Алга» тіркелмеген қоғамдық бірлестігі, «Таблиғи жамағат», «Ат-такфируаль-хиджра», «Демократический выбор Казахстана» (ДВК), «Якын Инкар» [67] экстремистік ұйымдардың қызметіне тыйым салынды.

2019 жылғы 9 қаңтарда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен «Жусан-1» арнайы операциясы жүзеге асырылып, нәтижесінде Қазақстанның 47 азаматы Сириядан елімізге қайтарылды. 2019 жылғы 7 және 9 мамыр күндері «Жусан-2» операциясы аясында Сириядан Қазақстанның 231 азаматы (соның ішінде олардың 159-ы – бала) елге жеткізілген болатын. 2019 жылғы мамыр айының 28-31 күндері «Жусан-3» операциясы жүзеге асырылды. Еліміздің азаматтарын Сириядан қайтару операциясының үшінші кезінде Сириядан 67 әйел адам, 171 бала елге қайтарылған. Жалпы Сириядан қазақстандық азаматтарды елге жеткізу бойынша кешенді гуманитарлық «Жусан» операциялары барысында елге жалпы 516 қазақстандық жеткізілді. Оның 357 бала [68]. Сириядан «Жусан» операцияларының нәтижесі бойынша елге жеткізілген 20 азамат (16 ер және 4 әйел) «ИЛИМ» халықаралық террористік ұйым жағында террористік әрекеттерге қатысқаны үшін сотталып, жазаларын өтеуде [69].

2020 жылы еліміздің аумағында «Көше партиясы» [70] қызмет етуіне тыйым салынды. Сонымен Қазақстан Республикасының соттарымен 2005-2020 жылдары аралығында барлығы 9 экстремистік ұйымдар экстремистік деп танылды.

Шетелде экстремизм мен экстремистік әрекеттердің түрлі құбылыстарымен бетпе-бет кездесу біздің елімізге қарағанда әлдеқайда ерте басталды. Экстремистік ұйымдар мен топтардың экстремистік бағыттағы қылмыстары әлемдегі әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақсыздандыратын факторға айналды. Техниканың жаңа жетістіктері мен дәстүрлі емес экстремистік әдістерді қолдана отырып, экстремистер әлемдік құқық қорғау жүйесіне сұсты қарсылық танытуда. Қай заманда болмасын экстремизмнің мақсаты бір болған, алайда өткен дәуір мен қазіргі кездегі экстремистердің идеологиялық көзқарастары ұқсас болғанымен, «технология» жағынан айырмашылықтар байқалады. Қазіргі экстремизмнің ерекшелігі болып, оның жақсы құрылымдық және ұйымдастырушылық сипаты танылады. Экстремистік ұйымдар бір басқару органдарын, басқару жүйесін жобалайтын бөлімшелерді құрады.

Оған нақты айғақ ретінде «ИЛИМ» – Сирия (солтүстік-шығыс аумағын ішінара бақылайды) және Ирак аумағында әрекет ететін халықаралық террористік ұйымын айта аламыз. Сирия мен Ирактан бөлек Ливан, Ауғанстан, Алжир, Пәкістан, Ливия, Мысыр, Йемен, Нигерия аумағындағы қарулы қақтығыстарға қатысады, Азия және Еуропа елдерінде терактілер ұйымдастырады. 2013 жылы «ИЛИМ» содырлары Ирак пен Сирия аумағында 10 мыңнан астам террорлық актілерді жүзеге асырды. 80-нен астам жанкештілер өздерін халық көп жүретін мекендерде жарып, өздерімен бірге еш кінәсі жоқ бейбіт тұрғындардың өмірлерін әкетті. Әлемде ең қауіпті террорлық топ ретінде «ИЛИМ» және оның 2014 жылы адам өлімінің 51% жауапты нигериялық өкілдігі «Бoko Харам» аталды. Экстремизм идеялары бірнеше ай ішінде тұрақты мемлекетті әскери қақтығыстар театрына айналдыратындығы туралы қайғылы мысалдар ретінде Ливия, Сирия және Йемен мемлекеттерін келтіруге болады [71, с. 7].

Өзінің ерекшеліктеріне байланысты оған қарсы іс-қимылда ерекше құқық қорғау нысанын талап етеді. Бұндай қылмысқа қарсы іс-қимыл бұл қылмыс түріне әсер етудің құралдары мен әдістерінің өзіндік арсеналы бар ПО тарапынан кеңінен ұйымдастырушылық және тактикалық шаралар кешенін қарастыру қажет. Сондықтан салыстырмалы құқықтану шеңберінде экстремизмге қарсы тұрудың шетелдік тәжірибесімен таныспақпыз. Айтылғандар біріншіден, әлемнің әртүрлі елдерінде және өңірлерінде экстремизмге заңды жауапкершіліктің дамуының жалпы ерекшеліктерін табуға, екіншіден, мәселені құқықтық реттеудің ерекшеліктерін анықтауға, үшіншіден, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіне енгізу үшін едәуір тиімді, шетелдік құқықтық нормаларды және институттарды қолдануға мүмкіндік береді. Осы тақырып бойынша әрбір мемлекеттің заңнамасын тегіс қамтитын шолу жасауды мақсат етіп қоймай, географиялық жағдайына және құқықтық жүйеге қатысын басшылыққа ала отырып, халықаралық ұйымдар (БҰҰ, ШЫҰ, ТМД) мен көптеген алыс және жақын шетелдердің (РФ, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Франция Республикасы, ГФР, Ұлыбритания Корольдігі, АҚШ, ҚХР және ИИР) нормативтік құқықтық актілеріне компаративтік талдау жүргізбекпіз. Алдыға қойылған мақсаттарды ескере отырып, материалды тиімді орналастыру және бейнелеу мақсатында көрсетілген сұрақтарды талқылауды экстремизмге қарсы іс-қимылдың халықаралық-құқықтық аспектілерден бастауды ұсынамыз. Экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтудың негізгі бағыттарын қарастыру барысында аталған құбылысқа қарсы іс-қимылдың халықаралық құқықтық реттеуіне көңіл аудару керек.

Экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында басты орын БҰҰ-на арналған. БҰҰ шеңберінде қабылданған шешімдер және ұсыныстар ерекше мәнге ие болады. Халықаралық құқықтық құжаттарда экстремизм түсінігі әлдеқайда айқын болғанымен, әртүрлі сипатта болады. БҰҰ өзінің бірқатар

құжаттары мен БҰҰ Бас хатшысының жоғары деңгейдегі баяндамаларында – «экстремизм» ұғымын «төзбеушілікпен» ұқсастықта қолданады және оны басқаларға деген төзбеушілікпен байланыстырады. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің S/RES/1373 (2001) 2, S/RES/1566 (2004) 3 қарарларында: «Нietі төзбеушілік немесе экстремизм болып табылатын терроризм актілері туралы айтылады». Сонымен, БҰҰ құжаттарында экстремизм дегеніміз – бұл басқалардың құндылығы мен қадір-қасиетін жоққа шығару ғана емес, сонымен бірге оларды «адам емес» деп бейнелеу. Шын мәнінде, бұл мінез-құлық БҰҰ Бас Ассамблеясының бірқатар құжаттарында көрсетілген нормаларға қайшы келеді [72].

1966 жылы 7 наурыздағы [73, с. 219], «Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы» халықаралық конвенцияның 5-бабы әрбір БҰҰ мүше-мемлекетке нәсілдік кемсітушілік үшін жауапкершілікті бекітеді. 1981 жылы 25 қарашадағы №36/55 БҰҰ Бас Ассамблеясының Бұрыштамасы дін және сенім негізінде шыдамсыздықтың және кемсітушіліктің барлық түрлерін жақтырмайды [74]. 1992 жылғы 18 қарашадағы «Ұлттық немесе нәсілдік, діни және азшылық тілдерге жататын тұлғалардың құқықтары туралы» декларацияның ережелері жоғарыда аталған әлеуметтік топтардың өзгешеліктерін қорғайды. Алайда, бұл жағдайда да көрсетілген іс-әрекеттердің нышандары жоқ, ал түсініктің өзі іс-қимыл актілерін тізбектеу жолымен қалыптастырылады [75].

1994 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 49 сессиясында қабылданған, «Халықаралық терроризмді жою бойынша шаралар туралы» декларацияда: «Ешқандай идеологиялық, нәсілдік, этникалық, діни немесе кез келген өзге пікірлер халықтың кең тобының арасында террор атмосферасын құруға бағытталған, қылмыстық әрекеттерді ақтауға қолданылмайды», – деп атап өтілді. Сонымен қатар, 2003 жылғы 22 желтоқсандағы №58/174 БҰҰ Бас Ассамблеясының Бұрыштамасында дәл экстремизм (терроризм емес) әлемдегі халықаралық заңдылықтың және құқықтық тәртіптің қауіп-қатері ретінде қарастырылады. БҰҰ кейбір шешімдеріне экстремизммен бірге өзге де синонимдік түсініктер қолданылады.

Мысалы, үргедектік [76], ұлтшылдық [77], нәсілшілдік [78] және т.б. Алайда аталмыш терминдердің мәндері ашылмайды.

Осылайша, БҰҰ шеңберінде қабылданған халықаралық құжаттарда экстремизмнің әртүрлі көріністеріне қатысты оны әлемдегі халықаралық заңдылық және құқықтық тәртіп үшін қауіп-қатер ретінде мойындайды, алайда экстремизм және оның түрлерінің жалпыға бірдей халықаралық-құқықтық анықтамасы жоқ болып шықты. Сонымен қатар экстремизмнің едәуір қауіпті және кең тараған түрлеріне қарағанда террористік әрекет үшін, адамның және азаматтық әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни және тілдік артықшылығына қарай құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделері үшін жауапкершілікке тартудың құқықтық механизмдерінің болуын айта аламыз.

Экстремистік қылмыстарға қарсы іс-қимылдың маңыздылығы ШЫҰ-да ерекше белгіленген. 15.06.2001 жылғы Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес бойынша Шанхай конвенциясының 1-бабының 1-бөлігіне сәйкес: «Экстремизм деп – билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге пара-пар қоғамдық қауіпсіздікке күшпен озбырлық жасауға бағытталған, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы жасақтарды ұйымдастыру немесе оларға қатысу», – деген анықтама берілген [79].

Аталған халықаралық конвенциядағы анықтама экстремизмнің ғылыми негізделген қорытындыларын назарға алмай, тек қана оның саяси мақсаттағы мүддені көздей отырып, жасалатын қоғамға қауіпті халықаралық қылмыстың түрі ретінде көрсетуі, конвенцияға қосылған ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің заң шығарушыларын аталған құқықтық құжатты ратификациялауда тығырыққа тірейді. Себебі халықаралық шарттар мен конвенцияларда белгіленіп жалпымен танылған нормалар мен терминдер халықаралық құқықтық құжаттарға қол қойған кез келген мемлекеттің ұлттық заңнамасын соған сәйкестендіруге әкеледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы тұрақты мүшесі болып табылатын ТМД аясында экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимыл бойынша маңызды қадамдар жасалуда. Соның бірі ТМД-ға мүше мемлекеттердің басшыларының 11.10.2019 жылғы шешімімен бекітілген ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің «Терроризмге және экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күрестегі ынтымақтастығының 2020-2022 жылдарға арналған бағдарламасын» айтуға болады.

Бағдарламаның қабылдануы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің терроризмге және экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күрестегі болып жатқан өзгерістерге барабар ден қою қажеттігіне негізделген. Бағдарламада көзделген шаралар кешені 1999 жылы 4 маусымдағы ТМД-на қатысушы мемлекеттердің «Терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы» шарттың ережелеріне және 2005 жылғы 26 тамыздағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің «Терроризмге және экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күрестегі ынтымақтастығының тұжырымдамасына» негізделеді. Бағдарламаны әзірлеу кезінде халықаралық құқықтың жалпымен танылған қағидаттары мен нормалары, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелері және олардың ұлттық заңнамасы, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы және әлемдегі терроризмге және экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күрестегі ахуалдың жай-күйі, үрдістері мен даму серпіні ескерілді. Бағдарламаның мақсаты – терроризм және экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күресте ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің, ТМД органдарының ынтымақтастығын одан әрі жетілдіру болып табылады. Аталған бағдарлама арқылы ТМД-ға мүше мемлекеттер экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күрестегі ынтымақтастықты дамыту бағыттары бойынша ұсыныстар береді, мемлекеттер ынтымақтастығының нормативтік- құқықтық базасын дамытады, ұлттық заңнамаларын жетілдіреді, бірлескен профилактика-

тикалық, жедел-іздігі іс-шаралары мен арнайы операцияларды жүргізеді, ынтымақтастықты ақпараттық қамтамасыз етеді, кадрлар даярлайды, мамандардың біліктілігін арттыруда ынтымақтастықты жүзеге асырады [80].

Халықаралық деңгейде экстремизмге қарсы іс-қимылдың заңнамалық базасын қамтамасыз етуге өте үлкен назар аударатынын көруге болады. Бұл жолда ең алдымен ұлттық нормалардың ерекшелігіне байланысты қиындықтар болады, осыған байланысты аталмыш нормаларды жеке сәйкестендіру қажет. Елдердің басым көпшілігі бұны түсінетінін және бұл саладағы өздерінің заңнамаларын жақындатуға тырысуын айта кету қажет, бұл халықаралық деңгейде экстремизмге қарсы іс-қимылдың өзге түрлерімен үйлескенде осы жалпыға бірдей қауіп-қатерді төмендете алады.

Қазіргі таңда РФ-да экстремизмнің алдын алу мен оған қарсы іс-қимыл бойынша кең көлемде нормативтік актілер қабылдануда және олар жетілдірілуде. Оған жарқын мысал ретінде, РФ-ның Президентімен 28 қараша 2014 жылы бекітілген, РФ-ның 2025 жылға дейінгі экстремизмге қарсы күрес бойынша бағдарламасын айта аламыз [81].

Аталған бағдарламаның 21-бөлігіне сәйкес, РФ-ның ұлттық мүдделерінің қатарына, ұзақ мерзімді келешегіне РФ-ның егемендігін, территориясының біртұтастығын, конституциялық құрылысының мызғымастығын, демократия мен азаматтық қоғамның дамуын жатқыздыруға болады. Аталған мүдделерді қорғау мақсатында экстремистік және террористік қызметпен күрес саласында ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар кешенін қабылдау мен дайындау маңыздылығы заңға тәуелді нормативтік актіде бірнеше рет ерекше көңіл аударылады. Сонымен бірге, қазіргі әлемнің дамуы мен өзгеру үрдісіне сәйкес, 10-бөлігінде ұлтшылдықтың, ксенофобияның, сепаратизм мен зорлық сипатындағы экстремизмнің оның ішінде діни радикализмнің желеуін арқау етіп қоса алғандағы дамуы болжамдануда [82, с. 220].

Бұл жалпы ережелерді нақтылай отыра, экстремизмнің алдын алудағы субъектілері ретінде РФ-ның Бас прокуратурасын, РФ-ның Тергеу комитетін, РФ-ның Федералды қауіпсіздік

қызметін, РФ-ның ПМ, РФ субъектілерінің арнайы өкілеттіктерге ие болған атқарушы билік органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жатқыздырамыз. Экстремизмнің алдын алуда РФ-ның ПО-на ерекше орын берілген. РФ-ның ПМ-нің экстремизмге қарсы күрес пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі негізгі күші РФ-ның Президентімен бекітілген 14 қараша 2013 жылғы РФ-ның қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасында, сонымен бірге РФ-ның 2025 жылға дейінгі экстремизмге қарсы күрес бойынша бағдарламасында анықталған тапсырмаларды шешуге бағытталған [83].

Экстремизмге қарсы күресте РФ ПМ жүйесінде Қызмет құру туралы РФ Президентінің 6 қыркүйек 2008 жылы №1316 (05.09.2011 ред.) жарлығына сәйкес құрылған, РФ ПМ-нің экстремизмге қарсы күрес бойынша Бас басқармасы маңызды рөл атқарады [84, с. 2322].

2002 жылы «Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы» қабылданған федералды заңында «экстремистік әрекетке» әмбебаптық түсінік берілген және аса қатаң санкциялар қарастырылған. Алайда сот тәжірибесі көрсеткендей, экстремизмге қарсы заңнама ретке келтірілмегендігі соншалықты, тіптен құқық қорғау жүйесі онымен ешқандай мақсатта қолдануға мүмкіншілік бермейді. Осы күндегі заңнамада экстремизмнің көрінісі ретінде қоғамның қауіпті әртүрлі әрекеттерімен қатар ертеректе-ақ ауыр қылмыстар ретінде қарастырылған болатын. РФ Мемлекеттік Думасының аталған федералды заңнамаға енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бойынша бұл тізімді одан әрі кеңейтпек. Заңшығарушы «Экстремистік әрекеттерге қарсы іс-қимыл туралы» РФ Федералды заңында экстремистік әрекеттегі шектен шығу деп ҚК пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстердің әртүрлі баптарының диспозицияларын көрсетеді, ал кейбіреулері тіпті құқықтық емес, әлеуметтік-саяси сипатқа ие. Егер «шектен тыс» болатын болса, экстремизмге қоғамға қауіптілік дәрежесі жоғары қылмыстарды жатқыздырумыз керек, ондай болмаған жағдайда шектен шығушылық көріністер болып саналмайды. Басқаларының бәрі мінез-құлықтағы басқа ауытқулар ретінде қарастырылады [85].

Сонымен аталған заңда экстремизмге қарсы іс-қимылды құқықтық реттеу жүйесі туралы норма да жоқ. Экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдардың өкілеттіктері олар туралы нормативтік-құқықтық актілермен анықталады, алайда аталған нормалардың заңда көрсетілмеуіне байланысты экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы бақылау және басқа да функцияларды жүзеге асыру тәртібі аталған органдардың өздерінің ведомстволық бұйрықтарында, нұсқауларында жазылған.

Беларусь Республикасының Конституциясы мен 4 қаңтар 2007 жылы қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңы экстремизмге қарсы іс-қимылда құқықтық негізін құрайды [86, с. 16].

Беларусь Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық негізін Беларусь Республикасының Конституциясы, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Беларусь Республикасының Заңы, басқа да заңнамалық актілер, сондай-ақ Беларусь Республикасы қол қойған халықаралық шарттары құрайды. Беларусь Республикасындағы экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық негізі Өкілдер палатасы қабылдаған және 2006 жылғы желтоқсанда Республика Кеңесі мақұлдаған Беларусь Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы болып табылады. Кейіннен 2008, 2009, 2011, 2012 және 2016 жылдары заңға бірқатар елеулі өзгерістер енгізілді. 2019 жылғы наурызда бірінші оқылымда Беларусь Республикасы Ұлттық жиналысының Өкілдер палатасы осы Заңға нацизм идеологиясы мен оны насихаттауға қатысты кейбір терминдерді тұжырымдайтын тағы бір өзгерістер қабылдады. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабына сәйкес экстремизм көріністерінің бірі террористік іс-әрекетті жүзеге асыру болып табылатынына назар аудару қажет. Бұл ретте терроризм, террористік іс-әрекет және терроризмге қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік шаралар ұғымы 03.01.2002 жылғы №77 «Терроризмге қарсы күрес туралы» арнайы заңның реттеу нысаны болып табылады. Ақпараттық материалдарда экстремизм көрінісі белгілерінің болуы

(болмауы) анықтау үшін сараптаманы ақпараттық өнімде экстремизм белгілерінің болуы (болмауы) тұрғысынан бағалау жөнінде құрылған Республикалық (ақпарат министрлігінің жанынан құрылған) және облыстық (облыстық атқару комитеттері жанынан құрылған) комиссиялар жүзеге асырады. Республикалық комиссияның қызметі және оның дербес құрамы Беларусь Республикасы Министрлер Кеңесінің «Ақпараттық өнімде экстремизм белгілерінің болуы (болмауы) тұрғысынан бағалау жөніндегі сараптамалық комиссиялар туралы» 2014 жылы 21 тамыздағы №810 қаулысымен және осы қаулымен бекітілген Ережемен реттеледі. Облыстық комиссиялар Республикалық комиссия келісімі негізінде облыстық атқару комитеттерін құрады және олармен бекітілген ереженің негізінде жұмыс жасайды. Бұл ретте, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның нормаларында мұндай комиссиялардың бар екендігі жайлы айтылмаған және олардың ақпараттық материалдарды экстремистік деп танудың тиісті рәсімдеріндегі өкілеттіктерінің сипаттамасы жоқ екенін атап өткен жөн (Заңның 14-бабы). Өнім сот тәртібімен экстремистік деп танылғаннан кейін сот шешімінің көшірмесі бұқаралық ақпарат саласындағы мемлекеттік басқару органына оны экстремистік материалдардың республикалық тізіміне енгізу үшін жіберіледі. Бұл тізім ғаламтор желісінде бұқаралық ақпарат саласындағы республикалық мемлекеттік басқару органының сайтында орналастырылуға, сондай-ақ Беларусь Республикасының Министрлер Кеңесінде көзделген тәртіппен БАҚ-та жариялануға тиіс. Сонымен қатар Беларусь Республикасының ҚК-не енгізілген соңғы өзгерістердің бірі 2016 жылғы сәуірде экстремистік құрылымды құрғаны (ҚК 361.1-бабы) және осындай құрылымның қызметін қаржыландырғаны (ҚК 361.2-бабы) үшін қылмыстық жауапкершіліктің енгізілуі болды [87].

Заңнамада экстремистік ұйымның қызметін тоқтата тұру бойынша прокуратура органдарының өкілеттіктері мен осындай шешімдерді орындау бойынша өзге де мемлекеттік органдардың міндеттері қарастырылмаған. Ұйымды экстремистік деп тану туралы сот шешімін орындау процедурасы, осындай ұйымның мүлкін тәркілеу, ақпараттық материалдарды экстремистік деп тануда реттелмеген. Заңнамалық

тұрғыда экстремизмге қарсы іс-қимыл субъектілерінің өкілеттіктері анықталмаған. Экстремизмге қарсы іс-қимыл заңнамасында экстремизмге қарсы іс-қимыл субъектілерін мемлекеттік органдарының шеңберін кеңейту қажет. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңында өзінің қоғамдық қауіптілігі дәрежесі бойынша мүлдем біртекті емес әрекеттердің болуы орынды емес. Заң шығарушылар терроризмге апаратын зорлық-зомбылық экстремизмі мен оның радикалдану көріністеріне тыйым салуға, кемсітушілікке арандатуға және араздық пен өшпенділікті насихаттауға назар аударуы керек, ал терроризм мен террористік іс-әрекет болып табылатын әрекеттерді терроризмге қарсы арнайы заңнаманы реттеу саласына жатқызуы қажет.

Қырғыз Республикасы Қорғаныс Кеңесінің 2012 жылғы 1 маусымдағы шешіміне сәйкес қатерлердің алдын алу, жолын кесу және бейтараптандыру және Қырғыз Республикасының ұлттық қауіпсіздігін тиісті деңгейде қамтамасыз ету, сондай-ақ осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту және дамыту мақсатында Қырғыз Республикасының Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамада халықаралық факторлардың ашықтығы, объективті және кешенді талдауы, Қырғыз Республикасының ұлттық мүдделеріне сыртқы және ішкі қатерлер қағидаттарына негізделген қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер көрсетілген. Оның ережелерінің негізін жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау құрайды. Бұл тұжырымдама ұлттық қауіпсіздікті кешенді түсінуден тұрады. Онда Қырғыз Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін негізгі сыртқы (және ішкі) қатерлер айқындалған, оған халықаралық терроризм мен діни экстремизм ауқымын кеңейту 2-бөлігімен кіреді. Қырғыз Республикасы Үкіметінің экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2017-2022 жылдарға арналған бағдарламасы Қырғыз Республикасы Президентінің 2012 жылғы 9 маусымдағы №120 Жарлығымен бекітілген Қырғыз Республикасының Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасын іске асырудың

тұжырымдамалық негізі болып табылады. Бағдарламаның басымдықтарының бірі экстремистік және террористік топтардың, ұйымдар мен қозғалыстардың арбау әлеуетін шектеуге мүмкіндік беретін тиімді шараларды әзірлеу болып табылады. Радикалданудың себептері мен салдарын зерделеу радикалды көңіл-күйдің өсуіне ықпал ететін базалық жағдайларды талдаумен қатар экстремизмге қарсы іс-қимыл және терроризмнің алдын алу бойынша шараларды тұжырымдауға мүмкіндік береді. Бағдарлама экстремизм мен терроризм қатерлеріне тиімді қарсы іс-қимылды, адам құқықтары мен бостандықтарын, заң үстемдігін және Қырғыз Республикасының басқа да конституциялық қағидаттарын мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз ететін шаралар кешенін көздейді. Осы бағдарламаның мақсаты экстремизмге қарсы іс-қимыл және терроризмнің алдын алу саласында қалыптасқан жағдайды өзгерту болып табылады [88].

Экстремизмге қарсы іс-қимылда Қырғыз Республикасының 17 тамыз 2005 жылы қабылдаған №150 «Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы» заңы маңызды қадам болды [89].

Экстремизмге қарсы іс-қимыл тек экстремистік әрекеттің алғашқы сатысында қолданған жағдайда аса тиімдірек болады. Осыған байланысты аталған заңның арқасында прокуратураның өкілеттігі ескерту сынды прокурорлық қадағалау құқықтық құралымен кеңейтілген. Заң ережелеріне сәйкес экстремистік әрекеттің орындалуына жол бермеушілік жайлы ескертуді жариялау, тек дайындалып жатқан экстремизм белгісі бар құқыққа қайшы әрекет туралы қандай да бір жеткілікті және анықталған мәліметтер негіз бола алады [90].

«Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы» заңымен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін қорғау, Қырғыз Республикасының тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылдың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері айқындалады, оларды жүзеге асыру үшін жауапкершілік белгіленеді. Экстремистік, оның ішінде дінді жамылып қарсы іс-қимыл жасау

мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: экстремистік әрекеттің алдын алуға, оның ішінде экстремистік әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған профилактикалық шаралар қабылдау; қоғамдық бірлестіктердің немесе діни ұйымдардың, өзге де ұйымдардың, жеке тұлғалардың экстремистік әрекетін анықтау, алдын алу және жолын кесу; халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде халықаралық терроризмге қарсы күрес жүргізу, өз қызметінің түрі бойынша Мемлекеттік құпияларды құрайтын және Қырғыз Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де орналасқан Қырғыз Республикасы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелері мен азаматтарының терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету; саяси, экономикалық, ұлтшылдық немесе діни мақсаттарды көздейтін террористік ұйымдардың қызметі туралы ақпарат жинау. Экстремистік және террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін Қырғыз Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қылмыстық, әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауаптылықта болады [88].

Заң «экстремизм» терминіне нақты толыққанды анықтама бере алмайды. Заң «экстремизм» терминін «нәсілдің негізінде зорлық пен өшпенділікке итермелеу» түсінігімен олардың арасындағы айырмашылықтарды көрсетпей біріктіреді. Заң экстремизм терминіне анықтаманы бермей, оны тек өздерінде анықтамасы екіұшты мағына беретін немесе олар өз алдына бөлек қылмыс ретінде саналып, анықтамасы болуы керек барлық әрекеттердің түрлерін қамтитын жинақтаушы термин ретінде қолданады.

Францияда экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы арнайы заңнама жоқ, алайда кез келген қылмысты жасаған кезде экстремизм белгілерінің болуы ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылады және қылмыскерге қатысты қатаң санкцияларды қолдануды көздейді. Сонымен бірге экстремистік сипаттағы әрекеттерге өшпенділікті қоздыру мен насихаттау, экстремистік ұйымдарды құру, экстремистік ұйымдарға басшылық ету, терроризм

актілеріне дайындық пен арандату, экстремистік әрекетті қаржыландыруға белсенді және селқос қатыстылық, экстремизм мақсатына қажетті ресурстарды тарту бойынша келісім жасау жатады [91, с. 23].

Сонымен қатар, Францияның ҚК 431-6-бабы жұрт алдында сөз сөйлеу, үндеухаттарды жабыстыру немесе тарату, мәтінді, сөз сөйлеуді немесе суреттерді кез келген тәсілмен таратумен көрініс тапқан, қарулы жиынды тура арандату үшін жазалауды қарастырады. Егер тұлға қандай да болмасын тұлғаның немесе тұлғалар тобының шығу тегіне немесе нақты этникалық топқа, нәсілге, руға немесе дінге жатуына немесе жатпауына қатысты масқаралау мақсатында мәліметтерді баспаға жариялауды жүзеге асырған жағдайда, орындаушылар немесе осы қылмысқа қатысы бар өзге тұлғалар жауапкершілікке тартылады (ҚК 624-3-бап). Сондай-ақ нәсілшілдік немесе кемсітушілік сипатқа ие қорлау жасағандар да жазаланады (ҚК 624-4-бап). Сонымен қатар ҚК К 624-3 және К 624-4-баптарда көрсетілген құқық бұзған субъектіге жеке тұлға да, заңды тұлға да жатуы мүмкін. Францияның ҚК 625-7-бабына қосымша ретінде тұлғаның шығу тегіне немесе этникалық топқа, руға немесе дінге жатуына немесе жатпауына қатысты кемсітушілік, өшпенділікке арандатушылық үшін жауапкершілік қарастырады. Сонымен қатар, кемсітушілік, өшпенділік немесе зорлыққа арандатушылық жалпылама ереже бойынша нәсілшілдік немесе кемсітушілік сипатқа ие, масқаралау мақсатында мәліметтерді баспаға жариялау және қорлауға карағанда, едәуір қоғамдық қауіпті әрекет болып саналады. Ол толық расталған болып саналады, өйткені экстремистік сипатқа ие едәуір қоғамдық қауіпті әрекеттердің дер кезінде алдын алуға және жоюға мүмкіндік береді.

Осылайша, 1992 жылғы Франция ҚК экстремизмнің әртүрлі әрекеттеріне жауапкершіліктің ерекшелігіне келесілер жатады: а) экстремизмнің едәуір шекті және қауіпті түрі үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеу; б) заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі; в) экстремистік құқық бұзушылық үшін бостандығын айырудан басқа өзге қосымша жазалау шараларын қолдану [92, с. 190].

Франциядағы бірқатар сарапшылар экстремистік бағыттағы әрекеттерді 2 үлкен топқа бөліп көрсетеді:

– әртүрлі шеткі қозғалыстармен ұсынылған саяси радикализм. Шеткі солшыл спектрде «Жаңа капитализмге қарсы партия», «Жұмысшы күресі», «Тәуелсіз жұмысшы партиясы», анархистер қозғалысы. Шеткі оңшыл – «Француздық жаңару» мен «Ұлттық майдан» (UCLAT Unitede coodition de la lutte contre Antiterroriste қызметі). Ұлттық полицияның ішінде арнайыландырып құрылған бөлім осындай ұқсас ұйымдардың қызметінде құқық бұзушылық немесе террорлық көріністерге қатысына талдау жасайды;

– деструктивті бағыттағы секталармен ұстанатын діни экстремизм, сонымен қатар фундаментализм (әсіресе исламдық бағыттағы) өзінің мақсаты етіп қоғамда діни құрылымға қайтаруды көздейтін (ондай ұйымдар арасында «Француздық қарулы майдан», «Франция ислам ұйымдарының кеңесі», «Ислам мемлекеті») [93].

Соңғы жылдары француз үкіметі экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылда және экстремистік идеяларды таратуға мәселен, ұлттық әлеуметтік, сонымен қатар әртүрлі исламдық идеяларды ғаламтор желісінде бағытталған заңдарды дайындап және қабылдау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді. Сонымен қатар Франция үкіметі экстремизм үшін оның ішінде ғаламтор желісінде де қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғалар үшін түрмелерде арнайы аумақтарды құру туралы заң жобасын дайындау үстінде [94].

Француз үкіметі экстремизмді насихаттайтын сайттарды қатаң бақылауда ұстауды қолға алмақ. 2015 жылдың қараша айынан бастап Франция үкіметімен экстремистік ғаламтор ресурстарын сотқа дейін жабуға мүмкіндік беретін заң қабылданды. Провайдерлер сайттардан тыйым салынған ақпаратты алдырып тастауды сот шешімінсіз сұрай алатын болады. Егерде тәулік ішінде бұлай болмаған жағдайда провайдер аталған ресурсты жауып тастауға құқы бар [95, с. 211].

Германияда Франциядағыдай экстремизмге қарсы іс-қимыл сұрақтарына мәнді назар аударылады. Алайда, А.Э. Жалинский атап өткендей, 1871 жылғы ГФР ҚК [96, с.

208] «... экстремизмнің жалпы түсінігі туралы айтылмаған, алайда осы анықтамаға теориялық тұрғыдан сәйкес келетін әрекеттерді жасауға тыйым салады» [97, с. 521]. Атап айтқанда, оларға келесілер жатады: ГФР ҚК §84 (Конституцияға қайшы келеді деп саналған партияның қызметін жалғастыру), §86 (Конституциялық емес болып саналатын ұйымдардың насихаттау материалдарын тарату), §86 а (Конституциялық емес ұйымдардың белгілерін пайдалану) және өзгелері.

Осылайша Германияның ҚК §84 1-бөлігіне сәйкес Федералдық Конституциялық Сотымен тыйым салған партиялардың ұйымдастырушылық қызметтерін жүргізген тұлға жауапкершілікке тартылады. Егер тұлға аталған партияның қызметіне қатысса, онда ол жазаланады (ҚК §84 2-бөлігі). Сонымен қатар Германияның ҚК §84 5-бөлігінде егер кінәлі өз еркімен және табандылықпен осы партияның қызмет жасауын тоқтатуға тырысса, соттың жазалуды жеңілдетуге немесе жазаны тіпті алып тастауға рұқсат беретін жеңілдету нормалары бар. ГФР ҚК §86 параграфы Германия аймағына конституциялық емес ұйымдардың үгіттеу материалдарын тарату немесе кіргізу мақсатында тарату, жүзеге асыру үшін жауапкершілік белгілейді. Сонымен қатар жазалау сондай-ақ конституциялық емес ұйымдардың үздік белгілерін қолданғандар үшін қарастырылған (ГФР ҚК §86 а 1-бөлігі). Егер үгіттеу материалдары конституцияға, өнерге, ғылымға, тарихқа немесе өзге ұқсас мақсаттарға қарсы келмейтін ағымдарды қорғауға қызмет еткен жағдайда, онда жауапкершілікке тартылмайды (ГФР ҚК § 86 3-бөлігі, § 86 а 3-бөлігі).

Зерттеушілердің пікірінше, дінге сенушілерде діни өшпенділікті қозғау мен діни нанымдарына тіл тигізуге тыйым салатын заңдарды қолданудың тәжірибесі (кейбір елдерде бұндай әрекеттер «hatespeech» – «өшпенділік сөздер» деп аталады), Франция, Германия және де өзге де елдерде бірдей, олар адам намысын қорғау қажеттілігіне бейімделген, белсенді түрде қылмыстық және азаматтық жауаптылықты көздей отырып қолданылады [98, с. 70]. ГФР саяси экстремизмге қарсы іс-қимылда ескерту және жазалау шараларының

үйлесімі қолданылады. Германия арнайы қызметтерінің «ықтимал қылмыскерлерді іздестіру және қарастыру» әдісі қызықты болып табылады, оның болмысы нақтыланбаған тұлғалар шеңбері жайлы дербес ақпараттардың барлығы болуы мүмкін, кейіннен осы мақсат үшін құрастырылған компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып, автоматтандырылған талдаудың ақпараттық банкі мен мәліметтер базасы арқылы алуға болады [99, с. 85].

Алайда Германия ҚҚО-на ғаламтордағы радикалды исламды насихаттауды қоса алғандағы ұлтаралық өшпенділікті ГФР ҚК § 86 а тұжырымы осындай әрекеттерге қарсы тұра алатындай жеткілікті болғанымен әзірше тиімді және уақытылы анықтау мен жолын кесу болмай жатыр [95, с. 211].

Экстремизмге қарсы іс-қимылдағы шетелдік тәжірибені қарастыру барысында, Германияда өткен ғасырдың 80-ші жылдарында Конституциясында экстремистік ұйымдардың кез келген қызметіне тыйым салатын арнайы түзетулер енгізілген болатын. ГФР негізгі заңында діни сенімі, діни және саяси көзқарасы бойынша ешкімге зиян мен артықшылық бермеу керек; діни сенім бойынша бостандық, діни наным бойынша бостандық пен араздануға, дүниетанымға қол сұғылмайды; мемлекет діни рәсімдерді жасауға кедергі келтірмейді; халықтар арасында өзара түсіністік идеясына қарама-қайшы немесе мақсаттары мен қызметтері конституциялық құрылыс пен қылмыстық заңға қайшы келетін бірлестіктерге тыйым салынады [100, с. 79].

Ұлыбританияның заңнамасында 80 мыңнан астам нақты бір қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін нормалар бар, дегенмен онда экстремистік әрекет үшін жаза көздейтін арнайы нормалар жоқ және экстремизм терминін қолданбайды. Экстремистік сипаттағы әрекет ретінде бағаланатын құқық бұзушылықтардың кез келген түрі қудаланады. Аталған қылмыстар екі топты құрайды: «ішкі экстремизм» (Domestic Extremism) және «зорлық экстремизмі» (Violent Extremism) өшпенділік негізіндегі қылмыстарды қарастыратын (Hate Crime). Ұлыбританияның қылмыстық заңнамасында бұл қылмыс түрлері ерекше санатты құрайды, бұл резо-

нанстық сипаты мен қоғамның назарында болуымен байланысты. Бұлар Корольдік прокурорлық қызметінің терроризмге қарсы іс-қимылдағы бөлімінің мамандарымен қарастырылады. Сонымен қатар зорлықтық экстремизм бойынша айыпталушы бас прокурордың іспен таныспай тұрып жауаптылыққа тартылмайтындығы. Зорлықтық экстремизм тобындағы (ғаламтор желісіндегі) қылмыстар егер де олар көпшілікке әсер еткенде және жариялы түрде болғанда танылады. 2007 жылы терактіден кейін Ұлыбритания үкіметі экстремизмнің таралуын алдын алу оның ішінде радикалды исламизм мақсатында «зорлық экстремизмнің алдын алу» (Preventing Violent Extremism) бағдарламасын жариялады. 2010 жылдан бастап Ұлыбритания үкіметі назарын экстремистердің ғаламтордағы белсенді жұмысына қарсы іс-қимылға аудартты. Ғаламтордағы экстремистік әрекеттердің дефинициясы өз алдына бөлек тармақ ретінде қарастырылған [101].

Ауыр қылмыстар санатына ғаламторды қолдана отырып жасалған әрекеттер (Offences of encouragement and dissemination using the internet) жатады, санкциясы өмір бойына дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Заңды тұлғалар сотпен анықталған айыппұлмен жазаланады. Экстремизмнің заңнамалық анықтамасының жоқтығы британ прокуратурасының, полициясының және сотының құқық қолданушылық тәжірибесімен толтырылған [102].

Жоғарыда аталған үкіметтің өшпенділік негізінде орын алатын қылмыстарға қарсы іс-қимылдағы (кең ауқымдағы ведомстволардың қатысуымен) дайындалған бағдарламасы жергілікті мекемелермен және қоғамдық ұйымдармен оқиғалардың ушығуын төмендету, қылмыстар бойынша есептердің сапасын жоғарылату мақсатындағы жұмыстар бойынша ұсыныстарды, осындай әрекеттерге жедел түрде әрекет ету мақсатында қылмыстық әділ сот жүйесі органдары жұмысының тиімділігін арттыруды қамтиды [95, с. 211].

Ұлыбританияда экстремистік құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тарту көптеген нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген [103, с. 47]. Бұған қоса актілердің

жартысы Біріккен Корольдікке, ал екінші бөлігі – тек оның жеке аймақтарына қатысты болды [104, р. 51].

Олай болса, Ұлыбританияның заңнамасы бойынша экстремизмнің әртүрлі түрлеріне жауапкершіліктің ерекшелігіне келесілер жатады:

- көптеген экстремистік құқық бұзушылық үшін қатан жазаның болуы;

- жаза түрін анықтамай тұрып, айыппұл орнату.

АҚШ-ның басшылығы экстремизмге қарсы іс-қимылды жалпы мемлекеттік тапсырмалардың бірі ретінде қарастырады. Қызметтің аталған саладағы басты бағыттары болып нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, тиісті федералды органдармен өзара ықпалдастықты күшейту, арнайы қызметтерді қалыптастыру, экстремизм мәселесімен айналысатын федералды құрылымдардағы қызметкерлердің санын көбейту, олардың техникалық қамтамасыз етуін жақсарту. Бұл саладағы басты жауаптылық Ішкі қауіпсіздік министрлігіне жүктелді. АҚШ Ішкі қауіпсіздік министрлігі шеңбері аясында Ішкі қауіпсіздік кеңесі бар. Бұл жаңа құрылым мемлекеттің Ішкі қауіпсіздігінің стратегиясын құруға арналған. Егерде Ұлттық қауіпсіздік кеңесі халықаралық терроризмге қарсы іс-қимылға бағытталған болса, Ішкі қауіпсіздік кеңесі мемлекеттің ішкі қауіпсіздік саясатын қалыптастыратын және соны жүзеге асыратын атқарушы органдар билігі күштерінің үйлестіруші тетігі болып келеді. Бұл ұйымның құрамында жауапты тұлға бар – ол Президенттің Ішкі қауіпсіздік бойынша көмекшісі. Екі кеңесте бір-бірімен өзара тығыз байланыста. Тұрақты түрде АҚШ Президент әкімшілігімен экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша саясатының мәселелерінде екі кеңесте өзара тығыз қарым-қатынаста болады. АҚШ жастар экстремизміне қарсы іс-қимыл мақсатында экстремистік бағыттағы жастар топтарының нәсілдік, этникалық және өшпенділік негізінде жасалатын қылмыстарының алдын алуы бойынша Ұлттық орталығы құрылды. Аталған орталық қызметінің негізгі бағыттары болып:

– нәсілдік этникалық өшпенділік негізінде жасалған қылмыстар мен осындай қылмыстарды жасайтын қылмыскерлер жайлы ақпараттарды жинау;

– нәсілдік этникалық өшпенділік негізінде жасалатын қылмыстарға қарсы іс-қимыл жайлы ақпараттардың арқасында мақалалар мен брошюралар дайындау [105].

АҚШ-да экстремизм түсінігінің жалпы құқықтық түсінігі жоқ. Ғылыми жұмыстарда, БАҚ-да экстремист деп террористерді де, әртүрлі саяси, нәсілдік, ұлттық және діни топтарға, сондай-ақ дәстүрлі емес сексуалды жыныстық көзқарастар топтарына қатысты өшпенділік негізінде зорлықты насихаттайтын барлық тұлғаларды айтады [106, с. 101]. Дегенмен, «дұшпандық сөз айтуға» қарсы арнайы заң АҚШ-да жоқ екендігін мойындау керек [107, с. 76]. Америкалық құқықтануда идеяны, көзқарасты және ойларын ауызша көрсетуді (яғни, егер құқық бұзушылық жасауға шақыру жоқ болса) мемлекет минималды түрде шектеу қажет деп санайды [108, с. 40]. Сонымен қатар жеке экстремистік әрекеттер үшін АҚШ-да жауапкершілік бекітілген. Осылайша, АҚШ Заңдар жиынтығының §2383 сәйкес [109], АҚШ мемлекет үкіметінің органдарына немесе олар қабылдаған шешімдерге қарсы көтерілістер немесе бүліктер жасаса, ұйымдастырса, көмектессе немесе қалайда болсын қатысса немесе қылмыскерге көмек көрсетсе жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Осылайша, АҚШ заңнамасы бойынша экстремизмнің әртүрлі әрекеттеріне негізгі жауапкершіліктің ерекшелігіне келесілер жатады:

– «дұшпандық сөз айтуға» (hate speech) қарсы арнайы заңның жоқтығы;

– төтенше бөлшектеп, сорақылықпен бейнелеумен экстремистік құқық бұзушылықтың көп болуы;

– заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту мүмкіндігі;

– жазалаудың балама түрі ретінде ақшалай айыппұлды қолдану.

Қытайда дәл экстремизмді анықтайтын жеке нормативтік акт бар. Қытайлық құқық қолданушылардың пікірі

бойынша, бұл мақсаттарға ҚХР-ның ҚК, ҚХР Қоғамдық бірлестіктерді тіркеу туралы ережесінің (1998 жылғы 25 қазандағы №250) нормалары қолданылуы мүмкін. Әдетте, қоғамдық бірлестіктің қызметі соттың, ал Қытайда – Конституция және заңнама бұзылған жағдайда немесе қоғамдық бірлестіктер жарғыны бірнеше рет бұзған жағдайда өкілетті органның (Прокуратура, Ішкі істер, Әділет органдарының) ұсыныстарының немесе азаматтардың өтініштерінің негізінде тіркеуші-басқарушы органның шешімі бойынша нақты уақыт мерзіміне тоқтатылуы немесе толық тоқтатылуы мүмкін.

Осылайша, ҚХР ҚК 103-бабының 1-бөлігі бүлікшілер немесе ауыр қылмыс жасағандар мемлекетті бөлуге, мемлекеттік бірлікті бұзуға бағытталған әрекеттерді ұйымдастыру, жоспарлау және сондай әрекеттерді жасау үшін жауапкершілікті бекітеді. Сонымен қатар жоғарыда айтылған қылмыстарға белсенді қатысушылар да жазаланады. ҚХР қарулы көтеріліс және Қытайдың мемлекеттік үкіметін және социалистік құрылысын бұзу үшін де жазалау бекітілген (ҚХР ҚК 104-бап 1-бөлік және 105-бап 1-бөлік). ҚХР ҚК 114-бабы қоғамдық қауіпсіздікке шығын әкелген, бірақ күрделі салдарға әкелмеген мемлекеттік немесе жеке мүлікті бұзуға бағытталған, өртеу, су басу, ату, уландырғыш заттарды қолдану немесе өзге де қауіпті әрекеттер жасау үшін жауапкершілік қарастырылған. Егер аталған әрекеттерден адамдар зардап шексе, ауыр зақымданса, өлім болса, мемлекеттік немесе жеке меншікке күрделі зақым келсе онда бұл қылмыстың бүлікшілеріне және ұйымдастырушыларына қатаң жаза қолданылады. Қытайда ауырлататын мән-жайлар кезінде ұлттық өшпенділік және ұлттық кемсітушілікті үгіттеу үшін (ҚХР ҚК 249-бабы), баспаларға кемсітушілік материалдарын жариялау үшін (ҚХР ҚК 250-бабы) де жауапкершілік қарастырылған. Сонымен қатар өзге әлеуметтік белгілері бойынша (нәсілдік, діни, тілдік құрамына және т.б.) өшпенділікті немесе кемсідуді үгіттеу ҚХР ҚК бойынша жазаланбайды [110, с. 115].

Егер халықты мемлекеттік заңдардың және әкімшілік нормативтік құқықтық актілердің орындалуына қарсы

наразылықтарға шақырса, онда орындаушылар және осы қылмысқа өзге де қатысушылар жауапкершілікке тартылады (ҚХР ҚК 278-бабы) [110, с. 116].

1997 жылғы ҚХР ҚК экстремизмнің әртүрлі әрекеттеріне негізгі жауапкершіліктің ерекшелігіне келесілер жатады:

- құқықтық нормалардың идеологиялық бағытының болуы;
- ұлттықтан басқа, өзге әлеуметтік белгілері бойынша өшпенділікті және кемсітушілікті үгіттеу үшін жазалаудың жоқтығы;

- құқық бұзушылықтың жеке құрамы ретінде жекелеген экстремистік әрекеттерге азғырушылықты бөліп шығару;

- экстремистік құқық бұзушылық үшін бас бостандығынан айырудан басқа, қосымша жазалауды қолдану.

ИИР құқығын мұсылмандардың басты қасиетті кітабы – Құранға қарамай түсіну мүмкін емес. Құранның мәтіні 114 сүреге (тарауға) бөлінген, олардың әрқайсысының атауы бар және аяттардан (өлендерден) тұрады. Құранның бұйрығы реттеуші сипатқа ие және әрбір мұсылманның туғаннан бастап қайтыс болғанға дейінгі іс-әрекетінің құқықтық жүйесін құрайды. Ол Ислам елдеріндегі қызмет ететін құқықтық нормаларды қамтиды [111, с. 237]. Экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселесінде 1991 жылғы исламдық қылмыстық жазалаулар туралы Иран заңының ережелері тыс қалған жоқ. Иран заңының 186-бабына сәйкес халықты қорқыту мақсатында қолына қару алып, қоғамдық қауіпсіздікті бұзып, ислам билігіне қарсы шығатын және өзінің орталықтанған басшылығы бар, ұйымдасқан топтың (қоғамдастықтың) құрамында қатысқан тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылады, сонымен қатар осындай әрекеттерге кез келген көмекті көрсететін бірақ қарулы қақтығыстарға тікелей қатыспайтын, сонымен бірге топтық (қоғамдастықтың) орналасқан жерін білетін және оның мақсаттарын орындауға ат салысатындарға қолданылады. Сонымен бірге билікті құлату жоспарын орындау мақсатында қару мен жарылғыш заттарды дайындайтын және осындай жоспарды орындауға қаржылай, қарудай және т.б. көмек көрсететіндер жауаптылыққа тартылады (Иран заңының 187-бабы). Сонымен қатар Иран заңының 183-бабының 1 және

2-бөліктеріне сәйкес көтермелеу нормалары қарастырылған, соларға сәйкес жоғарыда аталған қылмыстарды қарулы қол сұғу деп есептелмейді, егер кінәлі тұлға халықты немесе билікті қорқыту немесе өзінің жеке өшпенділігі не көпшіліктік сипаттағы зиян келтіру мақсатына жетпесе қолданылады [112, с. 343].

ИИР заңнамасында мемлекеттік құрылысқа қарсы кез келген түрде жүзеге асырылатын үгіттеу қызметі үшін де (Иран заңының 500-бабы), қоғамдық моральға және адамгершілікке зиян келтіретін, кез келген суреттерді, баспа өнімдерін, жарнаманы, фото- және кинотаспаны дайындау, сақтау немесе тарату және сату үшін ашық жариялауға жауапкершілік белгіленген (Иран заңының 640-бабының 1-бөлігі). Иран заңының 640-бабының мазмұны, осы нормаға ескертуде айтылғандай, егер исламдық діни заңдардың қағидаттары сақталса, дайындалатын, салып алынатын, сатылатын және ғылыми және өзге қоғамдық қажеттіліктерге пайдаланылатын заттарға жүрмейді. Бұл жағдайда аталмыш бап германиялық қылмыстық заңға ұқсас, ол тыйым салынған материалдардың, белгілердің, қоғамдық пайдалы мақсаттарға қолданылу мүмкіндігін қарастырады. Сонымен қатар, өшпенділікті өршіту немесе жынысы, нәсілі, ұлты және дінге деген көзқарасы бойынша алауыздыққа, өзге әлеуметтік топқа жатқандығы үшін жауапкершілікті белгілейтін жеке норманы заң шығарушы қарастырмаған.

Айтылғандарды ескере отырып, ИИР исламдық заңнамасы бойынша экстремизмнің әртүрлі әрекеттеріне негізгі жауапкершіліктің ерекшелігіне келесілер жатады:

- кейбір экстремистік әрекеттерді бағалауда шамадан тыс қаталдық және ымырашылдық;

- қоғамдық моральға және адамгершілікке зиян келтіретін материалдарды қоғамдық пайдалы мақсаттарға қолдану;

- өшпенділікті өршіту немесе жынысы, нәсілі, ұлты, дінге деген көзқарасы бойынша алауыздыққа, өзге әлеуметтік топқа жатқандығы үшін жауапкершіліктің жоқтығы.

Берілген тарау бөлігін қорытындылай келе, келесідей тұжырымдарға келдік:

1. Қазақстан Республикасы экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыс тәжірибесін үнемі жетілдіру үстінде екеніне көз жеткіздік. Оған дәлел ретінде экстремизмге қарсы іс-қимыл бағытында құрылған халықаралық ұйымдарда мүшелікте болу және олардың жұмыстарында белсенділік таныту, экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында ұлттық заңнамаларды қабылдау, оларды заман талабына сай етіп жетілдіру жұмыстарын айтуға болады.

2. «Экстремизм» терминінің түсініктік мәселесінде халықаралық деңгейде ұйымдар тарапынан да, мемлекеттер тарапынан да біркелкі түсініктің жоқтығы, оған тиісті құқықтық тұрғыдан баға беру мен жазалау шараларының әркелкілігі аталған салада әлі күнге дейін талдап зерттеуді қажет ететіндігін көрсетіп отыр.

3. Батыс Еуропа мен АҚШ экстремизм ұғымы мен жіктелуі қатаң нормативтік шеңберге ие емес, сондықтан кейде мұндай құқықтық Тұжырымдаманың болмауы туралы қате түсінік қалыптасады. Аталған елдердегі экстремизм әрқашан қылмыс ретінде қарастырыла бермейді. Алайда зорлық-зомбылық экстремистік көріністері әрқашан қылмыс санатына жатады.

4. Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқықтық жүйесінде экстремизммен бағыттағы қылмыстардың тобында экстремизм көріністерінде ұқсастықтары бар ТМД-на мүше мемлекеттердің заң шығарушыларының жұмыстарын қолдану қажет. Оған себеп:

Біріншіден, ТМД-на мүше мемлекеттер деңгейінде экстремизм ұжымдық және ұлттық қауіпсіздік үшін қауіпті деп танылды;

Екіншіден, тұжырымдамалық аппарат өте егжей-тегжейлі әзірленді, атап айтқанда, экстремизм, экстремистік қызмет, экстремистік ұйым, экстремистік материалдар бар екендігі туралы анықтамалар бар, ал жекелеген қатысушы мемлекеттердің заңнамасында экстремизмнің түрлері ерекшеленеді және өзіндік тұжырымдамалық аппараты бар;

Үшіншіден, ТМД шеңберінде экстремистік бағыттағы қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу мәселелері бойынша ҚҚО-ның өзара іс-қимылының бірыңғай тетігі әзірленді.

5. ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің экстремизмге қарсы іс-қимыл заңнамаларындағы «экстремизм» терминін біздің аталған монографиялық жұмысымыздың 1.1 бөлігінде ұсыныс ретінде берілген анықтамамен өзгертсек, аталған елдердің анықтамаларындағы айырмашылықтарды біртараптан-дыруына септігін тигізеді. ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларындағы экстремизмге қатысты берілген ресми анықтамаларын унификациялау «экстремизм» түсінігіне дұрыс баға беруде мүмкіндік береді. Себебі экстремизмге қарсы іс-қимылдың материалдық-қаржылық, оргшаттық, насихаттық, ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-басқарушылық, ақпараттық-аналитикалық, нормативтік-құқықтық аспектілерінің негізгі бағыттаушы анықтаушысы болып оның нақты унифициаланған дефинитивтік анықтама-сын айтуға болады.

2 Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудің қылмыстық-процестік және криминалистикалық аспектілері

2.1 Экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы

Қылмысты ашудағы тергеп-тексеру әдістемесінің рөлін, біздің көзқарасымыз бойынша екі аспектіде қарастыру қажет: қылмыстық-процестік және криминалистикалық.

Тергеу әдістемесі өз бастауын ұзақ уақыт аралығында жүргізілген ғылыми зерттеудің нәтижесінде құрылған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасынан алынған ақпараттарды саралау мен жалпылай қарастырудан және әртүрлі санаттағы қылмыстарды тергеудің тәжірибелік қызметіндегі мәліметтерді қолдану кезінен алатындығы баршаға мәлім [113].

Криминалистиканың өзекті мәселелерінің біріне қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы жатады. Криминалистикалық сипаттаманың түсінігін, негізгі элементтерін және басқа да қылмыстар сипаттамаларынан айырмашылығын, сондай-ақ тергеп-тексеру әдістемесін дайындаудағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының маңызын біліп алу қажет. Мәселен И.Ф. Герасимовтың криминалистикалық сипаттама аталған қылмыс түрін ашу мақсатында маңызды ұйымдастырушылық және тактикалық маңыздылыққа ие нақты бір қылмыстың түрі жайлы айтқан белгілерін нақтылай кеткен Р.С. Белкин пікірі бойынша, қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы әрқашан келесідей сипаттамаларды: қылмысты жасау тәсілі мен оны жасыру туралы мәліметтер, қылмыскер мен жәбірленуші туралы ақпараттарды, қылмысты жасаудың себебін, уақыты, орны мен жасаған кездегі жағдайларды қамтып жүру керек екендігін бегілейді [114, с. 96; 115, с. 181]. Криминалистикалық сипаттама оның пайымдауынша – абстрактілі түсінік, тәжірибе тұрғысынан ерекше бір құндылыққа ие емес.

Біршама өзге пайымдауды М.В. Субботин ұстанады, оның түсінігінше қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы күнделікті нәрселер жайлы жалпылай ілім болып келетінін, сондықтан тергеушімен қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы қылмыстарды тергеудің жолын анықтау мақсатында қолданылуы тиіс [116, с. 18].

Отандық зерттеуші Б.З. Байсаринның пікірінше, қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы дегеніміз – болуы мүмкін оқиға моделі және тергеулік болжамдардың негізі. Криминалистикалық сипаттама белгілі бір оқиғаның ықтимал моделін құрастыруға мүмкіндік береді. Криминалистикалық сипаттаманың тәжірибелік мағынасы осында. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы күрделі құрылымнан тұрады. Көбінесе оны: күнделікті түпнұсқалы ақпараттың сипаттамасы; қылмысты жасаудағы көп кездесетін тәсілдер және осы қылмысты жасыру, жасырудан келген зардап туралы мәліметтер жүйесі; қылмыскер болуы ықтимал тұлға және ықтимал болу себептер мен қылмыс мақсаттары; қылмыс құрбаны болуы ықтимал тұлға және көп кездесетін қастандық заты туралы мәліметтер; қылмыстың жасалуы көп кездесетін бірқатар жағдайлары туралы мағлұматтар (орны, уақыты, жағдайы); нақты қылмысты жасауға итермелейтін жағдайлар туралы мағлұматтарға ажыратады [117, б. 1].

Көптеген авторлар криминалистикалық сипаттаманы әртүрлі түсіндіреді. Алайда олардың барлығы криминалистикалық сипаттама қылмыстарды тергеп-тексеру барысында қажетті криминалистикалық маңызды ақпараттарды қамтитындығымен келіседі. Криминалистикалық маңызды ақпараттар өзара бір-бірімен заңды түрде байланысқан және объективті шындықтың бір бөлшегі болып келетін криминалистикалық сипаттаманың элементтерінде болады.

Экстремистік бағыттағы қылмыстар – қылмыстық қол сұғушылықтың күрделі дәлелдемелі жүйесі болып келеді. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды ашу, анықтау мен тергеуді жемісті атқару мақсатында аталған санаттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының құрылымы мен

барлық элементтерін ескере кету керек. Экстремистік бағыттағы қылмыстар үшін аталған санаттағы қылмыстарды ашу мен тергеу процесінде тергеушілер мен жедел қызметкерлерге қиындықтар туғызатын қылмысты жасаудағы жағдайлар туралы арнайы мәліметтер ерекше сипатқа ие. Экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының негізгі элементтерінің қатарына қылмыстың қатысушыларының жеке басы туралы, қылмыс жасау тәсілдері, оны жасаудың жағдайлары (уақыты мен орны) мен қылмысты жасыру жатады [118].

Криминалистикалық сипаттаманың элементтерін қарастыруға кешенді түрде қарау керек, яғни оларды бір-бірінен тікелей тәуелділікте қарау керектігін ескере кету керек. Криминалистикалық сипаттамадағы элементтер арасындағы байланыс қылмыстарды тергеп-тексеруге қажетті тәсілдерін құрастыруда, бұдан бөлек анықтау органдарымен нақты бір қылмысты тергеп-тексеру үшін тиісті криминалистикалық құралдар мен тәсілдерді таңдауда ерекше маңызға ие. Қылмыстың криминалистикалық маңызды белгілері бір-бірімен өзара ажырамас байланыста және қылмысты ашуда негізін құрайды, нәтижесінде анықтау мен дәлелдеуге жататын жағдайлар шеңбері анықталады [119, б. 103].

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын қылмыскер мен жәбірленушінің жеке тұлғасы, қылмыс жасау жағдайы, қылмыстық қол сұғушылықтың заттары, қылмыс жасау әдісі, қылмыстың материалдық іздері, қылмысты жасауға итермелейтін себептер мен жағдайлар, қылмыс іздерін жасыруға бағытталған әрекеттер, қылмыстың ниеті мен мақсаты тәрізді элементтер мен аталған санаттағы істер бойынша дәлелдеу шеңберіне кіретін жағдайларды зерттеу міндетті түрде ғылыми тұрғыдан қарастыруды қажет етеді.

А.В. Сергеева: «Экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының маңызды элементі болып қылмыскердің жеке тұлғасы болып табылады. Қылмыскердің жеке

тұлғасы криминологиялық санат болып келеді, әлеуметтік қасиеттердің және сыртқы әсерлердің нәтижесінде қылмыстық жүрістұрысын негіздейтін тұлғаның қатынасының тұрақты жиынтығын құрайды», – деп есептейді [120, с. 22].

Экстремистің психологиялық және интеллектуалдық бірегей портретін жасау өте күрделі міндет. Теорияда ғалымдардың ғылыми тұрғыда экстремистік бағыттағы қылмыстарды жүзеге асырушы тұлғаны жан-жақты сипаттауда толық бір шешімге келген емес. Оған себеп экстремистердің әркелкі болуында. Мәселен, И.И. Рубцовтың қылмыс жасаған тұлғада кәсіби білім, шеберлік және тәжірибенің болуы, оның қылмысты жасау және жасыру тәсілдеріне ізін қалдыратындығы туралы пікірін Г.С. Чечелян нақты мәліметтерге бөліп көрсетіп, ақпараттық бейнелерін нақтылағанын айта кету қажет [121, с. 104; 122, с. 252].

Отандық зерттеуші А.Д. Дарменов: «Экстремистік әрекеттерге барушы тұлғаларды:

- импульсивті әрекет, эмоционалдық өзін-өзі ұстай алмаумен байланысты жағдайда зорлықтық әрекеттерге барушы тұлға;

- діни жек көрушілік пен араздық, қылмыстық мінезқұлықтың негізгі мақсаты мен орталық себебі болып табылады, жағдайға байланысты емес негізгі, ішкі агрессивті болмысын көрсететін тұлға;

- экстремистік бағыттағы қылмыстарға барудың нәтижесі топтың басты мақсаты ретінде, қоғамға қауіптілік зардапты көтеріп жібереді, яғни әр топ мүшесі тек қалымыстық қана емес, сонымен қатар өзі үшін маңызды болып келетін мақсаттарына жетуге бағдарланатын тұлға», – деп бөлген [32, с. 155].

Бізге біршама жақын әрі өз пікірімізді қалыптастыруға ой тастаған Г.Д. Мейркулованың еңбегінде: «Экстремистік, террористік топтарда жолы болмағандар немесе өзін-өзі таныта алмаған, өзін кем сезінетін тұлғалар топтан психологиялық пана іздеп келушілер ғана емес, кейбір тұлғалар сол ұйымдардың ішінде қоғамды басқаруға ұмтылады. Кейбір

жағдайда олар топпен ғана емес жеке дара экстремистік әрекеттерін жүзеге асыруда қандай да бір озбырлық тәсілін пайдалана отырып әрекеттерге баруы мүмкін. Экстремистік, террористік топтардың басқарушылары өз мүшелеріне мүлтіксіз оларға бағынуға, мемлекетке, қоғамға қатыгездік кейіп беру арқылы өздерінің мүшелерінің қоғам мен мемлекеттен, ұлттан, діннен келетін қатыгездікті санасына қалыптастырады:

– діни экстремистік тұлға – діни ағымдар мен радикалды ұйымдардағы діни шыдамсыздық, теріс қарама-қайшылық қалыптасқан, діни уағыздаушылық идеологиясын меңгерген тұлға;

– саяси экстремизмнің өкілі өздерінің басты мақсатын жасырып, «ұлттық идея» деп насихаттайды, саяси экстремистік тұлға тарихты, мәдениеттануды, психологиялық ықпал жасау жолдарын жетік меңгерген билікке ұмтылушы тұлға;

– ұлттық-этникалық экстремист тұлға – оның санасында басқа ұлттардың салтына, дініне, мәдениетіне қарсы көзқарас «радикалды культ» қалыптасқан тұлға;

– криминалды-әлеуметтік – экономикалық және өмірдегі жағдайлардың өзгеруіне байланысты қылмыстың таралуына ықпал етеді, яғни, қылмыстық іс-әрекетке барушы тұлға», – деп бөлген [19, б. 53]. Алайда аталған ұсыныстағы экстремистерді жеке басының ерекшеліктеріне қарап бөлумен толықтай дерлік келісеміз деп айта алмаймыз. Себебі оған кез келген қылмысты жасаушы адамдарды әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгеруіне байланысты қылмысқа баруына қарап экстремист деп санау құқықтық тұрғыдан қателік болар еді. Қылмыскерлердің барлығында нақты бір идеяны жүзеге асыру мақсатында қылмысқа барды деп есептеу мүмкін емес, ал экстремистік идеяның негізінде шеткі шараларды жасауға ұмтылатын адамдар қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы әрекеттерге барады яғни қылмыс жасайды. Сондықтан криминалды-әлеуметтік деп бөліп көрсету ұсынысымен келіспейміз. Дегенмен аталған ұсынымда еліміздің экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көрсетіл-

ген экстремизмнің нақты үш түріне байланысты аталған қылмыстарды жасаушы тұлғаларды жеке басына қатысты ерекшеліктерін бөліп көрсету идеясы кез келген осы мәселені көтеретін ізденушіге бағыт бола алады.

Біздің ойымызша, субъектінің маңызды жалпы қасиеттеріне биологиялық, физикалық, демографиялық, психофизиологиялық, әлеуметтік, психологиялық және т.б. жатқыза беруге болады. Алайда аталған қасиеттерді жеке тұлғаның белгілі бір типологиялық ерекшеліктеріне қарай бөліп қарастырсақ, маңызын егжей-тегжейлі ашып анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан келгенде белгілі зерттеуші Ю.В. Маркова өз зерттеуінде: «Экстремистің жеке басы әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және мәдени-тәрбиелік детерминанттардан тұрады:

– әлеуметтік-экономикалық өзінде келесілерін қамтиды: қоғамды тәртіпсіздікке әкелу, тұрғындардың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, өзінің әлеуметтік жағдайына қанағатсыздық және соның нәтижесінде шеткі іс-шараларға бару арқылы қалыптасып қалған жағдайды өзгерту; мемлекет тарапынан құқықтық реттелуі мен идеологиялық қамтамасыз етуінің тиісті дәрежеде болмауының кесірінен көшіп-қону процесінің белсенді бола бастауы, қала тұрғындарының жинақы болуы мен қала жасөспірімдері қарым-қатынасының жоғарылауын айтамыз;

– әлеуметтік-психологиялық детерминанттар, өзінде келесілерін қамтиды: сән бағытын қабылдауға жасөспірімдер мен жастардың жоғары бейімділігі, ол тез ауыспалы әрі едәуір көп ақпараттар көлемін алу мүмкіндігімен түсіндіріледі, экстремистік бағыттағы идеология тасымалдаушыларына деген жасанды қызығушылықты тудыратын белгілі бір субмәдениеттің бейнесін құруда бұқаралық коммуникация құралдарының негативті рөлі, ақпараттар дерек көздері мазмұндарының азғындауы мен моральдық төмендеуін;

– мәдени-тәрбиелік детерминанттар, өзінде келесілерін қамтиды: әлеуметтену, әлеуметтік бейқамдық, қоғамда

бейімсіздіктің негізгі институты ретінде отбасындағы және білім берудегі күйзеліс, экстремистік сипаттағы көріністерге түрткі болады», – деп бөлген ұсынысы зор үлесін тигізеді деген ойдамыз [123, с. 17]. Біздің көзқарасымыз бойынша, әлеуметтік-экономикалық өз алдына бөлек және әлеуметтік-психологиялық пен мәдени-тәрбиелік детерминанттарды бірге қарастырғанда, өз маңыздылығын жоғалтпайды керісінше оның арта түсуіне ықпал еткен элементтер болар еді. Себебі психологиялық және тәрбиелік аспектілер кез келген адамның жеке тұлға ретінде қалыптасу процесінде маңызды орынға ие. Біз жоғарыда аталған зерттеу еңбектеріндегі ұсыныстарды зерделей отырып, экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасаған адамның жеке тұлғасын әлеуметтік-рөлдік және психологиялық-еріктік детерминанттар ретінде бөліп қарастыруды ұсынамыз.

Әлеуметтік-рөлдік ерекшеліктеріне: жынысын, жасын, ұлтын, білімін, әлеуметтік-отбасылық жағдайын, азаматтығын, қоғамдағы мәртебесін жатқыздырамыз.

Тұлғаның психологиялық-еріктік ерекшеліктеріне: мінез-құлқын, рухани қажеттіліктерін, қалыптасып қалған әдеттерін, өмірлік ұстанымдарын, ішімдік пен есірткіге құмарлығын және т.б. айтамыз. Аталған мәселе бойынша біздің тараптан экстремистік бағыттағы қылмыстардың күрт өсуі 2010-2016 жылдары аралығында болғандықтан Қазақстан Республикасы ІІМ КІД 2010-2016 жылдары аралығында берген статистикалық мәліметтері мен Алматы қаласы және Атырау облысы ауданаралық қылмыстық істер бойынша мамандандырылған соттардың берген материалдарындағы үкімдерінің көшірмелерін зерделеп, Қазақстан Республикасы ІІМ ҚАЖК-нің жазасын өтеушілермен жұмыс жүргізетін қызметкерлерімен сұхбат жүргізілді. Бізбен жүргізілген зерттеуде жеке тұлғаның біз ұсынған типологиялық ерекшеліктерінің әрқайсысына тоқтала кететін болсақ, әлеуметтік-рөлдік ерекшелігі бойынша статистикадағы мәліметтерге сәйкес экстремистік бағыттағы қылмыстардың көбі ер адамдармен жасалса (96%), тек (4%) ғана әйелдермен жасалған (Қосымша А, Сурет

А.11), (Қосымша Ө). Жас шамасына келер болсақ, алдыңғы қатарында 59 жастағылар болса, ең кішілерін кәмелеттік жасқа толмағандар құрайды. Бұндай жас аралығындағы айырмашылық жас адамның алдында оның экстремистік жүріс-тұрысын үйлестірушісі болып өзінен бірнеше жас үлкен адамдар идеолог тәлімгерлері болып келетіндіктен. Жалпы басым көпшілігі 21-29 (46%) және 30-39 (29%) жас аралықтағылар болып табылады (Қосымша А, Сурет А.12). Қызмет түрі бойынша (83%) тұрақты жұмысы жоқ және әлеуметтік еңбекпен қамтамасыз ету орталықтарында тіркелмегендер, ал (10%) тұрақты жұмыстары барлар және тек (4%) өз жеке кәсібі барлар құрады (Қосымша А, Сурет А.13). Білімі мен әлеуметтік жағдайы бойынша орташа білімді немесе арнайы орта (77 %), қалғандары жоғары білімді (23%) (Қосымша А, Сурет А.14). Экстремистік бағыттағы қылмыстарды көбінесе Қазақстан Республикасының азаматтары (98%) және (2%) ТМД азаматтарымен жүзеге асырылады [124] (Қосымша А, Сурет А.15). Көп жағдайда өз баспанасы жоқ, көбінесе пәтер жалдап немесе ата-анасының, туыстарының, жолдастары немесе таныстарының үйлерін паналайды. Жазасын өтеу орындарында жүргендердің көбісі қамқорлығында бірнеше балалары бар отбасылы тұлғалар. Қалғандары ажырасқандар немесе азаматтық некеде тұрғандар, яғни тұлғалардың көбісі отбасын құруға мүмкіндігі жоқтар мен өз отбасын сақтай алмағандар қамтыған.

Психологиялық-еріктік ерекшеліктері бойынша тоқталатын болсақ, ішімдікті немесе есірткіні қолдана отырып жасағандар жоқ (Қосымша А, Сурет А.16). Әдетте ой-өрісінің, мінездік ерекшеліктерінің, психикалық сынды қабілеттіліктерінің шектеулігіне, өмір сүру деңгейінің өзгелермен салыстырғанда нашар болуы мен жеткіліксіз тәрбиені, толыққанды білімді алмауы мен лайықты төленетін кәсібінің болмауынан бұндай тұлғалар өздерін әдеттегі қоғамдық ортада артта қалушылар ретінде санайды. Кейде тіпті радикалды ағымды жақтаушылар арасында шұғылданып жүрген спортын тастап, жақсы жұмысынан кетіп әлеуметтік салада өзін сынап көрмек

болған тұлғалар да бар. Осындай кемшіліктер орнын толтыру мен өз-өздерін сынап көру мақсатында қоғам алдында қажеттіліктерін экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау арқылы қанағаттандырады [119, б. 110].

Әдеттері бойынша экстремистік белсенділігі жалпы маргиналдылықпен байланыстырылады. Себебі маргиналды тұлға әлеуметтік құндылықтар кеңістігінде өз қалауымен оқшауланып жүреді. Дәстүрлі әлеуметтік қарым-қатынастарды мойындамайды, әлеуметтік құндылықтарға өз қарсылығын білдіреді және қоғаммен жалпы қабылданған нормалармен шиеленісті жағдайда болады. Өмірлік ұстанымдары отандық зерттеушілермен айқындалған белгілермен жетектеледі: «... өзінің экстремистік идеологиясының дұрыстығына соқыр сенім... өзін құрбандыққа шалуға әрқашанда дайын болу; өзіне қол жұмсаушылық жүріс-тұрысқа бейімділік және өз-өзіне физикалық зардап келтіру; фанатизм... беделділікке ие болуға және өзін-өзі танытуға талпыну... басқаша ойлауға, бөтен мәдениетке, көзқарас пен діншілдікке деген шеткі шыдамсыздық; даудамайға, экстремалды жағдайларға, өткір күйзеліске бейімділік... тәуекелге... қорлық әрекеттерге, зорлыққа, өз күшін көпшілік алдында көрсетушілікке, қоршағандарға қорқынышты жетелеуге... «жауларды» физикалық құртуға... күшті аффектілі ахуалды бастан кешуге (олар эмоционалды уайымдауды уақытша төмендетуге мүмкіндік береді)» [125, с. 22]. Түзеу мекемелері қызметкерлерінің айтуынша экстремистік бағыттағы қылмыс жасағаны үшін сотталған өз жағдайын қайта тәрбиелеу мақсатындағы қылмыстық жаза ретінде қабылдамайды. Олар қылмыстық жазаны мемлекетпен оларға тағайындаған жаза ретінде емес кәпірлерде тұтқында жүрміз деп санайды. Арнайы әдебиеттерде «діни экстремистер қылмыстық жазаны мемлекеттік мәжбүрлеудің шарасы ретінде емес, аталған субмәдениеттің өкілдері сотталғандар ретінде емес, тұтқындалғандар ретінде есептейді» [126, с. 104]. Басқаша сөзбен айтқанда тұтқындар түзеу мекемесінің әкімшілігін әскери жауы ретінде қабылдайды, оған қатысты тактикалық тұрғыдан сырттай адалдық танытып

отыру керек, реті келсе физикалық күш көрсетуден тайынбайды. Олардың саны түзеу мекемелерінде өзге қылмыстары үшін сотталғандармен салыстырғанда аз болғанымен сапасында болып отыр. Олар азғантай топ бола тұрып түзеу мекемесінің қызметкерлеріне агрессия танытады. Түзеу шараларына қарсы жүреді. Бұл сәйкесінше түзеу мекемесінің оларға қатысты қатаң шараларды қолдануына итермелейді. Қазақстан Республикасының ҚАЖК түзеу мекемелерінде экстремизм үшін сотталғандардың құқықтық мәртебелері белгіленбеген. Алайда олар қоғамға аса қауіпті тұлғалар ретінде танылады. Бұл оларды түзеу мекемелерінде ұстау барысында байқауға болады. Аталған тұлғалар көбінесе орташа қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мекемелерде ұстайды. Қазақстан Республикасының ҚАК 96-бабы 2-бөлігі аталған санаттағы тұлғаларды қауіптілікті сақтау төмен жерлерге ауыстыру мүмкіндігінен айырады. Егер экстремизм үшін сотталған дәрежесі аса ауыр болса онда оны максималды түрдегі түрмеде ұстайды. Олар қатаң тәртіптегі жерлерге орналастырылады. Олар бөлек камераларда қамалады. Басқаларына қарастырылған жатақхана типіндегі бөлмелер олар үшін қарастырылмаған. Сотталған өзін қоршаған ортадағы адамдармен байланысқа түсуді жақсы біледі. Байланыста олар көбінде үстем болып жүреді. Соның нәтижесінде онымен байланысқа түскен адамдарды оп-оңай радикалды ағым жақтаушылары қатарына тартып алады. Сыртта бостандықта жүрген жақтаушыларымен үнемі байланыста болады. Тіпті физикалық күшті қолдана отырып, пенитенциярлық жүйеде жылдар бойы қалыптасып қалған қылмыстық әлемнің элиталарын дәстүрлі тақтарынан тайдыруда тайынбайтындығы байқалады. Жоғарыда аталған радикалды ағымдардың жақтаушылары Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын өзгертуге бағытталған бүтіндей шеберлік пен тәжірибеге ие. Бұл шеберліктер мен тәжірибенің ішінде пенитенциярлық қауіпсіздікке физикалық күшті, атыс қаруын қолдану, қолдан жарылғыш құрылғыларды дайындау және радикалды ағым идеясына көптеген адамдарды өзімен бірге тарту

қабілеттіліктерінің болуы қауіп төндіруі мүмкін [119, б. 112]. Оған дәлел ретінде Ақтау қаласындағы ҚАЖК-не қарасты қатаң тәртіптегі түзеу колониясынан дәстүрлі емес діни ағымның өкілдерінен тұратын 18 сотталғандардың қарулы қарсылық көрсетіп, қашып кету оқиғасын айтуға болады [127]. Жоғарыда бізбен атап көрсетілген материалдардағы мәліметтер мен зерттеу нәтижелері еліміздегі дінді арқау етіп, өздерінің саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін зайырлы мемлекеттік билікке қарсы тұратын тұлғалардың шынайы бейнесін ашып берді. Яғни олар дінді араластырып, өздерінің арғы мақсаты мемлекеттік билікке қарсы психологиялық, моральдық, ақпараттық, зорлық-зомбылық шараларын қолдану арқылы діни көзқарастары мен сенімдерінің басқа дін өкілдерінен үстем екендігін дәлелдеуді мақсат етеді.

Сонымен қатар экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамамызда атап кеткен саяси және ұлттық экстремизм идеологиялары негізінде жасалатын қылмыстардың субъектілері бойынша бізбен зерттелген қылмыстық істерде көрініс таппаған. Дегенмен, соңғы жылдары орын алып жатқан еліміздегі оқиғалар аталған экстремистердің типологиясын ашып көрсетуді қажет ететіне көз жеткіздік (Мәселен, 7 ақпан 2020 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Масанчи ауылындағы дүңген және қазақ ұлты арасындағы қақтығыстан орын алған бұзақылық қылмысы, «Көше партиясы» атты сотпен экстремистік деп танылған қозғалыстың халықты заңсыз митингтерге шақыруы және т.б.).

Саяси мақсатты көздей отырып жасалатын экстремистік бағыттағы қылмыстарды жүзеге асыратын тұлғалар үкімет басындағы саяси биліктің жұмысына қанағаттанбаған немесе саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық салдарынан туындаған әлеуметтік-экономикалық мәселелер, тұрғындардың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуі, өзгеше ойлағаны үшін қудалайтын, оппозицияны басатын тоталитарлық саяси режимдегі билік, сыртқы интервенция сынды жағдайларда революциялық ахуал туындайтын немесе азаматтық соғыс алдында тұрған кезде саяси құрылымды өзгертуге

талпыныс жасайды. Шетелдік тәжірибе мен зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып аталған тұлғалар кезінде мемлекеттік ұйымдастырушылық-басқару функциясын атқарған және соның нәтижесінде саясатта жүріп үлкен тәжірибе жинаған немесе оны жетік меңгерген билікке ұмтылушы жоғары білімі бар адамдар. Мемлекеттік билік үшін күрестегі психологиялық, моральдық, ақпараттық, зорлық-зомбылық сияқты шараларды қолданады. (Мәселен, Армения және Қырғыз Республикаларында сайлау нәтижелерімен келіспей жаппай тәртіпсіздік салдарынан билік басына оппозиция өкілдерінің келуін айтуға болады).

Ұлтшыл экстремистер қандай да бір ұлттың басқа ұлт өкілдерінен биік және ерекше екендігін дәлелдеу мақсатында басқа ұлттардың құқықтары мен мүдделерінен бас тартады. Өз ұлтының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдени құндылықтарын, тілін және т.б. қорғау ұранымен шығатын және басқа ұлт өкілдерінің әдет-ғұрпын, мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін құртуды көздейді. Бір ұлттың үстемдігі жүретін мемлекеттік құрылым құру аясында саяси билікке ұмтылатын, өзге ұлт өкілдеріне қатысты алауыздық пен өшпенділікті қоздыруға бағытталған зорлық пен қатыгездікті жасау нәтижесінде көпұлтты мемлекеттерді қиратуға әкеледі. Ұлттық экстремизм идеясының орындаушылары көбінесе жастар болып келеді. Олар ең жеңіл әрі өз әрекеттерінің қаншалықты қоғам мен мемлекет үшін қауіпті екенін толық түсінбейді, оған себеп білімдерінің жоқтығы немесе жетіспеуі. Олар әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан толық жетілмеген, әлеуметтік тұрмыс-тіршіліктегі қарама-қайшылықтарға бірбеткей қарайды, әлеуметтік наразылықтардың әртүрлі формаларын көрсетуге бейім болып келеді. Жастарға кекшіл, агрессияшыл мінездері басымырақ болғандықтан оларға есірткі мен ішімдікті беріп, құқыққа қайшы жаппай тәртіпсіздіктер жасауға итермелеу көп ұзамай өз нәтижесін беретініне сенімді кейбір күштер тиімді пайдалануда.

Қазақстан Республикасы ІІМ КПД-нің мәліметтеріне сәйкес, экстремистік бағыттағы қылмыстардың субъектісі

ретінде тек жалғыз экстремистерден басқа ұйымдасқан экстремистік топ құрамында да жасау орын алатындықтан, олардың құрылымдық ерекшеліктері жайлы айтсақ болады [124, б.1] (Қосымша А, Сурет А.16), (Қосымша Ә).

Экстремистік топтың құрамы мен құрылымының басқа ұйымдасқан топтардан айырмашылығы экстремистік қылмыстарды жасаудың қажет екендігін негіздейтін идеологиялық тұрғыда бірігу болып табылады. Қандай да бір әлеуметтік топтың басқалардан артықшылығын дәріптеу идеясын насихаттайды, қандай да бір ұлттық, діни немесе өзге де әлеуметтік топты толықтай немесе ішінара құртуға бағытталған қылмыстарды жасауды ақтайды.

Экстремистік ұйымдар келесідей жағдайларда ұйымдасуы мүмкін: ұйымдасқан экстремистік топ; қылмыстық ұйым; халықаралық қылмыстық топ.

Алматы қаласы және Атырау облысы ауданаралық қылмыстық істер бойынша мамандандырылған соттардың материалдарындағы үкімдерінің көшірмелеріне жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша экстремистік топтарда көбінесе жасы үлкен адамдар басшылық етеді. Өйткені идеологияны жүзеге асыруда бар білімі мен мол тәжірибесінің болуы аталған тұлғаны топ құрамында жетекші орынға апарады. Жастар экстремистік топ мүшелері болып табылады және де топ құрамында жүріп алдын ала сөз байласу арқылы немесе өзі жеке дара ерекше қаталдықпен қылмысты жасайды. Топ мүшелері көбінесе топ басшыларының (әмірлердің) жалдап тұрып жатқан пәтерлерінде жиі кездесіп тұрады. Жаңа мүшелерін тарту көп жағдайда мешіттерде намаз оқылып біткеннен соң болып жатады. Экстремистер 5-10 адамнан құралатын шағын топтан тұрады. Топ мүшелері өздеріне топ құрамындағы діни есімдер қойып алған. Мәселен, «Юсуф», «Абдурахман», «Абдулазиз» және т.б.

Экстремистік топтардағы мүшелердің рөлін топ ішінде атқаратын жұмыстарына қарай біз келесідей бөліп көрсеттік:

1) Орындаушылар – көп жағдайларда намаз оқылғаннан кейін ұялы телефондарға, флэшкарталарға, DVD дискілерге

жазылған аудио және бейнетаспадағы дағуат уағыздарды көрсетіп немесе айтып жүретін қауымның кездесулерінде тыңдаушылары немесе қатысушылары болып келеді. Бірақ аталған қатысушылар экстремистік топтардың идеологиялық өңдеуінен өткенменен, топ құрамына қосылмай, тек қаржылай көмек ретінде ақша беріп тұрады;

2) Ұйымдастырушылар – топтың белсенді мүшелері. Өздерін және жаңадан қосылған мүшелерді «шахид» болуға дайындайды, топқа жаңадан адамдар тартумен айналысады, топ мүшелерінің әскери және идеологиялық дайындығына жауап береді, қолдан жасалған жарылғыш заттарды дайындайды және оны дайындауды топ мүшелеріне үйретеді, топқа қаржылық көмек көрсетеді.

3) Топ басшылары (әмірлер) – топтың қалған барлық мүшелері оған ант «баят» береді. Топ басшылары экстремистік идеологияны насихаттайды, топшілік тәртіпті орнатады, нақты бір топтың атқаратын саласында жауаптыларды бекітеді, топқа жаңадан мүшелерді тартады, топқа басшылық жасайды, топты қаржылай қамтамасыз ету мәселесіне жауап береді, экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау үшін топтың жұмысын үйлестіреді.

Топ мүшелерін бақылау әдістерін жетілдіру және оны қайта қарау тек топ басшыларымен (әмірлерімен) ғана емес, сонымен қатар топ мүшелерімен де жүзеге асырылады. Экстремистік топтың ұйымшылдығының деңгейі топшілік қайшылықтарға да әкелуі мүмкін. Себебі топ ішіндегі динамика топ басшысына қарсы шығатын баламалы топ басшысының келуіне әсер етеді. Қылмыстық ойдың жүзеге аспай қалуы, топ мүшелерінің ұсталынуы, топ нормаларын топ басшыларымен бұзу, кейбір топ мүшелерінің топшілік бірігулері өз-өзін құртуға немесе ҚҚО-мен әшкереленуге әкеледі. Экстремистік шағын топтар мұсылман бауырларын өзге дін ағымдарын ұстанғаны үшін ҚҚО ізіне түскендіктен, Қазақстан Республикасының аумағында үкімет өкілдеріне қарсы террорлық акт жасау мақсатында «джихадты» насихаттаумен айналысқан. Сонымен қатар шетел мемлекеттерінде

Ауғанстан, Пәкістан Ислам Республикалары аумағында САҚҰ-ның халықаралық коалициялық күштеріне қарсы, РФ-ның Солтүстік Кавказ аумағында федералды күштеріне қарсы, Сирия аумағында Сирия Араб Республикасының үкімет әскерлеріне қарсы және басқа да әлемнің түпкір-түпкірлерінде орын алып жатқан қарулы қақтығыстарда теріс сенімдегілерге қарсы соғысып жатқан мұсылман бауырларға қолдау көрсету үшін жалдамалы содырлар қатарына қосылуда. Сонымен бірге аталған топтар аталған ағымның ұстанушылары мен топ мүшелерінен қаражат жинап, банктік аударымдар арқылы шетелдегі халықаралық экстремистік топ немесе халықаралық террористік ұйым басшыларының банктік есеп шоттарына қаржылай көмек жіберіп тұрады. Халықаралық экстремистік топтар мен халықаралық террористік ұйымдардың есеп шоттарына аударымдар жасау немесе Қазақстан аумағында экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасауға қажетті қаражатты жинау үшін Қазақстан Республикасының аумағында теріс сенімдегілердің «кафир» мүлкін тартып алу «амалият», яғни жалпы қылмыстар жасайды. Яғни, жалпы қылмыстардың тобында қылмыс әлемінде жиі орын алатын және басқа да ұйымдасқан қылмыстық топтар жасайтын қарақшылық, тонау, ұрлық, есірткі саудасы, қорқыту және т.б. айналысады. Бұл топтар көбінесе салафиттік бағыттағы «Ахли Сунна» радикалды жалған діни ағымның, одан да басқа әртүрлі ханбалиттік бағыттағы ағымдардың ұстанушылары болып келеді [128].

Экстремистік бағыттағы қылмысты жасаушы мен жәбірленушінің жеке тұлғасы өзара бір-бірімен байланысты, сонымен бірге аталған санаттағы қылмысты жасағанда шешуші фактор ретінде жәбірленген адам мен қылмысты жасаған адамның қандай да бір ұлтқа, діни ағымға немесе саяси партияға қатыстылығы болып табылады. Жәбірленушілердің жас аралығы әртүрлі болып келеді. Аталған санат бойынша жәбірленушілер болып қылмысты жасаған тұлғадан өзге қандай да бір топтың өкілдері болып табылады. Виктимология тарапы-

нан жарақат алған жеке немесе заңды тұлға жәбірленуші болып саналады. Заң психологиясында жәбірленушінің жеке тұлғасы келесілерге: жәбірленушінің қылмыстан кейін және қылмыс жасаған кездегі іс-қимылы; жынысына, жасына, ұлтына, қызметтік жағдайына байланысты сипатталады.

В.С. Минская: «Өзіне қатысты жасалған қылмыс жасауға себеп болған, жәбірленушінің теріс іс-қимылдары туралы айту қажет. Осыған байланысты аталған тұлғаның индивидтің және қоғамның мүддесіне зиян келтіретін іс-әрекеттерінің пайдалылығы және зияндығы ретінде бағалануы қажет және сондықтан олар оңтайлы және теріс деп аталуы мүмкін», – деп атап өтті [129, с. 37].

Жәбірленушінің жеке тұлғасының құрамы туралы мәліметтерді зерделеп бағалау қиындық туғызады, өйткені олар қылмысты зерттеуге маңызды болып келеді. Жәбірленушінің жеке тұлғасын зерттеудің шекарасын анықтау мүмкін емес. Жәбірленушінің жеке тұлғасы қылмыскердің жеке тұлғасымен тең және бірдей зерттелуі қажет. Әдетте, экстремистік бағыттағы қылмыстық істердің жәбірленушілері басқа санаттағы қылмыстар бойынша жәбірленгендерден айырмашылығы бар, олар қандай да болмасын діни конфессиялардың, этникалық топтардың, саяси партиялардың өкілдері болып табылады. Жәбірленушінің жеке тұлғасын зерделеу қылмысты зерттеудің толықтығын, жан-жақтылығын және объективтілігін қамтамасыз ету үшін қажет. Осыған байланысты, жәбірленушілердің жеке тұлғаларын қылмыстық сипаттамаларын зерделеу маңызға ие және экстремистік бағыттағы қылмыстардың алдын алу және одан сақтану мақсатында ізін суытпай ашуға үлкен үлесін тигізеді. Жәбірленушінің жеке тұлғасы туралы ақпараттарды толық жинаудың арқасында тергеуші тергеп-тексеруге қажетті тәсілдерді анықтай алады, тергеп-тексерудің тиімділігіне оңтайлы әсер етеді. Бізбен зерттеу жүргізілген қылмыстық істерде жәбірленген адамдардың жас аралығы әртүрлі, кәмелеттік жасқа толмағаннан бастап зейнет жасына жеткен Қазақстан Республикасының азаматтары. Жәбірленген азаматтар ішінде ҚҚО және өзге де

мемлекеттік органдардың өкілдері де кездеседі [128]. Яғни, жәбірленген адамдарды тек қана белгілі бір әлеуметтік топқа діни сенімі, ұлтқа қатыстылығы, саяси көзқарасы үшін ғана емес белгілі бір қызмет түрімен айналысуы да әсер ететіндігіне көз жеткіземіз.

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың қылмыстық сипаттамалары құрамының маңызды құралының бірі қылмыс жасалған уақыт пен орын болып табылады.

Н.Г. Шурухнов өз зерттеуінде: «Кез келген қылмыстар уақыт және орын талабымен жасалады. Қылмыс жасалған орында ізінің бейнелер қалады, оны зерделей отырып қылмысты жасау себептерін, қылмыскердің жеке тұлғасының физикалық және психикалық негіздемелерін, қылмысқа дайындалу тәсілдерін, жасауын және жасыруын анықтауға болады», – деп санайды [130, с. 453].

Экстремистік бағыттағы қылмыстар тек халық қоныс тепкен елді мекендердің шеңберінде, көбінесе үлкен қалаларда жасалады. Себебі тек қалаларда экстремистік сипаттағы материалдар (беттер, брошюралар, кітаптар және т.б.) кеңселер мен үй-жайларда дайындап оны көптеп таратуға мүмкіндік алады. Қалалардағы жеке және қоғамдық үй-жайлардың, көп пәтерлі үйлердегі кіре берістердің, көпшілік жүретін орындардың, көшелердің, алаңдардың және өзге де жерлер мен ғаламтордың болуы экстремистік сипаттағы материалдарды таратуға ыңғайлы әрі тиімді орындар болып табылады.

Қылмыс жасалған уақытқа қатысты, экстремистік бағыттағы қылмыстар тәуліктің кез келген мезгілде жасалуы мүмкін екендігін байқауға болады. Әдетте, жалғыз немесе шағын топтармен қылмыстар кешкі кезде жасалады [131, б. 159].

Зерттелген қылмыстық істердің материалдарына сәйкес экстремистік бағыттағы қылмыстардың 61%-ы ашық мекенде жасалады (қасақана кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, жарылыс жасау және т.б.), ғаламторда 39%-ы. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасаудың уақытына келетін болсақ, жасалған зерттеулер бойынша 87%-ы кешкі

уақытта жасалады, 3%-ы таңертең, 10%-ы күндіз жасалады [128] (Қосымша Ә).

41 қылмыстық істердің материалдарына жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша соңғы жылдары экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау тәсілдері қауіпті болып барады. Оған себеп аталған қылмыстарда алдын ала сөз байласу арқылы атыс қаруы мен жарылғыш заттарды қолдана отырып, қасақана адам өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру арқылы жасалуында болып отыр.

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасын зерттеу барысында оның бірден-бір құрамдасының бірі ретінде уақыттық интервалды айта аламыз яғни болған оқиғаның, құбылыстың ұзақтылығы жағынан қарағандағы уақыттық сипаттамасын айтамыз. Уақыттық интервал қылмыстық қол сұғушылықтың ұзақтығын, екі оқиға арасындағы мезеттердің дамуын көрсетеді. Уақыттық қатынас қылмыстық әрекеттің пайда болуы, дамуы мен аяқталуының хронологиясын суреттейді. Қылмыстық әрекеттердің реттілігін жан-жақты ескергенде ғана қылмыстық оқиғаның дамуының алғы шарты болған оқиғаларға шынайы баға беруге мүмкіндік береді. Қылмыстық оқиғаның қатысушылары әрекеттерінің ұзақтығы мен реттілігі және олардың қылмыстық әсер етуінің нәтижелері материалды адамдар санасында оның ішінде қылмыс куәларында көрініс табады, бұл өз кезегінде барлық жағдайлар жан-жақты хронологиялық тәртіпте, яғни оқиға орын алғанға дейін, орын алып жатқан кезде және болғаннан кейінгі орын алатын оқиғалар зерттелуге жатады.

Қылмысқа дайындалу, жасау және жасыру әдістерін зерттеу із жасау тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, із қылмысты жасау әдістерін анықтауға мүмкіндік береді, ал жасау әдістерін зерттеу қылмыстың іздерін белгілеу мен қылмысқа барған тұлғалардың жеке басының қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Криминалистикада қылмысты жасаудың әдісі ретінде әдетте қылмыстардың алдын алуда, тергеу мен ашудағы

әдістер мен амалдарды, құралдарды құрастыру үшін қажет дерек көз ретінде қарастырылады [131, б. 160]. Олардың барлығы Г.Г. Зуйковтың: «Қылмыстық әдіс қылмыскердің бірыңғай ойындағы әрекеттерін яғни дайындығын, оны жасау мен ізін жасыру бойынша біріктіретін (және онымен байланысқа түскен тұлғалардың) құралдар мен қаруды қолдана отырып объективті және субъективті факторлармен негізделетін жүйе», – деп анықтайтын тұжырымды ұстанымымен келіседі [132, с. 84].

Қылмысты жасау әдісін анықтау – қылмыстық іс бойынша криминалистикалық мәнді ақпаратты жинау үрдісі, ол қылмыстарды тергеп-тексерудің, криминалистикалық нұсқаларды ұсынудың және қылмыстық істі толықтай тергеп-тексерудің әдісін анықтаудың бастапқы тергеп-тексеру сатысының қалыпты тергеу ахуалын анықтау үшін негіз болып табылады. Қылмысты жасау әдісі қылмыс жасаған тұлғаның әдеті мен мүмкіндігін көрсетеді. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау әдістерін зерделеу оларды тиімді ашуға және қылмыс жасаған тұлғалардың шеңберін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының ҚПК 113-бап 1-бөлігіне сәйкес жасалған қылмыстардың элементі ретінде қылмысты жасау әдісі қылмыстық іс бойынша шындықты алу мақсатында анықтауға жататын жағдайлардың тізбегіне қосылады [133]. Қылмысты жасау әдісі қылмыскер жасаған іс-әрекеттердің жиынтығы. Оқиға орнында қалдырылған іздерде қылмысты жасау әдісін байқауға болады. Тергеушінің қылмысты жасаған тұлға туралы ақпаратқа ие болуына қылмысты жасаудың әдістерін белгілеу үлкен әсерін тигізеді және қылмысты зерттеу барысын анықтайды. Қылмысқа дайындалу, жасау және жасыруды қамтитын қылмыс жасаған тұлғаның іс-қимылдарының кешені ретінде анықтауға болады.

Н.П. Яблоковтың көзқарасы бойынша экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасауға дайындық ерекшеліктерін қылмысты жасау әдістерінің бір бөлігі ретінде қарастырып, жәбірленушінің жеке тұлғасын алдын ала жәбірленушіні

бақылау, араласу арқылы оның іс-қимылының, әдеттерінің, қызығушылықтарының өзгешелігін айта кету қажет. Дайындалған іс-шараларды орындауды ескере отырып, қылмысты жасау құралдарын және қаруын таңдайды. Қылмысты жасауға дайындалу кезінде, оны жасайтын тұлға бір жағынан тиісті нәтижеге жеткізетін, екінші жағынан – қылмыстық жауапкершілікке тартылмауға мүмкіндік беретін қаруды қалайды [134, с. 718].

Экстремизммен байланысты қылмыстардың тетіктерінде дайындық әрекеттерінің тактикалық сипаты көзге түседі. Зерттелген қылмыстық істердің материалдарында ұйымдасқан қылмыстық топтың басшылары қылмысты жасауға дайындық барысында қылмыстық қол сұғушылықтың нақты объектілерін анықтайды, олар мемлекеттік органдар орналасқан ғимараттар, адамдар көп жүретін ашық алаңдар болып келеді. Қылмысты жасайтын уақытты, экстремистік актіні жүзеге асыруға қажетті техникалық құралдарды табуды, жоспарлаған қылмыс орындарына өз жақтаушыларын енгізуді, топ арасында байланыстың мүмкін нұсқалары мен қылмыс жасаған жерден кетудің жолдарын қарастырады. Қылмыстық істерді талдай отырып, экстремистік бағыттағы қылмысты жасауға дайындық кезеңінде төмендегідей шаралар қолданылады:

- жәбірленуші, қылмысты жасау уақыты, орны анықталады, қылмысты жасау қаруы және құралдары ізделеді, қылмысты жасауға қатысушылар және қылмыс орнына келу және кету жолдары анықталады (75%);

- бақылау және жәбірленуші туралы ақпаратты жинау сирек жүргізіледі (25%) (Қосымша Ә).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға қылмыс жасау әдісі жайлы ақпараттарды қылмыстық іс-әрекеттің барлық іздерін анықтау үшін мақсатында пайдаланады. Себебі аталған ақпараттарда әдетте қылмыс жасаған тұлғаның әдеттері іс-қимылдарын дараландырады. Экстремистік бағыттағы қылмыстар сипатының бірі оның ерекше сипаттамасы,

оны анықтауға жәбірленушілердің және куәгерлердің көрсеткіштері көмектеседі, өйткені қылмыс жасау кезінде тұлға қандай да болмасын ұлттық сипаттағы сөздерді немесе ұлттық, нәсілдік, діни төзімсіздік ұрандарын айтуы мүмкін. Қылмыс жасаған тұлға экстремистік бағытта жасалған қылмыс туралы дәлелдейтін заттарды, баспа өнімін, мәнді жазбаларды қалдырып кетуі мүмкін. Бұл аталған санаттағы қылмыстарды басқа қылмыс түрлерінен ерекшелейді. Біздің ойымызша, аталған санаттағы қылмысты жасаудың әдісі жайлы мәліметтер қылмыс жайлы ақпаратты, жасаған тұлғаларды, оны тиімді тергеп-тексерудің жолдарын анықтаудағы маңызды криминалистикалық ақпараттардың үлкен көлемін қамтиды. Бұл экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау әдістерінің ерекшеліктерін білу аталған қылмыстарды жасаудағы фактілі жағдайларды анықтауға, тергеу версияларын жасауға, тергеу әрекеттері мен оның көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Жәбірленушіге қолданылатын озбырлық нысаны әртүрлі. Қылмысты жасаудың құралы ретінде қылмыстық нәтиженің орын алуын қамтамасыз ететін материалды объектілер танылады, сонымен қатар қылмыстық құрылымның өзге де элементтері арасын байланыстыратын түйін болып табылады. Қылмысты жасаудың құралдары ретінде автокөлік, қару, суық қару және т.б. жатады. Қарастырылып отырған қылмыстарды жасаудың дәстүрлі қаруы болып суық қару саналады. Сонымен қатар атыс қаруы, қылмыс жасаған кезде зақым келтіретін өзге де құралдар (темір сақа, балға, монтировка) және де бөтелке, сым кейде тіпті аяқ және қолмен соққы жасау және т.б. Соңғы кездері қылмыс жасаған тұлғалар әдетте экстремистік топтарда қолданатын оқ ататын қаруды, жарылғыш заттарды көп қолданады. Кейбір жағдайларда қандай да бір әлеуметтік топтың (нәсілдік, ұлттық, діни) өкіліне қатысты өшпенділік пен араздық ниетімен жасалатын экстремистік бағыттағы қылмыстарда ешбір құрал қолданылмауы да мүмкін. Зерттелген қылмыстық істер бойынша экстремистік бағыттағы қылмыстарда 2%-ы суық қару, 10%-ы оқ

ататын қару, 7%-ы жарылғыш заттар қолдана отырып жасалса, 80%-ы қару ретінде ешқандай құрал қолданбай жасайды (Қосымша Ә).

Әдетте қылмыс жасаған тұлғалар жасыру шараларын қабылдайды. ҚҚО-ның қызметкерлері аталмыш шаралардың қатарына іздерді немесе аяқ киіміндегі және киіміндегі дақтарды жою, қан дақтарын жуу, қылмыс жасалған қаруды жою немесе жасыру, түсінік беруден бас тарту, кінәсіздігін дәлелдеуден бас тартуды және т.б. жәбірленушіге және қылмыстың куәгерлеріне психикалық және физикалық әсер етулерді жатқызады.

Көпшілікке кеңінен экстремистік идеяларды тарату мақсатында көп жағдайларда баспалардың көмегіне жүгіне отырып: кітаптар, беттер, брошюралар, плакаттар және өзге де түрлерін шығарады. Қоғамға бұндай идеяларды таратудың басты факторлары әртүрлі болуы мүмкін. Ең бастысы өз жақтарына көбірек жақтаушыларды тарту, оның ішінде дайындалып жатқан немесе жоспарланған экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасауға қатысатындарды табу, сонымен қатар өздерінің жасамақ болып жатқан қылмыстарына өз Отанын қорғау, теңдік үшін күрес сынды ақтайтын себептер келтіру. Бұл жерде ең маңызды сұрақ болып қылмысты жасау әдістерінде шыныменде айтылған ойлар мен насихатталатын идеялар негізгі қозғаушы құрам болып келетіндігін анықтап алу қажет, себебі көбінде бұл идеялар қылмыскердің көздеген негізгі мақсаттары мен ниеттерін жасырып тұрады. Мәселен, «Шахиды Северного Кавказа», «Книга джихада, достоинство джихада», «Опровержение фетвы Аль-Кардави», «Ученные делают дуа муджахидами всего мира», «Джихады и шахиды», «Это наша идеология, Абу Мухамед Аль-Макдиен», «Фазаиль Хадж», «Фазаиль Садакат», «Ценности хаджа» атты кітаптарда экстремистер идеологиялық бағыт беруді жиі қолданытындығы анықталды [128].

Қылмысты жасау тәсілінен басқа, әдетте М.В. Даньшин атап өткендей қылмысты жасыру тәсілдерін тергеуге қарсы тұру нысаны ретінде қарастыру қажет [135, с. 8].

Жасалған қылмысты жасыру – қылмыс іздеріне әсер етуге бағытталған, онда қылмысты тергеп-тексеруге кедергі келтіру мақсатында материалдық тасымалдаушылар болады. Іздерді жасыру тәсілі – жасалған қылмысты жасыру мақсатындағы іс-шаралар кешені. Сот және тергеу тәжірибесін талдай келе, қылмысты жасырудың негізгі тәсілдерін атап өту керек:

- 1) жасалған қылмыс туралы ақпаратты жасыру және жою;
- 2) қылмыс жасау мақсатымен өзге жерге кету;
- 3) қылмысты жасыру бойынша іс-қимылдар кешенін өткізу.

Зерттеуге түскен қылмыстық істерде экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасаудың әдісіне келгенде 45%-ы қылмысқа дайындық алса, 50%-ы қылмыс орны жоспарланған. Ең маңыздысы тек 5%-ы қылмыстарда қылмыскерлер қылмыстың ізін жасыруға талпыныс жасаған [128] (Қосымша Ә).

Қылмыс болған жерде табылған іздер және қылмыстық істі жасау әдісі арасында кейбір өзара байланыстар бар екендігі анық. Аталған санаттағы қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысында тергеу үшін маңызды болып келетін ақпараттардың адам санасында бейнесінің байқалу үрдісін білу және ескеру қажет. Қандай да бір қылмысты жасаудың әдісін экстремистік мазмұндағы материалдар құраса, онда кез келген заттың беттерінде немесе басқа да тасымалдаушыларда із қалдыру үрдісінің ерекшелігі болып табылады. Егер де қолдан жазылған жазба болған жағдайда онда жазған тұлғаның қолжазбасы мен жазбасында, пайдаланылған жазба құрылғысында (қалам, фломастер және т.б.), бояғышының (краска, сия және т.б.) ерекшеліктері көрініс алады. Егер де жазба басылып жазылған жағдайда онда жазба үрдісі мен қолданылған техника ерекшеліктеріне назар аударылады. Осының бәрінде маңызды фактісі болып жазбалардағы автор мен дайындаушының ерекшеліктері көрініс алады. Қылмыскерлермен жасалатын жазба баспаларында қылмысты жасау әдісінің негізгі құраушысы болып табылады. Онсыз аталған қылмыс санаты өз қылмыстық ниеттерін жүзеге асыра алмайды. Ал жазба баспасы қылмысты жасаудың арнайы

құралы болып табылады. Аталған санаттағы қылмыстарды жасаудың әдісін зерттеу барысында із қалдыру үрдісінің айрықша белгісі болып криминалистикалық маңызды ақпараттың көптеген көлемі адам есінде қалуында. Сонымен бірге аталған қылмысты жасаудың ерекше әдісі ретінде қылмыскерлермен қолданылатын баспа жазбаларының дайындау әдісі, оларды жеткізудің әдісі мен тарату әдісін айтамыз. Естен шығармау керек, баспа жазбалары заңды түрде тираждалуы мүмкін, тіпті мемлекеттік органдардан тіркеуден өтіп, заңмен бекітілген тәртіпте шығып тұрады. Бұндай кезде дайындау әдісін анықтау мен зерттеу қиындық соқпайды. Бұндай кездегі із қалдырудың ерекшелігін анықтау оп-оңай болады, себебі баспалардың тіркеуімен айналысатын мемлекеттік органдарда тіркелуі бойынша құжаттары сақталады. Егер де баспа жазбасы заңсыз баспа өнімдері жайлы болғанда оны дайындаудың әдісін зерттеу белгілі бір қиындықтар туғызады. Алайда осындай зерттеулер нәтижесінде қылмыскер, қылмыстық топ туралы және өзге де жағдай жайлы маңызды ақпарат алуға болады.

Аталған қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде криминалистикалық сипаттаманың мақсаты мен ниеті атты элементтеріне басты назар аудару керек. Криминалистикалық сипаттаманың басты маңызды құрамы ретінде ниет болып келеді, себебі ол экстремистік бағыттағы қылмысты жасауға тұлғаны апаратын себеп. Оның көрінісі экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау кезінде немесе жасалғаннан кейін ғана айтылып жатады немесе қалдырылған жазбалардан көруге болады. Қылмыскерді аталған қылмысты жасауға итермелеген және қозғаған ішкі қозғаушы күші ретінде және оның мүдделері мен сұранысын негіздейтін әрекеттермен сипатталады. Ниет жүріс-тұрыстың сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Қылмыстық істерді зерттей келе ниеттердің өзі жасау әдістерінің шеңбері аясында жүзеге асады. Ниет ретінде кез келген әрекетке түрткі болған ішкі себептерді айтамыз. Оны қылмыстың тікелей себепкері ретінде жиі қарастырады.

Қылмыскердің жеке тұлғасының құрамын зерделеудегі маңызды орынды қылмысты жасау себептерін анықтау алады, өйткені экстремистік бағыттағы қылмыстар бұзақылық немесе жалдамалы себептерден емес, өзге себептер бойынша жасалады.

О.С. Ивченко мен М.С. Джунусовтың ойынша: «Нәсілдік, ұлттық, діни жек көрушілік немесе дау-дамай себептері ретінде кейбір қажеттіліктерге негізделген, қандай да болмасын ұлтқа жатуына немесе нәсілдік немесе діни көзқарастарына байланысты зардап шегушінің кемсітуін көрсетуге ұмтылысын көрсететін адамдардың ішкі ынтасы және ол барлық ұлтқа таралуы мүмкін [136, с. 114; 137, с. 44].

Қылмыскердің ұлтты жек көру сезімі оның «жоғары» нәсілге жату сезіміне, оның ұлттық ерекшелігіне немесе өзге ұлттарға немесе нәсілдерге қарағанда өзінің интеллектуалды және рухани ерекшелігіне байланысты, оның ұлтының (нәсілінің) өзге ұлттан (нәсілден) айырмашылығы туралы түсінігіне негізделуі мүмкін.

Л.В. Горбунова мен А.В. Курцтың пікірінше, діни жек көрушілік немесе дау-дамай тұлғаның жеке қасиеттерінен өзінің ерекшелігіне қарай, көпшілдігіне, барлық конфессияның кемшіліктерін көруге тырысуына, қақтығысқа немесе маңызсыздығына тікелей себептерінің жоқтығымен ерекшеленеді.

Жоғарыда аталған себептер кек алу, бұзақылық немесе жалдамалы себептерге байланысты, бірақ бір уақытта нәсілдік, діни немесе ұлттық жек көрушілік қылмыстың бастапқы себебі ретінде саналады.

Ниетті зерттеу адам неге осылай жасады деген сұраққа жауап береді. Көп жағдайларда қылмыстың ниеті жасырынады және әдейілеп бұрмаланады. Зерттелген қылмыстық істерде кінәлі тұлғалармен жасаған әрекеттеріне өздері берген жауаптарында әлеуметтік тұрғыдан қабылдайтындай етіп келтіреді, оған себеп олардың қылмыстық әрекеттерінде әділдік іздеп, шындыққа жетуді көздегендей жасайды. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды арнайы ниеттерін міндетті

белгі ретінде қарастырғанның өзінде не үшін субъект осындай әрекеттерге барды, қандай мақсаттарды көздегендігін ұмытпау керек. Яғни, бұл дегеніміз ниетпен бір қатарда мақсатты да қоюымыз керек, ол құқыққа қайшы әрекеттің сипатын, құралын және әдісін анықтайды.

Жасалған қылмыстың мақсаты болып әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздық қоздыруға тыйым салу сынды конституциялық қағидаларды мен адам және азаматтардың жынысына, нәсіліне, ұлтына қарамастан құқықтары мен бостандықтарының теңдігі бойынша конституциямен берілген кепілдіктерді бұзуға бағытталған [138, с. 123].

Экстремистік әрекеттің тұрақты уәжі болуы қажет, себебі ол өзінің сипаты бойынша қоғамға қарсы болып табылатындықтан оны жүзеге асыру белгілі бір қиындықтардың ілесе жүруімен (жасырыну қажеттілігі, қылмыстық жазаның қауіптілігі, жарақат алу мен өліп қалу қатері және т.б.). Уәждердің қайнар көздері болып көбінесе жеке тұлға үшін маңызды болып тұлғалар тобы саналады, жекелеген жағдайларда жеке тұлғаның деструктивті бағытын бекітуші ақпараттық көздер (мәтіндер) саналады [131, б. 165].

Экстремистік ұйымдар заманауи ақпараттық қоғамда көпшіліктің қоғамдық санасына әсер ететін компьютерлік технологиялардың жетістіктерін өз қылмыстық әрекеттерінде белсенді түрде қолданатындығын айтпай кету мүмкін емес. Сондықтан біз аталған экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын беріп кетпекпіз. ҚҚО практикасы мен қылмыстық істер бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары көрсеткендей, компьютерлік желілерді қолдана отырып жасалатын экстремистік бағыттағы қылмыстар дәстүрлі әдістермен жасалатын экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын ҚҚО-ның қызметкерлері үшін қиындықтар туғызуда. Аталған санаттағы қылмыстық істерді сипаттайтын криминалистикалық маңызды ақпараттарды қолдану мен алу барысындағы қиындықтар өз үлесін қосуда. Нәтижесінде барлық тергеп-тексеру процесін ақпараттық қамтамасыз ету сапасының

төмендеуіне әкеледі. Ғаламтор желісін тиісті дәрежеде реттеудің болмауы, ғаламтор желілерінің жоғары дәрежедегі қорғанысы қолданушылардың анонимділігін қоса алғанда экстремистік көзқарастарды таратудағы ең ыңғайлы алаңға айналдырады. Экстремистік сипаттағы материалдар ғаламтор арқылы таратылса ғаламторды қолданушылар арасында көптеп таралуына мүмкіндік береді және автор үшін қауіпсіз болып табылады. Мәтіндерде көбінесе көпшілік алдында экстремистердің әрекетін ақтап алумен басталып, экстремистік ұйымдар қатарына кіру мен экстремизмді қаржыландыруға шақырумен аяқталады.

Экстремистік қылмыстар бойынша тергеп-тексеру тәжірибесіне көшетін болсақ, қарастырылып отырған қылмыстың түрін анықтау қылмыстық қудалау органында көптеген қиындықтар туғызады. Оның басты себебі криминалистикалық маңызды ақпараттарды алу барысындағы қиындықтар. Нәтижесінде тергеп-тексерудің сапасы төмендейді.

Ғаламтор желісі арқылы жасалатын экстремистік бағыттағы қылмыстарды анықтау барысындағы ҚҚО қызметкерлері жиі кездесетін мәселелері болып ғаламтор желісінде нақты бір иесінің болмауы, желіде орналастырылған материалдарға шектеусіз кіру және желідегі кең географиялық таратушылық жатады. Ғаламтор атты жаһандық желінің коммуникативтік мүмкіндіктері мен шамасы экстремизм идеологтары мен деструктивтік қозғалыс көшбасшыларымен өзінше бір виртуалды алаң ретінде қолданады, ол өз кезегінде тергеп-тексеру субъектісінің ақпараттық талдау қызметінің үрдісін қиындатады. Ұйымдасқан топ, экстремистік қауымдастық экстремистік материалдарды жасап және оны ғаламтор желісінде арнайылап дайындалған сайттарға (парақшаларға) салады.

О.Ю. Антоновтың аталған қылмыс түрінің негізгі элементтері ретінде (сайт пен парақшада) орналастырылған экстремистік материал мен ақпараттық ресурс жатады деген пікірімен келісеміз. Дәл осы элементтер біздің көзқарасымыз бойынша экстремистік материалдарды таратуға қарсы іс-қимыл бағытын

айқындайды. Осыған байланысты, нақты бір сайтта орналастырылған бір немесе бірнеше нақты экстремистік материалдарды немесе баспа экстремистік әдебиеттерді зерттеген нақты тұлға өзінің немесе әлеуметтік желіде арнайылап ашылған жалған атпен құрылған парақшада экстремистік идеяны әрі қарай тарату туралы шешім қабылдайды [139].

Веб-технологиялардың кеңінен таралуы экстремистік қылмыстарды жасау әдістерін айтарлықтай өзгертті. Компьютерлік желіні қолдана отырып, экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау әдісі өзінде қылмыстық заңнамамен тыйым салынған ақпаратты көпшілік аудиторияға ақпараттық психологиялық әсер ету мақсатында дайындау мен таратуды қамтиды.

Экстремистік ұйымның тартымдық бейнесін құру мен жалдау мақсатында барлық әлеуметтік желілер «ВКонтакте», «Youtube», «Facebook», «Instagram», «Twitter» ресурстары қолданылады. Соңғы кезде ғаламтор желісі арқылы экстремистік қылмыстарды жасаудағы платформасы ретінде «Viber», «WhatsApp» және «Telegram» мессенджерлері қолданылатынын ескеру керек. Бұл ең алдымен бұзу мен ізіне түсуге мүмкіндік бермейтін аталған бағдарламалар шифрлеудің ерекше әдістерін қолданумен байланысты [140, с. 80].

Бізбен зерттелген қылмыстық іс материалдары бойынша топ мүшелері ғаламторды пайдалана отырып, әлеуметтік желілерде әсіресе «ВКонтакте» платформасында арнайы беттер ашу арқылы экстремистік топ құрамына жаңа мүшелерді тартты. «Юноши имана», «Kalimat Tauhid», «Zello» атты қарулы джихадты насихаттайтын материалдарды салған. Ғаламтор желісінде хат алмасуда әртүрлі атаулардағы никтермен (атаулармен) тіркеледі. Көбінесе діни атаулармен тіркеледі.

Қаралған қылмыстық істерде экстремистік топтың жаңадан қосылған мүшелері келесідей сайттарға жиі кіретіндігі белгілі болды: «Имам ТВ», «Хунафа.com», «Гуроба», «Кавказцентр.com». Аталған сайттардан ғаламтор арқылы немесе ұялы телефондарға жүктеу арқылы «Награда

шахида», «Надир Абу Холид», «Ахмад Мединский» атты бейнебаяндар мен С. Бурятский, Д. Умаров, А. Абужабаров, Д. Махаммадов, Н. Абу-Марьям, К. Башпаев сынды экстремизм идеологиясын дәріптейтін авторлардың дыбыс жазбалары тыңдалған [128].

Аталған санаттағы қылмыстарды жасау тәсілі экстремистермен замануи ақпараттық және компьютердік технологиялардың коммуникациялық мүмкіндіктерді пайдаланумен қабаттаса жүреді. Экстремистік сипаттағы қылмыстар компьютерлік желілер мен ғаламтор желісіне оңай қолжетімді абсолютті кез келген жерлерде және көбінесе кешкі немесе түнгі мезгілде жасалады [140, с. 80].

Ақпараттық ізденушілік сатыда экстремистік материалдарды тарату, жаңа дыбысвизуалды экстремистік материалдарды дайындау, экстремистік идеяларды насихаттау, өзінің экстремистік (тобына) жаңа мүшелерді тарту сынды қылмыстық ниет пайда болады. Қылмыстық ниеті дайындалған ақпараттық ресурстарда жазып алынған немесе дайындалған экстремистік материалдарды орналастыру жолымен немесе экстремистік әрекеттерге тарту мақсатында өзге де желі қолданушыларымен жазған жазбаларында, парақшалар мен блогтарда талқылау барысында жүзеге асырылады.

Локалдық компьютерлік желілердің, жаһандық ғаламтор жүйесінің, мүмкіндіктері экстремизмнің идеологтарымен экстремистік идеяларын тарату, жаңа жақтастарды табу, оларды әрекеттер тактикасы мен идеология сұрақтарына оқыту, қаржылық қолдауды ұйымдастыру мақсатында пайдалануда.

Дайындық сатысында тапсырмаларды шешу мақсатында келесідей әрекеттер жүзеге асырылады: ғаламторға шығудың жолдарын жасыруды қамтамасыз ету, [141, с. 82], ақпараттық порталдарды құру мен оны тіркеу (сайттар, әлеуметтік желілердегі парақшалар, блогтар) оның ішінде шетелде, дайын немесе дыбысвизуалды экстремистік материалдардың жаңасын жазып алу. Қылмысты жасырудың нұсқасы ретінде оқиғаға қатыстылығын куәландыратын әрекет ретінде қылмыскердің файлдарды

жоюды пайдалануын айтамыз. Алайда файлдарды ақпараттық тасымалдаушыдан қате жойған жағдайда оларды қалпына келтіру мүмкіндігі, нәтижесінде экстремистік бағыттағы қылмысқа тұлғаның қатыстылығының дәлелдеу ақпараттарын алуға жол ашады. Сонымен қатар, ғаламтор желісіне кіру жолын жасыру көбінесе ремейлерлерді, яғни алғашқы ақпараттарды қабылдап алатын компьютерлерді қолдану арқылы жүзеге асады, жолдаушымен көрсетілген мекенжайға қайта жолдауға оның ішінде жолдаушы жайлы ақпараттар мекенжайды ауыстыру барысында жойылады, қайта жіберу бағдарламаларында жолдаушының жалған электронды мекенжайларды қолдануы, жолдаушының электронды пошта қызметі мен кері мекенжайы мәліметтерді өзгертуге мүмкіндік беретін анонимизатор бағдарламаларын қолдану, екінші электронды пошта мекенжайын қолдану, файлдарды жоятын зиянкес әртүрлі бағдарламаларды қолданады. Сонымен қатар электронды ақпараттарды жою мен жасыру бойынша аталған әдістерден басқа, қылмыскерлер тергеп-тексеруге келтіретін өзге де құралдарды қолданады. Компьютерлік техника мен электрондық тасымалдаушы физикалық тұрғыдан жойылуы мүмкін, ҚҚО қызметкерлерінің кіруіне шектеу қоятын немесе бұғаттау мақсатында компьютерлік серверлерге көптеп шабуылдар жасалады, тергеп-тексерудің беделін түсіру мен күдіктінің жеке басына көңіл аударту, акцияларды, митингтерді, ұйымдастыру, БАҚ ақпараттарды тарату арқылы қара пиар жасалады, нәтижесінде қылмыскерлерге өз мақсаттарына жетуде көмектеседі, ҚҚО мен билік органдарына жемқорлық жолымен қысым жасалады, жалған алиби дайындалады және қылмыс жасалған аумақ немесе мемлекеттен басқа аумақ немесе мемлекетке көшіп кету нұсқалары дайындалады [140, с. 79].

Монография тарауының аталған бөлігі бойынша келесідей қорытындыларға келеміз:

1. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасайтын тұлғалардың жеке басын зерттеуді тиімді ету үшін біз

әлеуметтік-рөлдік және психологиялық-еріктік детерминанттарға бөліп алу арқылы бір-бірінен айырмашылықтары мен ерекшеліктерін айқындап аламыз.

Аталған санаттағы әрекеттер бойынша құқық бұзушының жеке басын талдауға сүйене отырып, криминалистикалық сипаттаманың осы элементін нақтылап көрсету ұсынылады:

– саяси экстремист – билікті өзгертуге ұмтылатын, саясаттан тәжірибесі бар немесе оны жетік меңгерген, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі саяси биліктің жұмысына моральдық тұрғыдан қанағаттанбаған, саяси құрылымды өзгертуге, саяси қарсыластарды мемлекет ішінде де, одан тыс жерлерде де жоямын деп қорқытатын, мемлекеттік билік үшін күресте психологиялық, моральдық, ақпараттық, зорлық-зомбылық шараларын қолданатын тұлға;

1) Әлеуметтік-рөлдік ерекшелігі бойынша: шамамен 30-50 жас аралығындағы бұрын мемлекеттік ұйымдастырушылық-басқарушылық салада жұмыс істеген, қазіргі таңда тұрақты жұмысы бар немесе қоғамдық, саяси жұмыспен айналысатын, жоғары білімді, тұрақты мекенжайы бар, отбасылы, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған Қазақстан Республикасының азаматы;

2) Психологиялық-еріктік ерекшеліктері бойынша: әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, тұрғындардың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуі, өзгеше ойлағаны үшін қудалайтын, оппозицияны басатын тоталитарлық саяси режимдегі билік, сыртқы интервенция сынды жағдайларда революциялық ахуал туындайтын немесе азаматтық соғыс алдында тұрған кезде қоғам алдында өзін борыштымын деп ойлап, өз саяси идеясының дұрыстығына және оны практикалық түрде жүзеге асырылуына сенімділік пен әлеуметтік белсенділікті қамтитын өмірлік белсенді ұстанымда жүреді. Бір жағынан қысым көргендіктен, амалсыздан, екінші жағынан агрессия мен өшпенділік бойын жайлаған негативті сезімі бар. Бойын шыдамсыздық, қысқа жолмен мақсаттарына жетуге ұмтылуда күш қолдану әдістерін қолдану, ымыраға келуден бас тарту, «мақсат құралдарды ақтап шығады» қағидасын

ұстану, өз мүддесін жүзеге асыруда зорлық-зомбылық әрекеттерді жасаудан тайынбау жайлаған;

– діни экстремист – саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін зайырлы мемлекеттік билікке қарсы психологиялық, моральдық, ақпараттық, зорлық-зомбылық шараларын қолданатын, өзінің діни көзқарастары мен сенімдерінің басқа дін өкілдерінен үстем екендігін дәлелдеуді мақсат еткен қандай да бір әлеуметтік діни топтың (сектаның) өкілі;

1) Әлеуметтік-рөлдік ерекшелігі бойынша: 21-29 жас аралығындағы тұрақты жұмысы жоқ, орта немесе арнайы кәсіптік орта білімі ғана бар, тұрақты мекенжайы жоқ, көбінесе пәтер жалдап тұратын, некеде тұрған көп отбасылы, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған Қазақстан Республикасының азаматы;

2) Психологиялық-еріктік ерекшеліктері бойынша: дәстүрлі әлеуметтік қарым-қатынастарды мойындамайды, әлеуметтік құндылықтарға өз қарсылығын білдіреді, қоғаммен жалпы қабылданған нормаларға мойынсынбайды, бөтен мәдениетке, көзқарас пен діншілдікке деген шеткі шыдамсыздық ұстанады. Дау-дамайға, экстремалды жағдайларға, өткір күйзеліске бейім келеді, өзінің экстремистік идеологиясының дұрыстығына соқыр сенімде жүреді, физикалық күшті, атыс қаруын қолдану, қолдан жарылғыш құрылғыларды дайындау және радикалды ағым идеясына көптеген адамдарды өзімен бірге тарту қабілеттілігі бар. Ішімдік пен есірткіге әуес емес;

– ұлтшыл экстремист – бір ұлт екінші ұлтқа үстемдік ететін біртұтас мемлекет құру контекстінде саяси билікке ұмтылатын, көпұлтты мемлекетті жойып, басқа ұлттардың құқықтары мен мүдделерінен бас тартып, өз ұлты өкілдерінің артықшылығы мен бірегейлігін дәлелдеу мақсатында әдет-ғұрыптарды, дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды, тілді және т.б. қорғау ұранымен шығып, басқа ұлт өкілдеріне қатысты алауыздық пен өшпенділікті қоздыруға бағытталған зорлық-зомбылық пен қатыгездікті насихаттауға шақыратын тұлға;

1) Әлеуметтік-рөлдік ерекшелігі бойынша: шамамен 20-35 жас аралығындағы тұрақты жұмысы жоқ, орта немесе арнаулы орта білімі ғана бар, тұрақты мекенжайы бар, ажырасқан немесе некеде тұрған, бұрын әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін ҚҚО көзіне түскен Қазақстан Республикасының азаматы;

2) Психологиялық-еріктік ерекшеліктері бойынша: әлеуметтік-психологиялық толық жетілмеген, дүниетанымдық тұрақсыздық, әлеуметтік тұрмыс-тіршіліктегі қарама-қайшылықтарға бір беткей қарау, максимализм мен әлеуметтік наразылықтардың әртүрлі формаларын көрсетуге бейімділік, кек алушылық, агрессия бойын жайлаған, өз өмірі мен өзгелердің өміріне немқұрайлы қараушылық басым болып келетін әрі ішімдік пен есірткіге әуесқойлығы бар.

2. Экстремистік топ ішінде қылмысты жасаудағы дәрежесіне қарай қатысушыларды келесідей қалыптарға бөлуге болады:

– басшылар (топқа басшылық етеді). Экстремистік топтың басшыларымен қылмыстарды жасаудың бағдарламасы дайындалады, топ мүшелері араларында қылмысты жасар алдындағы рөлдерін бөледі. Экстремистік топтың қағидаларын, жоспарларын, мерзімі мен жүзеге асырудағы құралдарын дайындайды;

– ұйымдастырушылар (тікелей орындаушылар). Топ құрамына жаңадан мүшелерді іздеп, оларды тартуды ұйым, топ идеологтары жүзеге асырады. Сосын топ мүшелерінің идеологиялық және жауынгерлік дайындығын жүзеге асырады;

– орындаушылар (топқа жаңадан қосылғандар немесе көмекші, маңызды емес міндеттерді атқаратындар). Көбінесе қаржылық көмек көрсету, топ жиындарына қатысу және өзге де көмектер көрсету [119, б. 126].

3. Бізбен зерттеу жүргізілген қылмыстық істерде жәбірленген адамдардың жас аралығы әртүрлі, кәмелеттік жасқа толмағаннан бастап зейнет жасына жеткен Қазақстан Республикасының азаматтары. Жәбірленушілер болып қылмысты

жасаған тұлғадан өзге қандай да бір діни конфессиялардың, этникалық топтардың, саяси партиялардың тіпті мемлекеттік органдардың өкілдері болып келеді. Егерде:

– қандай да бір саяси партияның, ұйымның, қозғалыстың әсіресе белсенді өкілдері мен басшыларына қастандық жасалса немесе олардың орналасқан ғимаратына зақым келтірілсе, саяси билік өкілдеріне, отбасына және оның меншігіне қатысты қандай да бір күш қолданса немесе қолданамын деп қорқыту арқылы қысым жасалса саяси экстремизм ретінде;

– құқық қорғау және өзге де экстремизмге қарсы іс-қимылды реттейтін мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, дәстүрлі немесе өзге де діни ұйымдардың өкілдеріне қатысты қандай да бір күш қолданса немесе қолданамын деп қорқыту арқылы қысым жасалса діни экстремизм ретінде;

– қандай да бір нәсілдің, ұлттың өкілдеріне және олардың отбасына, меншігіне қатысты күш қолданса немесе қолданамын деп қорқыту арқылы қысым жасалса ұлттық экстремизм ретінде қарау қажет.

4. Экстремистік бағыттағы қылмыстардың кез келген түрі тек халық қоныс тепкен елді мекендердің шеңберінде, көбінде үлкен қалаларда жасалады. Қаралған қылмыстық істердің материалдарына сәйкес экстремистік бағыттағы қылмыстар жиі ашық мекенде (қасақана кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, жарылыс жасау және т.б.), егер топ құрамында болса кешкі мезгілде жасалады. Соңғы кезде компьютерлік коммуникация мүмкіндіктерін пайдалана отырып ғаламторда тәуліктің кез келген уақытында жасалады.

5. Экстремистік бағыттағы қылмыстық істерді талдай келе, оны жасауға дайындық кезеңінде қылмысты жасау қаруы және құралдары ізделеді, уақыты мен орны анықталады, қылмысты жасауға қатысушылар және қылмыс орнына келу және кету жолдары анықталады.

Аталған қылмыстық істердің материалдарында қылмыс жасау кезінде діни, ұлттық, төзімсіздік сөздерін ашық түрде айтып, қылмыс жасаған тұлға экстремистік бағытта жасалған

қылмыстарды дәлелдейтін ұлттық, діни мәтінде жазылған жазбалары бар заттарды, баспа өнімін, әдейі қалдырып кетеді. Атыс қаруы, қылмыс жасаған кезде зақым келтіретін өзге де құралдар (темір сақа, балға, монтировка) және де бөтелке, сым кейде тіпті аяқ немесе қолмен соққы жасау және т.б. жасалады. Соңғы кездері қылмыс жасаған тұлғалар әдетте экстремистік топ құрамында қаруды, жарылғыш заттарды көп қолданады. Кейбір жағдайларда қандай да бір әлеуметтік топтың (ұлттық, діни) өкіліне қатысты өшпенділік пен араздық ниетімен жасалатын экстремистік бағыттағы қылмыстарда ешбір құрал қолданылмауы да мүмкін.

6. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша із қалдыру механизмі әрқилы болады. Егер де қолдан жазылған жазба болған жағдайда онда жазған тұлғаның қолжазбасы мен жазбада, пайдаланылған жазба құрылғысында (қалам, фломастер және т.б.), бояғышының (краска, сия және т.б.) ерекшеліктері көрініс алады. Егер де баспада басылып жазылған жазбалар болған жағдайда онда баспалардың тіркеуімен айналысатын мемлекеттік органдарда тіркелуі бойынша құжаттары арқылы анықтауға болады. Баспа жазбасы заңсыз баспа өнімдері жайлы болғанда оны дайындаудың әдісін зерттеу белгілі бір қиындықтар туғызады.

7. Экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлғалар жасыру шараларын қабылдайды. Оның ішіне: іздерді немесе аяқ киіміндегі және киіміндегі дақтарды жою, қан дақтарын жуу, қылмыс жасаған қаруды жою немесе жасыру, түсінік беруден бас тарту, кінәсіздігін дәлелдеуден бас тартуды және т.б. жәбірленушіге және қылмыстың куәгерлеріне психикалық және физикалық әсер етулерді жатқыздырады. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша тергеу мен сот тәжірибесін талдай отырып, қылмысты жасауға дайындық сатысында жасыру шараларына көп көңіл бөлінбейді, кейде тіптен жүргізілмейді.

8. Кек алу, бұзақылық немесе жалдамалы себептерге байланысты, бірақ бір уақытта нәсілдік, діни немесе ұлттық жек көрушілік қылмыстың бастапқы себебі ретінде саналады.

Қылмыскердің қандай да бір ұлтты, нәсілді, діннің өкілін жек көру сезімінен және оның «жоғары» нәсілге, ұлтқа жату мен дінін үстем екендігі сезіміне, оның ұлттық, нәсілдік, діни ерекшелігіне немесе өзге ұлттарға немесе нәсілдерге, дін өкілдеріне қарағанда өзінің интеллектуалды және рухани ерекшелігіне байланысты, оның ұлтының (нәсілінің) діни сенімінің өзге ұлттан (нәсілден), дін өкілінің сенімінен айырмашылығы туралы түсінігіне негізделеді.

9. Экстремистік бағыттағы жасалған қылмыстың мақсаты болып әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға тыйым салу сынды конституциялық қағидаларды және адам және азаматтардың жынысына, нәсіліне, ұлтына қарамастан құқықтары мен бостандықтарының теңдігі бойынша конституциямен берілген кепілдіктерді бұзуға бағытталған.

10. Компьютерлік желіні қолдана отырып экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау әдісі экстремистік материалдарды жасап және оны ғаламтор желісінде арнайылап дайындалған сайттарда (парақшаларда) салады. Ақпаратты көпшілік аудиторияға ақпараттық психологиялық әсер ету мақсатында дайындау мен таратуды қамтиды. Компьютерлік желілер мен ғаламтор желісіне қол жетімді кез келген жерлерде және кез келген мезгілде жасалады. Қылмыстық ниеті дайындалған ақпараттық ресурстарда жазып алынған немесе дайындалған экстремистік материалдарды орналастыру жолымен немесе экстремистік әрекеттерге тарту мақсатында өзге де желі қолданушыларымен жазған жазбаларында, парақшалар мен блогтарда талқылау барысында жүзеге асырылады. Компьютерлік желілердің мүмкіндіктері экстремистермен экстремистік идеяларын тарату, жақтастарды табу, оларды әрекеттер тактикасы мен идеология сұрақтарына оқыту, қаржылық қолдауды ұйымдастыру мақсатында пайдалануда. Ғаламтор желісіне кіру жолын жасыру көбінесе ремейлерлерді яғни алғашқы ақпараттарды қабылдап алатын компьютерлерді қолдану арқылы жүзеге асады, жолдаушымен көрсетілген мекенжайға

қайта жолдауға оның ішінде жолдаушы жайлы ақпараттар мекенжайды ауыстыру барысында жойылады, қайта жіберу бағдарламаларында жолдаушының жалған электронды мекенжайларды қолдануы, жолдаушының электронды пошта қызметі мен кері мекенжайы мәліметтерді өзгертуге мүмкіндік беретін анонимизатор бағдарламаларын қолдану, екінші электронды пошта мекенжайын қолдану, файлдарды жоятын зиянкес әртүрлі бағдарламаларды қолданады. Сонымен қатар электронды ақпараттарды жою мен жасыру бойынша ҚҚО қызметкерлерінің кіруіне шектеу қоятын немесе бұғаттау мақсатында компьютерлік серверлерге көптеп шабуылдар жасалады.

Осылайша қылмыскер мен жәбірленушінің жеке тұлғасы, қылмыс жасау әдісі, қылмыс жасау шарттары, қылмыстық қол сұғушылықтың заты, қылмыстың материалдық іздері, қылмыстың ниеті мен мақсаты, қылмыстың жасалуына себеп болатын салдар, себептер мен жағдайлар, қылмыстың іздерін жасыруға бағытталған әрекеттер туралы мәліметтерді қамтитын экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы қалыптастырылған.

2.2 Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудегі қалыпты тергеу ахуалдары

Іс бойынша қалыптасқан нақты тергеу ахуалын шешуге арналған жұмыс жоспары мен бағдарламалық бағдар экстремистік бағыттағы қылмыстарды тиімді тергеп-тексеруге септігін тигізеді. Тергеу ахуалының тұжырымдамасы туралы криминалистика ғылымында ғалымдар арасында нақты бірыңғай пікір жоқ.

1967 жылы А.Н. Колесниченко тергеу ахуалдарына алғашқылардың бірі болып анықтама берген болатын. Оның пікірінше, тергеу ахуалын белгілі бір дәлелдер мен ақпараттық материалдардың болуымен сипатталатын қылмыстарды тергеудегі белгілі бір ереже және соған байланысты туындайтын жинау мен тексерудің нақты міндеттері деп түсіну керек [142, с. 9-10]. Кейіннен қылмыстың жекелеген түрлерін тергеудің криминалистикалық әдісінің негізгі санаттарының біріне айналды. Алайда, осы уақытқа дейін криминалистика мен тергеу практикасында тергеу ахуалының тұжырымдамасы туралы бірыңғай пікір болған жоқ.

Р.С. Белкин өз еңбектерінде криминалистикалық ұсыныстарды тиімді пайдалану үшін тергеу ахуалы туралы, оның тергеу үшін маңыздылығы туралы, оны есепке алудың қажеттілігі туралы айтқан. Р.С. Белкиннің пайымдауынша, тергеу ахуалы – бұл қазіргі кезде тергеу жүргізіліп жатқан шарттардың яғни, дәлелдеу үрдісі өрбитін мән-жайлар жиынтығы [143, с. 131].

А.Н. Васильев пен Н.П. Яблоков: «Тергеу ахуалы – бұл тергеудің белгілі бір сәтінде немесе оның басталғанға дейінгі, берілген сәттің барлық тергеу ерекшелігін сипаттайтын және дәлелдемелік, жедел-ізвестіру, процестік-тактикалық, әдістемелік, ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да маңызды ақпараттың жиынтығымен анықталатын нақты ахуал», – деп есептеді [144, с. 133]. Сонымен қатар тергеу ахуалын қылмыстың криминалистикалық белгілеріне қосатын және оны соңғысының құрылымдық элементі деп санайтын

жеке авторлардың ұстанымын да атап өткен жөн. Мәселен, Д.А. Турчин: «Тергеу ахуалы – бұл оның дамуының белгілі бір кезеңіндегі бір сәттік криминалистикалық сипаттама», – деп көрсетті [145, с. 28]. Аталған көзқараспен біз келіспейміз. Себебі бұл ұғымдардың өзара байланысы тергеудің бастапқы деректері арқылы ғана байқалады және олардың сипаты мен мазмұны тергеу ахуалының кейбір құрамдас бөліктері туралы ғана түсінік береді.

Тергеу ахуалының мазмұнын анықтауға тағы бір көзқарас Е.П. Ищенко мен В.А. Образцовтың еңбектерінде көрінеді. Олардың пікірінше, тергеу ахуалы күрделі, көп өлшемді білім беруді білдіреді, ол әртүрлі жағдайлардың түйісуі, өзара әрекеттесуі мен қарама-қайшылығының өнімі болып табылады және ақпараттық, құқықтық, техникалық-криминалистикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және басқа аспектілерге ие [146, с. 111].

В.И. Брылев тергеу ахуалына қатысты екі тәсілдің қолданылатындығын яғни жағдай мен шарттарды атап өтті [147, с. 204].

Біз қылмыстық іс бойынша қалыптасқан және қылмысты тергеудің қолайлы немесе қолайсыздығын сипаттайтын ақпараттық-логикалық, тактикалық-психологиялық, тактикалық-басқарушылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық жағдайды көрсететін ойлаудың динамикалық моделі ретінде сипаттайтын тергеу ахуалын ұсынған В.Н. Карагодин мен Л.Я. Драпкиннің пікірлерімен келісеміз [148, с. 44].

Қарастырылып отырған қылмыстық істер санаты бойынша бастапқы тергеу ахуалдарының мазмұны мен құрылымы көбінесе тергеп-тексеру органдарының құзырында болатын қылмыс оқиғасы мен оны жасаған тұлғалар туралы криминалистикалық маңызды ақпараттар кешенімен анықталады. Сонымен қатар, мұндай ақпараттар өзінің сипаты мен дерек көзі бойынша әртүрлі болуы мүмкін және де дәлелдемелік маңызға немесе көмекші әрі бағыттаушы сипатқа ие болуы мүмкін.

Криминалистикалық әдебиеттегі қалыпты тергеу ахуалдары, әдетте, тергеудің нақты кезеңіндегі белгілі бір түрдегі немесе топтағы қылмыстар үшін қолда бар ақпараттың көлемі мен мазмұны тұрғысынан сипатталатын ахуалдар ретінде анықталады [149, с. 337].

Адам мен азаматтың заңды құқықтары мен мүдделеріне қарсы, экстремистік себептермен жасалған қылмыстарды сәтті және жедел тергеп-тексеру көбінесе тергеу ахуалының дұрыс және жан-жақты бағалануына байланысты. Бұл тергеп-тексеруді жүргізетін адамға ахуалдың қалыпты сипатына қорытынды жасауға, криминалистикада мұндай ахуал үшін жасалған тергеп-тексеру бойынша әдістемелік-криминалистикалық ұсыныстарды қолдануға мүмкіндік береді.

Бастапқы тергеу ахуалдарын анықтау мен қалыптарға бөлу әрекеттері осы уақытқа дейін экстремистік қылмыстардың жекелеген түрлеріне ғана қатысты жүргізілгенін айта кеткен жөн. Мәселен, Т.А. Аристархова экстремистік себептермен жасалған қылмыстарды тергеудің криминалистикалық сипаттамасы мен әдістемесін жетілдіру мәселелеріне арналған диссертациялық зерттеуінде былай деп жазады: «Экстремистік ниетпен жасалған адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделеріне қарсы қылмыстарды тергеу кезінде бастапқы тергеу ахуалдарының жүйесі негізгі мәліметтер жиынтығы және осындай жағдайлардың қалыптасуына әсер ететін басқа да факторлар негізінде құрылуы мүмкін» [150, с. 9]. В.А. Васильев пен М.В. Ушмарин тергеу тәжірибелерін талдау негізінде экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеудің бастапқы сатысында орын алатын келесі қалыпты тергеу ахуалдарын анықтады:

- қызметіне тыйым салынған ұйымның немесе бірлестіктің экстремистік әрекетті жүзеге асыруы туралы ақпараттың тергеу бөлімшесіне түсуі;

- экстремистік ұйымның немесе бірлестіктің қызметіне қатысуға өз еркімен бас тартқан адамның аталған

құрылымдардың құқыққа қарсы қызметті жүзеге асыруды жалғастырып жатқандығы туралы мәлімдемесі;

– ресми органдардан немесе басқа ұйымдардан хабарламалар (мысалы, мемлекеттік мекемелерден, діни және қоғамдық ұйымдардан, қорлардан және т.б.);

– экстремистік ұйымның қызметіне қатысатын адамдардың туыстарынан немесе отбасы мүшелерінен хабарламалар;

– БАҚ-нан хабарламалар және т.б.;

– БАҚ-нан және жедел-іздігіру қызметінің нәтижелері бойынша материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру органынан келіп түскен және т.б. хабарламалар;

– жедел-іздігіру қызметінің нәтижелері бойынша материалдардың тергеу бөлімшесіне келіп түсуі (қазіргі тергеу практикасына сүйене отырып, қылмыстардың көпшілігін істердің осы санаты бойынша жедел бөлімшелер анықтайды және қылмыстық істер жедел есепке алу істерінің материалдары негізінде қозғалады) [151, с. 123-124].

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасау фактілері бойынша біз зерттеген қылмыстық істер материалдарын талдау көп жағдайда қалыпты тергеу ахуалдарына келесі ақпараттар әсер ететінін анықтауға мүмкіндік берді:

– экстремистік сипаттағы материалдардың болуына ҚҚО мен арнайы қызметтер қызметкерлерінің БАҚ, ғаламтордың әлеуметтік қызметтеріне, ақпараттық технологиялар мен бұқаралық коммуникацияларға мониторинг жүргізу нәтижесінде – 68% (Қосымша Ә);

– жеке және заңды тұлғалардан ҚҚО мен қадағалау органдарына өтініш, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдерінің тиісті өтініштері және т.б. түскен кезде – 32% (Қосымша Ә). Сонымен қатар, анықтамалық әдебиеттерді талдау мен тәжірибе қызметкерлерімен сұхбаттасу нәтижелері басқалар да болуы мүмкін екендігін көрсетті, олар:

– құпия негізде ҚҚО-на көмек көрсететін адамдардан тиісті ақпаратты алған кезде;

– тәулік, апта, ай ішіндегі криминогенді жағдайдың динамикасын көрсететін құжаттар;

– қылмыстық істерде көрсетілген материалдар, оның ішінде куәлардың, куәгерлердің, жәбірленушілердің, күдіктілердің және айыпталушылардың айғақтары;

– экстремистік сипаттағы тұрақты топтардың қызметін, олардың мүшелерін және идеологиялық жағдайын анықтайтын материалдар.

Жасалған экстремистік бағыттағы қылмыстар туралы ақпарат алу кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерін жүргізуді негіздейді. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында тергеудің бастапқы сатысына тән тергеу ахуалдарын нақтылауға мүмкіндік беретін, тергеу әрекеттерін қажет ететін ақпарат пайда болады.

Тергеу ахуалының мазмұнын құруға келесідей факторлар әсер етеді:

– әрбір қылмысты тергеп-тексеруге байланысты пайда болатын мән-жайлар (қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің болуы, басшылыққа алатын ақпараттар; жәбірленуші мен қылмыс жасаған адамның жеке басы туралы мәліметтер, қылмыстық іске қатысты мәліметтер);

– нақты қылмысты тергеп-тексеруге қарамастан пайда болатын жағдайлар (қылмыстық-процестік заңнаманың жалпы ережелері, сот және тергеу тәжірибесі, қылмысты тергеуші тұлғаның тәжірибесі және т.б.).

Осы шарттардың жиынтығы белгілі бір уақыт кезеңіндегі қылмысты тергеп-тексеру жағдайын көрсетеді, сәйкесінше қалыптасқан тергеу ахуалының ерекшелігін анықтайды, төмендегілер оның тұрақты элементтері болып табылады:

а) жәбірленушіден, куәлардан, қылмыстың куәгерлерінен және оны жасаған адамнан алынған ақпарат;

ә) жоғарыда көрсетілген ақпаратты алу мән-жайлары (оқиға болған жерді қарап-тексеру, өзге де тергеп-тексеру немесе процестік әрекеттерді жүргізу барысында);

б) қылмыс туралы ақпарат алу көзі, сондай-ақ тергеу ахуалын шешу тәсілі;

в) қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ететін немесе кедергі келтіретін мәліметтер;

г) тергеп-тексерудің бастапқы сатысында жәбірленуші, куә, қылмыс жасаған адам баяндаған айғақтар.

Көрсетілген элементтерді талдай келе, экстремистік бағыттағы қылмыстық істерді зерттеу кезінде анықталған тергеп-тексерудің бастапқы сатысындағы тергеу ахуалдары қылмыстарды тергеп-тексеру әдістемесінің қажетті элементі болып табылатындығын ерекше атап өтуге болады. Олар қылмысты тергеп-тексеру мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға әрекеттерінің алгоритмін анықтауға мүмкіндік береді.

Қалыпты тергеу ахуалдарын зерттеу сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға жасалған қылмыс туралы тергеу версияларын ұсынуға, оларды тексерудің ең оңтайлы жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тергеудің бастапқы сатысындағы тергеу ахуалдарын түсіну және жүйелеу қылмысты тергеп-тексеруді оңтайландыруға, яғни әр тергеу ахуалы үшін ең оңтайлы тактикалық шешімдерді таңдауға бағытталған [152, с. 122]. Ұсынылған амал шынайы, өйткені бірқатар зерттеушілер оны қолдана отырып авторлық болжамдарын қалыптастырды.

Зерттеулер нәтижесінде Д.Г. Скориков экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеудің бастапқы сатысының қалыпты және қалыпты емес тергеу ахуалдарын ұсынды:

1) жәбірленушінің жеке басы туралы, қылмыс жасаған адамның жеке басы туралы да ақпараттың болмауы, сонымен қатар қылмыстың жасалу себептері анық емес;

2) қылмыс және жәбірленушінің жеке басы туралы ішінара ақпараттың болуы, қылмыс жасаған адам туралы ақпараттың болмауы, себептері түсініксіз;

3) жәбірленушінің жеке басы, оны жасаған адам және оның себептері туралы толық ақпарат бар;

4) экстремистік бағыттағы топтық қылмыс жасау туралы ақпараттың алынуы [27, с. 9-10]. Сондай-ақ Е.В. Алехин қарастырылатын қылмыстардың қалыпты тергеу ахуалдарының төрт буынды құрылымын ұсынды:

Бірінші – қалыпты бастапқы тергеу ахуалы. Экстремистік қоғамдастықтың қызметі туралы ақпарат бар, оның ұйымдастырушысы мен мүшелері белгілі;

Екінші – қалыпты бастапқы тергеу ахуалы. Экстремистік қоғамдастықтың қызметі туралы ақпарат бар, оның ұйымдастырушысы мен мүшелері белгісіз;

Үшінші – қалыпты бастапқы тергеу ахуалы. Экстремистік бағыттағы қылмыс анықталды, оның белгілері оның топ құрамында жасалғандығын көрсетеді;

Төртінші – қалыпты бастапқы тергеу ахуалында тергеушінің іс-әрекеті анықталған қылмыс болғанда экстремистік қоғамдастық қызметінің белгілері анықталған тергеу нәтижесі алдыңғыдан айтарлықтай ерекшеленбейді [153, с. 113-117].

Осыған ұқсас критерийлерді В.С. Капица да қолданды, сондай-ақ ол осы тектес ахуалдардың төрт түрін анықтады:

– жәбірленушінің және де қылмыскердің жеке басы туралы ақпараттың болмауы, қылмыстың себептері жеткілікті анықталмаған;

– ішінара ақпараттың болуы, яғни жәбірленушінің жеке басы туралы ақпарат бар, бірақ қылмыскердің жеке басы туралы мәліметтер жоқ;

– жәбірленушінің жеке басы туралы, қылмыстың себебі мен оны жасаған адам туралы толық ақпараттың болуы;

– адамдар тобының қылмыс жасағандығы туралы ақпараттың болуы [154, с. 85].

В.С. Капица бұл жүйелеуді тергеушінің құзырындағы қылмыстық әрекетке қатысушылардың жеке басы туралы, ішінара қылмыстық ниеті туралы ақпараттың болу-болмау критерийіне негіздеді. Сонымен қатар авторлардың тергеу ахуалының төртінші нысанына (түріне) қатысты ұсыныстары карама-қайшы келіп тұр, өйткені Е.В. Алехин, В.С. Капица

және Д.Г. Скориков оның қатарына адамдар тобы түрінде қоғамдастықтың экстремистік құқық бұзушылық жасауын қосып отыр. Әдетте экстремистік бағыттағы қылмыс жасау жеке және ұжымдық көріністерді қарастырады. Сандық көрсеткіш бұл жағдайда тергеу ахуалын белгілеуге әсер етпейді. Алайда қылмысқа қатысқан адамдар санына қарай жедел-тергеу әрекеттері мен жедел-іздігіру іс-шараларының көлемі шамалас түрде өсетіні даусыз. Сондықтан жоғарыда авторлар ұсынған тергеу ахуалының бұл түрі аталған тергеу ахуалдарының әрқайсысына қатысты түрі деп атаған дұрыс болар еді. Мәселен, О.В. Шлегель ұлттық өшпенділік пен қастандық себептерімен жасалған жеке адамға қарсы қылмыстарды тергеудің бастапқы сатысында тек екі қалыпты тергеу ахуалдарын анықтаумен шектелуді ұсынды: «1) адам өлтіру не денсаулыққа зиян келтіру, не ұрып-соғу, не азаптау, не адам өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру қаупі фактісі, сондай-ақ қылмыс құрбанының жеке басы анықталған; қылмыскер, қылмыстық ниеті, кінәсі туралы мәліметтер жоқ; 2) қылмыс оқиғасы, жәбірленушінің жеке басы және қылмыстың ниеті анықталған; қылмыскер қылмыс орнында немесе оны жасағаннан кейін қолға түскен» [155, с. 7]. О.В. Шлегель экстремистік қылмыстардың бір түрі үшін ғана қалыпты ахуалдарды осылай жүйелеуді ұсынғанын ескергеннің өзінде де бастапқы тергеу ахуалдарының жоғарыда аталған жүйесі өте ауқымды болып отыр. Салдарында жүйелеудің жалпы сипаты мұндай әрекеттерді тергеп-тексерудің бастапқы сатысының тактикалық ерекшелігін толық ашпайды, сонымен қатар, жеке криминалистикалық әдістер негізінде анықталған тергеп-тексерудің бастапқы ахуалдарынан ерекшеленбейді. Мысалы, В.А. Ершовтың бейресми топтардың (қозғалыстардың) мүшелері жасаған азаматтардың өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесінің мәселелеріне арналған диссертациялық жұмысында біз мазмұны мен құрылымы жағынан ұқсас, жалпы бастапқы тергеу ахуалдарының екі түрін көреміз [156, с. 85].

А.Ю. Головин мен Т.А. Аристархова ұсынған тергеу ахуалдар жүйесі келесідей түрде ұсынылып отыр:

– Бастапқы тергеу ахуалының бірінші жалпы түрі қарастырылып отырған қылмыстарды тергеп-тексерудің бастапқы сатысында тергеушіде қылмысты жасаудың негізгі жағдайлары және оны жасаған адамдар туралы жеткілікті ақпарат болған кезде жасалған әрекеттің экстремистік сипаты туралы толық және сенімді ақпараты бар ахуалды білдіреді;

– Бастапқы тергеу ахуалының екінші жалпы түрі қаралып жатқан қылмыстарды тергеудің бастапқы сатысында қылмыстың жасалу жағдайы немесе жасаған адамдар туралы толық ақпараттың болмауы, үзінді түріндегі әрекеттің экстремистік сипаты туралы тергеушінің қолында сенімді ақпараты бар жағдайды білдіреді;

– Бастапқы тергеу ахуалының үшінші жалпы түрі қаралып отырған қылмыстарды тергеп-тексерудің бастапқы сатысы тергеушінің жасалған әрекеттің экстремистік себептері мен мақсаттары туралы ақпарат оны растауды немесе теріске шығаруды талап ететін жағдайын білдіреді [157, с. 23-30].

Біздің ойымызша, жүргізілген эмпирикалық зерттеуді ескерсек, экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудің қалыпты бастапқы тергеу ахуалдарының жүйесі осындай ахуалдардың қалыптасуына әсер ететін негізгі ақпараттық және басқа факторлардың жиынтығынан құрылуы мүмкін. Сонымен бірге, біз бұл жүйенің элементтерін экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеудің бастапқы сатысының үш қалыпты тергеу ахуалы түрінде ұсынуға болатындығын көреміз:

1) экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы ақпараттың болмауы, сондай-ақ қылмыстың жасалу себептері белгісіз;

2) жәбірленушінің жеке басы туралы ішінара ақпарат бар, бірақ экстремистік бағыттағы қылмыс жасаған тұлға мен оның қылмыстық әрекеттерінің себептері туралы ақпарат жоқ;

3) экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы және оның қылмыстық істерінің себептері туралы толық ақпарат бар.

Осылайша, экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру жоғарыда аталған қалыпты тергеу ахуалдарының бірінде орын алуы мүмкін, бұл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның іс-қимыл алгоритмін анықтайды. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша біз ұсынған әрбір тергеу ахуалына тоқталайық:

1 ахуал. Экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы ақпараттың болмауы, сондай-ақ қылмыстың жасалу себептері белгісіз (6%) (Қосымша Ә). Бұл ахуал үшін бастапқы ақпарат кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттері барысында тергеушінің иелігіндегі мәліметтер қолданылады. Олар жалпы тергеу версияларын ұсынуға мүмкіндік береді:

- экстремистік бағыттағы қылмыс жасалған жерді сипаттайтын деректер;

- аталған санаттағы қылмысты жасауға қатысқан адамдардың сипаттамалары, олардың іс-әрекеттерінің белгілері және із қалдыру механизмі.

Осы ақпаратты талдау арқылы жасалған үлгі қылмыс оқиғасын, экстремистік бағыттағы қылмыс жасалғаннан кейін оқиға орнындағы ахуал туралы мәліметтерді сипаттай алады. Қылмыс жағдайында болған өзгерістерді талдау жеке версияларды қалыптастыруға негіз болады. Анықтамалық әдебиеттерді талдау, тәжірибелі қызметкерлермен сұхбаттасу нәтижелері тергеушінің келесі іс-қимыл алгоритмін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

- экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасаудың жалпы жағдайын түсіну мақсатында куәлар мен куәгерлерден жауап алу;

- оқиға орнында табылғанда «ізін суытпай» қызметтік иттерді тарта отырып кинологтардың мүмкіндіктерін пайдалану;

– экстремистік бағыттағы қылмыстың ықтимал куәлары мен куәгерлерін анықтау мақсатында жедел бөлімшелер қызметкерлерінің аулаларды және пәтерлерде аралауды жүргізуі;

– экстремистік бағыттағы қылмыс жасаған адамның жүру бағытын анықтау, бөгеу іс-шараларын жүзеге асыру (торуылдау, аумақты қоршауға алу және т.б.);

– аталған санаттағы қылмыс іздерін табу және келтірілген залалдың көлемін анықтау мақсатында оқиға болған жерді мен оған жақын орналасқан іргелес аумақты қарау;

– экстремистік бағыттағы қылмыс жасауға қатысы бар адамдар тобын анықтау, оларды іздестіруді ұйымдастыру;

– криминалистикалық есептерді қолдану, онда бар ақпаратты тексеру және т.б.;

2 ахуал. Жәбірленушінің жеке басы туралы ішінара ақпарат бар, бірақ экстремистік бағыттағы қылмыс жасаған тұлға мен оның қылмыстық әрекеттерінің себептері туралы ақпарат жоқ (34%) (Қосымша Ә).

Жиналған мәліметтерге сүйене отырып, бұл тергеу ахуалы экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудің бастапқы сатысында кең таралған. Сонымен қатар ол жәбірленушінің, куәлардың, куәгерлердің және т.б. айғақтарына негізделген экстремистік бағыттағы қылмыс туралы ақпараттың ең аз көлемімен сипатталады. Сонымен қатар анықтауға бағытталған тергеу версияларын қалыптастыруға ықпал ететін ақпараттар маңызды:

– қылмыс оқиғалары;

– аталған санаттағы қылмысты жасауға қатысы бар адамдар;

– ықтимал себептер.

Біздің ойымызша, экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленуші арасындағы байланысты біліп алуымыз қажет. Аталған мәліметтер аталған санаттағы қылмысты жасаған адамның жасауына не себеп болғандығын анықтауға қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда баяндалған және қалыптасқан сот және тергеу тәжірибесін талдаудың негізінде, тергеп-тексерудің осы сатысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның іс-қимыл алгоритмі мынадай іс-шараларды қамтиды деп санаймыз:

- оқиға болған жерді қарап-тексеру;
- экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған адамды анықтау;
- жәбірленушілерді, куәларды және қылмыстың куәгерлерін анықтау;
- жәбірленушінің жанынан табылған заттар мен іздерді қарау;
- жәбірленушіні куәландыру;
- болған оқиғаның мән-жайын анықтау мақсатында жәбірленушіден жауап алу;
- сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер алу мақсатында куәлардан және куәгерлерден жауап алу;
- жәбірленушінің туыстарынан жауап алу;
- экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған адамдармен оның ықтимал байланыстарын белгілеу мақсатында жәбірленушінің тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша жауап алу;
- жәбірленушіге сот-медициналық сараптамасын тағайындау;
- объектілерде табылған іздер, сондай-ақ оқиға орнынан алынған заттар бойынша тиісті сот сараптамаларын тағайындау;
- экстремистік бағыттағы қылмыс жасалған аумақта сотпен тыйым салынған экстремистік ұйымдар туралы жедел есепке алу мәліметтерін, ресми ақпаратты пайдалану.

З ахуал. Экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы және оның қылмыстық істерінің себептері туралы толық ақпарат бар (60%) (Қосымша Ө).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға қылмыс оқиғасы, қылмысты жасаған адам мен жәбірленушінің жеке басы туралы толық ақпараттарға ие болады. Жасалған экстремистік бағыттағы қылмыс туралы ақпарат көздері болып, куәгер, жәбірленуші, қылмыскерді ұстаған ПО қызметкерлері болуы мүмкін. Бұл ахуалда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғалардың іс-қимыл алгоритмі мынадай түрде ұсынылады:

- оқиға болған жерді қарап-тексеру;
- жәбірленушіден жауап алуды жүргізу, оны куәландыру;
- қажетті сот сараптамаларын тағайындау;
- экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған адамды ұстау;
- ұсталған адамға жеке тінту жүргізу;
- ұсталған адамның тұрғылықты жері бойынша тінту;
- ұсталған адамнан жауап алу, куәландыру;
- куәлар мен куәгерлерді анықтау, олардан жауап алу;
- куәгер немесе жәбірленушінің тануы үшін күдіктіні көрсету;
- қажетті жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу.

Осы тергеу ахуалдарының әрқайсысын экстремистік бағыттағы қылмысты жасау мен оның белгілерін анықтау арасындағы уақыт кезеңі тұрғысынан қарастыру қажет. Бұл ретте тергеп-тексерудің бастапқы сатысының келесі тергеу ахуалдары болуы мүмкін:

ЖТТ хабарлама алғаннан кейін дереу қылмыс орнына келеді.

Бұл жағдайда жәбірленуші көбінесе қылмыс орнында болады. Мұндай тергеу ахуалында қылмыстың «ізін суытпай» ашуға және кінәлілерді ұстауға болады. Оқиға орнының өзгермеуі осы тергеу ахуалының ерекшелігі болып табылады, осыған байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға және жедел қызметкер мүмкіндігінше жылдам әрі үйлесімді әрекет етуі қажет. Қызметтік-іздістіру итін

қолдану, криминалистикалық тіркеулер мен сот және тергеу тәжірибесі туралы мәліметтер, экстремистік бағыттағы қылмыс орын алған аймақты оқшаулау, куәгерлерден сұрау және т.б. айтарлықтай оң нәтижелер бере алады.

Н.П. Яблоковтың пайымдауынша, жедел-ізвестіру және тергеу қызметінің нәтижелілігі көбінесе қылмыстың анықталған іздерінен қылмыс туралы криминалистикалық маңызы бар ақпаратты алу үшін әртүрлі мамандардың көмегін, криминалистикалық зерттеу әдістерін барынша пайдалануға байланысты [134, с. 718].

Тергеп-тексерудің бастапқы сатысының осындай тергеу ахуалы үшін қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға жасалған әрекеттің бастапқы версияларын ұсына алады, бұл ретте ол қылмысты жасау және жасыру тәсілі, себептері туралы деректерді, қылмыс орнында экстремистік бағыттағы қылмыстың себебін көрсететін объектілердің болуы, жәбірленушінің жеке басы және ықтимал қылмыскерлер тобы сынды деректерді қамтитын қолда бар ақпаратты негізге алады.

2. Экстремистік бағыттағы қылмыстың жасалуы мен оны анықтау фактісі арасында белгілі бір уақыттың өтуі жасалған экстремистік бағыттағы қылмысты «ізін суытпай» ашуды қиындатады. Аталған ахуал үшін негізгі міндет жәбірленушінің жеке басын анықтау, ол үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы тұлға жәбірленуші туралы барлық ақпаратты анықтауы керек.

Экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған адамдарды анықтау мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға іздің пайда болу механизмін және оқиға болған жердің элементтерін бекітуді және анықталған дәлелдемелерді оқшаулауды мұқият зерделеуі тиіс. Экстремистік бағыттағы қылмысты жасауға қатысы бар адамдарды анықтау мақсатында ҚҚО-ның қызметкерлері қажетті тергеу әрекет-

терін (оқиға болған жерді қарап-тексеру, куәлар мен куәгерлерден жауап алу) және жедел-ізвестіру іс-шараларын (қылмыс жасауға қатысы бар адамдардың шеңбері анықталады, соңғылардың тәрбиесі мен өмір сүру жағдайларын, мүдделерін, бейресми бірлестіктерге қатыстылығын) тексеру жүзеге асырылады.

3. Экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған адам ұсталды. Бұл жағдайда келесі тергеу ахуалдары туындайды:

а) ұсталған адам айғақ беруден бас тартты;

ә) ұсталған адам өзінің кінәсін ішінара мойындайды, бұл қылмыстың абайсыз екенін, жәбірленушіні өлтіру қажетті қорғаныс жағдайында болғанын дәлелдейді;

б) ұсталған адам жасаған кінәсін толық мойындайды және мойындау айғақтарын береді.

Қалыпты тергеу ахуалдарын белгілеу экстремистік бағыттағы қылмысты ашу жөніндегі қызметтің басында қалыптасқан жағдайға бағдарлау мақсатында өте маңызды, өйткені оның нәтижелері көбінесе тергеп-тексерудің бастапқы сатысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның іс-әрекеттерінің дұрыстығы мен жылдамдығына тікелей байланысты.

Осылайша, айтылған қалыпты тергеу ахуалдарының бірі жағдайында экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін, бұл негізінен осы қылмыстық істі кейіннен тергеп-тексеру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның іс-қимыл алгоритмін анықтайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, аталған тарау бөлігі бойынша бірқатар қорытынды жасауға болады, атап айтқанда:

1. Экстремистік бағыттағы қылмыс туралы алғашқы жедел-маңызды ақпаратты алу көздері:

– экстремистік қылмыс жасау фактілері туралы ҚҚО-на мәліметтерді хабарлайтын азаматтар;

– қызметтік жұмысты жүзеге асыру нәтижесінде алынған ақпаратты ұсынатын ҚҚО-ның қызметкерлері;

– жедел-ізвестіру қызметі барысында құпия көмекшілердің хабарламалары;

– тәулік, апта, ай ішіндегі жедел жағдайдың динамикасын көрсететін құжаттар;

– қылмыстық істерде көрсетілген материалдар, оның ішінде куәлардың, куәгерлердің, жәбірленушілердің, күдіктілердің және айыпталушылардың айғақтары;

– экстремистік сипаттағы тұрақты топтардың қызметін, олардың мүшелерін және идеологиялық жағдайын анықтайтын материалдар.

Экстремистік бағыттағы жасалған қылмыстар туралы ақпарат алу тергеп-тексерудің бастапқы сатысына тән тергеу ахуалдарын нақтылауға мүмкіндік береді.

2. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудің бастапқы сатысында орын алатын қалыпты тергеу ахуалдары тұжырымдалды, соның негізінде тергеуші іс-әрекетінің алгоритмі әзірленді және тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктері анықталды:

1 ахуал: экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы ақпараттың болмауы, сондай-ақ қылмыстың жасалу себептері белгісіз;

2 ахуал: жәбірленушінің жеке басы туралы ішінара ақпарат бар, бірақ экстремистік бағыттағы қылмыс жасаған тұлға мен оның қылмыстық әрекеттерінің себептері туралы ақпарат жоқ;

3 ахуал: экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы және оның қылмыстық істерінің себептері туралы толық ақпарат бар.

Қалыпты тергеу ахуалдары экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудің негізгі бағыттарын анықтауға, әр тергеу ахуалына сәйкес тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктерін анықтауға және оңтайлы алгоритмді таңдауға мүмкіндік береді.

2.3 Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудегі жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктері

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қарсы экстремистік бағыттағы қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикалық ерекшеліктері бірқатар шарттарға байланысты:

Біріншіден, мұндай тергеу әрекеттерін жүргізу – осы тектес қылмыстарды кейіннен қылмыстық-құқықтық дәреже-леу үшін маңызды рөл атқаратын нақты әрекеттерді немесе жалпы қылмыстық әрекетті жасаудың экстремистік ниетін анықтау мәселесін шешуді болжайды;

Екіншіден, аталған санаттағы қылмыстар топтық және ұйымдасқан сипатқа ие, бұл тергеу әрекеттерінің тактикалық міндеттерін анықтайды, олар криминалистикалық маңызды ақпаратты жинауға, оның ішінде айғақтарды алуға және тексеруге бағытталған;

Үшіншіден, жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу қазірдің өзінде көрсетілген немесе әртүрлі нысандарда жүргізілген тергеп-тексеруге қарсы іс-қимылмен бірге жүруі мүмкін, оны тергеуші де ескеруі керек;

Төртіншіден, қарастырылып отырған экстремистік әрекеттердің белгілі бір бөлігін жасаудың жоғары технологиялық сипаты (мысалы, компьютерлік жабдықтарды немесе телекоммуникациялық желілерді пайдалану арқылы) тергеушінің өзіне де, тергеу әрекеттеріне қатысуға тартылған басқа адамдарға да, осындай адамдардың шеңберін дұрыс анықтауға қосымша кәсіби талаптардың қажеттілігін көздейді.

Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша қылмыстық істерді тергеп-тексерудің тиімділігі жүргізілетін тергеу әрекеттерінің дұрыстығы мен сапасына байланысты. Бізбен зерттелген қылмыстық істер материалдарын талдауда ең көп жүргізілетін тергеу әрекеттері – оқиға болған жерді қарап-тексеру, жауап алу, тінту мен алу және сот сараптамаларын

тағайындау болып табылады. Біз сот сараптамаларына осы тарау бөлігінде тоқталмай қалған тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикалық әдістерін толығырақ қарастырамыз.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру. Монографиялық жұмысымызда аталған санаттағы қылмыстық істердің материалдары – барлық қылмыстық істер бойынша (100%) оқиға болған жерді қарап-тексеру жүргізілетінін көрсетті. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғада жасалған қылмыстың негізгі мән-жайлары туралы, болған әрекеттің экстремистік сипатын қоса алғанда ешқандай ақпарат болмаған жағдайда, оқиға болған жерді қарап-тексеру криминалистикалық маңызды ақпаратты алуда ерекше рөл атқарады [158, с. 33] (Қосымша Ә). Біз зерттеген экстремистік бағыттағы қылмыстық істер материалдарын талдау нәтижесі оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде келесі кемшіліктерді анықтады: техникалық-криминалистикалық құралдар толық көлемде қолданылмайды; әртүрлі білім саласының мамандары тартылмайды; оқиға болған жерді қарап-тексеру тактикасын білмеу; оқиға болған жерді қарап-тексеруді формальді жүргізу.

Қылмыстық істердің зерттеу нәтижелері көрсеткендей, іс жүзінде қорғау тарапы олардың көбінесе формальді, процедуралық сипаттағы заң бұзушылықтарға жол беретіндігін алға тартады. Бұл экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша тергеу тәжірибесінде өте кең таралған дәлелдеу үшін қиындықтар туғызады. Оған дәлел ретінде, №1-444/12 санды қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасы ҚК-нің 258-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасады деп айыпталған Л. есімді айыпталушының қорғаушысы оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын жол берілмейтін дәлелдеме деп тану туралы өтінішті мәлімдеді, өйткені Ф. есімді азамат тергеу әрекетіне қатысу фактісін растамады, сонымен қатар ол пәтерді қарап-тексеру мен заттай дәлелдемелерді алу кезінде болмағандығын мәлімдеуін айта аламыз [128].

Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында қалыпты іздер маңызды ақпарат болып табылады: адам (оның қолдарының, аяқтарының, тістерінің және т.б.) іздері, іздердің биологиялық шығу тегі (қан, сілекей, шәует және т.б.), қару-жарақ (суық, атыс, жарылғыш құрылғылар және жарылғыш заттар), түрлі құралдар, көлік құралдары және т.б. Оларды табу және зерттеу тактикасы көбінесе қылмыс жасау әдісімен анықталады – адамның өміріне, денсаулығына, құқықтарына заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғушылық болды ма, қылмыстық мақсатқа жету үшін қандай құралдар қолданылды, қандай зардаптар болды және т.б.

Аталған санаттағы қылмысты жасау әдісінің маңызды ерекшелігі оның ажырамас сипаты. Кінәлінің әрекеті ұлттық, діни және басқа да жеккөрушілік ниеттерінің болуын мәлімдейтін әрекеттермен немесе мәлімдемелермен бірге жүреді. Тиісінше, оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде әлі қалыпты емес іздерге назар аудару керек. Осыған байланысты кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерінің дайындық сатысында мынадай мәселелерге көңіл бөлінеді:

– оқиға болған жерді қарап-тексеруге қатысатын адамдардың құрамы. Әдетте ЖТТ-ның құрамына тергеуші, жедел қызметкер, маман криминалист, учаскелік полиция қызметкері қатысады. Қарастырылып отырған қылмыс түрі өз сипатына сәйкес, қатысушылардың саны жағынан да, қылмыс жасалған жерлерде де өте көлемді болып келеді. Осыған байланысты ЖТТ құрамына қатысушылардың кеңейтілген құрамын енгізу не бірнеше ЖТТ құру маңызды мәнге ие;

– қай білім саласында қандай мамандар қажет болады немесе пайдалы болуы мүмкін, қандай техникалық құралдар қажет болуы мүмкін. Зерттелетін қылмыстардың ерекшелігі, зерттелген қылмыстық істерді талдау нақты деректерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдаланудың тиімді процесіне ықпал ететін білімді мамандарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл топқа әртүрлі саладағы мамандар кіреді, мысалы, криминалист, лингвист, теолог, шет тілін білуші және т.б.;

– оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында қандай ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану қажет. ПО-ның тергеуіндегі қылмыстық істер санаттарын тергеу практикасын тексеру кезінде қолданылатын ғылыми-техникалық құралдарды сенімді түрде анықтауға мүмкіндік береді, олардың ішінде: цифрлық камера, бейнекамера, көрінбейтін, нашар көрінетін, көлемді және т.б. іздердің түрлерін өлшеуге, анықтауға арналған құралдармен жабдықталған бірыңғай чемодан. Қоршаған ортадағы әртүрлі құбылыстарды тез арада бекітудің маңызды құралы смартфон, оның функцияларына фото және видео түсірудің әртүрлі режимдері, аудио жазу, қажет жерге бағдарлау және т.б. табылады;

– ҚҚО-ның басқа да қызметкерлерін оқиға болған жерді қарап-тексеруге тарту. Экстремистік бағыттағы қылмыстардың өзектілігі күмән тудырмайды, осыған байланысты бастапқы сатысында ПО қызметтері арасындағы тиімді өзара іс-қимыл тергеп-тексерудің жеделдігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Мысалы, тексерудің бастапқы сатысында қылмыстың ықтимал іздерінің сақталуы және қоғамда жасалған жолын кесу туралы теріс ақпараттың таралуына жол бермеу маңызды. Осыған байланысты жедел қызметтердің қызметкерлері, учаскелік, патрульдік-күзет қызметі оқиға орнын қоршауды және күзетуді жүзеге асырады [150, с. 171].

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәжірибесі көрсеткендей, оқиға болған жерді қарап-тексерудің жұмыс сатысы жалпы және егжей-тегжейлі тексеру арқылы келесі шараларды жүзеге асырады.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында жүзеге асырылады:

- қоршаған кеңістікті тексеру шекараларын айқындау мақсатында оқиға орнына шолу;
- бастапқы нүкте және тексеру әдісі туралы мәселені шешу;
- бағдарлау және шолу фотосуреттерін шығару үшін позицияларды таңдау және оларды жүзеге асыру.

Қылмыстың барлық санаттары үшін осы тергеп-тексеру әрекетіне тән міндеттер егжей-тегжейлі қарап-тексеру барысында шешіледі, атап айтқанда:

- объектілер мұқият және егжей-тегжейлі тексеріледі, ол үшін оларды орнынан жылжытуы, төңкерілуі және т.б. мүмкін;

- оқиға болған жерде және жекелеген объектілерде қылмыскерді іздеуге және табуға шаралар қабылдайды.

Сонымен қатар экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің жұмыс бөлігінің егжей-тегжейлі сатысы мыналарды көздейді:

- материалдық іздерді іздеу, соның ішінде биологиялық шығу тегі;

- экстремистік бағыттағы қылмыстардың жасалғанын куәландыратын іздердің болуын анықтау. Бұл:

- экстремистік нышандары бар киімдер мен заттар;

- экстремистік мазмұндағы баспа өнімдері;

- экстремистік сипаттағы мазмұны бар электрондық құрылғыларды анықтау болуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуде маман-криминалистер айтарлықтай көмек көрсетеді. Бұған Ч.Н. Назаркулова өз зерттеуі барысында келесілерге назар аударды:

- 1) оқиға орны аумағының және қылмыс іздері қалуы мүмкін учаскелердің шекараларын анықтау;

- 2) фото-бейне түсірілімнің барлық түрлерін жүргізу;

- 3) материалдық іздерді табу, оларды бекіту, алу және орау;

- 4) табылған іздер мен объектілерге қажетті өлшеулер жүргізу, сондай-ақ олардың көшірме бедерлерін жасау;

- 5) салыстырмалы зерттеу үшін заттар мен материалдардың үлгілері мен сынамаларын іріктеу;

- 6) іздердің пайда болуының ықтимал механизмін анықтау, сондай-ақ қылмыс жасау әдісін анықтау;

- 7) қажет болған жағдайда тірі адамдар мен танылмаған мәйіттерді қарап-тексеру және оларды дактилоскопиялау;

8) хаттамаға енгізу үшін іздердің сипаттамасын, оларды табу орнын, анықтау және алу тәсілдерін дәл сипаттау;

9) оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасына жоспарлар мен сызбаларды, фотокестені және т.б. дайындау [159, с. 125].

Егер тексеру барысында экстремистік мазмұндағы баспа-, аудио-, бейне- немесе өзге де өнімдер табылса, шығыс деректерін анықтауға және тіркеуге ерекше назар аудару қажет:

- баспа басылымдарын, аудио, бейне немесе өзге де өнімдерді дайындау орындары;

- тиісті мазмұндағы баспа басылымдарын, аудио, бейне немесе өзге де өнімдерді тарату деректері;

- баспа басылымдарының (үнпарақтар, брошюралар, әдебиеттер) аудио, бейне немесе өзге де өнімдердің тарату деректері;

- баспа басылымдарын, аудио, бейне немесе өзге де өнімдерді және т.б. дайындауға арналған құралдардың орналасқан жері.

Бірақ олардың болуына назар аударып қана қоймай қылмыс жасалған жерге жақын жерде орналасқан жылжымайтын заттарға, бір-біріне және тергеуге қызығушылық танытатын басқа объектілерге қатысты нақты орнын белгілеу қажет. Б.М. Исатаеваның жұмысында олардың таралу орнын ғана емес, сонымен қатар егер қылмыс жасалған кезде баспа басылымдары немесе олардың бөліктерінің таратылуы көзделсе немесе таратылса, олардың шығарылған орнын да белгілеудің маңыздылығын атап өтті: қолжазба жасау; қолжазбаны редакциялау; макеттің түпнұсқасын дайындау; қажетті шығын материалдарын сақтау; басылымды тираждау; дайын баспа басылымдарын сақтау [160, с. 58]. Сонымен қатар осы орындарды қарау кезінде тиісті баспа өнімін дайындау фактісін растаумен қатар оны дайындауға қатысы бар адамдардың шеңберін белгілеуге мүмкіндік беретін криминалистикалық маңызы бар ақпарат алынуы мүмкін.

Тиісті баспасөз басылымын, аудио, бейне немесе өзге де өнімді дайындау немесе сақтау орнында ұқсас объектілер табылған жағдайда олардың бір бүтін нәрсеге тиесілігі анықталуы мүмкін, бұл өз кезегінде белгілі бір жерде болған және буып-түйілген баспа, аудио, бейне немесе өзге де өнімнің таратылу фактісін растайды. Сондай-ақ, тергеу үшін белгілі бір қызығушылық тудыратын ақпараты бар компьютерлік техника орналасқан үй-жайлардың оқиға болған жерді қарап-тексерудің өзіндік ерекшеліктері бар. Көрсетілген жағдайда қарап-тексеру келесі сәттерді ескере отырып іске асырылады:

- компьютерлер, серверлер, байланыс құралдары әртүрлі жерлерде болуы мүмкін болғандықтан бірнеше үй-жайларды тексеру;

- желілерді басқару басқа жерден қашықтан да жүзеге асырылуы мүмкін;

- көрсетілген орындарда байланыс құралдарының, оның ішінде пайдалануға тыйым салынған компьютерлік техника, бағдарламалау, хакинг саласындағы әртүрлі әдебиеттер, оның ішінде түрлі тасығыштардағы аудиожазбалар мен бейнефильмдер, ақпаратты сақтау және беру құралдарының болу мүмкіндігі. Осыған байланысты қажетті болып ұсынылады:

- 1) оқиға болған жерді қарап-тексеруге компьютерлік техника және ақпараттық технологиялар саласының мамандарын қатысуын қамтамасыз ету;

- 2) ЖТТ мүшелеріне нұсқау беру;

- 3) қажетті компьютерлік құралдарды дайындау;

- 4) компьютерлік техника және ақпараттық технологиялар саласында білімі бар куәгерлердің қатысуын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар арнайы ғылыми әдебиеттерде көрсетілген осы санаттағы қылмыстық істер бойынша сараптаманы жүргізу туралы ұсыныстарды қорытындылай келе, қолдануға болатын негізгі тактикалық әдістерді келесідей бөлеміз:

- кез келген адамға (маманнан басқа) тексеру орнындағы компьютерлік техникаға қол тигізуге тыйым салу (қосу немесе өшіру, кез келген басқа әрекеттерді орындау). Бөгде адамдар үй-жайдан шығарылуға тиіс;

– егер мұндай әрекеттердің нәтижесі алдын ала белгілі болмаса, компьютерлік жабдықпен қандай да бір операция жасауға тыйым салу;

– тексеру кезінде компьютерде жұмыс істейтін бағдарламалардың сипатын анықтау;

– компьютерлік жабдықтар қызметінің сипатын зерттеуден: жаһандық желіге қосылған ба, қосымша жабдықтардың болуы (сканерлер, принтерлер, модемдер және т.б.).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруші тұлға оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасында техникалық құрылғылар арасындағы қосылыстың сипатын, өзге техниканы қосуға арналған ажыратқыштардың болу болмауын көрсету керек:

– компьютерде жұмыс істеген бағдарламалардың сипатын, экранда не көрсетілген соны хаттамаға толықтай сипаттамасын жазу;

– қажетті ақпаратты көшіру алдын ала дайындалған техникалық тасығыштарда жүзеге асырылуы керек. Көшіру қажет болмаған кезде жүйелік блокты немесе өзге де машиналық ақпарат тасығышты алып қою қажет;

– алынған объектілерді олардың бүлінуін болдырмайтын тәсілмен орау керек. Алынған объектілерді сақтау процесінде алынған объектілерді және олардағы ақпаратты сақтау үшін барлық шараларды қолдану керек.

В.В. Крылов компьютерлік ақпарат тасығыштарды алып тастауды және олардың қаптамасын аппаратураны анықтау орнындағыдай дұрыс және дәл, зертханалық жағдайларда немесе тергеу жүргізу орнында мамандардың қатысуымен біріктіруге болатындай етіп жүзеге асыруды ұсынады [161, с. 74].

Оқиға болған жерді қарап-тексерудің соңғы сатысының регламенттелуі Қазақстан Республикасы ҚПК 199 және 224-баптарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын жасау болып табылады. Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасында Қазақстан Республикасы ҚПК 199-бабында көрсетілген міндетті атрибуттармен қатар мыналар сипатталады:

– қарап-тексеру кезінде жүргізілетін барлық іс-әрекеттер, сол сияқты олар қандай ретпен жүргізілгені және қарап-тексеру кезінде қандай түрде байқалғаны анықталған барлық іс-әрекеттер;

– хаттамада қарап-тексеру кезінде алынған барлық объектілер атап шығады және сипатталады;

Сонымен қатар, хаттамада көрсетілуі керек:

– тексеру қай уақытта, қандай ауа-райында және қандай жарықта жүргізілді;

– қандай ғылыми-техникалық құралдар қолданылды және қандай нәтижелер алынды;

– көрсетілген тергеу әрекетін жүргізуге кім тартылды және бұл қатысу нені білдірді;

– қандай нысандар мөрленген және ол қандай мөр;

– іс үшін маңызды тексеруден кейін адамның мәйіті немесе заттар қайда жіберілді.

Жауап алу. Жауап алу жиі қолданылатын тергеу әрекеті болып табылады. Жауап алу жауап алынатын адамнан дәлелдеу нысанасын айқындауға түсетін өзіне белгілі ақпаратты алу рәсімімен сипатталады.

А.Г. Кан жауап алуды қылмыстық-процестік заңымен регламенттелген және жауап алынатын адамнан өзіне белгілі, қылмыстық іс үшін маңызы бар және дәлелдеуге жататын мән-жайлар туралы толық және объективті айғақтарды тікелей алу және қылмыстық қудалау органының белгілеу процесі болып табылатын тергеу әрекеті ретінде айқындайды [162, с. 95].

К.Ж. Капсаламовтың пікірінше, жауап алу – бұл қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәніне кіретін жауап алынушыдан белгілі болған айғақ нысанындағы қылмыстық-процестік заңнамамен бекітілген тергеп-тексеру органымен немесе сотпен алынған және бекітілген тергеулік және соттық әрекет [163, с. 18]. Жоғарыда келтірілген жауап алу анықтамаларына сәйкес, оның қылмыстық іс бойынша қажетті тергеу әрекеті екендігімен келісе отырып, қызметкерлермен сұхбат жүргізу барысында олардың тергеу тәжірибесінде экстремистік

бағыттағы қылмыстық істер бойынша аталған тергеу әрекетінің ең көп кездесетінін атап өтті, өйткені аталған қылмыстың негізгі объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылады. Сонымен қатар монографиялық жұмысты жазу барысында Атырау облысы мен Алматы қаласының ауданаралық қылмыстық істер бойынша мамандандырылған соттарымен қаралған 41 қылмыстық іс материалдарын зерделеу нәтижесі басым көпшілігі (90%-дан астамы) дәлелдердің негізін жәбірленушілердің, куәлардың және күдіктінің жауап алу барысында берген айғақтары құрайтынын көрсетіп отыр (Қосымша Ө). Осылайша экстремистік бағыттағы қылмыстық істердің материалдарын талдау барысында ең көп таралған тергеу әрекеттерінің бірі жауап алу болып табылатындығын атап өткен жөн. Бұл мәлімдемені №2311-16-00-1/578 санды қылмыстық іс материалдары растай алады, соған сәйкес 2015 жылы Атырау қалалық ІІБ А. есімді азамат қызметіне соттың шешімімен тыйым салынған «Ат-Такфир уаль-Хиджра» халықаралық экстремистік ұйымына тартуға тырысқан және насихаттаған М. азаматына қатысты арызданған. Арызданушының айғақтарынан 2014 жылдың жазында М. есімді азамат, А. есімді азаматтың бұрынғы жұбайын «Вконтакте» әлеуметтік желісіндегі «Иман жастары» тобына жазылу арқылы «Ат-Такфир уаль-Хиджра» халықаралық экстремистік ұйымына тартқан және тыйым салынған «Ат-Такфир уаль-Хиджра» халықаралық экстремистік ұйымының «Абдулхақ жамағаты» мүшесі болған Б. есімді азаматпен байланыс орнату және тәкфиршілдік идеологиясы бойынша діни білім алуға насихаттаған. Өз кезегінде А. есімді азамат М. есімді азаматтың ұсынысы бойынша «Иман жастары» тобына кіріп, ондағы материалдармен танысып, «Иман жастары» тобындағы материалдар «Ат-Такфир уаль-Хиджра» халықаралық экстремистік ұйымының идеологиясына жататынына көз жеткізгеннен соң топтан шығып, Б. есімді азаматпен байланыс орнатудан бас тартқан. Аталған факті бойынша Атырау қаласы бойынша ІІБ Қазақстан Республикасы ҚК 256-бабының 2-бөлігінде және 405-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыс белгілері

бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Жүргізілген бірінші кезектегі жедел-іздігіру іс-шаралары барысында М. есімді азамат ұсталып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары оған қатысты «қамауға алу» бұлтартпау шарасын тағайындады [128].

Сотқа дейінгі өндірісте жауап алудың қазіргі жағдайының көптеген қиындықтары бар және олар экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру кезіндегі талаптарға жауап бермейді. Эмпирикалық материалдарды зерттеу, зерттелген қылмыстық істер және тәжірибе қызметкерлерімен сұхбаттасу негізінде біз келесі кемшіліктерді анықтадық:

- жауап алу тактикасының дұрыс таңдалмауы, мәселен, жауап алушылармен сұхбаттасу тактикасының ерекшеліктерін білмеу;

- жауап алатын адамдардың тиісті біліктілігінің болмауы;

- жауап алуда заманауи технологияларды іс жүзінде қолданбау;

- айғақтар алу мақсатында физикалық және психикалық мәжбүрлеуді қолдану мәселесі;

- қызмет бабын асыра пайдалану.

Бір жағынан қатаң реттеу, екінші жағынан тактикалық әдістерді таңдау еркіндігі жауап алудың ерекшелігі болып табылады. К.А. Алексанян тергеушідегі жедел кеңістік тергеушіге жауап алудың ең тиімді тактикасын және тергеу әрекетін жүргізуде қолданылатын тиісті тактикалық әдістерді таңдауда көмектесетін белгілі бір жүйені құруға және жұмыс істеуге мүмкіндік беретіндігін атап өтті [164, с. 267].

Қазақстан Республикасы ҚПК 210-бабының 4-бөлігіне сәйкес жауап алу барысында жетелеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады, дегенмен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға жауап алудың тактикалық тәсілдерін таңдауда шектеу қойылмайды [133].

Жауап алынатын әсерге куәлік беруге немесе азғындық әрекеттерге мәжбүрлемейтін тактикалық әдістерге ғана рұқсат етілетіндігін көрсеткен авторлардың пікірімен келісуге

болады [165, с. 23]. Сонымен қатар жауап алу кезінде қолданылатын тактикалық әдістер алдауға негізделмеуі керек, өйткені егер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға куәгердің айғақтарының мағынасын бұрмаласа күдікті жасамаған қылмыстағы кінәні мойындау ең дұрыс шешім деп санап, қылмыстың жасауына өзін-өзі сендіруі мүмкін. Жауап алу тактикасын таңдаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға жауап алынатын адамның теріс ұстанымын бейтараптандыруы және бұл ретте оның құқықтары мен өзге де процестік нормаларын бұзбауы қажет.

Қаралып отырған қылмыстар тобын тергеп-тексеру кезінде жауап алу басқа дінге, белгілі бір ұлттық сипатқа ие, әдет-ғұрыптарға қатысты басқа ұлттан, діннен ақпарат алумен байланысты болып келеді. Мұнда жауап алынатын адам сот ісін жүргізу тілін білмеген немесе жеткілікті білмеген кезде жауап алу күрделене түсуі мүмкін. Жауап алынатын адам терең діни-экстремистік көзқарастарды ұстанған және тергеуге қарсы барлық әрекеттерді жасаған кезде жауап алу қиын болуы мүмкін. Нәтижесінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғада психологиялық байланыс орнатуда, кейбір терминдерді, тілді түсінуге байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Аталған мәселелерді шешу мақсатында әртүрлі білім салаларының мамандарын тарту ұсынылады, себебі бұл сұрақтардың дұрыс қойылуына және жауап алынушыны жақсы түсіну үшін керек.

Ұлттық немесе басқа жеккөрушілік немесе дұшпандық себептермен жасалған қылмыстарды тергеу кезінде әлеуметтік психология, лингвистика саласындағы маманның білімі жауап алу кезінде пайдалы болуы мүмкін.

Діни өшпенділік немесе дұшпандық себептері бойынша жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде жауап алуға дінтану немесе теология саласындағы маманды тарту орынды.

Қылмыс ұлттық, діни немесе өзге де өшпенділікті немесе дұшпандықты қоздыратын материалдарды жасау және

тарату жолымен жаһандық ғаламтор желісі көмегімен жасалған жағдайда ақпараттық технологиялар саласының маамын жауап алуда тарту қажет.

Ч.Н. Назаркулова жоғарыда айтылғандарға қоса жауап алуға бейнетаспаға түсіруді жүргізу үшін криминалист маманды күдіктіден жауап алу кезінде тартқан жөн деп санайды. Бұл пікірге біз осы санаттағы қылмыстық істерді зерттегеннен кейін келдік, олар көбінесе сотталушылар алдын ала тергеу барысында берген айғақтарынан бас тартатынын, оларға психологиялық және физикалық қысым жасағандығымен дәлелдейтінін көрсетті. Бейнежазбаның болуы сотқа жауап алуға қатысушылардың жағдайын, сондай-ақ тергеу әрекеті болған жағдайды өз көзімен көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар күмән туындаған жағдайда сот бейнежазбаға сот-психологиялық немесе сот-сараптамалық психологиялық-психиатриялық зерттеуді тағайындай алады [159, с. 126].

Жәбірленушіден жауап алу. Ақпараттың көлемі бойынша жәбірленушіден жауап алу маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 71-бабына [133] сәйкес, өзіне қатысты тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен моральдық, дене немесе мүліктік зиян келтірілген деп пайымдауға негіз бар адам қылмыстық процеспен танылады. Әдетте, жәбірленуші қылмыс оқиғасы туралы басқаларға қарағанда көбірек ақпарат бере алады, сондықтан экстремистік бағыттағы қылмыстық әрекеттің белгілері туралы хабарлама немесе мәлімдеме алғаннан кейін мүмкіндігінше қысқа мерзімде жауап алу қажет. Осы орайда біз Э.О. Самитовпен келісеміз, ол: «Тергеуші жәбірленушіден жауап алуға мұқият дайындалуы керек», – деп санайды. Жауап алудың алдында жәбірленушінің жеке басының қасиеттері туралы ақпарат алу керек, мысалы, жәбірленушімен алдын ала әңгімелесу және оның сыртқы келбетіне, білімі мен мәдениетінің деңгейіне, сөйлеу мәнерінің ерекшелігіне, тергеушінің әрекетіне психофизиологиялық реакциясына, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеу органдарына көмектесуге немесе оқиғаның кейбір жағдайларын жасыру ұмтылысына назар аудару қажет.

Жәбірленушінің жеке басы туралы ақпарат тергеушіге жауап алынатын адаммен психологиялық байланыс орнатуға, жауап алуда қолданылатын ең дұрыс әдістер мен тактикалық әдістерді таңдауға көмектеседі [166, с. 14].

Жәбірленуші жиі күйзеліске ұшырайтындықтан және заңда жәбірленушіден жауап алу кезінде психолог-маманның қатысу мүмкіндігі тікелей көзделмегенімен, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасына байланысты жәбірленушінің, куәнің психологиялық күйзелісін алып тастауға көмек көрсету мақсатында арнайы маманды шақыруға құқылы, мұны Қазақстан Республикасы ҚК 125-бабы 2-бөлігінің а, в, г тармақтарында, 233-2-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыс құрамының белгілері бойынша қозғалған №1-44/14 санды қылмыстық іс куәландырады. Осы қылмыстық іс бойынша тергеуші А. есімді жәбірленушіден жауап алу кезінде тергеушімен психологиялық байланыс орнату мақсатында психологты тартуы А. есімді азаматтың жасалған қылмыстың мән-жайлары туралы егжей-тегжейлі айғақтар беруіне ықпал етті [128].

Жәбірленуші айғақтарының толықтығы қылмыс жасалған жерде қабылданған ақпараттың көлеміне байланысты. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға өзіне қатысты қылмыс жасалған жерде жәбірленушінің түсінігін кеңейте алмайды. Осыған байланысты И.В. Семенова: «Тергеушіде тактикалық тұрғыдан жәбірленушінің көз алдындағы жағдай туралы жалпы түсініктің болуы және алғашқы жауап алуды бастамас бұрын, қажетті мән-жайды мақсатты түрде анықтау үшін осы тұрасында түсінігі болғаны дұрыс», – деп санайды [167, с. 16].

У.Н. Ахмедовтың пікірінше, экстремистік ниеттерді анықтау және дәлелдеу кезінде жәбірленушіден жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайларға келесілер жатқызылады:

– қылмыс жасаудың алдындағы мән-жайлар, атап айтқанда жәбірленушілердің оларға қатысты қылмыс жасау кезіндегі қарым-қатынас тілі; оларға қатысты қандай да бір тараптан олардың қандай да бір нәсілге немесе ұлтқа тиесілігіне

байланысты бұрын өшпенділік немесе араздық болды ма; оларға қатысты зорлық-зомбылық фактілері болды ма; қылмыстық қолсұғушылық жасау тәсілдері; жәбірленушілер мен шабуыл жасағандардың жалпы саны; қолсұғу ниеті; кек алу мақсатындағы қолсұғу болды ма;

– жәбірленушінің жеке басын, оның ұлттық, этникалық немесе нәсілдік қатыстылығы, жәбірленушінің азаматтығы қандай, оның жасы, кәсібі туралы мәліметтер;

– қылмыс жасаған адамдардың жеке басы туралы мәліметтер: бұрын жәбірленуші қылмыс жасаған адаммен таныс па, бұрын осы адамдардың біреуін көрген бе, егер көрген болса, қайда, қашан, қандай жағдайда, олардың арасындағы қарым-қатынас қандай, қылмыстық әрекет қандай іс-әрекеттерден көрінді, шабуыл жасаушылар қалай және не туралы өзара сөйлесті, олардың сөздік қорының мазмұны мен ерекшеліктері; жеке заттар мен құралдарды беру талаптары қойылды ма; киім ерекшеліктері, қылмыс жасаған адамдардың ерекше белгілері.

У.Н. Ахмедовтың пайымдауынша, жәбірленушіден жауап алуда анықтауға тиіс мән-жайлармен қатар, келесілер егжей-тегжейлі анықталуы шарт:

1) қылмыс нәтижесінде қандай зиян келтірілді: моральдық, өмірге немесе денсаулыққа зиян, мүлікке зиян. Егер материалдық залал келтірілсе, онда ол нақты кімге, қалай көрсетілді:

– экстремистік қылмыстар жасалған жәбірленушілерге: оған тиесілі мүлкі бүлінген, емдеуге арналған мүлікті қалпына келтіруге (сатып алуға) қаражат жұмсалған, еңбекке қабілеттілігінен айырылуына байланысты ақша қаражаты алынбаған және т.б.;

– өзге адамдарға: қылмыс жасалған жерге жақын орналасқан адамдарға тиесілі мүлік бүлінген немесе жойылған және т.б.;

2) экстремистік материалдар табылғаннан кейін қандай әрекеттер жасалды:

– қарады немесе көшірмесін жасады; толық немесе ішінара, қандай тасымалдаушыларға, қандай мақсатпен;

– басқа пайдаланушыларға жіберді: кімге, қандай мақсатпен;

– жасалған әрекеттер қауіп-қатер, талап қоюмен қатар жүрді ме; егер солай болса, қауіп-қатердің сипаты немесе талаптардың мазмұны қандай болды;

– қауіп төндіру мен талаптар нақты кімнің тарапынан жасалды;

– олар кімнен шыққан;

– жәбірленушіге қалай жеткізілді;

– жәбірленушіде қауіптердің іске асырылуынан қорқуына негіз болды ма және неге;

– жәбірленуші ҚҚО-на осы қауіп туралы жүгінді ме, нәтижесі қандай;

– достарына, таныстарына, нақты кімге және анық не айтқанын айтты ма;

– қауіп төнген немесе талаптар қойылғанда (зорлық-зомбылық жасалғанға дейін, кезінде немесе одан кейін) қандай әрекеттер, егер зорлық-зомбылық сипатындағы әртүрлі әрекеттер орын алса;

– олар кімге бағытталды (белгілі бір ұлттың, діннің, әлеуметтік топтың өкілдері және т.б.);

– оған (кінәлі адамның нәсіліне, ұлтына, дініне, әлеуметтік тобына және т.б.) жатпайтындардың барлығына;

– ол бұрын өшпенділік немесе жеккөрушілікке негізделген (оның ішінде қылмыстық сипаттағы) қолсұғу объектісі болған ба;

– тергелінетін оқиға орнында қашан, қалай және қандай себеппен болды;

– экстремистік материалдарды дайындаған және оларды ғаламторға салған адам туралы ақпарат бар ма;

– ол және оның туыстары кінәлі адамды біле ме; егер білетін болса, олар қашан және қандай жағдайда танысты, қандай қарым-қатынаста болды;

– жәбірленуші мен кінәлінің арасында жанжал болды ма; қандай негізде болды;

– олардың арасында азаматтық-құқықтық сипаттағы қатынастар, оның ішінде борыштық міндеттемелер бар ма;

– жәбірленуші бұрын кінәліге қатысты кінәлінің жауап қайтаруын тудырған заңсыз әрекеттерді жасаған жоқ па [168, с. 59].

Аталған санаттағы қылмыстық істің мән-жайына байланысты жәбірленуші арқылы орны алған қылмыстың жасалу себептерімен және ерекшеліктерімен айқындалатын басқа да мәліметтер анықталуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға қылмыскердің экстремистік бағыттағы қылмысты жасауға ниетінің бар екенін дәлелдей алатын мәліметтерді анықтап, себептерін айқындауы тиіс. Сонымен қатар жәбірленушіден жауап алудың алдында төмендегідей іс-шаралар жүргізілуі керек:

– жауап алу барысында берілген ақпараттарды дәлелдемелер ретінде пайдалануды қамтамасыз ету;

– толық айғақтар алу мақсатында жауап алуды қамтамасыз ету;

– жауап алуды ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Куәдан жауап алу. Жәбірленушіден жауап алудан басқа, маңызды ақпарат алу үшін жауап алудың бірі куәдан жауап алу болып табылады. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 78-бабының 1-бөлігіне сәйкес айғақтар беру үшін куә ретінде іс үшін маңызы бар қандай да бір мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін [133].

Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша куә ретінде жәбірленушінің және қылмыс жасаған адамның туыстары, таныстары бола алады. Жасалған қылмыстық іс-әрекет туралы нақты ақпаратты куәлар береді. Куәлардан жауап алу оқиғаның мән-жайы туралы барлық мәліметтерді алуға арналған. Куәлардан жауап алу барысында оның қылмыс болған жерге қалай келгенін, қылмыс жасаған адамдардың белгілерін және жәбірленушінің мінез-құлқын анықтау қажет. Осы тергеу әре-

кетін жүзеге асыруда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға қылмыс жасаудың экстремистік ниетін анықтау бойынша шаралар қабылдауы керек.

Куәден жауап алу үш кезеңнен тұрады:

- а) дайындық кезеңі;
- ә) еркін әңгімелеу кезеңі;
- б) сұрақ-жауап кезеңі.

Жауап алуға дайындықтың мақсаты – жауап алынатын куәнің жеке басы, оның психикалық және психологиялық ерекшеліктері туралы ақпарат алу болып табылады. Жауап алу алдында куәмен оның психологиялық бейнесін жасау үшін маңызды емес тақырыпта сөйлесу керек, мұндай әңгіме сотқа дейінгі тергеуді жүргізетін тұлға мен куә арасында психологиялық байланыс орнатуға көмектеседі.

Жауап алуды жүргізу алдында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға куәға оның қылмыстық-процестік заңнамада көзделген құқықтарын және айғақтар беруден бас тартқаны үшін, жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы түсіндіруі тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға еркін әңгіме кезеңінде, жауап алу тәртібін түсіндіреді және қылмыс жайлы жауап алынатын адамға белгілі мән-жайларды айтып беруді ұсынады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға аталған кезеңде жауап алынып отырған адамның айтқанын тыңдау маңызды, өйткені оның араласуынан жауап алынып отырған адам айтайын деген маңызды ақпаратты айтпай қоюы мүмкін. Жауап алынып отырған куәның айғақтарын тыңдап болғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға оның айғақтарын тіркеп, айқындаушы және нақтылаушы сұрақтар қояды. Қылмыстық-процестік заңға сәйкес жетекші сұрақтар қоюға жол берілмейді. Қарастырылып отырған санаттағы істер бойынша куәлардан жауап алу нысанын айқындау үшін жәбірленушіден жауап алу нысанына қатысты жоғарыда айтылған ұсынымдар көмек көрсете алады.

Тактикалық әдістерді таңдаудың ерекшелігі куәларға қылмыс белгілі деңгейде әсер еткенімен, жәбірленушінің бастан кешіргені басқаша екендігіне байланысты. Осыған орай тергеудің бастапқы сатысында куәдан егжей-тегжейлі, дәйекті және жүйеленген айғақтар күтуге болады. Дегенмен қиын жағдайдың орын алу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Осылайша адамдардан жауап алу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға жасалған қылмыстың мән-жайлары туралы егжей-тегжейлі ақпаратты анықтау қажет, атап айтқанда:

- куәнің қылмыс орнына қалай келгендігі;
- жәбірленушінің мінез-құлқы қандай болды;
- қылмыс жасаған адамның белгілері, оның ішінде қылмыстың ниетін анықтауға назар аудару керек.

Осы мәселені зерттеген ізденуші Б.М. Исатаева қылмыстың куәсы болмаған куәлар да маңызды айғақтар бере алады деп санайды. Ол адамдар келесі ақпараттарға ие болуы мүмкін:

- күдіктілердің айналысқан және айналысатын қызметі туралы;

- белгілі бір партияның, басқа қоғамдық ұйымның, оның басшыларының, қатардағы қызметкерлердің және т.б. ұйымдастыруымен, өмір сүруімен және жұмыс істеуімен байланысты жағдайлар;

- мұндай ұйымның құрылтайшысы болған адамдар туралы, ұйым заңда белгіленген тәртіппен тіркелген болса не тіркеуге дайындалса;

- қылмыс жасаудың алдындағы әрекеттер;
- қылмысқа дайындықты көрсететін әрекеттер;
- тексерілуге жататын қажетті баспа басылымдарын дайындау орны, уақыты;

- осы үшін пайдаланылған құралдар мен саймандар;
- көбейту техникасын, шығын материалдарын ұсынған немесе оларды сатып алуды қаржыландырған тұлғалар;

- қабырғаларда және өзге де нысандарға жазу немесе сурет дайындау үшін пайдаланылған құралдар мен саймандар;

– тергеу қызығушылығын тудыратын басылымдарда жарияланған, сондай-ақ қылмыс болған жерде немесе басқа жерде жарияланған немесе жазылған мәтіндердің немесе сызбалардың авторлары болған адамдар [160, с. 69].

Қылмыс жасаған адамның туыстарынан жауап алу кезінде оның жеке басы туралы, атап айтқанда оның қызығушылығы, сенімдері, көзқарастары, күдіктінің қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы туралы мәліметтерді анықтау маңызды. Сонымен қатар, оның басқа адамдармен (туыстарымен, таныстарымен, достарымен және т.б.) қандай қарым-қатынаста болғанын анықтау қажет; қылмыс жасаудың ықтимал себептері және т.б. Қылмыс жасаған адамның туыстарынан жауап алу кезінде оның қылмыс жасағанға дейінгі және жасағаннан кейінгі мінез-құлқын да анықтау қажет. Мәселен, Атырау қаласында 2017 жылы БАҚ-ын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып діни алауыздықты қозғау туралы №1/719 санды қылмыстық іс бойынша куә ретінде айыпталушының ата-анасынан жауап алынды, олардың айғақтарына сәйкес С. есімді азамат 2002 жылы өз еркімен «ислам» дінін қабылдап, басында Атырау қаласындағы «Иманғали» мешітіне дәстүрлі масхабтың «Әбу Ханифа» намазын оқып, кейін дәстүрлі емес «Ахли-Сунна» салафиттік ағымына қызығып, Х. Әбдіжаппаровтың діни дәрістерін тыңдау үшін жиі баратынын айтты. Содан кейін ол дәстүрлі емес «Мадхалид» ағымының мүшелерімен белсенді байланысып тиісті түрде киіне бастаған. Ол басқа дәстүрлі діндердің адамдарына деген жеккөрушілікті білдіріп, өзінің паракшасында дәстүрлі емес уахабит-салафит ағымының дәрістері бар діни аудио файлдарды жариялады [128].

Монографиялық жұмысты дайындау барысында барысында зерттелген қылмыстық істердің материалдары бойынша экстремистік бағыттағы қылмыстық істерді тергеп-тексерудің бастапқы сатысының ерекшеліктеріне қылмыстық істердің 30% экстремистік қылмыстарды жасаудың мән-жайларын дәлелдеу процесінде ҚҚО-ның қызметкерлері мен күдіктіні анықтауға және ұстауға қатысқан азаматтардан куә

ретінде жауап алу үрдісінде алынған айғақтарды дәлел ретінде пайдаланғанын жатқыздырамыз (Қосымша Ә).

Осы ретте жауап алуда келесі мән-жайлар анықталуы тиіс:

- ұсталған кезде күдіктінің мінез-құлқы;

- жауап алынып отырған адам экстремистік бағыттағы қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылғаннан кейін немесе оның қатысуымен жүргізілетін экстремистік сипаттағы іс-шараларға қашан, қайда және неліктен қатысты; ол қандай қызметтік тапсырманы орындады; жауап алынып отырған адамның назарын күдіктінің қандай әрекеттеріне аударды; жауап алынып отырған адамның құқыққа қарсы әрекеттерінің жолын кесу бойынша өзі қандай әрекеттер жасады;

- бұл ретте бөгде азаматтардан кім қатысты, ҚҚО қызметкерлерінің экстремистік сипаттағы құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату жөніндегі іс-әрекеттеріне араласты немесе олардың жолын кесу және құқық бұзушыны ұстауға көмектесті;

- күдіктілерді ұстағаннан кейін қандай әрекеттер жасалды және бұл адамдар қалай әрекет етті, ҚҚО-на жеткізуде не туралы сөйлесті.

Күдіктіден жауап алу. Күдіктіден жауап алу нақты деректерді анықтауда маңызды рөл атқарады. Біздің ойымызша, К.Ж. Капсаямов дәл анықтама берді, оның пікірінше «күдіктіден жауап алу – бұл оны ұстауға байланысты мән-жайлар туралы нақты деректерді алу, бекіту және тексеру, не бұлтартпау шарасын таңдау, не күдіктіге қатысты қылмыстық істі қозғау құралы болып табылады» [163, с. 25].

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының 131-бабына сәйкес қылмыстық қудалау органы ұстау кезінде қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасау күдігі бойынша ұсталғандығын ауызша хабарлайды [133].

Күдікті ретінде қылмыстық процеске қатысушыдан жауап алудың негізгі мақсаты – орын алған күдіктің негізін тексеру. Қылмыс жасады деп күдік келтірілген азаматтың

занды құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етілген жағдайда, оның айғақтар беру міндеті емес құқығы болып табылады, сондықтан ол айғақ беруден бас тартқаны үшін немесе жалған айғақ бергені үшін жауаптылыққа тартылмайды. Бұл жағдай күдіктінің құқығын қорғауды жүзеге асыру кепілдігінің бірі болып табылады. Күдіктіден жауап алу тактикасы қалыптасқан тергеу ахуалына байланысты анықталады. Бұл тергеу әрекетін жүргізу тактикасының жалпы ережелері криминалистика әдебиеттерінде егжей-тегжейлі сипатталған.

Біз зерттеген экстремистік бағыттағы қылмыстар туралы қылмыстық істердің тек 33%-да күдіктіні «ізін суытпай» ұстаған жағдайда дереу жауап алу жүргізілген, өйткені қылмыстардың едәуір бөлігінде оны жасаған адам анықталмаған, сонымен қатар оның артықшылықтары да, кемшіліктері де бар (Қосымша Ә). С.Ф. Шумилиннің пайымдауынша, қылмыс жасалғаннан кейін дереу ұсталған адам жауап алу кезінде өзінің мінез-құлқының сызбасын және қарсы әрекет тактикасын егжей-тегжейлі құруға үлгермейді немесе керісінше, ашуланшақ, қызба және қылмыс жасауға қатыстылығын жоққа шығарады [169, с. 356]. Сонымен қатар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тергеп-тексеру кезеңінің қысқа мерзімінде «ізін суытпай» жауап алуға әрдайым мұқият дайындала бермейді, бұл оның барысын және оң нәтиже алу мүмкіндігін қиындатады. Жауап алынатын адам бастапқыда экстремистік әрекеттерді жасау фактісін толық (зерттелген қылмыстық істердің 10%) немесе ішінара (істердің 40%) мойындаған жағдайда, жауап алу барысында қылмыстық істердің осы санаты бойынша дәлелдеуге қатысты барлық мән-жайларды анықтау қажет. Жауап алынатын сұрақтардың мазмұны және олардың жүйелілігі тергеп-тексерілетін қылмыстық істің нақты мән-жайларына байланысты. Жауап алу аяқталғаннан кейін күдіктінің айғақтарын әртүрлі тергеу әрекеттерін жүргізу, сондай-ақ қылмыстық істегі дәлелдемелерді зерттеу арқылы мұқият тексеру қажет. Егер күдікті экстремистік бағыттағы қылмыс жасау фактісін мойындамаса, оның

айғақтарын мұқият жазып алған жөн. Белгіленген уақыт аралығында оның қайда болғанын, не істегенін және оның айғақтарын кім растай алатындығын егжей-тегжейлі білу керек. Осы санаттағы қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде тергеушіге зерделенген қылмыстық істер бойынша күдіктілердің 40%-ы Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 7-бөлігінің 3-тармағы негізінде айғақтар беруден бас тартқанын да ескеру қажет [170]. Монографиялық жұмысымызда экстремистік бағыттағы қылмыстық істердің материалдары жауап алынған адамның айғақтарын нақтылау сияқты тактикалық техниканың тиімділігі жоғарыда айтылған тезиспен расталады. Оған Қазақстан Республикасы ҚК-нің 233-2-бабының 2-бөлігінде, 252-бабының 3-бөлігінде, 251-бабының 3-бөлігінде, 179-бабы 4-бөлігінің «а» тармақшасында, 185-бабының 4-бөлігінде, 125-бабы 3-бөлігінің «а» тармақшасында, 125-бабы 3-бөлігінің «в», «д», «ж», «з» және «к» тармақшаларында көзделген қылмыс құрамының белгілері бойынша қозғалған №1-21/13 санды қылмыстық іс мысал бола алады, онда тергеуші күдікті ретінде жауап алу барысында оның айғақтары егжей-тегжейлі тексеріліп, оның әрекеттерінің заңсыздығын көрсететін заттардың орналасқан жерін көрсететін мән-жайларды нақты айтты [128]. Сонымен қатар, күдіктіден шынайы ақпарат алу үшін жалған ақпараттың болуын жою мақсатында, жауап алынатын адамның айғақтарында қарама-қайшылықтарды қолдану сияқты тактикалық әдістер қолданылуы мүмкін. Жауап алынып отырған күдіктіні, бұрын сотталмаған адамды шынайы айғақтар беруге шақыруға, жасалған қылмысты мойындауға және ашуға көмектесуде заң шығарушы жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайларды түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға қылмыстық істердің басқа санатын тергеп-тексеру кезінде пайдаланатын әртүрлі тактикалық тәсілдерді қолдануы мүмкін.

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу барысында күдіктіден жауап алудың басты ерекшелігі күдіктінің

жеке қасиеттерімен анықталады. Аталған санаттағы қылмыстарды жасаудың басты себебін анықтау негізгі міндет болып табылады. Сонымен қатар, экстремистік бағыттағы қылмыстардың көп бөлігінде жоғарыда аталған себептердің болуы әрекеттің сараланған белгісі немесе ауырлататын жағдайы болып табылады. Күдіктіден жауап алу кезінде қылмыстық ниетті анықтау өте қиын. Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның жұмысын оңтайландыру бойынша ұсынымдар беру керек.

Криминалистика ғылымында күдіктіден жауап алуды оңтайландыруға бағытталған көптеген тактикалық әдістер бар. И. Кертэс: «Жауап алуды ұйымдастырудың тактикалық тәсілдері уақытты, оны жүргізу орнын, шақыру тәртібін дұрыс тандауға, жауап алынатындардың өзара қарым-қатынас жасауына жол бермеу туралы талапты сақтауға, жауап алуға қажетті дәлелдемелерді дайындауға, адамдарды шақыруға, жауап алынатынның жеке басы туралы деректерді жинауға бағытталғанын дұрыс», – деп көрсетеді [171, с. 7].

Күдіктіден жауап алуды келесі кезеңдерге бөлуге болады:

- дайындық кезеңі;
- жұмыс кезеңі (сұрақ-жауап);
- қорытынды кезең.

Жауап алудағы дайындық кезең сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы күдіктінің жеке басы туралы мәліметтерді зерделейді, күдіктінің қызығушылықтарын, көзқарастарын, психикасының бұзылуы туралы және т.б. қажетті ақпараттарды жинауы керек:

– соттылықтың болуы: қашан, қайда сотталған, жасалған әрекет қалай дәрежеленген, тағайындалған жаза, жазаны өтеу уақыты мен орны және т.б.;

– тұлғаның ерекшеліктері: мінез-құлық, психикалық процестердің ерекшеліктері, интеллект деңгейі, психикалық жағдайы және т.б.

Күдіктінің жеке басы туралы мәліметтер оның заңсыз әрекеттерінің себебін, мақсатын және сипатын анықтау үшін

маңызды болуы мүмкін, сондықтан іс бойынша келесі жағдайлар анықталуы керек:

- білімі, кәсібі, немен айналысады;
- тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктері, бағыты, отбасындағы, мектептегі тәрбие ерекшеліктері т.б.

Күдіктінің жеке басының қалыптасуы анықталуы тиіс:

- жыныстық, діни, ұлттық және өзге де белгілері бойынша айналасымен қарым-қатынасы;

- ғылыми және шығармашылық қызметпен айналысуы, осы қызметтің аясы мен қорытындылары, өшпенділік немесе араздықтың пайда болуы үшін негіз бола алатын мәселемен байланысты ма;

- ұлттар мен діндерді жоғары, ерекше, төмен деп бөлу туралы ілімнің жақтаушысы емес пе;

- қандай әдебиеттер оқиды, зерттейді және қандай әдебиетті қабылдамайды; көрсетілген әдебиетті қайдан және оқуға кімнен алады;

- қандай да бір топтың өкілдеріне өшпенділік немесе араздық тудыруы мүмкін төзімсіз көзқарасты ұстанатын адамдармен қарым-қатынасты қолдай ма; егер солай болса, бұл байланыс нақты кіммен және неден көрінді;

- қызығушылығы;

- материалдық жағдайы, ресми және өзге де кірістердің көзі мен мөлшері;

- бұрын қандай да бір жанжалдарға қатысқан ба, соның ішінде ұлттық, діни, әлеуметтік негіздегі;

- бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылды ма; егер болса, онда қандай, қашан, кім, оған қалай әрекет етті және өзінің мінез-құлқын өзгертті ме;

- бұрын өшпенділік немесе араздық негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған ба.

Күдіктімен психологиялық байланыс орнату мақсатында мейлінше қызықты тақырыптарда әңгімелесу керек. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруші тұлға әңгіме барысында күдіктіден жауап алудың тиімді тактикасын таңдау үшін оның психологиялық қасиеттері туралы ақпаратты алуға тырысады.

Өңгімелесу барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы жауап алынып отырған адамның қылмыс жасауға қатыстылығы туралы ақпарат алады.

Біз сипаттаған жағдай тәжірибеде көп кездесе бермейді, көбінесе ұсталғандар қылмысқа ешбір қатысы жоқтығын алға тартады немесе тіпті айғақ беруден бас тартады.

Күдіктіден жауап алу басқа тергеу әрекеттері секілді дәлелдеуге жататын ақпаратты анықтауға бағытталған. Бұл тұжырым ерекше мәнге ие, себебі сот-тергеу тәжірибесінде экстремистік ниеттер көбінесе пайдакүнемдік немесе бұзақылықпен алмастырылады. Мәселен, 2012 жылы 15 қазанда Атырау облысы, Атырау қаласының №2 сотымен №1-444/12 санды қылмыстық іс бойынша Ж. есімді азаматқа қатысты Қазақстан Республикасы ҚК 24-бабының 1-бөлігінде – «б» тармағында, 257-бабының 3-бөлігінде және 233-бабының 2-бөлігінде және 187-бабы 2-бөлігінің «а, в, г» тармақтарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін үкім шығарылды, онда Ж. есімді азамат Атырау облысы бойынша ҰҚҚД аға жедел уәкілі У. есімді азаматты, мұсылмандардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын және оларды діни нанымдары үшін қудалайтын діни сенім бостандығын жазалау кегін қайтару мақсатында «Subaru Forester» маркалы машинаны өртеді, бірақ ол Е. есімді азаматқа тиесілі болды. Ж. есімді азамат 233-баптың 2-бөлігі «б» тармағы бойынша – терроризм актісі бойынша, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту не Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ықпал ету мақсатында жасалса, адамдардың қаза болу, мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындауы қауіпін төндіретін өртеу жолымен кінәлі деп танылды, Қазақстан Республикасы ҚК 257-бабының 3-бөлігі – атыс, газ қаруын, пышақтарды, кастеттерді және өзге де суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы басқа да заттарды қолданып немесе қолдану әрекетімен жасалған бұзақылық және Қазақстан Республикасы ҚК 187-бабы 2-бөлігінің «а, в, г» тармақтары – бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру, өртеу, жару немесе өзге де жалпы қауіпті

тәсілмен жасалған, жәбірленушінің өзінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты немесе оның жақын туыстарына қатысты сол себептер бойынша әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік немесе діни араздық себептері бойынша елеулі залал келтіргені үшін 9 жыл бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалды, оны жалпы режимдегі түзеу колониясында өтейді. Қорғау тарапы Ж. есімді азаматты Қазақстан Республикасы ҚК 257-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартпау мақсатында үкімге апелляциялық шағым берді. Атырау облыстық соты Атырау қаласының №2 сотының 2012 жылғы 15 қазандағы үкімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдырды [128].

Қорытындылау кезеңінде алынған айғақтарды жүйелеу және күдіктінің әрекетін немесе әрекетсіздігін бағалау қажет.

Бекітудің негізгі нысаны жауап алу хаттамасындағы айғақтарды жазу болып табылады, алайда бір уақытта жауап алу мен жазу ыңғайлы бола бермейді, сондықтан тергеушілер жауап алу кезінде аудио немесе бейне жазбаны жиі қолданады [172, с. 104], бұл әртүрлі деректерді, оның ішінде ым-ишара және т.б. арқылы қойылған сұрақтарға әсер етуін көруге мүмкіндік береді. Бұл жауап алу аяқталғаннан кейін одан әрі тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасын талдауға және дамытуға қолдау көрсетеді. Дәлелдеу ақпаратын жазудың құралдарын сақтықпен, жауап алынған адамның эмоциясы, қорқыныш, үрей немесе қызбалылығының алдын алу үшін күдіктімен алдын ала талқылай отырып сақтықпен қолдану керек [173, с. 990]. Осылайша жауап алудың дайындық, жұмыс, қорытынды кезеңінде және нәтижелерді бағалау сатысында Қазақстан Республикасы ҚПК нормаларына сәйкес ұйымдастырушылық, психологиялық, логикалық, тактикалық және риторикалық сипаттағы әртүрлі тактикалық әдістерді қолдану ұсынылады, атап айтқанда: психологиялық байланыс орнату, жеке тұлғаны зерттеу, бақылау, сыпайылық, назар аудару, жауап алынушының оң қасиеттерін пайдалану, хронология, еркін әңгіме, сұрақ-жауап тәсілі, дәлелдемелерді ұсыну, жауап алушының шешендігі, жауап алу және алынған

нәтижелердің процедуралық нормалардың сақталуын әрі қарай бағалай отырып, ауызша және көрнекі-бейнелі бекіту/белгілеу тәсілдерін қолдану.

Тінту. Тінту сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастапқы сатысында жүзеге асырылатын кең таралған тергеу әрекеті болып табылады, оның барысында экстремистік бағыттағы қылмыстар туралы істер бойынша себепті көрсететін өте маңызды дәлелді ақпарат алуға болады. Біз зерттеген экстремистік бағыттағы қылмыстық істердің нәтижелері бойынша тінту мен алуды жүргізу қажеттілігі 96% жағдайда туындаған (Қосымша Ө).

К.М. Сманалиевтің деректеріне сәйкес, дәлелдемелерді табудың процестік тәсілі заңда көзделген жағдайларда деректерді анықтауды білдіреді. Мәселен, іске қатысы бар заттар, құжаттар тексеру, тінту жүргізу сияқты тергеу әрекеттерін жүргізу барысында анықталуы мүмкін [174, с. 202].

Біз зерделеген қылмыстық істердің материалдарын талдау тінту жүргізудегі келесідей кемшіліктерін анықтады:

1) қылмысқа қатысушыларды анықтамай жатып тінту жүргізілгеннен кейін олардың бірі жасалған экстремистік бағыттағы қылмысқа қатысты заттар мен материалдарды жасыруы немесе жоюы мүмкін;

2) тінту нәтижелері фото және бейне жазбасыз хаттама толтырылса, тергеу әрекетінің объективтілігіне күмән келтіруі мүмкін;

3) тінтуді тиісті дайындықсыз, яғни мамандар мен техникалық құралдарды тартпай жүргізу нәтижелілігін төмендетеді.

Тінту сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кез келген сатысында жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тінту кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК 252-бабының 2-бөлігіне сәйкес, тінту жүргізуге көрсетілген нәрселердің немесе құжаттардың белгілі бір үй-жайда немесе өзге орында не нақты

адамда болуы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті деректердің болуы негіз болып табылады [133].

Тінту қылмысқа қатысушылардың барлығы анықталғаннан кейін ғана жүргізілетіні анық, тактикалық ұсыныстар көрсетілген тергеу әрекетін жүргізуден максималды нәтижеге жетуі үшін ЖТТ-ның барлық мекенжайларда бір уақытта жүргізуі және қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау фактісі қылмыс жасаған адамдардан құпия болуы бізге дереу оң нәтиже береді.

Қылмыс жасалғаннан кейін ұзақ уақыт бойы тінту сирек оң нәтиже береді, өйткені ізденетін заттар қазірдің өзінде жасырылған немесе жойылған болуы мүмкін.

Тінту жүргізуге дайындық кезінде кенеттен болу факторы негізгі болып табылады. Тінту жүргізуге қиындық келтіретін жағдайлар болуы мүмкін болса, соған қажетті ақпаратты жинау үшін тінту жүргізуді біраз уақытқа кейінге қалдырған жөн.

Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тінту жүргізуге дайындық мыналарды қамтиды:

- тінту жүргізу орны мен уақытын анықтау;
- үй-жайларында тінту жүргізілетін адамдар, топтар немесе ұйымдар туралы мәліметтер алу;
- қажетті техникалық құралдарды әзірлеу;
- тергеу әрекетінің қатысушылар шеңберін анықтау.

Куәгерлердің қатысуынан басқа мамандардың іздеуге қатысу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қызметкерлерінен сұхбат алу мен тергеу тәжірибесін зерделеу қорытындылары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға әртүрлі себептерге: экстремистік идеология ерекшеліктерін білмеуі, материалдар басылған тілді түсінбеуі, ақпарат мазмұнының анық болмауына байланысты экстремистік заттарға жататын және адамның тыйым салынған ұйымға қатыстылығы болу дерегін растайтын заттар мен құжаттарға назар аудармайды.

Ч.Н. Назаркулованың пайымдауынша, қылмысқа еш қатысы жоқ көптеген заттарды, құралдарды және құжаттарды тәркілеу білімсіздік болып табылады. Осыған байланысты қылмыстың нақты ниетіне байланысты тінтуге тиісті саланың мамандарын тарту орынды [159, с. 127].

Экстремистік мазмұндағы ізделетін материалдардың көпшілігі электронды ақпарат құралдарында сақталады, оларды алып қою маманның қатысуымен жүргізілуі қажеттігін ескеру керек. Сондықтан қылмыстық істердің осы санаты үшін компьютерлік технологиялар саласының мамандарын тарту ұсынылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға көмекті техникалық-криминалистикалық құралдарды пайдалана отырып, ізделетін объектілерді жылдам табуға әсер ететін, ал анықталған жағдайларда материалдық іздер алатын криминалист маман да көрсете алады. Криминалист маман фотосуреттерде іздеудің барлық негізгі кезеңдерін, бейне түсіруді қолданған кезде басынан аяғына дейін барлық тергеу әрекеттерін дәйекті түрде тіркейді.

Тінту кезінде тінтілетін адам қылмыстық процесс тілін білмеген жағдайларда аудармашының болуы қажет деген И.Л. Бедняковпен келісеміз. Аудармашы экстремистік бағыттағы қылмыс жасаған адамдардың сенімдерін жалпы бөлісе алатындығын есте ұстаған жөн. Сондықтан ауызша аударманың дұрыстығына күмән туындаған жағдайда оны басқа аудармашының қатысуымен бағалау үшін бейнені қолданған жөн. Аудармашыдан міндетті түрде алдын ала тергеу деректерін жарияламау туралы қолхат алынады. Бұл жерде аудармашы мемлекетіміздің және ол туып-өскен және өмір сүрген мемлекеттің құқықтық жүйелерінің айырмашылығына байланысты қолхат бұзылған жағдайда қамауға алуға дейін санкция қарастырылған қылмыстық жауапкершілік туындайтындығын ескеру қажет. Аудармашының қатысуын талап етілетін жағдайда тергеуші қаулы мен хаттаманы (тінту жүргізілетін жерде жасалатын) үй-жайында тінту жүргізілетін

адам білетін тілге аудару мәселесін шешу керек. Тергеуші тергеу әрекеті басталғанға дейін аудармашының ауызша емес, нақты заң тілін білуін анықтау қажет. Аудармашы қаулымен танысқаннан кейін тергеуші мен жедел қызметкерлер тінту орны туралы ақпарат бөгде адамдарға хабарланбауы үшін шаралар қабылдауы керек, өйткені аудармашы тінту жүргізіліп жатқан адамның сенімдерін бөлісе алады. Тергеуші тінту кезінде қандай әдебиет экстремистік әрекетке шақыруды көздейтін мазмұнда екенін және т.б. нақты шеше алмау жағдайлары да болуы мүмкін. Бұл арнайы білімнің болмауы, әдебиет мазмұнының түсініксіздігі, материалда көрсетілген тілді білмеу себептеріне байланысты болады. Мұндай әдебиет сараптама жүргізу үшін алып қоюға жатады, сонымен қатар экстремистік мазмұны жоқ әдебиеттер де қылмыстық іс үшін маңызды, себебі бұл әдебиет иесінің ұлттық, нәсілдік, діни және басқа мәселелерге деген қызығушылығын көрсетуі мүмкін [175, с. 140].

Көп жағдайда адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделеріне қарсы экстремистік қылмыстарды ұйымдасқан қылмыстық топтар жасауы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның алдына тінтуді жоспарлау және жүргізу кезінде дәстүрлі міндеттерден басқа бірқатар қосымша міндеттер қояды.

А.Ю. Головин және Т.А. Аристархова жаңа ақпаратты алу және қолда бар дәлелдемелер мен анықтамалық ақпаратты тексеру міндеттерінің бірі ретінде ұсынады:

- экстремистік қылмыстық құрылымның құрылуына белгілі бір адамның қатыстылығын, осындай құрылымда оның қылмыстық рөлін анықтау фактісін айқындау;

- барлық экстремистік қылмыстық құрылымның (топтың немесе қауымдастықтың) сандық құрамын, оның барлық немесе жекелеген мүшелерінің жеке басын айқындау;

- нақты адамның немесе жалпы қылмыстық құрылымның елдің осы және өзге де өңірлерінде жасалған экстремистік сипаттағы басқа да қылмыстарға қатыстылығын анықтау;

– осындай қылмыстық топ мүшелерінің нақты орналасқан жерін анықтау; (оның ішінде тергеу органдарынан жасырынып жүрген күдіктіні (айыпталушыны) тінту барысында тікелей анықтау);

– нақты адамдар мен ұйымдасқан құрылымдардың экстремистік мақсаттары мен қылмыстық іс-әрекетінің дәлелдерін алу;

– тінтілетін адамның нақты экстремистік қылмыстарды жасауға, сондай-ақ тінтілетін адаммен байланысты басқа да адамдардың қатыстылығын айқындау;

– қаралып отырған қылмыстық әрекетті ашу және тергеу үшін маңызы бар құралдарды, өзге де объектілерді жасау кезінде пайдаланған экстремистік әрекеттердің іздерін жасыру (ең алдымен жасырын орындарды пайдалану арқылы жасыру) тәсілдерін анықтау, осындай іздер мен басқа да объектілерді алып қою;

– егер экстремистік шабуылдар құрбандарынан заттар мен материалдық құндылықтарды ұрлаумен ұштасқан жағдайда қылмыс барысында ұрланған мүлікті табу және алып қою;

– экстремистік әрекетті қаржыландыруға арналған ақша мен өзге де құнды заттарды және жалпы экстремистік әрекетті қаржыландыру жолдарын растайтын құжаттарды анықтау және алып қою.

Іздеу орны әртүрлі болуы мүмкін, соның ішінде:

– күдіктілердің (айыпталушылардың), олардың жақын туыстарының, достарының немесе оларға қатысты қылмыскерлермен байланысты немесе оларда қылмыскерлер жасырынып қалуы мүмкін немесе іс үшін маңызы бар әртүрлі заттар, құжаттар, сондай-ақ оларға тиесілі сарайлар, саяжайлар, жертөлелер, көлік құралдары және т.б. бар деп пайымдауға негіз бар өзге де адамдардың тұрғылықты жері;

– күдіктілердің (айыпталушылардың) немесе олармен байланысты өзге де адамдардың жұмыс, бос уақытын өткізу орны;

– кеңсе, сауда және қойма үй-жайларын (оның ішінде қылмыстық құрылымның экстремистік әрекетін жасыру үшін пайдаланылатын) қоса алғанда, экстремистік қылмыстар жасау қаруы мен өзге де қарулары мен құралдары жасырылуы немесе сақталуы мүмкін басқа да орындар;

– экстремистік әдебиет, символика немесе өзге де материалдар шығарылған фирмалардың үй-жайлары, экстремистік әрекеттерді жасауға бағытталған әртүрлі құралдар (мысалы, арнайы үлгідегі аяқ киім, ҚҚО-ның арнайы құралдарды қолданудан қорғауға арналған маскалар, сырт келбетін бүркемелеуге арналған балаклава – бас киімдер және т.б.) сондай-ақ экстремистік қылмыстық әрекетті қаржыландыру жүзеге асырылған коммерциялық (қаржы-несиені қоса алғанда) және коммерциялық емес ұйымдар [158, с. 36].

Е.В. Алехин: «Экстремистік бағыттағы қылмыстар тобын тергеу кезінде тінту адамның тыйым салынған партияның, топтың, ұйымның, бейресми субмәдениеттің қызметіне қатысу фактісін растайтын немесе оны ұлтшыл, нәсілшіл, діни-экстремистік, аймақтық көзқарастар мен нанымдарды бөлу және қолдау, сондай-ақ оның белгілі бір қылмыс жасауға қатыстылығын анықтауға бағытталған», – деп санайды.

Тінту объектілері:

– экстремистік белгілер мен атрибуттар: жалаулар, белгішелер, жеңдік таңғыштар және т.б.;

– белгілі бір ұйымның мүшелеріне тән аяқ киім мен киім, соның ішінде сыртқы келбетті жасыру құралдары, өйткені оларда қылмыстың іздері қалуы мүмкін; сонымен қатар олар іздестірілген адамның белгілі бір ұйымға мүшелігін көрсетуі мүмкін. Мысалы, ақ шілтері бар қалың табанды аяқ киімдерді «ақ» нәсілдің символы ретінде нәсілшіл немесе ұлтшыл көзқарастарды ұстанатындар киеді деп саналады;

– атыс және суық қару, жарылғыш құрылғылар, оқ-дәрілер, сондай-ақ қару ретінде пайдаланылатын өзге де заттар: кастеттер, биталар, шегелері бітелген таяқшалар, тұтандырғыш қоспасы бар шөлмектер және т.б.;

– экстремистік қауымдастықтың қызметіне қатысты құжаттар (оның мүшелері жиналысының хаттамалары, куәліктері, анттары, мәлімдемелері, баянаттары, түсініктемелері) [176, с. 90].

Біздің ойымызша, келесі нысандарды іздеу дұрыс болар еді:

– адамның белгілі бір түрдегі экстремистік идеологияға бейімділігін көрсететін заттар мен құжаттар (ұлтшылдық және радикалды-діни материалдар (киім, фотосуреттер, және т.б. оның ішінде экстремистік қылмыстық ұйымдардың қызметі туралы материалдар), экстремистік бағыттағы идеологиялық әдебиеті, ұлттық, діни және өзге де өшпенділік себептер бойынша қылмыс жасаудың бейнежазбалары мен фотосуреттері және т.б.);

– белгілі бір топтар мен ұйымдардың қызметін шетелден қаржыландыру туралы құжаттар және қаржыландыруға арналған ақша қаражаты мен басқа да құнды материалдар;

– қылмыстық топтың құрамына кіруі мүмкін әртүрлі адамдардың өзара байланысы, ондағы рөлі, сондай-ақ мұндай адамдар туралы, тіпті жеке басы әлі анықталмаған кез келген іздеу және іздеу ақпараттары (дәптерлер, телефон кітапшалары, фотосуреттер, бейнелер, визиткалар және т.б.) туралы фактілерді көрсететін кез келген заттар мен құжаттар;

– адамдарды арбаудың түрлі нұсқаулары;

– ұйымның мүшелері мен құрылымы туралы мәліметтер бар құжаттар;

– атыс және суық қару, жарылғыш құрылғылар, оқ-дәрілер, қару ретінде пайдаланылуы мүмкін өзге де заттар мен құрылғылар;

– қылмыс жасау құралдары: көлік, сыртқы келбетті жасыру құралдары;

– қылмысқа дайындалу және оны жоспарлауды куәландыратын құжаттар (сызбалар, жоспарлар, хат алмасу, фотосуреттер және кейіннен қылмыс жасалған жерлердің схемалары және т.б.).

Экстремистік мазмұндағы баспа, аудио, бейне немесе өзге де өнімдерді тарату фактісі бойынша тінту кезінде сотқа

дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаға мынадай объектілерге назар аудару қажет:

- экстремистік мазмұндағы әдебиеттер: газеттер, парақшалар, брошюралар, кітаптар және т.б.;

- экстремистік мазмұндағы ақпаратты тасымалдаушы құралдар: кассеталар, ықшам дискілер, flash-карталар, компьютердің жүйелік блоктары және т.б.;

- көшірме және көбейту техникасы;

- экстремистік материалдарды дайындау үшін пайдаланылатын компьютерлік немесе полиграфиялық құралдар (компьютер, принтер, сканер);

- ақпарат тасымалдаушылар (ноутбук, дербес компьютер, смартфон, әртүрлі техникалық ақпарат тасымалдағыштар (CD дискілер, flash-жинақтағыштар, SIM-карталар және т.б.);

- ұялы телефондар, фото және бейне техникалар.

Қаралып отырған экстремистік әрекеттердің белгілі бір бөлігін жасаудың жоғары технологиялық сипаты компьютерлік жабдықтарды немесе телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, экстремистік мазмұндағы материалды орналастыру сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның өзіне де, тергеу әрекеттеріне қатысуға тартылатын басқа да адамдарға осындай адамдар тобын дұрыс анықтауға қосымша кәсіби талаптарды көздейді.

Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша күдіктінің тұрғылықты жеріне тінту жүргізу кейінге қалдырылмайтын болып табылады. Экстремистік қауіпті білдіру тәсіліне байланысты тінту жүргізетін адамның назары осы мән-жайды растай алатын әртүрлі объектілерді табуға бағытталуы тиіс.

А.Г. Филиппов қылмыс жасады деген күдікті немесе айыпталушы адамның үйіне тінту жүргізу үшін қылмыстық іс үшін маңызы бар заттардың бар екендігі туралы қандай да бір дәлелдер қажет дегеннің дұрыс еместігін мәлімдейді. Тінту сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның қандай да бір дәлелдемелері болмаған кезде жүргізіледі. Егер тергеушіден тінту жүргізу туралы шешім қабылдау үшін дәлелдемелердің немесе

расталған ақпараттың болуы талап етілсе, онда тәжірибе тергеушінің тінту жүргізбейтінін көрсетеді [177, с. 30].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тінту жүргізу туралы шешім қабылдай отырып, бір жағынан тінту жүргізу үшін негіздерді растайтын мәліметтері болуы мүмкін, ал екінші жағынан, ол жүргізген тінту оң нәтиже беретініне сенімді болмауы күрделі жағдайға тап болуына алып келеді. Осыған байланысты Р.С. Белкин тактикалық тәуекел – бұл қылмысты тергеудің заңды элементі екенін айтады [143, с. 192].

Біз А.П. Резванның: «Тәуекел жағдайындағы тергеушінің қызметі, ең алдымен, белгілі бір жерде дәлелдердің болуы туралы болжаммен және іздеу барысында осындай ақпаратты табу қажеттілігімен байланысты», – деген пікірімен келісеміз [178, с. 178].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғада қылмыстық іс материалдарымен расталған, табылуы және алып қойылуы қажет тұрған жері мен заттары (құжаттары) туралы анық ақпараты болуы керек.

№1-56/2013 санды қылмыстық істің материалдары бойынша 2013 жылдың 10 қазанында Қазақстан Республикасы ҚПК 24-бабының 2-бөлігі, 233-1- бабының 2-бөлігі, 233-2-бабының 1-бөлігі, 131-бабының 5-бөлігі, 251-бабының 3-бөлігі, 252-бабының 3-бөлігі бойынша қозғалған Атырау қаласында экстремистік топтың мүшелері Р., К., В., А., Ы., И., Д., Ш. және Л. есімді азаматтар ұсталды. К. есімді азамат ұсталғаннан кейін тінту оның тұрғылықты жері бойынша жүргізу кезінде ішінде саперлермен қауіпсіз орынға шығару және жару жолымен залалсыздандырылған белгісіз заттар мен құралдар, күміс түсті заттары бар дәретхана қағазы, 2 сымның фрагменттері, қоңыр түсті заттың іздері бар ақ түсті маталы оң жақты қолғап, саны 7 дана шарикті мойынтіректер, іздері бар үш кесек металл, көлемі 0,2 литр шыны ыдыс, «USB»-flash карта бар 3 тұрмыстық полиэтилен пакеті табылды және алынды. «USB»-flash картада сақталатын ақпаратты зерделеу барысында К. есімді азаматтың террористік топтардың басқа

қатысушыларымен байланысын, экстремистік және террористік мазмұндағы ғаламтор сайттардың ақпараты және жасалған қылмыстың себептерін куәландырды [128].

Қазақстан Республикасы ҚПК-ның 220-бабының 14-бөлігіне және 254-бабының 3-бөлігіне сәйкес тұрғын үйге тінту тергеу судьясының санкциясы негізінде жүргізіледі. Алайда Қазақстан Республикасының ҚПК сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның дәлелді қаулысы негізінде тергеу судьясының санкциясын алмай тінту жүргізуді де көздейді. Бұл жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы тұлғада тұрғын үйге тінту жүргізудің дереу жүргізілуіне негіздер болуға тиіс, тінту жүргізілгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға прокурорға және сотқа хабарлауға міндетті. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тұрғын үйде тінту жүргізудің заңдылығы немесе заңсыздығы туралы сот қаулысын алуға тиіс.

Жүктеменің көп болуына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға көбінесе өз уақытын «үнемдеуге» тырысады және тінту емес, тұрғын үйді қарап-тексеруді жүргізеді. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 17-бабына сәйкес тұрғын үйді тексеру осы тұрғын үйде тұратын адамдардың келісімімен немесе сот шешіміне сәйкес жүргізіледі [133]. Осында керағар жағдай байқалады: егер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы тұлғаға қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін қажетті қандай да бір объектілерді табу және тұрғын үйден алып қою қажет болса, онда оған тергеу әрекетін жүргізу кезінде осы тұрғын үйде тұратын адамдардың оны жүргізуге рұқсатын алу жеткілікті. Объективті шындықты бұл ұстаным толығымен көрсетпейді. Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тұрғын үйге кірмек болып оны қарап-тексеруге тырысса, онда тұратын адамдар оған қарап-тексеру жүргізуге келісім бермейді. Екінші жағынан мұндай келісім алынған болса да егер қандай да бір заттар табылса, қатысушы адамдар тергеу әрекетін жалғастыруға келісуі екіталай, бұл өз

кезегінде мұндай тергеу әрекетін заңсыз деп тануға, ал алынған дәлелдерге жол берілмеуі мүмкін. Бұл жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның тұрғын үйді тінтуге немесе қарап-тексеруге рұқсат беруі үшін сотқа жүгінуі орынсыз, өйткені іс жүзінде бұған уақыт болмайды. Басқаша айтқанда тұрғын үйде тінту жүргізуге дайындалу керек және оны мәжбүрлі түрде жүргізуге жеткілікті негіз болуы керек. Тұрғын үйге тінту жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы тұлғаның қылмыстық істе қылмыстық-процестік заңнамада көзделген жеткілікті негіздері болуы керек. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тұрғын үйге тінту жүргізуге рұқсат беру туралы мәселені шешу кезінде сот онымен қабылдаған шешімнің заңдылығы мен негізділігін қарастырады, бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға берген қаулыны және қылмыстық іс материалдарының көшірмелерін, қабылданған шешімнің негіздерін қамтитын көшірмелерін зерделейді және талдайды. Мәселен, №1-56/2013 санды қылмыстық іс бойынша С. есімді айыпталушының пәтеріндегі тінту хаттамасына сәйкес жарылғыш құрылғының құрамдас бөлігін дайындау үшін Алматы қаласында Б. және У. есімді азаматтардың сатып алған қашықтықтан басқару пульті бар күміс түсті «Хаммер» маркалы ойыншық автомобилі тәркіленді. Ол Алмалы аудандық ІІБ ғимаратының жанында жарылыс жасауға арналған және кейіннен Атырау қаласына тасымалдау көзделген [128]. Осы тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде заңдылықтың бұзылуы тергеу судьясының тұрғын үй-жайға тексеру жүргізілгені (кейінгі жедел тінту) туралы тергеу әрекетін жүргізу басталған сәттен бастап бір тәулік мерзімде хабардар етуі туралы Қазақстан Республикасы ҚПК 220-бабы 14-бөлігінің талаптарын бұзуда көрінеді [133].

Экстремистік бағыттағы қылмыстың белгілерін анықтау үшін сотқа дейінгі тергеу органдарының қызметіндегі кең таралған кемшілік бір тергеу әрекетінің орнына басқасының жүргізілуі болып табылады. Мәселен, №2311-16-00-1/578

санды қылмыстық іс бойынша К. есімді азамат Қазақстан Республикасы ҚК-нің 256-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасады деп айыпталған, қорғаушы жүргізілген тергеу әрекеті мазмұны бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеру емес, тінту болып табылатындығы, ал бұл судьяның қаулы шығаруын талап ететіндігі себебінен оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының жол беруге болмайтын дәлелдемесі деп тану туралы өтінішін мәлімдеді. Сот оқиға болған жерді тексеру хаттамасы қылмыстық процесс заңының талаптарына сәйкес жасалғанын және қорғау дәлелдерімен келіспегенін анықтады. [128]. Осы мысалды түсіндіре отырып, тексеру мен тінтудің арасындағы айырмашылық жеке өмірді шектейтін сызық бойынша жүру қажеттігін атап өткен жөн. Конституциямен қорғалған жеке құқықтар саласына мемлекет қайда және қашан басып кірсе, сот бақылауы, алдын алуды немесе бақылауды қажет етеді.

Тағы бір рет жариялы және жасырын тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалану алмастыруға келмейтіндігін дәлелденіп отыр, өйткені тергеу әрекетінің бейнежазбасы жасалған әрекеттердің сипатын, сондай-ақ олардың тиімділігін жақсы анықтауға мүмкіндік береді. Көбінесе тінту жүргізу жанжалды ахуал жағдайында өтеді, ол іздестірілген адамдардың қауырттылығымен сипатталады, сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тінту жүргізу кезінде қолданатын ең тиімді әдістер мен әдістердің жоспарлауы керек.

А.Н. Иванов: «Тінту жүргізу кезінде қалыптасатын психологиялық ахуал тінту жүргізілетін адамның ұстанымына, тінту жүргізетін адамның мінез-құлқына да байланысты», – деп орынды атап өтті [179, с. 98].

Тінту жүргізгенде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға қоршаған ортаны бақылап, өзіне де, тінту жүргізу кезінде қатысатын басқа да адамдарға қысым көрсетудің ықтимал фактілерінің жолын осылайша кесуі қажет. Тінту жүргізілетін адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушының жағымды қарым-қатынасы мен

мінез-құлқы тінту жүргізу барысында жанжалды ахуалдың азаюына көмектеседі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тінту жүргізуге қатысушыларға қатысты әдепті, жанжақты болуға, талаптарға деген беріктігін көрсетуге және жанжалды ахуалға жол бермеу және тінту алдына қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін барлық шараларды қабылдауға тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға тінтуге қатысушыларға қатысты орынды, қатысымдық болуы керек, талаптардың беріктігін көрсетіп, жанжалды ахуалды болдырмауға және тінту алдында қойылған мақсатқа жетуге барлық шараларды қабылдауы керек. Сондықтан зерттеу деректерін және қылмыстық істердің жоғарыда келтірілген материалдарын ескере отырып, алдын ала сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға үнемі осы тергеу әрекетін жүргізуі керек. Өйткені іздеу барысында қылмысты дайындаудың және жасаудың іздерін табуға болады, бұл экстремистік бағыттағы қылмыстың барлық жағдайларын анықтауға көмектеседі.

Алу. Экстремистік бағыттағы қылмыстық істерді тергеу барысындағы қажетті тергеу әрекеті – бұл осы санаттағы қылмыстың жасалғанын куәландыратын заттар мен материалдарды тәркілеу мақсатында алу жүргізу. Зерттелген экстремистік бағыттағы қылмыстық істердің нәтижелері бойынша тінтумен бірге алу 96% жағдайда кездеседі (Қосымша Ә). Тінтуге қатысты жоғарыда анықталған міндеттер, егер іздеу әрекеттерінің кешені қажет болмаса, қылмыстық істердің осы санаты бойынша жиі жүргізілетін басқа да тергеу әрекеттерінің барысында шешіледі.

К.Ж. Капсалямовтың пайымдауынша, алу – бұл азаматтардан, мекемелерден, ұйымдардан, кәсіпорындардан алдынала іздеусіз іс үшін маңызы бар белгілі бір заттар мен құжаттарды алу болып табылады [163, с. 58].

Жалпы ереже бойынша тінту мен алуды жүргізудің мақсаты мен тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 252 және 254-баптарында көрсетілген [133].

Экстремистік бағыттағы материалдарды алу күдіктінің әрекетінде экстремистік ниеттерді сараптамалар мен криминалистикалық зерттеулер жүргізу арқылы анықтауда керек. Кейіннен жүргізілетін сараптаманың нәтижелігін қамтамасыз ету мақсатында материалдар түпнұсқада алынуы тиіс. Қылмыстың материалдық іздері экстремистік бағыттағы қылмыстық істерде көптеп (қылмыстық істердің 60%) (Қосымша Ә) кездеседі, бұл осы қылмысты жасау механизмінің ерекшелігімен түсіндіріледі.

Аталған санаттағы қылмыстық істердің материалдарын зерделеу жоғарыда аталған тергеу әрекеттерінің экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеудің бастапқы сатысында қалыпты тергеу ахуалдарында жүргізілетінен нақтылауға мүмкіндік береді. Осы тергеу әрекеттерін біз анықтаған ерекшеліктерді ескере отырып, дер кезінде және сапалы жүргізу – көбінесе қылмыстық істерді одан әрі тергеп-тексерудің негізгі бағыттарын анықтайды.

Қорытындылай келе, осы тарау бөлігі бойынша негізгі ойларды атап өткіміз келеді:

1. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша дәлелдемелер базасын қалыптастырудың негізгі тергеу әрекеттері: оқиға болған жерді қарап-тексеру, жауап алу, тінту және алу, сот сараптамаларын тағайындау болып табылады.

2. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- күшейтілген құрамдағы жедел-тергеу тобының құрамында оқиға болған жерді қарап-тексеруге қатысушы адамдарды іріктеу не бірнеше ЖТТ құру;

- түрлі білім салаларының мамандарын пайдалану мәселелері, мәселен: криминалист, лингвист, теолог, шет тілін білуші және т.б.;

- оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану;

- оқиға болған жерді қарап-тексеруге ҚҚО-ның басқа да қызметкерлерін тарту.

3. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастапқы сатысында дәлелдемелерді жинау процесінде тактикалық тәсілдер мен амалдарды кеңінен пайдалана отырып, әртүрлі сұраулар жүргізу маңызды рөл атқарады.

4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан оқиғаның мән-жайлары туралы дәлелді ақпаратты тінту барысында жинауға болады, бұл экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша себепті куәландырады.

5. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша тінту объектілері:

- адамның белгілі бір түрдегі экстремистік идеологияға бейімділігін көрсететін заттар мен құжаттар (ұлтшылдық және радикалды-діни материалдар (киім, фотосуреттер, және т.б. оның ішінде экстремистік қылмыстық ұйымдардың қызметі туралы материалдар), экстремистік бағыттағы идеологиялық әдебиеті, ұлттық, діни және өзге де өшпенділік себептер бойынша қылмыс жасаудың бейнежазбалары мен фотосуреттері және т.б.);

- белгілі бір топтар мен ұйымдардың қызметін шетелден қаржыландыру туралы құжаттар және қаржыландыруға арналған ақша қаражаты мен басқа да құнды материалдар;

- қылмыстық топтың құрамына кіруі мүмкін әртүрлі адамдардың өзара байланысы, ондағы рөлі, сондай-ақ мұндай адамдар туралы, тіпті жеке басы әлі анықталмаған кез келген іздеу және іздеу ақпараттары (дәптерлер, телефон кітапшалары, фотосуреттер, бейнелер, визиткалар және т.б.) туралы фактілерді көрсететін кез келген заттар мен құжаттар;

- адамдарды арбаудың түрлі нұсқаулары;

- ұйымның мүшелері мен құрылымы туралы мәліметтер бар құжаттар;

- атыс және суық қару, жарылғыш құрылғылар, оқ-дәрілер, қару ретінде пайдаланылуы мүмкін өзге де заттар мен құрылғылар;

- қылмыс жасау құралдары: көлік, сыртқы келбетті жасыру құралдары;

– қылмысқа дайындалу және оны жоспарлауды куәландыратын құжаттар (сызбалар, жоспарлар, хат алмасу, фотосуреттер және кейіннен қылмыс жасалған жерлердің схемалары және т.б.).

6. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудегі жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысында тергеуші әртүрлі білім салаларының мамандарын тартуға міндетті. Тергеу әрекетін жүргізуге тартылған маманның көмегімен қылмыстың себептерін және оны жасауға қатысы бар адамдарды көрсететін белгілерді және тергеу құралдары мен әдістерін жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

7. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде техникалық құралдарды қолдана отырып орындалу қажет. Техникалық құралдарды қолдану экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша дәлелді ақпаратты тіркеуді айтарлықтай толықтырады.

2.4 Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша сот сараптамаларының жекелеген түрлерін тағайындау

Қылмыстық істерді, әдеби дереккөздерді талдау сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кейінгі сатысында кең таралған тергеу әрекеттерін жүргізуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы ҚПК-мен регламенттелген барлық тергеу әрекеттерін жүргізу мүмкіндігін атап өткен жөн. Алайда, біздің ойымызша, сот сараптамаларының жекелеген түрлерін тағайындау мен жүргізуді толығырақ қарастырған жөн. Оларды жүргізу ерекшеліктері тергеу барысында экстремистік бағыттағы қылмыстар табиғи түрде оларды егжей-тегжейлі қарауды талап етеді. Қоғамның дамуы нәтижесінде әлеуметтік қатынастардың күрделенуі, ғылым мен техниканың дамуы, ақпараттық ағындардың жоғарылауы ғылым мен техниканың жаңа салаларының пайда болуына әкеледі. Бұл процестің нәтижесі оң фактор ретінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруде сот сараптамаларының

мүмкіндіктерін пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның дәлелдемелерді зерттеу процесінде ғылым мен техниканың барлық мүмкіндіктері туралы білімі болмауы заңды. Сот сараптамасының қандай да бір түрінде сарапшы көмек көрсете алады. Сот сараптамасының өзектілігін ескере отырып, заң шығарушы Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 34 және 35-тарауларында осыған байланысты мәселелерді регламенттеді.

Тәжірибе қылмыстық сот ісін жүргізуде сарапшының қатысу нысандарын қалыптастырды, олар мыналардан тұрады: маман ретінде жеке тергеу әрекеттеріне қатысу; қылмыстық қудалау органына кеңес беру; сот сараптамасын жүргізу; қойылған сұрақтардың мәні бойынша айғақтар беру.

Осыған байланысты көптеген жағдайларда судьялар, жедел қызметкерлер мен тергеушілер қажетті салада арнайы білімі бар адамдарға жүгінуге тура келеді. [180, р. 615]. Арнайы білімді қолдану экстремистік бағыттағы қылмысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруде өте маңызды аспект болып табылады. Қазір сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында арнайы білім қолданылмайтын қылмыстық істерді кездестіру мүмкін емес. Тергеу сапасы қылмыстық процесте тергеушінің және криминалистикада арнайы білім болып қабылданған ғылым мен техниканың басқа салаларындағы мамандардың арнайы білімді шеберлікпен қолдануына және біліктілігіне байланысты [181, б. 278].

Ж.Р. Дильбарханова арнайы білімді пайдалану бойынша дұрыс жүргізілген іс-әрекет тергеуге қылмыстық топтарға қатысушылардың саны, нақты қылмыскердің тұлғасы және оның қатыстылығы, заттай дәлелдемелердің рөлі мен мәні, басқа да ақпаратты бере алады, яғни дәлелдемелік ақпараттың үлкен ауқымын беретіндігін атап өтті [182, с. 168].

Бұл мәселенің өзектілігіне қарамастан бүгінде елімізде экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруде осы білімді қолдануға байланысты теориялық қана емес, сонымен бірге қолданбалы аспектілерді де қамтитын

экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруде арнайы білімді қолдану бойынша кешенді зерттеулер жоқ екендігін айта кеткен жөн.

А.А. Исаев ғылым мен техниканың дамуы, жаңа техникалық құралдар мен технологиялардың құрылуы қылмыстық сот ісін жүргізуде мамандар мен сарапшылардың қылмыстың іздерін табу және белгілеу үшін де, оларды зерттеу үшін де кеңінен қолданылуын анықтайтынын атап өтті. Қылмыстық істерді тергеу және сотта қарау аясында сарапшы мен маманның функциялары сот сараптамаларын жүргізу нысанында, не анықтамалық ақпарат беру және кеңес берумен, техникалық тәртіптің іс-әрекетін орындау үшін іске асырылады [183, с. 5].

Сот сараптамасының ғылыми тұжырымдамасын авторлық түрде қалыптастыру мақсатын қоймай, біз Ж.Р. Дильбарханованың анықтамасымен шектелуге болады деп санаймыз. Автордың көзқарасы бойынша сот сараптамасы бұл «.... шешілуі ғылымның, техниканың, өнердің немесе қолөнердің әртүрлі салаларында арнаулы ғылыми білімді талап ететін және нақты іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды анықтау мақсатында сарапшының және соттың, анықтау жүргізетін адамның, тергеушінің немесе прокурордың алдына қойылған мәселелер бойынша зерттеулер жүргізуден және қорытынды беруден тұратын процестік әрекет» [182, с. 169]. Сонымен бірге, зерттелетін қызмет саласындағы сот сараптама қызметінің нормативтік құқықтық базасын 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының ҚПК құрайды, оның 35-тарауында сот сараптамасын тағайындау және жүргізу тәртібі, ережелері [133], сондай-ақ 2017 жылғы 10 ақпандағы №44-VI «Сот сараптама қызметі туралы» заңында (18.04.2017 жылғы өзгерістермен) толығымен баяндалған, онда сараптама тағайындауға болатын мемлекеттік тізілім бар. «Сот сараптамасы органының басшысы және сот сарапшысы туралы» 3-тараудың 19-бабына сәйкес:

1. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- 2) лицензия негізінде сот сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаларға;
- 3) осы баптың 3-бөлігінде көзделген жағдайларда өзге тұлғаларға бір жолғы тәртіпшен [184].

Е.Р. Россинская: «Кең мағынада сараптама объектілері заттар, материалдар, өнеркәсіптік өнімдер және басқа да өнімдер, технологиялар, өнер туындылары, өсімдіктер, жануарлар, адамдар, құжаттар және тағы басқалар болып табылады. Сараптаманың мақсаттары мен міндеттері адам қызметінің аясымен айқындалады және ол оның шеңберінде жүргізіледі», – деп санайды [185, с. 27].

Сараптама заттары – сараптаманың басты, алайда бір түрін екіншісінен ажырататын жалғыз белгі емес. Сараптаманың маңызды белгісі сонымен қатар сарапшы зерттеген объектілер, яғни фактілер мен оқиғалар туралы ақпараттың материалдық тасымалдаушылары, нақты деректерді алу көздері болып табылады. Нысанды зерттеу – бұл сарапшының алдына қойылған сұрақтарға сәйкес фактілерді анықтау құралы.

Сараптаманың әр түріне тән белгілер заттар және объектілермен қатар, сараптамалық зерттеу әдістемесі, яғни ғылыми негізделген әдістер, тәсілдер және техникалық құралдар (аспаптар, аппаратуралар, құрылғылар) жүйесі болып табылады. Сараптама заттары мен объектілерінің ерекшелігі оның әдіснамасының ерекшелігін анықтайды. Бұл оның мазмұнына енгізілген әдістер тапсырманың сипатына негізделген логикалық ретпен қолданылатынын білдіреді [186].

Сот сараптама қызметінің тәжірибесі қазіргі уақытта сараптаманың алдына қойылған шешілетін міндеттер ауқымының едәуір кеңейгенін, жүргізілетін зерттеулердің күрделілігінің артқанын, сондай-ақ сараптаманың жаңа түрлерінің пайда болғанын көрсетеді. Бұл процесс жаңадан ашылған, бұрын зерттелмеген объектілердің пайда болуымен және тергеу органдарының алдында арнайы білімді тартуды талап ететін сапалы жаңа міндеттердің пайда болуымен

байланысты. Сараптамалардың қолданыстағы тізбесі толық емес және олар ғылым мен техниканың түрлі салалары сияқты әртүрлі болуы мүмкін. Сараптама заңтану, техника, жаратылыстану ғылымдары саласындағы білімнің синтезі болып табылады.

Түрлі сараптамалар арқылы қылмыс құрамының объективтілігін көрсететін фактілер жиынтығы анықталады: қылмыстық әрекеттердің орны мен уақыты, қылмыскердің және басқа адамдардың (жәбірленушілердің, куәгерлердің) іс-әрекеттерінің құралдары мен тәсілдері, оқиғаның барлық қатысушыларының мінез-құлқы (іс-қимыл әрекеті), қылмыскердің оқиға орнының материалдық жағдайына әсері (уақыт бойынша, оқиғаның даму кезеңдері мен сипаты бойынша саралау) және т.б. [187, с. 5].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз зерттеген қылмыс санатын сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде сот сараптамаларын тағайындаудың ең маңызды мәселелерін ғана қарастыруға болады. Бұл ретте біз тергеу және сот тәжірибесін зерделеу барысында экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде жазутану, жарылыс-техникалық, трасологиялық, техникалық және бейне-фонографиялық және қажет болған жағдайда басқа да көптеген сот сараптамалары жүргізілетіні анықталғанын атап өтеміз. Аталған сараптамаларды жалпы (дәстүрлі) сараптамаларға жатқызуға болады, өйткені олар қылмыстардың барлық санаттары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде жүргізіледі. Зерттеуге ұсынылған объектілерге және тергеу версияларын тексеру кезінде тұжырымдалған мәселелерге байланысты тиісті сот зерттеулерін таңдау жүргізіледі.

Экстремистік сипаттағы материалдарды таратумен байланысты қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі басты орынды сараптамалық зерттеулердің арнайы түрлері алады, олар: компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу (сот-компьютерлік сараптама), сотдінтанушылық, сот-автортану, сот-лингвистикалық және

сот-психологиялық зерттеулер. Біздің ойымызша, сараптамалардың аталған түрлері дәлелдемелердің негізгі көзі болып табылады.

О.П. Грибунов: «Қазіргі заманғы технологияларсыз қылмыстарға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ оларды ашу және тергеу іс жүзінде мүмкін емес екені анық», – деп дұрыс атап өтті [188, с. 15].

Біз зерделеген экстремистік бағыттағы қылмыстық істердің материалдары көрсеткендей, компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу (сот-компьютерлік сараптама) (қылмыстық істердің 73%), сот дінтанушылық сараптамасы (қылмыстық істердің 46%), сот-автортану сараптамасы (қылмыстық істердің 35%), сот-лингвистикалық (қылмыстық істердің 22%) және сот психологиялық (қылмыстық істердің 20%) жиі тағайындалады. Бұл ретте зерттелген қылмыстық істердің 68% бойынша сараптамалардың қорытындылары айыптау негізіне жатқызылды (Қосымша Ә). Сонымен қатар бұл жоғарыда аталған сараптама түрлері монографиялық жұмыс бойынша ПО қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама қорытындысымен расталады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға сараптама жүргізу қажеттігі туралы мәселені шеше отырып, ең алдымен оны тағайындаудың орындылығын өзге көздерден (оқиға болған жерді қарап-тексеру, жауап алу және т.б.) қажетті дәлелдемелік ақпаратты алу мүмкіндіктерімен байланыстыруы тиіс. Сот сараптамасын тағайындау және жүргізу кезінде ең бастысы оның нәтижелерін іске асыру үшін сараптама тағайындау сәтін таңдау, оны тағайындайтын адамның сараптама жүргізуден алуды күтетін дәлелдемелік ақпараттың сипаты мен көлемін анық түсінуі маңызды болып табылады. Бұл сараптаманың әртүрлі түрлерімен ұсынылатын мүмкіндіктерді білумен тікелей байланысты. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру арнайы білімді тартуды талап етеді және сот сараптамасын тағайындау қажеттілігімен бірге жүреді.

Сот сараптамалары орталығының сарапшыларымен жүргізілген сұхбаттасу және экстремистік бағыттағы қылмыстық істерді зерттеу нәтижелері сот сараптамаларын тағайындау кезінде экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғалар жіберетін ең қалыпты қателер болып осы салада біліктілігі жоқ адамдарды сарапшылар мен мамандар ретінде тарту, сарапшы алдында сұрақтардың дұрыс қойылмау, сараптама жүргізу барысында алынған қорытындыларды бұрыс бағалау, істің нақты мән-жайларын баяндаудың жеткіліксіздігі не дәлсіздігі және сарапшыға оның құқықтары мен жауапкершілігін түсіндіру және олармен тиісті қолхат беру тәртібін бұзу болып табылады. Сонымен бірге сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғалардың көзқарастарын қорыту, нақты салада арнайы ғылыми білімі бар мамандар экстремистік бағыттағы қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мақсатына қол жеткізу үшін теріс салдар туғызатын қателіктер жібереді:

- қорытындының қойылған мәселеге сәйкес келмеуі, зерттеу бөлігінің болмауы;
- зерттеуге ұсынылған объект сипаттамасының артық болуы немесе болмауы;
- сараптамалық тұжырымдамалары дәлелінің болмауы;
- қорытынды беру кезінде құзырет шеңберінен шығуы.

Сонымен қатар сарапшының лауазымы мен ғылыми дәрежесін көрсету жеткіліксіз. Ғылыми мамандықтың шифріне, ғылыми атақтың мамандануына да назар аудару керек, өйткені олар сарапшының арнайы дайындығы фактісін растайды [49, б. 619].

Сот-автортану сараптамасы. Сот-автортану сараптамасы біз зерттеген қылмыстық істердің 35%-на (Қосымша Ә), әртүрлі материалдық ақпарат құралдарында (жазбаша, электронды және т.б.) көрсетілген жазбаша сөйлеуді зерттеу арқылы мәтіннің авторын анықтау үшін филология (тіл білімі) саласында арнайы білім қажет болғанда тағайындалды. Автортану сараптамасының объектісі мәтін

авторының жазбаша сөзі болып табылады, ол WEB-сайттардағы, WEB-беттердегі, CD-, RW – немесе flash-карталардағы мәтіндік файлдарда; принтерлердің көмегімен басып шығарылған баспа құжаттарында; мәтіндік файлдардың көшірмелері болып табылатын жазбаша (баспа немесе қолжазба) мәтіндерде және т.б. болуы мүмкін.

Автортану сараптамасының құжаттарды зерттеуге байланысты басқа сот сараптамаларынан айырмашылығы қылмыстық сот ісін жүргізуде аз таралған. Бұл оны жүргізудің күрделі еңбекті қажет ететін процесіне байланысты екендігімен түсіндіріледі. Осыған қарамастан, экстремистік материалдарды тарату мен орналастыруға байланысты қылмыстар санының айтарлықтай өсуіне байланысты тергеу және сот тәжірибесінде сұранысқа ие бола бастады. Ғаламторда кең таралған мәтіндердің авторын анықтау бүгінде өткір мәселе болып тұр.

Е.Р. Россинская: «Автортану зерттеулер арқылы мәтін авторына анықталған бірқатар белгілер негізінде белгілі бір сипаттама беруге болады, мысалы: жынысы, жасы, білім және мәдени деңгейі, кәсібі, сонымен қатар мәтінді құру кезеңінде оған әсер еткен факторларды бағалау қарастырылады», – деп есептейді [185, с. 186].

Автортану сараптамасы жазбаша мәтіндерді тексерудің бір түрі ретінде анықталады, оның мақсаты даулы сөйлеу туындысының немесе даулы сөйлеу туындыларының авторын анықтау және сипаттау болып табылады [189, с. 200].

К.И. Бриневтің осы қалыптағы сараптамалардың көптеген тұжырымдарының ықтималды сипаты туралы пікірімен келісе отырып, мұндай жағдай қабылданған ғылыми теория сөйлеу жұмысы авторының жеке басын дәл анықтауға болатын нақты фактілерді сипаттай алмайтындығымен ғана емес, сонымен бірге сарапшының сенімсіздігінің психологиялық жағдайымен де байланысты екенін және сарапшының қолында болатын мәтіндер бойынша автордың жеке қасиеттерін дәл анықтау мүмкіндігінің болмауымен байланысты екендігін атап өткен жөн.

Автортану сараптамасы аясында сәйкестендіру және диагностикалық сипаттағы міндеттердің кең ауқымы шешілуі мүмкін, ол келесі жағдайларды қамтиды: автордың жазбаша және сөйлеу дағдыларының сипаттамасы, зерттелетін мәтіннің функционалды-стилистикалық, формальды және мазмұнды жағы, автордың жазбаша сөйлеу дағдыларын қасақана және кездейсоқ бұрмалауға әсер ететін факторлар, сөйлеу әрекетінің өнімі ретінде жазбаша мәтіндердің мәтіндік ұқсастығы және т.б.

Теңдестірушілік автортану сараптамасы келесідей негізгі міндеттерді шешеді:

- мәтіннің авторы белгілі бір адам ба;
- бірнеше мәтіннің авторы белгілі бір адам ба.

Сот-автортану сараптамасының диагностикалық міндеттері әртүрлі:

- автордың шамамен жасы мен жынысын анықтау;
- мәтін авторының әлеуметтік-жеке сипаттамалары (білім деңгейі, кәсібі, әртүрлі стильдегі мәтіндерді құрастыру дағдылары және т.б.);
- мәтінді әдейі өзгерту;
- тұрақты болатын орны;
- мәтін авторының ерекше психофизиологиялық күйде болуы [190].

Дауланып отырған мәтіннің авторын анықтау жөніндегі сәйкестендіру міндеттерін шешу кезінде сарапшымен шешілуге тиісті мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

– ұсынылған тасымалдағыштағы жазбаша (машинкамен, қолмен, электронды) немесе ауызша мәтіннің (фонограммадағы) авторы ұсынылған жазбаша сөйлеу үлгілері осы азамат болып табыла ма?

– осы азамат жазбаша сөйлеу үлгілері ұсынылған, сәйкесінше ұсынылған тасымалдаушыларда қамтылған бірнеше мәтіндердің авторы ма?

– ұсынылған тасымалдаушылардағы бірнеше мәтіндердің авторы бір адам ба?

Автордың әлеуметтік немесе психофизиологиялық сөйлеу портретін орнату бойынша диагностикалық міндеттерді шешу кезінде сарапшының рұқсатымен сұрақтар қойылуы мүмкін:

– мәтін авторының жынысы, жасы, білімі, ана тілі, айналысатын кәсібі, сөйлеу мәдениеті және тілдік құзыреттілігі қандай?

– зерттелетін мәтіннің авторы оны құрастыру кезінде қандай күйде болды:

– қалыпты немесе ерекше психофизиологиялық күйде (ішімдік немесе есірткіге мас болу, күйзеліс, физикалық шаршау, ауырсыну және т.б. салдарынан сананың өзгерген күйінде)?

– мәтінде ерекше жағдайларда жазбаша мәтін құрастырудың белгілері, жасыру белгілері, сөйлеу дағдыларын қасақана бұрмалау, мәтінді біреудің айтуымен орындау, басқа біреудің авторлық стиліне еліктеу белгілері бар ма?

– автордың даулы туындысының мәтіні толығымен немесе ішінара түпнұсқа, тәуелсіз немесе қайта өңделген бе?

– автордың мәтіні автордың туындысынан толық немесе ішінара алынған ба?

– автордың туындысындағы мәтін автордың туындысынан толық немесе ішінара өңделген бе?

– көзқарас, сөз, туындының атауы, өздігінен қолдануға болатын туындының бөлігі ме, әлде туынды тұтастай шығармашылық тұрғыдан ерекше және жеке авторлық болып табыла ма? [191].

Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу (Сот-компьютерлік сараптама). Бізбен зерттелген қылмыстық істердің 73%-да (Қосымша Ә) сот-компьютерлік сараптамасы жүргізілді, төменде келтірілгендер оның объектілері болып табылады:

– дербес компьютерлер (жұмыс үстелі, портативті);

– перифериялық құрылғылар; желілік аппараттық құралдар (серверлер, жұмыс станциялары, белсенді жабдықтар, желілік кабельдер және т.б.);

– интеграцияланған жүйелер (органайзерлер) пейджерлер; ұялы телефондар және т.б.;

– микропроцессорлық контроллерлерге (иммобилайзерлер, транспондерлер, круиз-контроллерлер және т. б.) негізделген ендірілген жүйелер;

– сондай-ақ барлық көрсетілген компоненттердің кез келген құрамдас бөліктері (аппараттық блоктар, кеңейту тақталары, микросхемалар және т. б.);

– модульдер, пакеттер, алгоритмдер және бағдарламалардың бастапқы мәтіндері;

– пайдаланатын модуль болып табылмайтын және пайдаланушы немесе ақпараттық тұрғыдан жүйенің өзі дайындаған компьютерлік жүйенің файлдары;

– жоғарыда аталған объектілер желілік бағдарламалармен бірге жұмыс істейді [192, с. 120].

Тәжірибені зерттеудің нәтижелері экстремистік материалдарды ғаламтор-ресурстарға орналастыру көбінесе зорлық-зомбылық қылмыстарымен байланысты екенін көрсетеді.

Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша қылмысқа қатысушылар көбінесе байланыс құралдары мен ғаламторды пайдаланады. Мәселен, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 233-2-бабының 2-бөлігінде, 233-3-бабының 2-бөлігінде, 233-2-бабының 1-бөлігінде, 28-бабының 3-бөлігінде, 24-бабының 3-бөлігінде, 233-бабы 2-бөлігінің «а, б» тармақшаларында көзделген қылмыстар құрамдарының белгілері бойынша қозғалған №1-56/2013 санды қылмыстық іс бойынша Е. есімді азаматтың Алматы қаласындағы тұрғылықты жері бойынша тінту кезінде алынған «Самсунг» маркалы ноутбукке соттық-компьютерлік зерттеу қорытындысына сәйкес, процессордың қатты дискісінен әртүрлі типтегі 653 файл табылды және әртүрлі типтегі 6587 файл қалпына келтірілді, олар «Е» деп аталатын папка құра отырып, «PQI» маркалы тасымалдағыштың «USB» файлына қайта жазылды [128].

Компьютерлік сараптама көптеген мәселелерді шешеді, соның негізінде ғаламторды қолдана отырып жасалған экстремистік қылмыстарды тергеуге қатысты келесідей мәселелер тұжырымдалуы мүмкін [193, с. 260]:

- компьютерлік жүйенің аппараттық құралдарын ақпараттың материалдық тасымалдаушыларын пайдалану арқылы (белгілі бір компьютерлік жүйеде осы аппараттық құралдың рөлі мен функционалдығы қандай; бұл аппараттық құрал ұсынылған компьютерлік жүйеге жатады ма; осы аппараттық құрал белгілі бір функционалдық мәселені шешу үшін қолданылады ма және т.б.);

- компьютер жұмысының бағдарламалық жасақтамасымен (ұсынылған бағдарламалық жасақтаманың жалпы сипаттамасы қандай, ол қандай құрамдас бөліктерден (бағдарламалық құралдардан) тұрады; бағдарламалық құралдың жалпы функционалды мақсаты қандай; бағдарламалық құралдың нақты жағдайы қандай, оның жеке (нақты) функцияларды орындау мүмкіндігі; бағдарламалық жасақтаманың қорғаныс мүмкіндіктері қалай ұйымдастырылған және т.б.);

- компьютерлік жүйенің ақпараттық құрамдас бөлігін зерттеумен (ақпарат тасымалдаушыда қандай қасиеттер, сипаттамалар және параметрлер (көлемдер, жасау күндері-өзгерістер, атрибуттар және т.б.); ақпарат тасымалдаушыда қандай ақпарат бар (анық, жасырын, қашықтан, мұрағат); ақпарат тасымалдаушыдағы деректерге қолжетімділік қалай ұйымдастырылған (еркін, шектеулі және т.б.), оның сипаттамалары қандай; нақты істің фактілері мен мән-жайлары көрсетілген ақпарат тасымалдаушыда қандай деректер және т.б.).

Сот-компьютерлік сараптама сарапшысының шешуіне мынадай мәселелер қойылады:

- сайтта орналастыруды жүзеге асыратын хостинг-провайдер, ғаламтор-ресурсының иесі және ұйымдастырушысы анықталған ба?

- қандай құжаттар негізінде әрекет етеді, тиісті лицензиясы бар ма?

– материалдарды орналастыру қалай жүргізілді: жасырын; тану бүркеншік атын (лақап атын) пайдалана отырып; оның өзге де деректерін орналастырған адамның тегі мен аты (өзінің немесе басқа адамның, шын мәнінде бар немесе ойдан шығарылған) көрсетіле отырып?

– қылмысты немесе оның іздерін жасыру жүргізілді ме; экстремистік сипаттағы материалдарды жою жүргізілді ме; қатты дискіден; сыртқы тасымалдаушылардан (нақты қандай)?

– қылмыс қай жерде болды?

– экстремистік материалдарды дайындау, сақтау және жою; көрсетілген материалдарды ғаламтор желісінде орналастыру; ғаламтор желісінде көрсетілген материалдарға қол жеткізуді жүзеге асыру орындары (компьютер орналасқан жерде) қайда орналасқан және нені білдіреді?

– қылмыс жасау уақыты қандай?

– қылмыс жасауға дайындық, қылмыс жасау, оның іздерін жасыру болған кезде: компьютерді немесе сыртқы экстремистік материалдарды қатты дискіден шығару, сақтау, шығару уақыты; көрсетілген материалдарды ғаламторда орналастыру уақыты; көрсетілген материалдарға қол жеткізу уақыты?

– ғаламторда экстремистік материалдарды орналастыру қылмыс жасау әдісінің ажырамас бөлігі болды ма?

Сот дінтанушылық сараптамасы. Дінтану сараптамасы қазіргі қоғамның дүниетанымдық, құндылық, этникалық мәселелерін зерттеуге негізделген арнайы білімнің көмегімен экстремизм белгілерінің болуы тұрғысынан баспа, аудио және бейнематериалдарды зерттеу үшін тағайындалады.

К-К.Ж. Карбузовтың пікірінше аталған сараптама діни мазмұндағы материалдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі [194, с. 42]. Сараптаманың бұл түрі біз зерттеген қылмыстық істердің 46%-да жүргізілді (Қосымша Ә).

Осы саладағы маман Д.Ш. Мусина өз жұмысында сараптамаға ұсынылған материалдың (мәтіндік ақпараттың)

мазмұнында діни алауыздықты насихаттайтын белгілерді анықтауға, бір діни топтың екіншісіне қарсы араздық әрекеттерін анықтау туралы идеяларды уағыздауға бағытталғанын атап өтті: өтіп кеткен, қазіргі және болашақтағы апаттар мен қиыншылықтарды белгілі бір діни топтардың мақсатты қызметінің болуымен түсіндірді [195, с. 56]. Мәселен, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігінде, 405-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстар құрамдарының белгілері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған №2311-16-00-1/578 санды қылмыстық іс бойынша, 2016 жылғы 29 шілдедегі №1590 дінтану сараптамасының қорытындысы бойынша Б. есімді азаматтан тінту барысында алынған, зерттеуге ұсынылған объектінің мазмұнында терроризмді насихаттау белгілері және терроризм актісін жасауға шақырғаны анықталды. Сондай-ақ 2016 жылғы 29 шілдедегі №1591 сараптама қорытындысында А. азаматты тінту барысында алынған нысандарды зерттеуге ұсынылған идеялар «Ат-Такфир уаль-хиджра», «тәкпіршілдік» экстремистік ұйымдарына жататындығын, сондай-ақ терроризм актісін жасауға шақыру мен терроризмді насихаттау белгілерін қамтитындығын көрсетіп отыр [128].

Қ.Б. Хожаков сараптама объектісі ретінде діни бірлестіктердің құрылтай және басқа да құжаттарын жатқыздырады [196, с. 204].

Сараптаманың объектілері ретінде: рухани, діни әдебиет; таратылатын баспа, аудио және бейнематериалдар; әртүрлі діни бірлестіктердің құжаттары; арнайы әзірленген діни оқу бағдарламалары және басқалар болуы мүмкін. Зерттеуді жүргізудің негізгі міндеттері:

- ұйымның шын мәнінде діни екенін анықтау; діни ұйымның конфессиялық тиесілігін анықтау;

- зерттелетін діни бағыттың негізгі құндылықтарының, әлеуметтік маңызды ұстанымдары мен практикаларының шеңберін айқындау, сондай-ақ ұсынылған діни ілім мен діни практика туралы мәліметтердің нақтылық дәрежесін айқындау;

– егер бар болса осы діни бағыттың басқа діндерге қатысты теріс бағалары бар екенін атап өту керек.

Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларында дінтану сараптамасын жүргізу тәртібі айқындалған. Осы нормативтік актіге сәйкес уәкілетті орган тиісті сараптама жүргізу, сондай-ақ сараптама жүргізу үшін сараптама түрін және сарапшыны немесе сарапшыларды айқындау туралы шешім қабылдайды. Сарапшы немесе сарапшыларды іріктеуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асыратын сарапшылар санымен айқындалады. Қабылданған шешім негізінде уәкілетті орган сарапшыға (сарапшыларға) сараптамаға жататын объектіні және сарапшының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелер тізімін жібереді [197].

Отандық сарапшылардың пайымдауынша орталықтың дінтану сараптамасын тағайындауы сараптама тағайындаған органға діни ұйымның мақсаттары мен міндеттерін бағалауға, қоғамға төнген қауіп деңгейін анықтауға, діни әдебиетті белгіленбеген жерлерде тарататын адамдарға тікелей шара қолдануға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстан Республикасының аумағында қызметіне сотпен тыйым салынған діни ұйымдардың қатысушыларына, теократиялық мемлекеттік құрылысты орнатуды насихаттайтын, діни өшпенділік пен алауыздықты қоздыратын, діни себептер бойынша қарулы әрекеттерге қатысу үшін Қазақстаннан тыс жерлерге шығуға үгіттейтін адамдарға да қатысты, бұл мемлекеттің конституциялық негіздерін бұзады, қоғамдағы тұрақсыздыққа алып келеді [195, с. 56].

Сарапшы Н.А. Муканованың пікірінше, орталықта және оның аумақтық бөлімшелерінде дінтану сараптамасын жүргізу міндетті, өйткені осы бөлімшеде сараптаманы орындауда мүмкіндіктер мен кепілдіктер беріледі [198].

К-К.Ж. Карбузов дінтану сараптамасына қатысты мәселелер тізімін жасады:

– осы немесе өзге ұйым діни бірлестік болып табыла ма?

– діни ілімнің негіздерінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келетін ережелер бар ма?

– ұсынылған баспа өнімдерінде (парақшалар, кітаптар, блокноттар және т.б.), «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 заңында көзделген экстремистік қызметтің белгілері бар ма?

– сараптамаға ұсынылған материал сот шешімі бойынша қызметіне Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған діни бірлестікке (ұйымға) жата ма?

– сараптамаға ұсынылған материалға (оның ішінде анонимді) сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тарату үшін тыйым салынған ба?

– сараптамаға ұсынылған материал қызметіне Қазақстан Республикасы таныған және ратификациялаған халықаралық немесе мемлекетаралық актілерде тыйым салынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орындауы үшін міндетті діни бірлестікке (ұйымға) тиесілі ме? [194, с. 42].

Сот психологиялық зерттеу (сараптама). Біз зерттеген қылмыстық істердің 20%-да сот психологиялық сараптама жүргізілді (Қосымша Ө).

А.С. Айтбаев: «Сот-психологиялық сараптама айыпталушылардың, жәбірленушілердің, куәлардың психикасының қылмыстық іс үшін маңызды ерекшеліктерін зерттейді. Сот-психиатриялық сараптамадан сот-психологиялық сараптаманың айырмашылығы патологиялық емес психикалық көріністерді зерттейді. Сот-психологиялық сараптама заңды мазмұндағы мәселелерді шешуге құзыретті емес: қылмыстық әрекеттің мақсаттары мен уәждерін, айғақтарының дұрыстығын анықтау, кінә нысанын белгілеу және т.б.», – деп санайды [199, с. 42].

Сот психологиялық сараптама белгілі бір әрекеттерді жасау немесе қоршаған орта құбылыстарын бейнелеу процесінде жеке саналық пен адамдардың мінез-құлқының мазмұны мен құрылымын зерттеуге бағытталған. Сот психологиялық сараптама көмегімен құқықтық сипаттағы тұжы-

рымдар үшін маңызды адамның көріністерінің және психикалық әрекеттің ерекшеліктерін түсінуге және дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін мәліметтер алуға болады.

Психолог-маман ұсынылған мәтіндерге психологиялық әсер ету тәсілдерін, сондай-ақ адамның қабылдауына әсер ететін мәтіннің сипаттамаларын анықтауға талдау жүргізеді. Зерттеуге келіп түскен материалдардың сараптамасында үгіт-насихат мақсаттарының ықтимал психологиялық салдарына қатысты мәселенің талдауы қарастырылады.

К-К.Ж. Карбузов сот психологиялық зерттеу бойынша сарапшыларға келесі сұрақтарды қою керек деп есептейді:

– айыпталушының (сотталушының) жеке психологиялық ерекшеліктері қандай?

– айыпталушының жеке басында қандай да бір ерекшеліктері бар ма (сот-тергеу органдары үшін маңызды болып келетін айыпталушының жеке басының ерекшеліктері атап өтіледі)?

– айыпталушының жеке психологиялық ерекшеліктері онымен қылмыс жасау барысында мінез-құлқына айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе?

– сарапшы оның өзінің психикалық жай-күйін, жеке психологиялық ерекшеліктерін және психикалық даму деңгейін ескере отырып, іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға және олар туралы дұрыс айғақтар беруге қабілетті ме? [194, с. 47].

Сот-лингвистикалық сараптама. Сот-лингвистикалық сараптамасы ұлтаралық және діни алауыздықты тудыру үшін жала жабу, қорлау туралы қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін, сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру қажеттілігі болған жағдайда керек. Зерттеудің бұл түрі біз зерттеген қылмыстық істердің 22%-да жүргізілді (Қосымша Ә). Мәселен, Атырау қаласының №2 қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотымен қаралған №1-341/12 санды қылмыстық істің материалдарын көрсетуге болады. Онда сот тергеуі барысында 2012 жылдың 28 маусымында сағат 00.10-дан кейін С. және Б.

есімді азамат қоғамдық тәртіпті өрескел бұзу, ПО қызметкерлеріне деген өшпенділік сезімін білдіру және оларға қарсы шығу мақсатында қоғамдық резонанс тудырып, Атырау қаласы ІБ ғимаратына жарылыс ұйымдастыруға шешім қабылдағандығы анықталды. Аталған азаматтар тұтандырғыш қоспасы бар бөтелкені Атырау қаласының ҚІБ бақылау-өткізу бекетіне лақтырып және әскери қызметшілерге қарай оқ атты, нәтижесінде бір әскери қызметшіні жарақаттады. Оларға әлеуметтік топқа жататын өшпенділік пен араздықты қоздыруға бағытталған әрекеттер жасады деген айып тағылды. Тергеу органдары өз шешімінде сот психологиялық-лингвистикалық сараптаманың қорытындысын негізге алып, аталған қылмыскерлердің ПО қызметкерлерін жеке әлеуметтік топқа жатқызды деген қорытындыға келді [128].

Бірқатар авторлардың пайымдауынша, сот-лингвистикалық сараптамасы қаралып отырған санаттағы қылмыстық істер бойынша экстремистік материалдар ретінде белгілі бір мәлімдемелердің (мәтіндік материалдардың) құқықтық біліктілігі үшін дәлелдемелердің мәні бар жағдайлар мен фактілердің ең күрделі және кең таралған зерттеулерінің бірі болып табылады.

Лингвист маман азаматтардың материалдарды қабылдауының әсер ету әдістері мен сипаттамаларын анықтау мақсатында оған ұсынылған материалдарды зерттейді, сонымен қатар коммуникативті ниеттің мазмұнын білдіру тәсілдерінің қайсысы үндеу екенін анықтайды. Сараптама біріншіден, егер сөздерде (мәтіндерде) ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтердің болу фактілерін; сөздерде (мәтіндерде) қорлайтын сөздер мен сөз тіркестерінің болу фактілерін; сөздерде (мәтіндерде) ұлтаралық және дінаралық араздықты қоздыруға, бір ұлттың екіншісіне қатысты қадір-қасиетін төмендетуге шақырулардың болу фактілерін анықтау қажет болса тағайындалады. Сараптама объектілері ақпараттың материалдық тасымалдағыштарында жазылған ауызша және жазбаша мәтіндер болып табылады. Лингвистикалық сараптамаға көбінесе баспа

басылымдары, айтылған сөздердің аудио-бейне жазбалары ұсынылады.

Қазіргі уақытта сараптаманың осы түрі бойынша К.К.Ж. Карбузов сөз түріндегі экстремизм туралы істер бойынша сарапшы-лингвистің шешілуіне берілетін мәселелер үлгісінің тізбесін жасады:

– осы парақшаларда, кітаптарда, блокноттарда, дәптерлерде, парақтардың үзінділерінде пайдаланған сөз құралдары қандай да бір этникалық, нәсілдік, діни топқа (қайсысына) немесе оның өкілдері ретінде жекелеген адамдарға қатысты кемсітушілік сипаттамаларды, теріс эмоциялық бағалау мен теріс көзқарастарды білдіре ме?

– ұсынылған парақтарда, кітаптарда, блокноттарда, дәптерлерде, парақтардың үзінділерінде қандай да бір ұлтқа, нәсілге, дінге немесе оның өкілдері ретінде жекелеген адамдарға қарсы іс-қимыл жасауға итермелейтін ақпарат бар ма?

– ұсынылған парақтарда, кітаптарда, блокноттарда, дәптерлерде, парақтардың үзінділерінде тіл тигізу сипаттамаларын, теріс эмоционалды бағалауды, қандай да бір ұлтқа, нәсілге, дінге (қайсысы) немесе оның өкілдері ретінде жекелеген адамдарға қарсы іс-қимыл жасауға теріс көзқарастар мен шақыруларды мақсатты түрде беру үшін арнайы тілдік немесе өзге де құралдар (қандай құралдар) пайдаланылды ма?

– кітап парақтарында, блокноттарда, дәптерлерде, парақтардың үзінділерінде азаматтардың дінге, ұлттық немесе нәсілдік қатыстылығына байланысты ерекшелігін насихаттау элементтері бар ма?

– сараптамаға ұсынылған парақшалардың, кітаптардың, дәптерлердің, парақтардың үзінділерінде ұлттық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру, ұлттық қадір-қасиетті қорлау, азаматтардың дінге, ұлтқа немесе нәсілдік көзқарасына байланысты эксклюзивтілігін, артықшылығын немесе кемшілігін насихаттау элементтері бар ма? [194, с. 41].

Көбінесе лингвистика саласындағы арнайы білім жеткіліксіздігінен сот-лингвистикалық сараптаманы басқа мамандықтардың сарапшыларымен кешенді түрде жүргізуге болады. Мысалы:

- психологиялық (психологиялық әсер ету тәсілдерін, сондай-ақ адамның қабылдауына әсер ететін мәтіннің сипаттамаларын анықтау үшін мәтіндерді талдау);

- авторлық (мәтін авторын анықтау қажеттігі жағдайында);

- фоноскопиялық (пленкаға жазылған ауызекі тілді зерттеу);

- дінтану (мәтінде діни және ұлттық экстремизм белгілерінің; дінаралық және ұлтаралық алауыздық белгілерінің болуын анықтау).

Мұндай жағдайларда сараптаманың кешенді сипаты әр ғылымды жеке алу мүмкін емес кезінде сұрақтарға жауап береді. Қойылған сұрақтарға байланысты сарапшылар арнайы білімдерін қолдана отырып, өздерінің бөліктері бойынша жауап береді. Сондай-ақ сот барлық мамандардың жауаптарына жеке сүйене отырып, олар жауап беретін бір жалпы сұрақ қоя алады. Мысалы, Қазақстан Республикасы ҚК 233-бабының 2-бөлігінде, 233-3-бабының 2-бөлігінде, 28-бабының 3-бөлігінде, 24-бабының 3-бөлігінде және 233-бабының 2-бөлігінің «б» тармағында, 233-бабының 2-бөлігінің «а» тармағында көзделген қылмыстар құрамының белгілері бойынша қозғалған №2398-17-2-1/20 санды қылмыстық істе 2012 жылғы 6 қаңтардағы №64 сот психологиялық-филологиялық сараптамасының қорытындысына (психолог сарапшыны тарта отырып) сәйкес Е. азаматының ноутбугінде табылған 16 мәтіндік электронды материалдардың және Ж. есімді азаматтың бөлмесінде табылған «Исламдық Ақыда Мухаммад бин Джамиль Зину» (ақыда, сенім, көзқарас) атауындағы мәтін мазмұнында сотқа маңызды болған діни өшпенділік пен алауыздықты қоздыру белгілері болғандығы расталды [128].

Сот сараптамасының қорытындысын қылмыстық іс бойынша дәлел ретінде бағалау мәселелерін зерттей отырып, біздің ойымызша, сараптама қорытындысын тексеру мен

бағалаудың ерекшеліктеріне тоқталу керек. Ол кез келген өзге де дәлелдеме сияқты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы мен соттың жан-жақты және мұқият тексеруіне және бағалауына жатады. Бағалау Қазақстан Республикасы ҚПК 125-бабының жалпы ережелері бойынша жүргізіледі [133].

И.Л. Петрухиннің пікіріне сүйенсек, іс бойынша дәлел болмас бұрын сарапшының кез келген үкімі «ішкі сот сенімі призмасынан өтуі керек» [200, с. 228]. Сарапшының қорытындысын бағалау бір жағынан сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы мен сот сараптамалары қорытындыларының ғылыми негізділігін, дәлелділігі мен дәйектілігін мұқият, жан-жақты және объективті тексеруінен, ал екінші жағынан осы тұжырымдардың дәлелдемелік маңызын айқындаудан тұрады.

Қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерін жүргізу дәлелдемелерді жинаудың жалғыз жолы емес. Дәлелдемелерді қылмыстық-процестік заңда, атап айтқанда Қазақстан Республикасы ҚПК 122-бабының 1-бөлігінде көзделген өзге де процестік әрекеттерді жүргізу жолымен жол беріледі.

Дәлелдемелерді жинауға бағытталған өзге де процестік әрекеттерге қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 34-бабының 5-бөлігіне сәйкес қойылған талаптарын барлық лауазымды адамдардың, азаматтардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың орындауы міндетті. Мұндай іс-әрекеттер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға сұрау салған мәліметтерді, заттарды немесе құжаттарды ұсынуды талап ету арқылы дәлелдемелер жинауға бағытталған.

Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер материалдарын зерделеу сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдар күдіктінің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлерге, сондай-ақ соттылығы туралы мәліметтерді қамтитын ПО-ның арнайы есептеріне сұрау салу кезінде Қазақстан Республикасы ҚПК-

нің 34-бабының 5-бөлігінде көзделген құқықты жиі пайдаланды [133] деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді (зерделенген қылмыстық істердің 82%-да) (Қосымша Ә).

Жоғарыда келтірілген тарау бөлігін қорытындылай келе, зерттеу міндеттері үшін маңызды бірқатар қорытындыларды атап өтуге болады:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кейінгі сатысындағы ең маңыздысы – сот сараптамалары түріндегі арнайы ғылыми білімнің мүмкіндіктерін пайдалану. Сонымен қатар осы мәселенің өзектілігіне қарамастан экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруде осы білімді қолданумен байланысты теориялық қана емес, сонымен бірге қолданбалы аспектілерді де қамтитын экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруде арнайы білімді қолдану бойынша зерттеулерді: жалпы және арнайы деп екіге бөлу керек.

2. Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тағайындалатын сараптамаларды келесідей жіктеу ұсынылады:

– жалпы, оның ішінде кез-келген қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде тағайындалған стандартты сараптамалар жиынтығы, оның ішінде: сот-медициналық, сот-биологиялық, сот-трасологиялық, сот-баллистикалық, сот-жазутану және т.б.

– арнайы, оларға: компьютерлік технологиялар құралдарын сот-сараптамалық зерттеу (сот-компьютерлік), сот дінтанушылық, сот психологиялық, сот-лингвистикалық, психологиялық-психиатриялық, психологиялық-лингвистикалық сараптамалар және т.б.

Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған іздерге, заттарға және қылмыстық істің басқа да мән-жайларына қарай сот сараптамаларының жекелеген түрлерін жүргізуді ұйымдастыру және тағайындау жөнінде ұсынымдар әзірленді. Кешенді сараптамаларды қарастырылып отырған санаттағы істер бойынша дәлелдеу барысында тиімді құрал ретінде тағайындаудың орындылығы көрсетілген.

2.5 Қазақстан Республикасы құқық қорғау және өзге де органдарының экстремизмге қарсы өзара іс-қимылын ұйымдастырудың ерекшеліктері

2016 жылғы 5 маусымда Ақтөбе қаласында орын алған лаңкестік оқиғадан кейін шұғыл түрде Ақордада Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев терроризммен және экстремизммен күрес мәселелері бойынша өткізген кеңесінде: «Біріншіден, біз кез келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қарсы заңдарды қайта қарап, бұл құбылысқа қатаң тойтарыс беру жайын ойластыруымыз керек. Қолына қару алып, кісі өлтірген адам өлім жазасына кесілуі қажет. Екіншіден, елдігімізге сына қағатын зұлымдықтардың ымырасыз жолын кесуіміз қажет. Ел тыныштығын сақтамасак, мынадай әлемдік дағдарыстан өте алмаймыз. Сондықтан барша халық болып бірігіп, елді сақтауды ойлауымыз керек», – деп атап өтті [201].

Экстремизмге қарсы іс-қимылда Қазақстан Республикасының ІІМ-мен 2000 жылдары Алтыншы департамент құрамында экстремизм идеологиясына қарсы күрес бойынша бөлім құрылды. 2002-2010 жылдары аталған бөлім Қазақстан Республикасы ІІМ КПД кейіннен Криминалды полиция комитетінің «Аса қауіпті қылмыстармен күрес орталығы» құрамында Экстремизмге қарсы күрес басқармасына айналды. Қазақстан Республикасының ІІМ-мен 2011 жылы құрылған «Экстремизмге қарсы күрес департаменті» кейіннен 5 қараша 2016 жылғы №1033 Ішкі істер министрінің бұйрығымен «Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті» болып қайта құрылды [202]. Аталған департаменттің соңғы жылдары жүргізілген жұмыстарының нәтижесі экстремистік бағыттағы қылмыстардың өршіп кетуін біршама тежегенімен, 2016 жылы еліміздің Ақтөбе мен Алматы қалаларында орын алған қанды оқиғалар мәселені толыққанды шешілмегендігін көрсетті.

Экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдардың тәжірибелі

қызметкерлерімен жүргізілген сұхбат және сот пен тергеу тәжірибесіне жасалған шолудың нәтижесі бойынша ҚҚО қызметкерлерінің экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмыстарында әлі де кемшіліктер бар екендігіне көз жеткіздік. Мәселен:

- тергеушілер экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша сапалы бұлтартпайтын дәлелдемелерді толық жинамайды;

- сарапшылар сапалы зерттеулер жүргізбейді және кейде тіпті қылмыскерлерді құрықтауда пайдалануға болмайтын қорытындылар береді;

- тергеу органдарының анықтау және сарапшылық-криминалистикалық бөлімшелерімен ынтымақтастық деңгейі жетілдіруді қажет етеді.

Сонымен қатар құқық қорғау жүйесінде де бірқатар жағдайлар аталған құбылысқа қарсы тұруда кедергі келтіруде:

- «экстремизм» және сонымен байланысты терминдердің анықтамаларын толық ашып, құқықтық тұрғыдан мағыналарын көрсететін ортақ нормативтік құқықтық актінің жоқтығы;

- экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша заңнаманы қолданудағы ҚҚО қызметкерлерінің кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі;

- шетелдің ҚҚО-ның тәжірибесін фрагментальді қолданылуы;

- ҚҚО арасында өзара ақпарат алмасу мен ықпалдастықтың төмендігі;

- ҚҚО-да экстремизм көріністерінің алдын алу шараларының формальді жүргізілуі [58, б. 78].

Біздің тараптан экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылда ПО қызметкерлерінің жинаған бар тәжірибесінде кездескен кедергілер мен онымен қарсы іс-қимыл саласындағы кәсіби деңгейін анықтау үшін Қазақстан Республикасының сегіз (8) облысы мен екі (2) республикалық маңызы бар Алматы және Астана қалаларындағы ІІМ-нің Жергілікті ПД-не отыз төрт (34) сұрақтан тұратын, екі тілдегі

(мемлекеттік және орыс тілі) екі жүз тоқсан бір (291) данадағы сауалнама жолданды. Аталған сауалнама қорытындысы бойынша «экстремизм» терминін ұлтаралық, дінаралық және өзге де араздықты туғыздыруға қатысу және Қазақстандағы экстремизмде діни идеология бар деген пікірдің басым екендігін көрсетті. Экстремизмге қарсы іс-қимылда алдыңғы шепте жүрген қызметкерлердің дәстүрлі дінді ұстанушыларды дәстүрлі емес діни ағымдардың ұстанушыларынан айыра алмайтындығы, әлі күнге дейін қызметкерлерге экстремизм тақырыбында толыққанды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жүргізілмейтіндігін көрсетті. Қызметкерлердің басым көпшілігі экстремистердің психологиялық ерекшеліктерімен тек жалпылай ғана таныс екендіктерін жазды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының Пленумының қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған экстремистік ұйымдардың тізімімен таныс емес болып шықты. Сауалнамаға қатысқан қызметкерлер экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасаған тұлғаларға не себеп әсер етуі мүмкін екендігін айта алмады. Өйткені экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша біліктілікті арттыру курсың көбі өтпегендігімен түсіндірді. Осы мақсатта ПО-ның қызметкерлеріне арналған ІІМ мен ДІК-нің бірлесе отырып құрастырған экстремизмнің алдын алу мен анықтауға бағытталған әдістемелік ұсынысы және экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша ПО-ның қызметкерлеріне арналған арнайы біліктілікті арттыру курстарын, семинарларды, тренингтерді жиі ұйымдастыру, экстремизмге қарсы іс-қимылда ПО қызметкерлерінің теориялық базасындағы жетіспеушіліктерді еңсеруге мүмкіндік береді деген ойда. Ғаламтор ресурстарын қолданатындар, оның ішінде экстремистік сайттарды жиі пайдаланатындардың көбеюі Қазақстан Республикасындағы экстремизмнің пайда болуы мен дамуының қауіптілік деңгейін шынайы түрде бағалауға мүмкіндік береді және экстремизм мәселесіне қатысты тұрғындардың ақпараттану деңгейін БАҚ-да және ғаламтордан тұрақты экстремизмге

қарсы насихаттауды жүргізу арқылы тиімділігін жоғарылатуға болады деген пікірлер болды. Қазақстан Республикасында экстремизмнің таралуына тұрғындардың діни тұрғыдан сауатының төмендігі себепкер. Экстремизмнің алдын алуда радикалды, экстремизм үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту мақсатындағы шаралар тиімдірек болмақ. Экстремистік ұйымдардың арбауына тұрғындардың нақты бір топтарын белгілеуде толыққанды бір нұсқадағы жауап болмады. Бірі жасөспірімдер, бірі тұрғындардың әлеуметтік жағы төмен топтары жатады деген нұсқаларды белгіледі. Экстремизмге қарсы іс-қимылда ҚҚО-ның ынтымақтастығына орташа деңгейде деген баға берді. Экстремизммен қарсы іс-қимылда ПО-ның қызметін сапалы жаңа сатыға көтеру мәселесіне келгенде нақты өз ұсыныстарын жаза алмады. Қазақстан Республикасында экстремизмге қарсы іс-қимылда ПО-ның қызметіне өз кері әсерін тигізіп жүрген себептің бірі ретінде кәсіби білікті арнайы мамандардың жетіспеушілігі немесе жоқтығы деген оймен сауалнамадағы сұрақтарға жауап берді [203, б. 306-323] (Қосымша Б, Сурет Б.1, Сурет Б.2, Сурет Б.3, Сурет Б.4, Сурет Б.5, Сурет Б.6, Сурет Б.7, Сурет Б.8, Сурет Б.9, Сурет Б.10, Сурет Б.11, Сурет Б.12, Сурет Б.13, Сурет Б.14, Сурет Б.15, Сурет Б.16, Сурет Б.17, Сурет Б.18, Сурет Б.19, Сурет Б.20).

Жоғарыда аталған сауалнама, сұхбат және сот пен тергеу тәжірибесіне жасалған шолу ҚҚО қызметкерлерінің экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асырудағы шынайы жағдайын көрсетті. Әрине аталған мәселелерді шешу жолында ПО қызметкерлерінің теориялық базасын жетілдіру маңызды рөл атқарады. Сондықтан біздің ойымызша біріншіден, ПО-ның қызметкерлеріне арналған Қазақстан Республикасы ІІМ ЭҚІҚД мен Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ДІК-нің бірлесе отырып экстремизмнің алдын алу мен анықтауға бағытталған әдістемелік ұсыным әзірлеу және аумақтық бөліністерге жеке құрамға таныстыру үшін жолдау керек. Екіншіден, экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша ПО-ның

қызметкерлеріне арналған арнайы біліктілікті арттыру курстарын, семинарларды, тренингтерді жиі ұйымдастыру экстремизмге қарсы іс-қимылда ПО қызметкерлерінің теориялық базасындағы кемшіліктерді еңсеруге мүмкіндік береді.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «Экстремизмге қарсы күрес заңдарында экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарының өзара әрекеттестігіне назар аударғанымыз дұрыс. Бүгінгі таңда ынтымақтаса отырып, жұмысты үйлестіре жүргізу ғана экстремизм мен терроризмнің алдын алып, жолын кесуге болады. Қазірден бастап атап кеткен жұмыстарды қолға алмаса, мәселенің бақылаудан шығып, ел қауіпсіздігіне нұқсан келтіру мүмкін», – деп атап өтті [204]. Тұңғыш президентіміз атап кеткен «ынтымақтастық» термині нормативтік актілерде реттелмеген. Ынтымақтастықтың тетігі Қазақстан Республикасы ІІМ-нің нормативтік-құқықтық актілерінде көрсетілген, ынтымақтастықты ұйымдастырумен байланысты кейбір сұрақтар бойынша ведомствоаралық нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Ынтымақтастықтың тараптары ортақ тапсырманы шешу мақсатында өзара келісілген әртүрлі тәсілдерді, әдістерді, құралдар мен әдістемелерді қолданғанда ынтымақтастық тиімді болып табылады. Ынтымақтастық сонымен қатар объектілердің бір-біріне деген әсер ету үрдісін көрсетеді, олардың өзара байланыстылығын білдіреді [205, б. 247]. Сондықтан құқық қорғау және арнайы органдардың біріккен қызметі қылмыстарды тергеп-тексеруге бағытталған күштерді тиісті үйлестіруді меңзейді. Үйлестіру мәселелері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевпен 24 маусым 2013 жылы бекітілген «Терроризмге қарсы орталығы туралы» ережесі [206] мен Терроризмге қарсы комиссиялардың үлгілік ережесінде көрсетілген [207]. Аталған орталықтың басшысы болып Қазақстан Республикасы ҰҚК төрағасы бекітілсе, мүшелері болып

министрліктер басшылығы көрсетілген. Аймақтық терроризмге қарсы комиссиялардағы ПО мен ҰҚО өзара әрекеттестігінің кейбір негіздері «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңында көрсетілген [208]. Онда террористік актілерге қарсы операцияларды дайындау мен өткізу кезінде бірлесе отыра құжаттамалық материалдарды өңдейтін, әр түрдегі террористік актілердің алдын алудың жедел-тергеу мәселелерін шешетін, күштерімен және құралдарымен анықталатын, Қазақстан Республикасының облыс аумақтарында жедел штабтар құруды қарастырады [209, б. 286]. Осы орайда елімізде экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстарды үйлестіру мәселесінде ондай басты үйлестіруші органды құру қарастырылмаған. Әрине, үйлестіру жұмыстарына жауапты болып «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес ҰҚК көрсетілгенмен өзге де мемлекеттік органдармен тығыз қарым-қатынас орнатуда оның кемшіл тұстары бар. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңда ҰҚО мен ПО жедел-іздіктіру іс-шараларын (6-бап), жолын кесу, ашу мен тергеу (7-бап) мәселелерін қамтиды. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ азаматтардың жәрдемін пайдалана отырып, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды, экстремизм белгілері туралы хабарлайды және қажетті көмек көрсетеді (9-1-бап) [29]. Алайда аталған ведомстволардың өзара іс-қимыл мәселелері экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша басты нормативтік актімен нақты реттелмеген.

Бүгінгі таңда елімізде қылмыс орын алған аймақтың ерекшелігіне байланысты, төтенше жағдай барысында, ауыр, аса ауыр және қоғамдық резонанс тудырған немесе трансұлттық, мемлекетаралық, аймақаралық сипаттағы қылмыстар бойынша тергеп-тексеру мақсатында ВЖТТ құрылып, оның жұмысын бақылауды жоғары деңгейде басшылық қолға алады (Мәселен, Жамбыл облысының Қордай ауданында орын алған бұзақылық бойынша құрылған ВЖТТ-ын айтуға болады). Экстремистік бағыттағы

қылмыстар бойынша да тергеп-тексеруді ұйымдастыру шеңберінде ынтымақтасып жұмыс істеу ведомствоаралық жұмыс тобын құру арқылы жүзеге асырылып келеді. Бірақ аталған жұмыс топтары тұрақты емес, нақты бір қылмыстық іс бойынша ғана жұмыс жүргізеді және құрамы дәл сол уақыттағы жұмыстың ауқымдылығына байланысты өзгеріп отырады [209, б. 286].

Экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылдың қылмыстық-процестік мәні-зерттеліп отырған қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалауды тиімді жүзеге асыру болып табылады. Алайда, экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалауды тиімді түрде жүзеге асыру-оны шебер ұйымдастыруға, соның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді де дұрыс ұйымдастыруға тікелей байланысты болмақ. Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттері алдын ала дайындықты және оны жасайтын тұлғаның сәйкесінше біліктілігін талап етеді [205, б. 248].

Бізбен зерттелген қылмыстық істердің нәтижелері бойынша экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру мен ашуда тергеушілер мен жедел қызметкерлердің кеңінен қолданылатын ынтымақтастығының нысаны болып ЖТТ құрамындағы тергеушілер мен жедел қызметкерлердің бірлескен келісілген қызметі жатады [210, б. 60].

Т.А. Паутованың айтуы бойынша ЖТТ қылмыс жайлы алынған ақпараттармен алмасуға, ынтымақтастық субъектілерінің қызметіне тиесілі әдістер мен құралдардың оңтайлы үйлесіміне негізделген шығармашылық ынтымақтастық болып табылады [211, с. 17]. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру – тергеушімен дербес шешуге мүмкін емес, сондықтан ЖТТ алға қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған бірлескен қызмет [210, б. 60].

А.Ф. Смирновтың ойынша экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша қылмыстық істерде ЖТТ қызметін ұйымдастырудың жалпы тапсырмалары болып:

а) өткізілген шаралар көлемінің есебі;

- б) өткізілетін шаралардың көлемін бөлу;
- в) топты басқарудың тәртібін анықтау;
- г) бірлескен қызметтегі мақсатқа жетуді бағыт-бағдармен қамтамасыз ету;
- д) жедел қызметкерлер мен тергеушілер қызметінің келісімділігін қамтамасыз ету;

е) қызметкерлерге артылған функцияларды жедел және сапалы түрде жүргізілуін қамтамасыз ету жатады [212, с. 92].

В.Н. Исаенко тұжырымынша жалпы және жеке тапсырмаларды шешу барысында тергеу тобының қатысушыларымен жоғарыда аталған талаптарды сақтау қамтамасыз етілу керек. Осыған байланысты қылмысты ашу мен тергеуді қамтамасыз ету үшін тергеу тобы қызметкерлерінің жұмысын қажетті басқару режимін қолдау қажет [213, с. 413].

Аталған өзара іс-қимылдың нысаны кейбір кемшіліктерден арылмаған. ЖТТ ішінде әрдайым жақсы психологиялық жағдайды жасау мүмкін емес, себебі тергеуші мен жедел қызметкерлер ұзақ уақыт бірге жұмыс істемейді. Тергеушілер мен жедел қызметкерлер ЖТТ-ның құрамында жұмыс жасаған кезде өзге де қызметтік міндеттерді атқарудан босатылады, алайда тергеу тәжірибесі көрсеткендей, бекітілген аймақтағы профилактикалық және жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыру бойынша жауапкершілік, басқа да істер бойынша алдын ала тергеу өндірісі барлығы соның мойнында қала бермек. Осыған байланысты Т.А. Паутованың айтуы бойынша тергеу тобының тиімділігін арттыру олардың қызметтік міндеттерін нақты анықтау жолымен ғана мүмкін бола алады [214, с. 17]. Сонымен қатар қызметтер арасында өзара іс-қимылды тиімді ұйымдастыру үшін айтарлықтай маңызға ие болып өзара іс-қимылға қатысушы тараптардың субъективті сапасы табылады. Яғни олардың кәсібилігі, тәжірибесі, жан-жақтылығы және т.б. Өзара іс-қимылдың әсері тек қана ортақ тапсырманы орындау барысында ынтымақтасушы тараптар әртүрлі әдістер, тәсілдер мен құралдар қолданған кезде ғана пайда болады.

Сондай-ақ ынтымақтастықтың әрбір қатысушысы өз қызметінің нәтижесін мақсатының нәтижесімен салыстыру қажет, орын алған қылмыс бойынша қылмыстық іске қатысты уақытылы, жан-жақты, объективті тергеуге қажетті толық дәлелдемелік базаны құру керек [210, б. 63].

Біздің ойымызша, жоғарыда аталып кеткен жағдайларды ескере отырып, терроризмге қарсы іс-қимылды үйлестіру саласындағы уәкілетті орган жанынан құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңесші орган Терроризмге қарсы орталықты – Терроризм мен экстремизмге қарсы орталық және Терроризмге қарсы комиссияны – Терроризм мен экстремизмге қарсы комиссия ретінде деп толықтыруды ұсынсақ, экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде құқық қорғау және арнайы органдардың өз алдына бөлек жұмыс жасауын жою үшін, өзара іс-қимылды нормативтік тұрғыдан нақтылау мақсатында практика үшін зор үлесін тигізеді. Сонымен қатар экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, ақпараттық-аналитикалық және нормативтік-құқықтық аспектіде басты нысанасы болып табылар еді. Мәселен, Үйлестіру Кеңесінің жанында Бас әскери прокурордың, Республикалық Гвардия Қолбасшысының, Қорғаныс министрінің, Шекара қызметі директорының және Ішкі әскер қолбасшысының бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде, өзге де әскерлер мен әскери құрылымдарында Ведомствоаралық экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша комиссия құрылған. Ведомствоаралық комиссия экстремизмге және терроризмге қарсы іс қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуді жүзеге асыруға бағытталған [214]. Тұрақты немесе уақытша тиісті субъектілермен құрылған экстремистік бағыттағы ауыр және аса ауыр қылмыстарды тергеп-тексеру бойынша ВЖТТ сипаттамасы осы күнде ғылыми және тәжірибелік қызығушылық тудырады.

М.П. Шоровтың: «Қылмыстарды ашу мен тергеу бойынша қызметті жүзеге асыру үшін арнайылап жасақталған тергеу тобын құру жедел және тергеу шаралары кешенін өте сапалы шешуді қамтамасыз етуі тиіс, нақты бір қылмысты ашу бойынша қызметті оңтайландыра алады, қылмысты ашу мен тергеу барысында орын алатын қиын тапсырмалардың көптеген аспектілерін ескеруге мүмкіндік беретін жүйелік талдауды өте тиімді пайдалануға, әртүрлі қызметтер мен бөлімдердің қызметтеріндегі қайталануды жою, ақпараттық аналитикалық жұмысты жетілдіру, қылмыстарды ашу мен тергеуді ұйымдастыру мен жоспарлаудың сапасын арттыру, ведомстволық кедергілер мен жергілікті үрдістерді еңсеру, қылмыстарды ашу мен тергеуді жүзеге асыратын қызметтер мен бөлімдердің қызметін үйлестіру мен ынтымақтастығы, жедел жағдайдың немесе қызметті жүзеге асыруды ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерінің өзгеруіне байланысты күштер мен құралдарды жедел түрде үлестіруге мүмкіндік береді», – деген пікірін қолдаймыз [215, с. 97].

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру құқық қорғау және арнайы органдардың тиісті ұйымдасқан бірлескен іс-қимылының мүмкін емес. Бұл ретте осы органдардың жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын бөлімшелерімен өзара іс-қимылы ерекше маңызға ие. Мұндай өзара іс-қимыл деп тергеушінің және жедел-ізвестіру қызметі жүзеге асыратын органдардың заңға және заңға тәуелді актілерге негізделген, олардың өз функцияларына сәйкес және заңмен берілген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын процестік әрекеттері мен жедел-ізвестіру шараларының ұтымды үйлесімін көздейтін келісілген қызметі түсініледі. Бұдан басқа, экстремизмге қарсы іс-қимылда тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру іс-шараларын бірлесіп жоспарлау, жедел-тергеу және талдау топтарын құру, ведомствоаралық ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды шығару, бірлескен оқу-әдістемелік семинарлар өткізу сияқты өзара іс-қимылдың процестік емес нысандары белсенді пайдаланылады. Сонымен бірге, экстремистік бағыттағы

қылмыстарды тергеп-тексеру тәжірибесі өзара іс-қимылдың тиімділігін төмендететін және оны шешуді талап ететін проблемалардың болуын көрсетеді. Экстремистік бағыттағы қылмыстардың ерекшелігіне байланысты мұндай топтарға әдетте әртүрлі бөлімдердің, ең алдымен ПО, ҰҚО мен ЭТҚ қызметкерлері кіреді. Сондықтан ведомстволық бытыраңқылықты еңсеру, топта іскерлік ахуал орнату және оның қатысушылары арасында сенімділік қарым-қатынас орнату өзекті болып табылады, бұл, сөзсіз, заңның тиісті толықтырылуына ықпал етеді. Осылайша, экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде құқық қорғау және арнайы органдардың, соның ішінде жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын міндеттердің ортақтығы олардың арасындағы тығыз өзара іс-қимылды, ынтымақтастықтың нысандары мен әдістерін жетілдіруді, алдын ала тергеу органдары қызметінің оңтайлы арақатынасын іздеуді қажет етеді.

Құқық қорғау және арнайы органдардың жедел бөлімшелерінің процестік және ұйымдастырушылық-практикалық қызметін оңтайландыру мәселесін шешу, біздің ойымызша, олардың күштері мен құралдарын кешенді пайдалану арқылы мүмкін болады. Ведомствоаралық жұмыс тобының құрамында қоғам назарына ілінген қылмыстарды тергеп-тексерудің бұрын болған жүйесі өзінің тиімділігі мен орындылығын дәлелдегенін атап өткен жөн. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, өзара іс-қимылдың тиімді нысандарының бірі ПО қызметкерлерінің ВЖТТ-ның құрамында экстремистік бағыттағы қылмыстың алдын алуға, ашуға және тергеп-тексеруге қатысуы болып табылады. Өзара іс-қимылдың мұндай түрін құру қылмыстық істерді ашу және тергеп-тексеру жөніндегі жұмысты неғұрлым табысты оңтайландыруға және үндестіруге мүмкіндік береді. Көптеген қылмыстар жедел шаралар арқылы ашылады, ал ведомстволарды осы топқа біріктіру тар ведомстволық тәсілдерден арылуға мүмкіндік береді – бір-бірінен жасырын ақпаратты жасыру және құпия ақпарат көздерін тиімді

пайдалану. ВЖТТ Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл орталығының қатысушылары есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз етуді жақсартуға, сондай-ақ ВЖТТ қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

ВЖТТ қылмыспен күрестегі міндеттерді орындау үшін әртүрлі өкілеттіктерге ие, әртүрлі құралдар мен әдістерді қолданады, олардың үйлесуі қылмыстарды тез және толық ашу мақсаттарына тиімді қол жеткізуге мүмкіндік береді. ВЖТТ-ның жұмысында аса маңызды міндет экстремистік бағыттағы қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ең тәжірибелі және білікті қызметкерлерді тарту болып табылады, бұл тергеуші мен жедел бөлімшелер қызметкерлерінің бір жолғы өзара іс-қимылы кезінде әрдайым мүмкін бола бермейді. ВЖТТ тұрақты құрылым ретінде топ мүшелері арасындағы кәсіби өзара іс-қимылдың оңтайлы жағдайларын жасайды. Осыған байланысты В.Д. Зеленскийдің көзқарасы бізге дұрыс болып көрінеді, ол: «Өзара іс-қимылда, білім, тәжірибе алмасу жүреді, тергеуші мен тергеуге қатысушылардың дамуы ынталандырылады, адамдардың өзара әсері мен өзара түсіністігі жүзеге асырылады», – деп жазады [216, с. 29]. Экстремизмге қарсы іс-қимыл кезіндегі өзара әрекеттестіктің мұндай түрінің қарсы іс-қимылдық қабілеттілігі оның теориялық әлеуетімен ғана расталып қойған жоқ, сонымен қатар ол тәжірибеде сынақтан да өтті [209, б. 286]. Мәселен, РФ Ставрополь өлкесі бойынша Тергеу басқармасы, Федералды қауіпсіздік басқармасы және ИМ Бас басқармасы басшыларының бірлескен бұйрығымен экстремистік және террористік қылмыстарды, сондай-ақ ҚҚО-ның қызметкерлерінің өміріне қол сұғушылықпен байланысты қылмыстарды ашу және тергеу үшін тұрақты жұмыс істейтін ВЖТТ құрылды. Бұл топқа Ставрополь өлкесіндегі РФ Тергеу комитетінің тергеушілері, ИМ Бас басқармасы және Федералды қауіпсіздік қызметі департаментінің жедел қызметкерлері кіреді. Ай сайын осы топтың отырыстары өткізіледі, қылмыстық істерді тергеу

барысы мен жедел-іздігіру жұмыстарының нәтижелері талқыланады, бірлескен тергеу жоспарлары жасалады. Тергеу әрекеттері мен жедел-іздігіру шаралары, жасалған қылмыстардың жаңа версиялары ұсынылады [217].

Жоғарыда аталған көрші елдегі тәжірибені саралап, жан-жақты қарап елімізде қолданысқа енгізсек нәтижесін көп күттіртпей береді [209, б. 287].

Қазіргі таңда экстремистік бағыттағы қылмыстарды ұжымдық сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бұл нысаны Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік нормасына заңнамалық түрде бекітілуге тиіс деп ойлаймыз. Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша ЖТТ-на сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бірнеше органның тергеушілері мен анықтау органының қызметкерлері кіруі мүмкін деп көрсетеді. Заң шығарушы аталған нормада оларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдар деп атады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы ҚПК 194-бабы 1-бөлігіне сәйкес тергеу және ЖТТ іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда ғана құрылады деп көрсеткен. Біздің ойымызша, аталған нормада қылмыстың қандай түрлері мен себептері бойынша ЖТТ құрылуы тиіс және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін тергеу және ЖТТ-ын қандай органдар тарапынан құрылу керектігі көрсетілмеген. Экстремистік бағыттағы қылмысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен тұтастығына қатер төндіретіндіктен, ерекше сотқа дейінгі тергеп-тексеруді талап етеді. Бұл мәселенің шешімін біз Қазақстан Республикасының ПО мен арнайы органдардың, яғни ҰҚК және ЭТҚ қызметкерлерінен тұратын ВЖТТ құрудан көреміз. Қазақстан Республикасы ҚПК 187-бабының 5, 6 және 7-бөліктерінде көзделген қылмыстардың баламалы тергелуін ескере отырып [133], Қазақстан Республикасы ІІМ, ҰҚК және ЭТҚ тергеушілері мен жедел қызметкерлерінен жасақталған ВЖТТ құру мүмкіндігін заңнамалық түрде бекітуді ұсынып отырмыз. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы ҚПК-

нің 194-бабын «2-1» бөлігімен толықтыру ұсынылады. Ол мынадай мазмұнда болуы керек:

«2-1) экстремистік және террористік қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары және арнайы органдардың тергеушілері мен жедел қызметкерлерінен құралған тұрақты негіздегі ВЖТТ жүргізеді. Осы Кодекстің 187-бабының 5, 6 және 7-бөліктерінде көзделген қылмыстардың баламалы тергелуін ескере отырып, ВЖТТ туралы ведомствоаралық нормативтік акт шығарылуға тиіс. ВЖТТ құру туралы шешімді және оны материалдық-техникалық қамтамасыз етуді экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үйлестіретін орган қарайды».

ВЖТТ-ын келесідей сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін құру ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасы ҚПК 174, 182, 259 және 404-баптары бойынша – Қазақстан Республикасы ҰҚК тергеушілері мен жедел қызметкерлері және Қазақстан Республикасы ІІМ тергеушілері мен жедел қызметкерлері құрамында;

2) Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 258-бабы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ЭТҚ-нің тергеушілері мен жедел қызметкерлері және Қазақстан Республикасы ІІМ тергеушілері мен жедел қызметкерлері құрамында.

Бізбен зерттелген қылмыстық істердің материалдары бойынша экстремистік бағыттағы қылмыстық істерді жан-жақты, толық және объективті сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша тапсырманы шешудің ерекшеліктерін ескере отырып, еліміздің аймақтарында тұрақты негіздегі ВЖТТ құруды келесідей кезеңдерге бөлген дұрыс деп ойдамыз:

1. Оларды құрудың бірінші кезеңі аймақтардағы экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша жедел-іздігі, қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процестік және өзге де ақпараттармен танысу, оны жан-жақты талдау болып табылады. Сонымен қатар сотқа дейінгі тергеп-тексеруге

дейінгі немесе бастапқы тергеу әрекеттері кезіндегі ақпараттың сипаттамасы ескеріледі. ВЖТТ қылмыс жайлы мәліметтерді, алдын ала тергеу мерзімі мен оны өңдеу көлемін ескере отырып зерттеу керек, аталған санаттағы қылмыстарды жасауға қатысы бар тұлғаларды жедел тексерулерден өткізу қажет;

2. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша тергеу мен жедел қызметтердің сапалы ынтымақтастығын қамтамасыз ету үшін ВЖТТ құрудағы екінші кезең топ құрамының сапасы мен сандық құрамы анықталатын ұйымдастырушылық кезең болып табылады. ВЖТТ құрамын жасақтауда Б.А. Абдрахманов пен Р.Б. Байтановтың кандидаттарды кешенді зерттеу мен кәсіби іріктеуді ұйымдастыру, алдын ала әңгіме жүргізу, анықтамалар жинау, сұхбат алу, психологиялық тестілеу сынды шаралар кезеңмен орындау туралы берген ұсыныстары өте орынды болар еді [218, с. 7]. Бұл кезең экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдардың аймақтардағы басшылары ВЖТТ басшысын таңдаудан басталады. Ары қарай басшысы ВЖТТ-ның құрамына басқа да қатысушыларды таңдауда белсенділік таныту қажет. Аталған топтың құрамына алынатын үміткерлерді таңдаған кезде ең алдымен олардың тәжірибесі мен мамандығы ескеріледі. Сонымен қатар ВЖТТ-ын материалды-техникалық қамтамасыз ету, оларды орналастыру, көлікпен, байланыспен, техникамен және т.б. қамтамасыз ету мәселесін шешу керек. Сол мақсатпен топты құру туралы нормативтік актіде жоғарыда аталған сұрақтарды шешу жүктелетін нақты тұлғалар анықталып көрсетіледі.

ПО тергеушілері мен жедел қызметкерлерінің экстремистік бағыттағы қылмыстарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәжірибесін жетілдіру мақсатында ВЖТТ-ның мүшелері: Қазақстан Республикасы ПО және арнайы органдарға кіретін ҰҚО және ЭТҚ қызметкерлері арасында өзара іс-қимылды неғұрлым тығыз ұйымдастыруды орынды деп санаймыз. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының

өңірлерінде аталған құқық қорғау және арнайы органдардың тергеушілері мен жедел қызметкерлері жедел-тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасы және экстремистік бағыттағы қылмыстарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жөніндегі жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша бірлескен сабақтар өткізу сияқты жұмысты ұйымдастырудың прогрессивті нысаны практикаға енгізілу қажет.

Біздің ойымызша, мұндай іс-шаралар:

– Біріншіден, жоғарыда аталған қызметкерлердің кәсібилігін арттыруға, сондай-ақ ВЖТТ-ның мүшелері арасында тығыз және іскерлік байланыстар орнатуға ықпал ететін болады;

– Екіншіден, қажетті жағдайларда тиісті дайындықтан кейін оларды ВЖТТ құрамына алуға болады. Бұдан басқа, бізге жоғарыда көрсетілген қылмыстарды ашу мен тергеп-тексерудің бастапқы сатысында ВЖТТ-ның әрбір мүшесінің іс-қимылын пысықтау бойынша тұрақты (мысалы, жылына бір рет) бірлескен жаттығуларды ұйымдастыру орынды болып көрінеді.

Бұл экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылда ПО және арнайы органдардың мүдделі қызметтерінің (ең алдымен, Қазақстан Республикасы ІІМ, ҰҚК және ЭТҚ) күш-жігерін бір жерге шоғырландыру, сондай-ақ олардың бірлескен қызметінің процестік және ұйымдастырушылық нысандарын жетілдіру қажеттілігін туындатады;

3. ВЖТТ құрудың аяқталатын кезеңі болып топты құру мен оның қызмет ету тәртібі туралы өкілетті басшылықтың тиісті нормативтік актісі шығады. ВЖТТ аймақтық Экстремизм мен терроризмге қарсы іс қимыл Комиссия отырысының хаттамасы негізінде ІІМ, ҰҚК мен ЭТҚ аумақтық басшылықтарымен бірлескен нормативтік актісіне қол қойыла отырып құрылады. Актіде ВЖТТ құрудағы негіздері көрсетіледі, актінің резолюциялық бөлімінде міндетті түрде ВЖТТ басшысы, оның құрамына кіретін қызметкерлер, оның қызметіне қажетті байланыс құралдары,

көлік, өзге де техникалық құрылғылар өзге де ресурстар және т.б. көрсетілу керек.

ВЖТТ қызметін тиімді әрі нәтижелі ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты ұсынамыз. Нұсқаулық ВЖТТ қызметінің тәртібін нақтылайды. Жергілікті аумақтарда ВЖТТ-ын аумақтық ПД-нің ТБ және КПБ, ҰҚКД және ЭТҚД құрайды. ВЖТТ өз құзыреті шегінде қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асырады. ВЖТТ қызметі жедел және стратегиялық жұмыс жоспарлары негізінде аймақтық және пәндік қағидат бойынша ұйымдастырылады. ВЖТТ-ын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен тағайындалатын және босатылатын басшы басқарады. ВЖТТ басшысы ВЖТТ-ның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және жүктелген міндеттердің орындалуын және оның өз функцияларын жүзеге асыруын бақылайды:

1) белгіленген тәртіпте ВЖТТ жұмысын жетілдіру мәселелері бойынша бірлескен кеңестер, семинарлар және басқа да іс-шаралар өткізеді;

2) экстремистік бағыттағы қылмысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тікелей бақылайды және ұйымдастырады: оқиға орнына ВЖТТ-ның уақытылы шығуын қадағалайды; экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру іс-шараларын орындайды; сараптамаларды уақтылы тағайындайды, алынған нәтижелерді толық пайдаланады, экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру барысы бойынша ақпарат алмасады және іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бірлесіп талқылайды;

3) қарамағындағылардың жұмысын ұйымдастыруды, үйлестіруді, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды анықтауға және іздестіруге шаралардың уақытылы қабылдануын тексереді, анықталған кемшіліктерді жоюға қажетті көмек көрсетеді;

4) жедел-іздістіру немесе сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ең жауапты немесе көп еңбекті талап ететін шараларын тікелей өзі атқарады.

Осы санаттағы қылмыстық істерді зерделеудің нәтижелері бойынша ай сайын анықталған бұзушылықтар, жұмыстағы кемшіліктер мен олқылықтар, осыған ықпал еткен себептер мен жағдайлар, зерделеу нәтижелерін іске асырудың ұсынылатын нұсқалары, оларды жоюдың жолдары мен тәсілдері көрсетілген анықтамалық ақпарат дайындайды.

Осы мақсатта біз мыналарды қажет деп санаймыз:

1. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін тұрақты негізде ВЖТТ құру.

2. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 194-бабын «2-1» бөлігімен толықтыру ұсынылады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, біздің пікіріміз бойынша экстремистік бағыттағы қылмыс жасалған орынға ҚҚО-ның кезекші құрылымдарының өкілдерін жібермей, алдын ала құрылған ВЖТТ шығу қажет, бұл жұмысты мақсатқа бағытты және сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Топ мүшелерінің арасында әрбіреуі өздерінің әрекеттерін және оның құзыреттілігін анық білетін, мамандығы, біліктілігі, тәжірибесі мен тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты қызметкерлердің міндеттерін уақытында бөліп қою мақсатқа сай болады [210, б. 61].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К.Тоқаев ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің басшылары Кеңесінің кезекті отырысында сепаратизм, терроризм және экстремизм белсенділігі арта түскендігі жайлы атап өтті. Сонымен қатар ШЫҰ базасында Ақпараттық қауіпсіздік орталығын құруға шақырды [219]. Аталған орталықты құрудағы басты мақсат экстремистік бағыттағы қылмыстардың ғаламтор желісіндегі белсенділігіне ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер тарапынан бірлескен қарсы іс-қимылды жаңа деңгейге көтеру болып отыр. Кез келген қылмыс туралы толық ақпараттар жинақталған орталық онымен қарсы іс-қимылда осы күннің таптырмас басты қаруына айналды. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек,

мәліметтер банкін немесе ақпараттар орталығын құру идеясы халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер тарапынан осы күнде қолға алынып, экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылда оны тиімді пайдалануда. Мәселен, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы орталығы террористік және экстремистік бағыттағы қылмыстар үшін сотталған және іздеуде жүрген азаматтардың бірыңғай базасын құрды. База үш айда бір рет жаңартылады. Аталған база 2010 жылдан бастап өз жұмысын бастады. Терроризмге қарсы орталық ТМД мемлекеттерінен тергеп-тексеру сатысында іздеу жарияланған, сот талқылауынан жалтарған немесе бас бостандығынан айыру орындарынан қашқан адамдар туралы деректер алады, осы тізімдерді шоғырландырады, кім және қайда бола алатынын анықтайды және ақпаратты серіктестерге береді [220].

Алысқа бармай-ақ жақын жатқан көршілес РФ ҚҚО-ның тәжірибесіне көңіл аударсақ, онда экстремизмге қарсы іс-қимылда маңызды ақпараттармен алмасуы экстремистік әрекетті жүзеге асыруға қатысы бар адамдар туралы мәліметтер банкін құру арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, Санкт-Петербург қаласында барлық ҚҚО-ның экстремистік әрекетті жүзеге асыруға қатысы бар тұлғалар жайлы мәліметтер бар ақпаратқа қол жеткізуін оңтайландыру мақсатында, қалалық прокуратура Санкт-Петербург пен Ленинград облысының ПББ-мен бірлесіп 2006 жылдың 5 маусымында «Экстремизмге қарсы күресу бойынша қосымша шаралар туралы» №794/58/21 бұйрық қабылдады. Осы бұйрықпен, үнемі толығып отыратын, «Экстремист» деп аталатын автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесі іске қосылды [221, с. 443]. Қазіргі таңда РФ ІІМ-нің «Э» орталығы ретінде танымал Экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі бас басқармасы, арнайы мәліметтер базасын құру үшін шамамен 50 миллион рубль бөлді. Онда жедел қызметкерлердің атқарған жұмысы кезінде алынған ақпарат, соның ішінде анықталған барлық экстремистік ұйымдар туралы ақпарат болуы керек. Сервис жедел-іздістіру іс-шаралары және экстремизмге қарсы іс-қимыл

бойынша қызмет шеңберінде алынған ақпаратты жинақтауды, өзектендіруді, іздеуді және қорытуды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл мәліметтер базасында барлық экстремистік ұйымдар, оның ішінде олардың құрамы, орналасқан жері, түрі, қызметі туралы ақпарат болады. Бұдан басқа, тапсырысты жасаушы сервис осындай ұйымдар мен күмәнді тұлғаларды қаржыландыру туралы деректерді сақтайтын «есеп» жүйесін қосуға міндетті. Базада экстремизмге күдікті адамдар туралы барлық өзекті дербес деректер, атап айтқанда аты-жөні, балама есімдер, төлқұжат деректері, басқа құжаттар туралы мәліметтер, сыртқы келбетінің ерекше белгілері, есепке тіркеу, болуы мүмкін, туған жері, әскери міндетін өтеген мекенжайы, «Криминалдық із» және басқалар қамтылады. ПМ-де мұндай сервис «Э» орталығының тиімділігін арттыруға және ақпаратты іздеу мен қорыту процестерін автоматтандыруға мүмкіндік береді деп санайды [222].

Тіпті Қырғыз Республикасының Үкіметі Әділет министрлігі, ПМ, Мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитет, Дін істер жөніндегі мемлекеттік комиссия, Қаржылық барлау базаларының негізінде әртүрлі діни ұйымдар бойынша ортақ мәліметтер банкі мен тұрақты жұмыс істейтін ақпараттық орталықты құрды [223].

Қазақстан Республикасының ПМ өз жұмысында цифрлық технологияларды жиі пайдаланады. Бүгінде ПО-ның Кезекші бөлімдер үшін «Автоматтандырылған ақпараттық-іздіксіз жүйесі (АИПС)» [224], Көші-қон полициясы үшін Интеграцияланған мәліметтер банкі [225], Қылмыстық-атқару жүйесі үшін «Сотталғандарды басқару бойынша автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» [226], Жол полициясы үшін Көлік қозғалысын бақылау бойынша «Контроль» автоматтандырылған іздеу жүйесі [227] сынды ақпараттық жүйелері әзірленіп, сәтті жұмыстарын жасауда. Сонымен қатар тергеушілер мен учаскелік полиция инспекторлардың жұмыс процесін цифрландыру бойынша ұсынылған ақпараттық жүйелер тестілік режимде іске қосыла бастады. Алайда Қазақстан Республикасы ПМ экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы

бірыңғай ақпараттық жүйе осы күнге дейін қарастырылмаған. 2020 жылдың сәуір айында Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер енгізу керектігі жайлы тапсырмалар берді [228]. Соған сәйкес «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында ПО-дың бірыңғай цифрлық инфрақұрылымын құруға бағытталған басқа да жобалар әзірленуде. Аталған жобалар қатарында экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында барлық деректерді қамтитын ақпараттық жүйе туралы мәселе көтерілсе практика үшін үлкен үлесі тиер еді. Елімізде ҚҚО-дың экстремизмге қарсы іс-қимыл қызметі әртүрлі құқықтық және ұйымдастырушылық формаларда жүргізілуде. Бұл қызмет күнделікті үйлестіруді, аталған органдардың өзара ынтымақтастығын және ақпараттық қамтамасыз етуді қажет етеді. Ақпараттық қамтамасыз ету мәселесі Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңында белгіленген, аталған заңның 9-бабында: «Экстремистік ұйымдарды, экстремистік деп танылған ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алу.

1. Экстремизмнің профилактикасы, оны анықтау және оның жолын кесу мақсатында өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган соттардың шешімдері негізінде экстремистік ұйымдарды, экстремистік деп танылған ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алуды жүргізеді;

2. Сот ұйымды экстремистік деп таныған және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін оны тарату арқылы іс-әрекетіне тыйым салған, сондай-ақ ақпараттық материалдарды экстремистік деп таныған не экстремизмді жасағаны үшін адамдарды жауаптылыққа тартқан кезде, өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы

статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға сот ақпараттық есепке алу құжаттарын дереу жіберуге міндетті;

3. Өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган сот экстремистік деп таныған ұйымдардың және ақпараттық материалдардың бірыңғай тізімдерін жүргізеді.

Көрсетілген тізімдер өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ғаламтор-ресурсында орналастырылуға тиіс», – деп экстремистік бағыттағы қылмыстарды сот шешімінің негізінде статистикалық есебін жүргізуді бекіткен [29]. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының БП ҚСЖАЕАК жүргізетін есеп тек ҚҚО мен сот жұмысының осы қылмыстың санаттары бойынша қарсы іс-қимылдағы қорытындысын көрсетумен ғана шектеледі [229, с. 364]. Әрине соттардың шешімдері негізінде экстремистік ұйымдарды, экстремистік деп танылған ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алу еліміздің экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылдағы тәжірибе нәтижесінің көрсеткіші екеніне, сонымен қатар қауіпті болып келетін экстремистік ұйымдарға, материалдарға тыйым салу мен экстремистік әрекеттерді үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды қоғамнан оқшауланғандығы жөніндегі ақпаратпен жария түрде көпшілікпен бөлісу мемлекет үшін де, қоғам үшін де келтіретін пайдасы зор екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Дегенмен аталған есеп экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылдағы ҚҚО практикасы үшін тиімді әрі нәтижелі болуы үшін экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша толықтай дерлік мәліметтерді, тәжірибе мен белгілі бір көрсеткіштерді қамтыса экстремистік бағыттағы қылмыстарды анықтауда, алдын алу мен сотқа дейінгі тергеп-тексеруде оң нәтижесін беретін еді.

Мәселен, отандық зерттеуші Г.Д. Мейркулова экстремизмді жүзеге асыру қылмыстылығының ашылмауы, тіркелмеуі қылмыстық істердің мардымсыздығы, яғни, статистикалық көрсеткіштердің төмендігі, нақты қоғамдағы сұраныс парақтардың нәтижесімен салыстырғанда экстремизм қылмыстылығы Орталық Азия мемлекеттерінің саяси тұрақтылығына нақты қауіп қатердің туындайтынын көрсетсе, ол нақты статистикалық талдауда көрсетілмей қалуының себебі, қылмыстың тіркелмей, осыған байланысты қылмыстың жасырын түрде жүзеге асырылу пайызы жоғарылауы мүмкін деген қорытындыға келді.

«Бүгінгі күнде арнаулы экстремизмді (террористік қызметті) қаржыландыру қылмыстарды есепке алу жоқ:

– Статистикалық талдауда нақты қылмыстың ауқымдылығы бағаланса», – деп өз ұсынымын келтіріп кетті [19, б. 35].

Дәл осындай қорытындыға келген С.Г. Еремін: «Экстремистік және террористік ұйымдарды қаржыландырудың алдын алу тек қана ұйымдар мен азаматтар ақшалай қаржысының қозғалысы туралы барлық қажетті мәліметтерді тез арада алу бірыңғай ақпараттық жүйені құруымен мүмкін бола алады», – деген пікірде [230, с. 87]. Сонымен қатар экстремистік әрекетке қатысы бар деген ұйымдар мен жеке тұлғалар туралы мәліметтер болған кезде, оларды есепке алу жұмысын бір арнада жүргізсе қылмыстық қудалау органдарының жұмысын жеңілдетуге септігін тигізері анық. Алайда бірыңғай жүйені қамтитын ортақ мәліметтерді банкі Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын құқық қорғау және арнайы органдар арасында осы күнге дейін жоқ. Әр ведомстволардың қызмет бабында жұмысының ерекшеліктеріне байланысты өз алдына бөлек ақпараттық ресурстар базасы бар. Мәселен, Қазақстан Республикасы БП-ның бастамасымен 2017 жылы «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі әзірленді. Аталған жүйе ғаламтордағы күдікті контенттерді онлайн-режимде анықтауға бағытталған. Бұл жүйе қағазбастылықты қысқартады. Аталған жүйе үш кезеңді қамтиды:

Бірінші кезең – мониторинг. Оператор құқыққа қайшы сілтемені анықтайды. Егер сілтеме алғаш рет анықталса автоматты түрде базаға енгізіледі және оны барлық мемлекеттік органдар көре алады;

Екінші кезең – құқықтық баға беріледі. Яғни, теологқа сараптама тағайындауға немесе ҚҚО-на тергеуге жолданады;

Үшінші кезең – сайт әкімшілігіне тез арада бұғаттау қажеттілігі жөнінде хабарландыру жолданады. Кейіннен жүйе мемлекет аумағында сілтемеге қолжетімділігін қадағалайды. Сонымен қатар, халықаралық іздеуде жүрген қылмыскерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өткен кезде оларды тез арада ұстау мақсатында Қазақстан Республикасы БП ҚСЖАЕАК Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің Шекара бақылау жүйесі мен ТМД-ның Мемлекетаралық іздеу бойынша мәліметтер базаларын біріктіруді аяқтады. Қазіргі таңда әуе жолаушылары бойынша Азаматтық әуе комитеті мен Интерполдың мәліметтер базаларымен біріктіру жұмыстарын жүргізу үстінде [231]. Біз тек прокуратура органдарымен жүргізілетін цифрлық жұмыстардың бірегейін ғана мысал ретінде көрсеттік. Дәл осылай басқа да құқық қорғау және арнайы органдарда өз алдына бөлек жұмыс жасайтын ақпараттық жүйелер жетерлік. Алайда экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылда аталған ақпараттық жүйелер жан-жақты әрі толыққанды ақпаратпен қамтамасыз етпейді, тек өзара әрекеттестіктің арқасында яғни барлық ақпараттарды бір орталықта біріктіріп, оны пайдалану кезінде ғана тиімді болмақ.

Біз экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылдағы орталықтанған ақпараттар жүйесі бойынша отандық тәжірибені талдап, халықаралық тәжірибеге сүйеніп, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының БП ҚСЖАЕАК базасында «Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығын» құруды ұсынамыз. Аталған ұсыныс бізбен жоғарыда атап өткен Қазақстан Республикасының Терроризм мен экстремизмге қарсы орталық шешімі негізінде құрылып және оның толыққанды жұмыс жасап тұруына жауапты болып Қазақстан

Республикасының БП ҚСЖАЕАК бекіту керек. Экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы жалпы деректер мен ақпараттар базасын терең талдау арнайы Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығында жүзеге асырылады. Ақпаратты есепке алу экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында жедел ақпараттық-талдамалық қолдаудың негізін қамтамасыз етеді. Келіп түскен ақпараттарды Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығы өңдейді. Деректерді қорғаудың жоғары дәрежесі бар осы ақпараттық кеңістіктерде олар ақпаратты жинайды, қайта тексереді және талдайды.

Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығын: Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты; Қазақстан Республикасының ІІМ (ЭҚІҚД); Қазақстан Республикасының ҰҚК («Т» 3 департаменті); Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (МКК және ҚМК қарасты ЭТҚ); Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (Тіркеу қызметі мен заң қызметін ұйымдастыру департаменті мен Сот сараптамасы орталығы); Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (ДІК); Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі; Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы; Халықаралық ұйымдар (Интерпол, ҰҚКҰ, АӨСШК, ЕҚЫҰ, ТМД Терроризмге қарсы орталығы, ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы) ақпараттары толықтыру қажет.

Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығын құруға жауапты орган келесідей мәселелерді қолға алу тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының БП ҚСЖАЕАК базасында өз алдына бөлек электронды нысандағы орталық болып құрылу қажет;
- 2) ведомстволар белгіленген мәліметтерді ғана ұсыну қажет;
- 3) ақпараттар ведомстволар тарапынан жаңартылып отыру тиіс;
- 4) ақпараттардың дұрыстығына оны ұсынған ведомстволар жауапты болу керек;

5) Қазақстан Республикасының Терроризм мен экстремизмге қарсы орталығы мүшелерін ай сайын толыққан жаңа ақпараттармен таныстыру және орталық отырысында Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығы бойынша берілген тапсырмаларды орындауды жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының Терроризм мен экстремизмге қарсы орталығымен материалдық-техникалық, қаржылық қамтамасыз ету мен ұйымдастырушылық-штаттық мәселесін шешу бойынша тығыз байланыс орнату.

Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығы келесідей ведомстволардан ақпараттарды енгізуді көздейді:

1) Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты (шетелдің және халықаралық соттарымен қызмет етуіне тыйым салынған экстремистік ұйымдар, қозғалыстар, партиялар, қауымдастықтар, бірлестіктер туралы ақпаратты; шетелдің және халықаралық соттарымен экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасағаны үшін сотталған жеке тұлғалар туралы ақпаратты; ұйымдарды экстремистік деп тану бойынша сот шешімдерін шығарудың тәжірибесі туралы және т.б. ақпараттық материалдарды);

2) Қазақстан Республикасының ІІМ ЭҚІҚД (экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша жедел-іздігіру жұмыстарын жүргізу барысында алынған ақпаратты; экстремизм үшін күдікке ілінген адамдар туралы дербес деректер (аты-жөні, балама есімдер, төлқұжат деректері, сыртқы келбетінің ерекше белгілері, тұрғылықты, туған жері, әскери міндетін өтеген және жұмыс орнының мекенжайы, отбасы, туған туыстары, араласатын ортасындағы адамдар туралы толық ақпаратты; экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасаудан бас тартып ҚҚО-на дер кезінде хабарлаған экстремистік партиялардың, қозғалыстардың, бірлестіктердің, ұйымдардың, топтардың мүшесі немесе кезінде мүшесі болған адамдар туралы және т.б. дербес деректерді);

3) Қазақстан Республикасының ҰҚК «Т» 3 департаменті (халықаралық экстремистік ұйым жағында үшінші бір мемлекеттердің аумағында шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысқан, қатысу үшін дайындықтан өткен немесе басқа да экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасағаны үшін халықаралық іздеуде жүрген немесе қатысы болуы мүмкін адамдар туралы ақпаратты; экстремистік ұйымдардың, топтардың немесе жеке тұлғалардың орналасқан базалары, дайындалатын лагерьлері, емделетін жерлері мен қозғалыс маршруттары жайындағы ақпаратты; экстремистік ұйым немесе топпен байланыс орнатқан немесе алдын ала сөз байласып қылмыстық әрекеттерді жасамақшы болған қылмыстық топтар, ұйымдар, қауымдастықтар жайлы ақпаратты; экстремистік бағыттағы қылмыстық әрекеттерді жасыру әдістері мен жасыру арналары жайлы ақпаратты; экстремистік бағыттағы қылмыстардың заттары мен құралдарын жасау бойынша зертханалар мен арнайы объектілер жайлы ақпаратты; экстремистік ұйымдарға материалдық-техникалық базасын жетілдіру мен заңсыз қару-жарақ пен жаңа техникалық әзірлемелермен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар жайлы ақпаратты; экстремистердің арбауына іліккен бірақ экстремистік бағыттағы және өзге де қылмыстар бойынша ҚҚО-ның көздеріне түспеген (құқық қорғау және арнайы органдарының бұрынғы қызметкерлері, қарулы қақтығыстардан тәжірибесі бар соғыс ардагерлері, жарылғыш заттар мен қару-жарақ саласында хабары бар білікті мамандар және т.б. жеке тұлғалар) туралы ақпаратты; экстремистік ұйымдарға кез келген көмекті көрсеткен немесе көрсетуге ынта білдірген үкіметтік емес ұйымдар, мекемелер, қорлар, қозғалыстар, бірлестіктер, партиялар, қоғамдастықтар және т.б. туралы ақпаратты; шетелде экстремистік идеология бойынша дәріс оқытатын немесе теріс ниеттегі әрекеттерге үйретеді деп танылған оқу орталықтар, медреселер, мектептер, лицейлер және ЖОО (діни, мәдени, саяси) және т.б. туралы ақпаратты);

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ҚМК қарасты ЭТҚ (Қазақстан Республикасында немесе ше-

телдің аумағында экстремистік ұйымдар, қозғалыстар, партиялар, қауымдастықтар, бірлестіктерді қаржыландырған ұйымдар, қорлар, жеке тұлғалар туралы ақпаратты; экстремизмді қаржыландыру арналары мен қайнар көздері оның ішінде рәсімсіз қаржылық-есептік жүйелерді қолдану арқылы қаржыландыру арналары жайлы ақпаратты);

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі МКК (кедендік бақылаудан өткізу барысында экстремистік сипаттағы күдікке ілінген объектілер туралы ақпарат пен кедендік бақылаудан сол объектілерді өткізбекші болған адамдар туралы және т.б. дербес деректерді);

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі мен заң қызметін ұйымдастыру департаменті (тіркеуге қажетті тізімді орындап бірақ тіркеуден өтпеген немесе тіркеуден өткен саяси, діни және т.б. сипаттағы ұйымдар, бірлестіктер, партиялар, қауымдастықтар жайлы ақпаратты);

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы (құрамында экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасауға үгіттейді деген сараптама қорытындысы шыққан материалдар (кітаптар, брошюралар, беттер, бейне-дыбыс жазбалар), ғаламтордағы сайттар, форумдар, әлеуметтік желілер, парақшалар және т.б. жайлы ақпаратты);

6) Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ДІК (Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі діни ахуалдың жай-күйі туралы ақпаратты; экстремистік әрекеттерге арбаудың заманауи әдістер мен формалары жайлы ақпараттық материалды; экстремистік мақсатта ақпараттық технологияларды пайдалануға қарсы іс-қимыл бойынша материалды; миссионерлік қызметпен айналысатын адамдар туралы дербес деректерді; деструктивті теріс ағымды ұстанатын немесе енді соған бет бұра бастаған адамдар туралы дербес деректерді; құрамында діни экстремистік идеологияны дәріптейтіндігі жөнінде дінтану сараптамасы қорытындысы шыққан материалдар (кітаптар, брошюралар, беттер, бейне-дыбыс жазбалар) ғаламтордағы сайттар,

форумдар, әлеуметтік желілер, парақшалар және т.б. жайлы ақпаратты);

7) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (білім беруге лицензия берілген арнайы мамандандырылған кәсіби білім беру орталықтары және ЖОО туралы ақпаратты және т.б.);

8) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (Қазақстан Республикасындағы мешіттер, медреселер, діни оқу орталықтары мен оқу орындары жайлы ақпаратты; шетелде діни білім алып келген адамдар жайлы дербес ақпаратты; мешіттер, медреселер, діни оқу орталықтары мен оқу орындарын салғызуды қаржыландырған ұйымдар, мекемелер, қорлар және жеке тұлғалар туралы және т.б. ақпаратты);

9) Халықаралық ұйымдар (Интерпол, ҰҚКҰ, АӨСШК, ЕҚЫҰ, ТМД Терроризмге қарсы орталығы, ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы және т.б.) экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселесіндегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды жетілдіру мақсатында ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтерді қамту қажет.

Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығы жоғарыда аталған ведомстволардан келіп түскен ақпараттар және экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын ҚҚО, арнайы органдар және өзге де мемлекеттік құрылымдардың атқарған шаралары бойынша материалдарды топтастырады, тізімін жасайды, ҚҚО-ның экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша ынтымақтастығының оңтайлы нәтижелерін жинақтайды. Қазақстан Республикасы ІІМ экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын қызметтері үшін:

– экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша еліміздің аймақтарындағы қалыптасқан ахуалды, экстремистік бағыттағы қылмыстардың қай түрі жиі жасалатынын анықтай келе ПО күшін қайда бағыттауда;

– экстремистік бағыттағы қылмыстарды анықтау, ашу, жолын кесу мен тергеп-тексеруде;

– өз құзыреті шеңберінде діни қызмет діни бірлестіктер туралы заңнаманы бұзудың алдын алу мен жолын кесу;

– экстремизм идеологиясына қарсы іс-қимыл саласындағы алдын алу жұмыстарын жүргізу барысында қолданылуы мүмкін.

Терроризм мен экстремизмге қарсы орталық экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселесі жөнінде отырысты өткізу барысында Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығының мүмкіндіктерін пайдалана отырып келесідей іс-шараларды өткізе алар еді:

1) экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы ахуалдың шиеленісуіне қарсы іс-қимыл мен алдын алу шараларын дайындау;

2) қарастырылып отырған саладағы кері үрдістердің дамуына байланысты облыстағы, аудандағы, қаладағы қылмыстық ахуалды тұрақсыздандыратын факторларға қарсы іс-қимыл;

3) облыста, ауданда, қалада экстремизмге қарсы іс-қимыл саласымен байланысты орын алған төтенше жағдайларға қатысты стратегиялық және тактикалық шараларды құруды қарастыру;

4) экстремизммен байланысты қылмыстық ахуалды жою үшін кешенді шараларды дайындау мен ұйымдастыру;

5) аталған санаттағы құқық бұзушылықтарды жасауға бейім тұлғаларға қатысты жеке профилактикалық жұмыстарды ұйымдастырумен байланысты сұрақтарды үйлестіру;

6) қоғамдық орындарда, адамдар көптеп жиналатын объектілерде экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы тұра алатын қорғаныс қабілеттілігінің дәрежесін тексеру;

7) экстремизмге қарсы іс-қимылдың аймақтық, аймақаралық кешенді бағдарламаларды әзірлеу;

8) тұрғындарды экстремистік бағыттағы қылмыстар, өзге де экстремизммен байланысты құқық бұзушылықтар және олардың жасалу себебі жайлы ақпараттармен қамтамасыз ету және оған қарсы БАҚ арқылы тарататын насихатты күшейту бойынша ақпарат дайындау;

9) экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша ВЖТТ құру;

10) экстремистік әрекеттің алдын алу бойынша ВЖТТ құрамында жедел-ізвестіру шараларын пысықтау;

11) экстремистік бағыттағы қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеруді ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесіне талдау жасап, осы бағыттағы ҚҚО-ның ВЖТТ үшін оңтайлы тәжірибені жинақтау, шолулар дайындау және т.б. шараларды жүзеге асыру.

Осылайша, біз ұсынып отырған Экстремизмге қарсы іс-қимылдың ведомствоаралық ақпараттық орталығы Қазақстан Республикасы ҚҚО-ның жұмысын үйлестіруді қысқа мерзімде тиімді нәтижелерге қол жеткізуге, бұл жұмыстың басты бағыттарын айқындауға, профилактикалық жұмыспен көптеген объектілерді қамтуға, қылмыстық қудалау органдары үшін ВЖТТ жұмысын жеңілдетуде, экстремизмге қарсы іс-қимылды жүргізетін басты органдардың мүмкіндіктерін жақсы пайдаланып, күштерін біріктіруге үлкен мүмкіндік береді.

Аталған тарау бөлігін қорытындылай келе, біз келесідей тұжырымдар ұсынамыз:

1. Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерін растайтын мемлекеттік органдардан алынған ресми ақпараттар, статистикалар, тәжірибе қызметкерлерімен жүргізілген сұхбаттасу нәтижелері және сауалнама қорытындысы бізге ПО қызметкерлерінің экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылда дайындық деңгейін көтеру мақсатында келесідей шаралар бойынша жұмыстарды қолға алу керек:

– ПО жүйесінде қызметкерлердің қатысуымен өткізілетін жауынгерлік-қызметтік дайындық дәріс сағаттарында экстремизм жайлы жан-жақты тақырыпты ашатын, толыққанды ақпаратпен қамтылған (бейнероликтер, презентациялар, бейнебаян және т.б.) дәрістерді ЭҚІҚД, ҰҚК және ДІК өкілдердің қатысуымен беру;

– ПО-ның қызметкерлеріне арналған Қазақстан Республикасы ІІМ ЭҚІҚД мен Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ДІК-нің бірлесе отырып,

экстремизмнің алдын алу мен анықтауға бағытталған әдістемелік ұсыным әзірленіп жеке құрамға (бірінші кезекте жедел қызметкерлерге, учаскелік полиция инспекторлары, ювеналды полиция инспекторлары, патрульдік полиция инспекторлары) тарату;

– экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша ПО-ның қызметкерлеріне арналған Қазақстан Республикасы ІМ ведомстволық ЖОО-да арнайы біліктілікті арттыру курстарын, семинарларды, тренингтерді, конференцияларды, дөңгелек үстелдерді теория мен практика байланысын одан әрі жетілдіру мақсатында жиі ұйымдастыру.

2. Қазіргі уақытта экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдар жұмысының бірыңғай архитектурасын құрып, соны тиімді үйлестіретін басты консультациялық-кеңесші орган қажеттілігі сезілуде. Осыған байланысты тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңесші орган Терроризмге қарсы орталықты – «Терроризм мен экстремизмге қарсы орталық» және Терроризмге қарсы комиссияны – «Терроризм мен экстремизмге қарсы комиссия» ретінде деп толықтыруды ұсынсақ, экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, ақпараттық-аналитикалық және нормативтік-құқықтық мәселелерді шешудегі үйлестіруші тұрақты орган болар еді. Сәйкесінше Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Терроризмге қарсы орталығы туралы», «Терроризмге қарсы комиссиялардың үлгілік ережесі», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ережелері мен заңдарына «Терроризм мен экстремизмге қарсы орталық» және «Терроризм мен экстремизмге қарсы комиссия» деп қайта толықтыруына байланысты толықтырулар енгізілу қажет.

3. Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша бөліністердің жоғары білікті мамандарынан тұратын Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі аумақтық комиссиялар жанынан арнайы құрылатын ВЖТТ-ның экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеруді жүргізу қажеттігі негізделген. Осыған орай Қазақстан Республикасы

ҚПК-нің 194-бабын «2-1» бөлігімен толықтырылып және келесідей редакцияда ұсынылады:

– «2-1) экстремистік қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ІІО және Қазақстан Республикасының өзге де арнаулы органдарының қызметкерлерінен тұратын ВЖТТ тұрақты негізде жүргізеді. Осы Кодекстің 187-бабының 5, 6 және 7-бөліктерінде көзделген қылмыстарды баламалы тергеп-тексеру ескеріле отырып, ВЖТТ құру туралы ведомствоаралық нормативтік акт шығарылады. ВЖТТ құру және оны материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы шешімді экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үйлестіретін орган қарайды».

4. Бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесі ретінде Қазақстан Республикасы БП ҚСЖАЕК базасында Экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық ақпараттық орталық құру ұсынылады. Экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық ақпараттық орталықты құру қысқа мерзімде тиімді нәтижелерге қол жеткізуге, жұмыстың негізгі бағыттарын анықтауға, алдын алу жұмыстарымен көптеген объектілерді қамтуға, ВЖТТ жұмысын жеңілдетуге, мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға және экстремизмге қарсы іс-қимыл жүргізетін негізгі органдардың күштерін біріктіруге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл жұмыста экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу ерекшеліктерінің кейбір теориялық және практикалық мәселелері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері бойынша алынған мәліметтер экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу ерекшеліктерінің проблемаларын кейінгі ғылыми әдістемелердің негізгі бағыттары мен алғы шарттарын белгілеуге мүмкіндік береді, олар қылмыстарды тергеудің жалпы ережелеріне, жеке криминалистикалық әдістемелерге, жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасына жататын практикалық ұсынымдарды әзірлеу үшін, сондай-ақ экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы органдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды негіздеу үшін қолданылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылда теория мен практиканың жетістіктерін ескере отырып, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы, экстремизмге қарсы іс-қимылды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді және осы саладағы тәжірибелік қызметті, сондай-ақ статистикалық мәліметтерді талдау арқылы, біз төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар жасаймыз. Сонымен монографиялық жұмыста келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Экстремизмге қарсы іс-қимыл заңнамасында «экстремизм» анықтамасы толық ашып көрсетілмеген, осыған байланысты:

– «Экстремизм – қандай да бір әлеуметтік топқа, осы топтың өкіліне қатысты саяси, діни, ұлттық және өзге де өшпенділік немесе араздық себептері бойынша радикалды іс-әрекетке итермелейтін немесе әлеуметтік-экономикалық проблемалар, саяси тұрақсыздық және қоғамдағы өзге де себептер нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе өзге де жағдайларды өзгертуге бағытталған идеологиялық құбылыс».

2. Қылмыстық заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы ҚК-нің 3-бабының 39-тармағын «экстремистік қылмыстар» терминінің авторлық анықтамасымен толықтыру және экстремистік бағыттағы қылмыстарға жататын баптардың тізіміне қосымша 168, 173, 272-баптарды енгізе отырып, аталған тармақ келесідей редакцияда ұсынылады:

– «Экстремистік қылмыстар – қандай да бір әлеуметтік топқа немесе оның өкіліне қатысты экстремистік ұйымның, топтың атынан немесе өз атынан саяси, діни, ұлттық және өзге де өшпенділік немесе араздық себептері бойынша жасалатын осы кодекстің 168, 173, 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 272, 404 (екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген экстремистік бағыттағы іс-әрекеттер».

3. Криминалистикалық сипаттама экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу процесінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады, өйткені экстремистік бағыттағы қылмыстың версияларын анықтауда қолданылатын үлкен ақпараттық әлеуетке ие. Экстремистік бағыттағы қылмыстардағы қылмыскер мен жәбірленушінің жеке тұлғасы, қылмыс жасау әдісі, қылмыс жасау шарттары, қылмыстық қол сұғушылықтың заты, қылмыстың материалдық іздері, қылмыстың ниеті мен мақсаты, қылмыстың жасалуына себеп болатын салдар, себептер мен жағдайлар, қылмыстың іздерін жасыруға бағытталған әрекеттер туралы мәліметтерді қамтитын экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы қалыптастырылған. Аталған санаттағы әрекеттер бойынша құқық бұзушының жеке басын талдауға сүйене отырып, криминалистикалық сипаттаманың осы элементін нақтылап көрсету ұсынылады:

– саяси экстремист – билікті өзгертуге ұмтылатын, саясаттан тәжірибесі бар немесе оны жетік меңгерген, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі саяси биліктің жұмысына моральдық тұрғыдан қанағаттанбаған,

саяси құрылымды өзгертуге, саяси қарсыластарды мемлекет ішінде де, одан тыс жерлерде де жоямын деп қорқытатын, мемлекеттік билік үшін күресте психологиялық, моральдық, ақпараттық, зорлық-зомбылық шараларын қолданатын тұлға;

– діни экстремист – саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін зайырлы мемлекеттік билікке қарсы психологиялық, моральдық, ақпараттық, зорлық-зомбылық шараларын қолданатын, өзінің діни көзқарастары мен сенімдерінің басқа дін өкілдерінен үстем екендігін дәлелдеуді мақсат еткен қандай да бір әлеуметтік діни топтың (сектаның) өкілі;

– ұлтшыл экстремист – бір ұлт екінші ұлтқа үстемдік ететін біртұтас мемлекет құру контекстінде саяси билікке ұмтылатын, көпұлтты мемлекетті жойып, басқа ұлттардың құқықтары мен мүдделерінен бас тартып, өз ұлты өкілдерінің артықшылығы мен бірегейлігін дәлелдеу мақсатында әдет-ғұрыптарды, дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды, тілді және т.б. қорғау ұранымен шығып, басқа ұлт өкілдеріне қатысты алауыздық пен өшпенділікті қоздыруға бағытталған зорлық-зомбылық пен қатыгездікті насихаттауға шақыратын тұлға.

4. Экстремистік бағыттағы қылмыстық істерді зерделеу барысында анықталған экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеудің бастапқы сатысындағы тергеу ахуалдары қылмысты тергеу әдістемесінің қажетті элементі болып табылады. Олар қылмысты неғұрлым сәтті тергеу мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның іс-қимыл алгоритмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудің бастапқы сатысында орын алатын қалыпты тергеу ахуалдары тұжырымдалды, соның негізінде тергеуші іс-әрекетінің алгоритмі әзірленді және тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктері анықталды:

– экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы ақпараттың болмауы, сондай-ақ қылмыстың жасалу себептері белгісіз;

– жәбірленушінің жеке басы туралы ішінара ақпарат бар, бірақ экстремистік бағыттағы қылмыс жасаған тұлға мен оның қылмыстық әрекеттерінің себептері туралы ақпарат жоқ;

– экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы және оның қылмыстық істерінің себептері туралы толық ақпарат бар.

Қалыпты тергеу ахуалдары экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудің негізгі бағыттарын анықтауға, әр тергеу ахуалына сәйкес тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктерін анықтауға және оңтайлы алгоритмді таңдауға мүмкіндік береді. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша дәлелдемелер базасын қалыптастырудың негізгі тергеу әрекеттері: оқиға болған жерді қарап-тексеру, жауап алу, тінту және алу, сот сараптамаларын тағайындау болып табылады.

Экстремистік бағыттағы қылмыстың жасалғаны туралы дәлелді ақпаратты анықтау және пайдалану мақсатында қылмыс жасауға дайындық, қылмысты жасау және жасыру тәсілдері туралы нақты деректерді анықтау және бекіту қажет. Ол үшін тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде техникалық құралдарды қолдану қажет, өйткені техникалық құралдардың көмегімен ақпаратты тіркеу тергеу әрекеттерінің хаттамаларында дәлелді ақпаратты тіркеуді айтарлықтай толықтырады.

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу кезінде тергеуші жеке тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде әртүрлі білім салаларының мамандарын тарту мүмкіндігін қарастыруы керек, мысалы, оқиға болған жерді қарап-тексеру, жауап алу және т.б. арнайы білімі бар маманның маңызды ақпаратты табуға, алуға, тіркеуге және зерттеуге пайда әкелуі мүмкін. Тергеу әрекетін жүргізуге тартылған маманның көмегімен қылмыстың себептерін және оны жасауға қатысы бар адамдарды көрсететін белгілерді анықтауға болады. Жүргізілген зерттеу экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу құралдары мен әдістерін жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

5. Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тағайындалатын сараптамаларды келесідей жіктеу ұсынылады:

– жалпы, оның ішінде кез-келген қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде тағайындалған стандартты сараптамалар жиынтығы, оның ішінде: сот-медициналық, сот-биологиялық, сот-трасологиялық, сот-баллистикалық, сот-жазутану және т.б.

– арнайы, оларға: компьютерлік технологиялар құралдарын сот-сараптамалық зерттеу (сот-компьютерлік), сот дінтанушылық, сот психологиялық, сот-лингвистикалық, психологиялық-психиатриялық, психологиялық-лингвистикалық сараптамалар және т.б.

Экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған іздерге, заттарға және қылмыстық істің басқа да мән-жайларына қарай сот сараптамаларының жекелеген түрлерін жүргізуді ұйымдастыру және тағайындау жөнінде ұсынымдар әзірленді. Кешенді сараптамаларды қарастырылып отырған санаттағы істер бойынша дәлелдеу барысында тиімді құрал ретінде тағайындаудың орындылығы көрсетілген.

6. Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша бөліністердің жоғары білікті мамандарынан тұратын Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі аумақтық комиссиялар жанынан арнайы құрылатын ВЖТТ-ның экстремистік бағыттағы қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеруді жүргізу қажеттігі негізделген. Осыған орай Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 194-бабын «2-1» бөлігімен толықтырылып және келесідей редакцияда ұсынылады:

– «2-1) экстремистік қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ІІО және Қазақстан Республикасының өзге де арнаулы органдарының қызметкерлерінен тұратын ВЖТТ тұрақты негізде жүргізеді. Осы Кодекстің 187-бабының 5, 6 және 7-бөліктерінде көзделген қылмыстарды баламалы тергеп-тексеру ескеріле отырып, ВЖТТ құру туралы ведомствоаралық нормативтік акт шығарылады. ВЖТТ құру және оны материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы

шешімді экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үйлестіретін орган қарайды».

7. Бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесі ретінде Қазақстан Республикасы БП ҚСЖАЕК базасында Экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық ақпараттық орталық құру ұсынылады. Экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық ақпараттық орталықты құру қысқа мерзімде тиімді нәтижелерге қол жеткізуге, жұмыстың негізгі бағыттарын анықтауға, алдын алу жұмыстарымен көптеген объектілерді қамтуға, ВЖТТ жұмысын жеңілдетуге, мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға және экстремизмге қарсы іс-қимыл жүргізетін негізгі органдардың күштерін біріктіруге мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеудің ерекшеліктеріне байланысты жеке криминалистикалық әдістемесін жасауға және экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу құралдары мен әдістерін жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

Келтірілген қорытындылардың ең маңыздысын қорғауға шығарылатын тұжырымдардың мазмұны құрайды. Бұл тұжырымдар заң шығарушы, сондай ақ құқық қолдану қызметінде пайдалы болуы мүмкін деп есептейміз. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу ерекшеліктері бойынша қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдірудің белгіленген бағыттары, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіруі мен құқық қолдану тәжірибесіне пайдасын беріп, оң әсерін тигізуі мүмкін. Қорыта айтқанда монографиялық жұмыс өзінің алдына қойған міндеттер мен мақсаттарын осылайша орындайды.

Тұжырымдалған ұсыныстар одан әрі теориялық зерттеулер үшін пайдалы болады және экстремизмнің әр түрлі көріністеріне қарсы күресте құқық қорғау органдарының практикалық қызметінде қолданылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // Электрондық ресурс: <https://www.akorda.kz> (20.05.2015).
2. Токаев К-Ж. К. Терроризм и экстремизм продолжают оставаться вызовами миру и безопасности // Официальный сайт Президента Республики Казахстан // Электронный ресурс: <https://www.forbes.kz> (10.10.2018).
3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисі // Электрондық ресурс: <https://www.qamqor.kz> (20.11.2023).
4. Шапақ Ү.Ш. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: оқу құралы. – Астана: Заң насихат, 2005. – 152 б.
5. Томалинцев В.Н. Сущность экстремизма. Особенности его явных и скрытых форм // Феномен экстремизма / под ред. А.А. Козлова. – СПб., 2000. – С. 16-23.
6. Воронцов С.А. Понятие экстремизма и его существенные признаки // Философия права. – Ростов н/Д., 2007. – №4(23). – С. 65-71.
7. Право и безопасность. – 2002. – №2-3. – С. 40-43. // Электронный ресурс: https://dpr.ru/pravo/pravo_archive.htm (10.08.2017).
8. Вехов И.В. Экстремизм в современной России: механизм воспроизводства и меры социального контроля: автореф. ... канд. соц. наук.:22.00.04 /Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена. – СПб., 2011. – С. 26. // Электронный ресурс: <https://www.dissercat.com> (04.10.2016).

9. Телегин Г.И. Основные этапы формирования экстремизма как противоправного деяния в России // Юридический мир. – 2013. – №1. – С. 1-8. // Электронный ресурс: <https://www.center-bereg.ru> (05.07.2017).

10. Фридинский С.Н. Борьба с экстремизмом: уголовно-правовой и криминологический аспект: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.08 / Ростовский юридический институт МВД России. – Ростов н/Д, 2003. – С. 217.

11. Вестник бури воля и правда // «Экстремизм»: история и современность // Электронный ресурс: <https://www.vestnikburi.com/ekstremizm-istoriya-i-sovremennost/> (06.05.2015).

12. Дүйсебаев Ж.К. Діні экстремизммен күрес күшейтілуі тиіс. «Егемен Қазақстан» газеті, 02 қаз 2014. // Электрондық ресурс: <https://www.i-news.kz> (06.05.2015).

13. Басалай А.Г. Опасность политического экстремизма // Диалог. – 1999. – №10. – С. 12-19.

14. Бишманов К.М., Шидемов А.Г. Экстремизмнің пайда болу тарихы, түсінігі мен түрлері // Лаңкестік актілеріне қарсы күрес: отандық және шетелдік тәжірибелер: халықар. ғыл-тәж. конф. мат-ры. – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗжРБЖҰБ, 2020. – Б. 226-241.

15. Мыльников Б.А. Противодействия преступлениям экстремистской направленности: криминологический и уголовно-правовой аспекты: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.08. / Институт международного права и экономики им. А.С. Грибоедова. – М., 2005. – С. 177.

16. Тамаев Р.С. Борьба с экстремизмом: необходимо международное сотрудничество // Законность. – М., 2007. – №6 // Электронный ресурс: <https://www.center-bereg.ru> (24.03.2017).

17. Иншаков С.М. Криминология: учебник / С.М. Иншаков. – М.: Юриспруденция, 2000. – С. 427.

18. Мартыненко Б.К. Политический терроризм: понятие, признаки, классификация // Северо-Кавказский юридический вестник. – 1999. – №7. – С. 66-74.

19. Мейркулова Г.Д. Предупреждение финансирования экстремизма: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.08 / Академия МВД Республики Казахстан. – Алматы, 2010. – С. 131.

20. Кабанов П.А. Криминальный политический экстремизм как вид политической преступности: понятие, сущность, классификация // П.А. Кабанов // Следователь – М., 2005. – №12 – С. 44-47.

21. Религиозный экстремизм. – М., 2002. Вып. 2. – С. 12.
// Электронный ресурс:
https://fryazino.org/Bezopasnost/antiterror_kom/info_antiterror/5511 (20.03.2018).

22. Лопаткин Р.А. // Религиозный фундаментализм и экстремизм: политическое измерение». 13 мая 2011. // Электронный ресурс: <https://www.religare.ru> (20.03.2015).

23. Муминов А.И. Религиозный экстремизм как угроза современному обществу: социально-философский анализ: дис. ... канд. филос. наук.: 09.00.11 / Военный университет. – М., 2007. – С. 193.

24. Авцинова Г.И. Экстремизм политический // Политическая энциклопедия. В 2 томах. – М., 1999. Т. 2. – С. 712.

25. Узденов Р.М. Экстремизм: Криминологические и уголовно-правовые проблемы противодействия: дис. ... канд. юрид. наук.: 12.00.08 / Российская академия правосудия. – М., 2008. – С. 220.

26. Суслонов П.Е. Организация противодействия экстремизму: практическое пособие / П.Е. Суслонов, К.В. Злоказов, Е.С. Губина / под общ. ред. П.Е. Суслонова. – Екатеринбург: Уральский юридический институт МВД России, 2013. – С. 81.

27. Скориков Д.Г. Расследование преступлений экстремистской направленности: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.12 / Волгоградская академия МВД России. – Волгоград, 2014. – С. 224.

28. Шидемов А.Г. Экстремизм: история возникновения и классификация // Актуальные проблемы уголовного законодательства на современном этапе: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Волгоград: Бланк, 2016. – С. 385-392.

29. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31-ІІІ Заңы. (20.25.05 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // Электрондық ресурс: <https://www.online.zakon.kz> (25.05.2020).

30. Скаков А.Б. Правовые, криминологические и организационные основы предупреждения преступности террористической и экстремистской направленности в Республике Казахстан // Противодействие терроризму и религиозному экстремизму в условиях глобализации: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Алматы, 2014. – С. 63-67.

31. Шидемов А.Г. Экстремизм ұғымының теоретикалық негіздері // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – Алматы, 2016. – №2(78). – Б. 360-368.

32. Дарменов А.Д. Предупреждение экстремизма в условиях глобализации: учебное пособие. – Алматы: ООНИ-иРИР, 2008. – С. 310.

33. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – 4-е изд., доп. – М: Азбуковник, 1997. – С. 938.

34. Экстремизм – это ... Что такое экстремизм? // Электронный ресурс: <https://dic.academic.ru> (18.11.2015).

35. Словарь иностранных слов: словарь / Сост. М.Ю. Женило, Е.С. Юрченко. – Ростов н/Д: Феникс, 2001. – С. 800.

36. Советский энциклопедический словарь / Научно-редакционный совет: А.М. Прохоров (пред.). – М.: «Советская энциклопедия», 1981. – С. 1600.

37. Большая советская энциклопедия: в 30 т./ Гл. ред. А.М. Прохоров. – 3-е изд. – М.: Сов. энцикл., 1969-1978. // Электронный ресурс: https://biblioclub.ru/?page=dict&dict_id=63 (18.11.2015).

38. Малая энциклопедия современных знаний. 2-е изд., перераб.: В 2 т. – М.; – Харьков, 2000. Т. 1. – С. 368.

39. Экстремизм как неотъемлемый элемент терроризма? // Электронный ресурс: <https://www.articlekz.com> (10.09.2015).

40. Пудовочкин Ю.Е., Узденков Р.М. Теоретические конструкции определения экстремизма: проблемы и перспективы // Криминологический журнал. – 2005. – №2(8). – С. 87-92.

41. Пономаренков В.А., Яворский М.Л. Сущностная характеристика современного экстремизма // Юридический мир. – 2008. – №2. – С. 41-43.

42. Верещагин В.Ю., Лабунец М.И. Политический экстремизм: этнонациональная институционализация и регионализация. – Ростов н/Д, 2002. – С. 7-8.

43. Антонян Ю.М. Природа экстремизма // Уголовно-правовой запрет и его эффективность в борьбе с современной преступностью: Сборник научных трудов / Под. ред. Н.А. Лопашенко. – Саратов, 2008. – С. 678.

44. Сергун Е.П. Правовое обеспечение противодействия экстремистской деятельности в Российской Федерации // Правовая политика и правовая жизнь. – 2006. – №2. – С.197-200.

45. Воронов И.В. Основы политико-правового ограничения социально-политического экстремизма как угрозы национальной безопасности Российской Федерации: дис. ... канд. полит. наук.:23.00.02 / Российская академия государственной службы при Президенте Российской Федерации. – М., 2003. – 154 с.

46. Бидова Б.Б. Специально-криминологическое противодействие молодежному экстремизму // Молодой ученый. – 2012. – №11. – С. 287-289.

47. Шидемов А.Г., Бишманов К.М. Экстремистік бағыттағы қылмыстардың теориялық негіздері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми көпшілік журнал. – Алматы, 2020. – №12/5(151). – Б. 88-95.

48. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-

құқықтық жүйесі // Электрондық ресурс: <https://www.adilet.zan.kz> (01.01.2016).

49. Рахметов С.М., Бапанов Т.А. Қылмыс құрамы – Алматы: ЖШС «Баспа», 1999. – 88 б.

50. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 768 б.

51. Антитеррористический центр государств-участников содружества независимых государств // Электронный ресурс: <https://www.cisatc.org> (30.10.2020).

52. Шидемов А.Г. Экстремизмге қарсы тұру мәселелері отандық және халықаралық тәжірибе // Ұлттық қауіпсіздіктің жаһандық сын-қатерлеріне қарсы тұру мәселелері: халықар. ғыл.-тәж. конф. мат-ры. – Алматы: Қазақстан Республикасы ҰҚК Академиясы, 2016. – Б.134-149.

53. Терроризм в Казахстане – Википедия // Электронный ресурс: <https://www.ru.m.wikipedia.org> (16.09.2016).

54. Теракт в Актобе (2016) – Википедия // Электронный ресурс: <https://www.ru.m.wikipedia.org> (30.09.2016).

55. Скончался еще один полицейский после теракта в Алматы // Электронный ресурс: <http://www.m.forbes.kz> (11.08.2016).

56. Кегембаева Ж.А. Конституционные основы уголовного законодательства Республики Казахстан: монография. – Алматы: Алматинская академия МВД Республики Казахстан, 2011. – С. 230.

57. Бишманов К.М. Установление и осуществление контроля за источниками угроз общественной безопасности // Роль науки в повышении эффективности деятельности правоохранительных органов: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Алматы: Академия МВД Республики Казахстан, 2009. – С. 468-471.

58. Шидемов А.Г. Қазақстан Республикасындағы экстремизмге қарсы тұрудың мәселелері // Терроризм мен экстремизмге қарсы тұрудың өзекті мәселелері: отандық және шетелдік тәжірибелер: халық. ғыл.-тәж. конф. мат-ры. – Алматы:

Қазақстан Республикасы ИМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ, 2017. – Б. 76-87.

59. Қазақстан Республикасының 06 қаңтар 2012 жылы №527-IV Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңы (20.06.10 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // Электрондық ресурс: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483> (06.10.2020).

60. Қазақстан Республикасының 11 қазан 2011 жылы қабылданған №483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы (20.15.11 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // Электрондық ресурс: <https://www.adilet.zan.kz> (15.11.2020).

61. 22 желтоқсан 2016 жылы №28-VI Қазақстан Республикасының «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын айтуға болады (27.02.2017 жылы берілген өзгерістермен) // Электрондық ресурс: <https://online.zakon.kz> (10.01.2020).

62. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің берген 2012-2016 жылдар аралығындағы діни ахуал бойынша берген ресми статистикалық мәліметтері.

63. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года №858.

64. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №124 қаулысы // Электрондық ресурс: <https://www.adilet.zan.kz> (15.03.2019).

65. Қазақстан ратифицировал конвенцию ШОС по противодействию экстремизму // Электронный ресурс: <https://www.sputniknews.kz> (18.02.2020).

66. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің берген 2017-2019 жылдар аралығындағы діни ахуал бойынша берген ресми статистикалық мәліметтері.

67. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайты // Электрондық ресурс: <https://pravstat.prokuror.gov.kz> (16.01.2023).

68. «Жусан» операциялары барысында Сириядан елге қанша адам қайтарылды? // Электронный ресурс: <https://kazislam.kz> (15.01.2020).

69. Жусан: обзор и итоги гуманитарной операции – Религиозная карта // Электронный ресурс: <https://religionmap.kz> (15.01.2020).

70. В Казахстане запретили деятельность «Көше партиясы» // Электронный ресурс: <https://www.tengrinews.kz> (19.05.2020).

71. Будь осторожен: ИГИЛ // Сандыбаев Ж., Иманбаев М., Билялов С. Дизайн: Шилдебаев Д. – Астана, 2016 – С. 84.

72. Электронный ресурс: https://crimas.ru/_books/probl_prav_regulir_borb_extremism.pdf (15.02.2020).

73. Международная конвенция о ликвидации всех форм расовой дискриминации от 7.03.1966 // Ведомости Верховного Совета СССР. – 1969. – №25.

74. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН № 36/55 от 25.11.1981 // Электронный ресурс: <https://www.un.org> (14.08.2015).

75. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН от 9.12.1994 №49/60 // Электронный ресурс: <https://www.un.org> (14.08.2015).

76. Венская декларация о преступности и правосудии: ответы на вызовы XXI века: Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН от 4.12.2000 №55/59 // Электронный ресурс: <https://www.un.org> (14.08.2015).

77. Меры, которые должны быть приняты против нацизма и расовой нетерпимости: Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН от 18.12.1967 №2331 // Электронный ресурс: <https://www.un.org> (14.08.2015).

78. Декларация тысячелетия Организации Объединенных Наций: Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН от 8.09.2000 №55/2 // Электронный ресурс: <https://www.un.org> (14.08.2015).

79. 15 маусым 2001 жылы қабылданған «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы» Шанхай конвенциясы // Электрондық ресурс: <https://www.tengrinews.kz> (18.04.2002).

80. АТЦ государств-участников СНГ // Электронный ресурс: <https://www.cisatc.org> (11.10.2019).

81. Стратегия противодействия экстремизму в Российской Федерации до 2025 года // Управа района Сокол города Москвы // Электронный ресурс: <https://sokol.mos.ru/anti-terror/the-strategy-for-counter-terror-in-russia-to-2025.php> (17.10.2019).

82. Криминология: учебник / под ред. В.Н. Кудрявцева и В.Э. Эминова. 4-е изд., перераб. Доп. – М.: Норма, 2009. – С. 800.

83. Концепция общественной безопасности в Российской Федерации: утверждена Президентом РФ 14.11.2-13 №Пр-2685. // Электронный ресурс: <https://www.kremlin.ru> (15.02.2016).

84. О некоторых вопросах Министерства внутренних дел Российской Федерации: Указ Президента РФ от 06.09.2008 №1316 (ред. От 05.09.2011) // СЗ РФ 2015. 20 апр. №16.

85. Долгова А.И., Гуськов А.Я., Чуганов Е.Г. Проблемы правового регулирования борьбы с экстремизмом и правоприменительной практики // Электронный ресурс:

https://crimas.ru/_books/probl_prav_regulir_borb_extremism.pdf (01.05.2011).

86. Васильевич Г.А. Законодательство и практика противодействия экстремизму в Республике Беларусь // Модель общества и национальная безопасность: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Калининград, Калининградский юридический институт МВД России, 2010. – С. 16-24. // Электронный ресурс: <https://law.bsu.by> (14.08.2015).

87. Антиэкстремистское законодательство Республики Беларусь // Электронный ресурс: https://spring96.org/files/book/ru/2019_extremism_ru.pdf (15.02.2016).

88. Национальное законодательство Кыргызской Республики в борьбе с экстремизмом и терроризмом // Электронный ресурс: <https://www.koom.kg/index.php?act=material&id=5086> (18.01.2020).

89. Кыргызстан не сдает позиции в борьбе с терроризмом // Электронный ресурс: <https://inozpress.kg> (03.02.2013).

90. Закон Кыргызской Республики от 17.08.2005 «О противодействии экстремистской деятельности» // Электронный ресурс: <https://online.zakon.kz> (05.11.2019).

91. Юдичева С.А. Зарубежный опыт правового регулирования борьбы с экстремизмом // Вестник МГОУ. – 2009. – №2. – С. 23-28.

92. Шидемов А.Г. Сравнительно-правовой анализ законодательного регулирования противодействия преступлениям экстремистской направленности в зарубежных странах // Общественная безопасность, законность и правопорядок в III тысячелетии: сборник статей. Вып. 3. – Часть 1. – Воронеж: Воронежский институт МВД России, 2017. – С. 188-195.

93. Французская система борьбы с терроризмом // Электронный ресурс: <http://www.studies.agentura.ru/to/france> (14.08.2015).

94. En prison, rassembler les extrémistes aggrave le problème, Sarah Dindo, de l'OIP // Электронный ресурс: <https://www.telerama.fr> (10.08.2015).

95. Болычев Н.И. О зарубежном опыте правового регулирования противодействия экстремизму в сети интернет // Вестник Воронежского института МВД России. – Воронеж, 2015. – №3. – С. 209-214.

96. Уголовный кодекс ФРГ/пер. с нем. и предисл. А.В. Серебренниковой. – М.: ИКД «Зерцало-М», 2001. – С. 208.

97. Жалинский А.Э. Современное немецкое уголовное право / А.Э. Жалинский. – М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2006. – С. 560.

98. Бидова Б.Б., Бязров М.И. Уголовное законодательство зарубежных государств и международные стандарты в сфере противодействия молодежному экстремизму // Вестник Ессентукского института управления, бизнес и права. – 2012. – №5. – С. 70-71.

99. Сокол В.Ю. Особенности деятельности ведомства по охране Конституции Германии по выявлению экстремистских и террористических преступлений // Общество: политика, экономика, право. – 2007. – №2. – С. 80-86.

100. Шаяхметов А.Ш. Политическая деятельность государств по противодействию терроризму и религиозному экстремизму в условиях глобализации (на примере Республики Казахстан и Кыргызской Республики): дис. ... канд. полит. наук.:23.00.02 / Академия КНБ Республики Казахстан. – Бишкек, 2013. – С. 168.

101. Violent Extremism and Related Criminal Offences // Электронный ресурс: <https://www.cps.gov.uk> (11.08.2015).

102. Radicalisation in the digital era/ I.von Behr [et al.]. – В., 2013. // Электронный ресурс: https://www.rand.org/content/dam/rand/pubs/research_reports/RR400/RR453/RAND_RR453.pdf (11.08.2015).

103. Зарубежное законодательство в борьбе с терроризмом / отв. ред. И.С. Власов. – М.: «Городец-издат», 2002. – С. 144.

104. Anti-Terrorism, Crime and Security Act 14th December 2001 (UK Public General) // Документ размещен на сайте Управления государственного сектора информации Соединенного Королевства Великобритания в Internet // Электронный ресурс: <http://www.opsi.gov.uk> (14.08.2015).

105. Опыт зарубежных государств в области противодействия в области противодействия молодежному экстремизму // Электронный ресурс: <https://www.cyberleninka.ru/article/n/opyt-zarubezhnyh-gosudarstv-v-oblasti-protivodeystviya-molodezhnomu-ekstremizmu> (14.08.2015).

106. Овчинский В.С. Экстремистские организации в США / В.С. Овчинский, М.А. Кочубей. Журнал российского права. – 2009. – №6. – С. 101-114.

107. Капинус О.С., Додонов В.Н. Ответственность за разжигание расовой, национальной и религиозной вражды, а также другие «преступления ненависти» в современном уголовном праве / О.С. Капинус, В.Н. Додонов // Законы России: опыт, анализ, практика. – 2007. – №8. – С. 76-85.

108. Соединенные Штаты Америки: конституция и законодательные акты / под ред. проф. О.А. Жидкова. – М.: Издательская группа «Прогресс», 1993. – 320 с.

109. United States Code 13 th September 1994. Title 18 «Crimes and criminal procedure» // Документ размещен на сайте Управления Совета по изменению законодательства при Палате Представителей Конгресса США в Internet // Электронный ресурс: <https://www.uscode.house.gov> (14.08.2015).

110. Салимов А.А. Правовые основы противодействия экстремизму в Кыргызской Республики (теоретико-правовой анализ): дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.11 / Национальная академия наук Кыргызской Республики. – Бишкек, 2012. – 200 с.

111. Сюкияйнен Л.Р. Мусульманское право: вопросы теории и практики / Л.Р. Сюкияйнен. – М.: Наука, 1986. – С. 237.

112. Закон об исламских уголовных наказаниях Исламской Республики Иран / науч. ред. А.И. Ахани; пер. с персидского

М.С. Пелевина, предисл. Ю.Н. Волкова. – СПб.: Изд-во Р. Асланова «Юридический центр Пресс», 2008. – С. 343.

113. Грушихина В.А. Криминалистическая характеристика преступлений, предусмотренных статьей 282 УК РФ // Сборник научных трудов «Криминалистика: вчера, сегодня, завтра» Восточно-Сибирский институт МВД РФ. Выпуск 5. 2014г. // Электронный ресурс: <https://kriminalisty.ru/stati/kriminalisticheskaja-harakteristika-pres-690.html> (02.04.2018).

114. Герасимов И.Ф. Криминалистическая характеристика преступлений в методике расследования // Методика расследования преступлений: Общие положения. – М., 1976. – С. 93-97.

115. Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. От теории – к практике. – М.: Юр. лит., 1988. – С. 304.

116. Субботина М.В. Криминалистические проблемы расследования хищений чужого имущества // Черные дыры в Российском Законодательстве. 2003. №1 // Электронный ресурс: <https://www.k-press.ru/bh/2003/1/rsubbotina/rsubbotina.asp> (02.04.2018).

117. Байсарин Б.З. Криминалистикалық әдістеме: оқу-әдістемелік құрал. – Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2012. – 57 б.

118. Скориков Д.Г., Васильев Д.В., Горкина Е.В. Криминалистическая характеристика преступлений экстремистской направленности // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – №6.// Электронный ресурс: <https://www.science-education.ru/ru/article/view?Id=15913> (02.04.2018).

119. Шидемов А.Г. Экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы // Экстремистік материалдарды таратумен байланысты қылмыстардың алдын алу, анықтау, ашу мен тергеу мәселелері: халықар. ғыл.-тәж. конф. мат-ры. – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы, 2018. – Б. 101-131.

120. Сергеева А.В. Особенности досудебного производства по уголовным делам о преступлениях экстремистской направленности: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Академия управления МВД России. – М., 2012. – С. 195.

121. Рубцов И.И. Криминалистическая характеристика преступлений как элемент частных методик расследования: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Санкт-Петербургский университет МВД России. – СПб., 2001. – С. 225.

122. Чечелян Г.С. Криминалистический анализ личности преступника и потерпевшего (применительно к делам об умышленном причинении телесных повреждений) // Актуальные проблемы права: теория и практика: Сб.науч.работ. – Краснодар: КубГУ, 2004. Вып. 3. – С. 252-256.

123. Маркова Ю.В. Предупреждение преступлений, совершаемых группами несовершеннолетних экстремистской направленности: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.08 / Нижегородская академия МВД России. – Нижний-Новгород, 2008. – С. 208.

124. Қазақстан Республикасы ІІМ КПД берген статистикалық мәліметтер.

125. Мусаелян М.Ф. О личности экстремиста // военно-юридический журнал. – 2010. – №2. – С. 20-23.

126. Тулегенов В.В., Стулов С.А. Субкультурные особенности религиозного экстремистов, отбывающих наказание в виде лишения свободы // Вестник Кузбасского института. – 2017. – №1(30). – С. 100-105.

127. Побег из колонии строгого режима в Актау // Электронный ресурс: <https://www.zakon.kz>>176165-pobeg-iz (02.04.2018).

128. Атырау қаласының ҚІМС. Оп. 1. Д. №2311-1/578–№2311-444/12; Алматы қаласының ҚІМС. Оп. 1. Д. №157-6430.

129. Багаутдинов Ф.Н., Петрова И.С. Криминологическая характеристика личности потерпевшего по делам об убийствах // Правосудие в Татарстане. – 2006. – №1(26). – С. 35-38.

130. Шурухнов Н.Г. Криминалистика: учебное пособие. – М.: Юристъ, 2005. – С. 639.

131. Шидемов А.Г. Экстремистік бағыттағы қылмысты жасау орны, уақыты, әдістерінің кешенін, ниеттер мен мақсаттарды қамтитын криминалистикалық сипаттама // Терроризм актілеріне қарсы күрестегі өзекті мәселелер: отандық және шетелдік тәжірибелер: халықар. ғыл-тәж. конф. мат-ры (19.10.2018): – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ, 2018. – Б. 159-166.

132. Зуйков Г.Г. Поиск преступников по признакам способов совершения преступлений / Г.Г. Зуйков. – М.: Высш. шк. МВД СССР, 1970. – С. 212.

133. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // Электрондық ресурс: <https://www.adilet.zan.kz> (01.01.2016).

134. Криминалистика: учебник / отв. ред. Н.П. Яблоков. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Юристъ, 2001. – С. 718.

135. Даньшин М.В. Классификация способов сокрытия преступления: автореф. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Национальная юридическая академия Украины им. Я. Мудрого. – Харьков, 2000. – С. 21. // Электронный ресурс: <https://www.dslib.net/kriminal-process/klassifikacija-sposobov-sokrytija-prestuplenij-v-kriminalistike.html> (01.04.2018).

136. Ивченко О.С. Проблемы мотива и цели убийства в уголовном праве России: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.08 / НИИ Проблем укрепления законности и правопорядка при Генеральной прокуратуре Российской Федерации. – М., 2002. – С. 227.

137. Джунусов М.С. Национализм в различных измерениях. – Алма-Ата, 1990. – С. 200.

138. Горбунова Л.В., Курц А.В. Обстоятельства,отягчающие наказание по уголовному праву России: вопросы теории и практики. – Казань, 2004. – С. 154.

139. Антонов О.Ю. Актуальные вопросы борьбы с преступлениями экстремистская преступная деятельность в сети интернет: правовой и криминалистический анализ, пути противодействия. – 2017. – №1 // Электронный ресурс: <https://www.cyberleninka.ru> (02.04.2018).

140. Аристархова Т.А., Малахвей Е.Д. К вопросу о преступлениях экстремистского характера, совершенных с использованием сети «интернет» // Известия Тульского государственного университета. – Тула. – №1. – 2013. – С. 75-82.

141. Валькова Т.В., Влащенко А.О., Суровенко И.А. Вопросы национального и международного права в противодействии экстремистским преступлениям в информационно-телекоммуникационных сетях, в том числе сети Интернет // Соотношение национального и международного права по противодействию национализму, фашизму и другим экстремистским преступлениям: матер. междунар. науч.-практ. конф. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015. – С. 79-83.

142. Колесниченко А.Н. Научные и правовые основы расследования отдельных видов преступлений: автореф. ... докт. юрид. наук.:12.00.09 / Харьковский юридический институт им. Л.М. Кагановича. – Харьков, 1967. – С. 27. // Электронный ресурс: <https://lawlibrary.ru/izdanie23843.html> (12.05.2016).

143. Белкин Р.С. Курс криминалистики: В 3-х т. Т.3: Криминалистические средства, приемы и рекомендации. – М., – 1997. – С. 480.

144. Васильев А.П., Яблоков И.П. Предмет, система и теоретические основы криминалистики. – М., – 1984. – С. 143.

145. Турчин Д.А. О разработке теории следственной ситуации // Следственная ситуация: сб. науч. тр. – М.: Все-союз. Ин-т по изучению причин и разработке мер предупреждения преступности. – 1985. – С. 27-30.

146. Ищенко Е.П. Криминалистика: учебник / Е.П. Ищенко, В.А. Образцов. – М.: ЕКSMO, – 2005. – С. 474.

147. Брылев В.И. Типичные следственные ситуации по делам о вовлечении несовершеннолетнего в совершение антиобщественных действий / Брылев В.И., Сокол Ю.В. // Общество и право. – №1. – 2012. – С. 204-209.

148. Криминалистика: учебник / Л.Я. Драпкин, В.Н. Карагодин. – М.: ТК Велби; Проспект, – 2007. – С. 689.

149. Криминалистика: Учебник / Под ред. А.Г. Филиппова и А.Ф. Волинского. – М.,1998. – С. 543.

150. Аристархова Т.А. Криминалистическая характеристика и совершенствование методики расследования преступлений против прав и законных интересов человека и гражданина, совершаемых по экстремистским мотивам: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.12 / Тульский государственный университет. – Тула, 2015. – С. 281.

151. Васильев В.А. Особенности расследования преступлений экстремистской направленности // Сб. ст. конф. Интеллектуальный потенциал XXI века: ступени познания, Бурятский гос. университет. – Улан-Удэ, 2017. – С. 121-126.

152. Шидемов А.Г. Типичные следственные ситуации первоначального этапа расследования по преступлениям экстремистской направленности // Актуальные проблемы противодействия преступности на современном этапе: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Алматы: Алматинская академия им. М. Есболатова МВД Республики Казахстан, 2020. – С. 121-128.

153. Алехин Е.В. Типичные следственные ситуации, возникающие на первоначальном этапе расследования организации экстремистских сообществ // Расследование преступлений: проблемы и пути их решения. – М., 4/2017. – С. 113-117.

154. Капица В.С. Расследование преступлений против жизни и здоровья, совершенных по мотиву национальной, расовой, религиозной ненависти и вражды: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Кубанский государственный университет. – Краснодар, 2009. – 211 с.

155. Шлегель О.В. Методика расследования преступлений против личности, совершенных по мотиву национальной

ненависти и вражды: автореф. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Академия управления МВД России, – М., 2008. – 24 с. // Электронный ресурс: <https://www.dissercat.com> (05.11.2017).

156. Ершов В.А. Методика расследования преступлений против жизни и здоровья граждан, совершаемых членами неформальных групп (движений): дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Дальневосточный юридический институт МВД Российской Федерации. – Владивосток, 2006. – С. 185.

157. Головин А.Ю., Аристархова Т.А. Исходные следственные ситуации по делам о преступлениях против прав и законных интересов человека и гражданина, совершаемых по экстремистским мотивам // Известия ТулГУ. Экономические и юридические науки. – №22. – Тула, 2016. – С. 23-33.

158. Головин А.Ю., Аристархова Т.А. Особенности проведения отдельных следственных действий при расследовании экстремистских преступлений против прав и законных интересов человека и гражданина // Известия Тульского государственного университета. Экономические и юридические науки. – №1. – Тула., 2013. – С. 32-41 // Электронный ресурс: <https://cyberleninka.ru> (12.04.2020).

159. Назаркулова Ч.Н. Участие специалиста в следственных действиях при расследовании преступлений, совершенных по мотиву национальной, расовой, религиозной или межрегиональной ненависти или вражды // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. – №3(71). – СПб., 2016. – С. 124-129.

160. Исатаева Б.М. Расследование преступлений экстремистского характера, теория и практика: дис. ... маг. юрид. наук.:540450 / Алматинская академия МВД Республики Казахстан. – Алматы, 2014. – С. 105.

161. Крылов В.В. Информационные компьютерные преступления: учебное и практическое пособие. – М., – 1997. – С. 285.

162. Кан А.Г. Теория и практика на предварительном следствии: уголовно-процессуальны аспекты: монография –

Алматы: ООНИиРИР Алматинской академии МВД Республики Казахстан, 2012. – С. 211.

163. Капсалямов К.Ж. Уголовное преследование и способы собирания доказательств: учебное пособие. – Астана: «Фолиант», 2001. – С. 112.

164. Алексаньян К.А. О проблеме систематизации тактических приемов допроса подозреваемого // Ученые записки: Вып. 3. – Краснодар: КубГУ, 2004. – С. 265-273.

165. Расследование преступлений повышенной общественной опасности: пособие для следователя / кол. авт. – М.: Лига Разум, 1999. – С. 508.

166. Самитов Э.О. Криминалистическое обеспечение расследования истязаний: автореф. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Казанский государственный университет. – Владимир, 2009. – С. 23.

167. Семенова И.В. Тактические и психологические основы получения от потерпевших правдивых показаний: автореф. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Кубанский государственный аграрный университет. – Краснодар, 2009. – С. 30.

168. Ахмедов У.Н. Допрос как средство доказывания мотива национальной и расовой ненависти или вражды по делам о преступлениях против жизни и здоровья // Закон и право. – 2008. – №11. – С. 58-62.

169. Шумилин С.Ф. Указ. соч. – С. 385.

170. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23.03.2019г.) // Электронный ресурс: <https://www.online.zakon.kz> (20.01.2020).

171. Кертэс И. Тактика и психологические основы допроса – М.: «Юридическая литература», 1964. // Электронный ресурс: <https://studizba.com/files/show/doc/52829-4-36814.html> (01.02.2018).

172. Коровин Н.К. Публично-правовое регулирование использования видеозаписи в судебном процессе // Вестник Сибирского университета потребительской кооперации. – 2014. – № 1(8). – С. 102-106.

173. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика. – М.: Норма, 2000. – С. 990.

174. Сманалиев К.М. Актуальные проблемы доказательства и доказывания в уголовном судопроизводстве Кыргызской Республики: дис. ... докт. юрид. наук.:12.00.09 / Кыргызско-российский славянский университет. – Бишкек, 2011. – С. 306.

175. Бедняков И.Л. Обыск: проблемы эффективности и доказательственного значения: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Самарский государственный университет. – Самара, 2009. – С. 228.

176. Алехин Е.В. Расследование организации экстремистских сообществ: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.12 / Кубанский государственный аграрный университет. – Краснодар, 2015. – С. 208.

177. Филиппов А.Г. Заметки на полях (о статье А.Н. Иванова и Е.С. Лапина) // Вестник криминалистики. – Издательство: Спарк. – 2004. – Вып. 4(12). – М., – С. 30-32.

178. Резван А.П. Правовые и криминалистические проблемы борьбы с хищениями предметов, имеющих особую ценность. – Волгоград, 2000. – С. 394.

179. Иванов А.Н. Производство обыска: уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты: Учебное пособие / Под ред. В.И. Комиссарова. – Саратов: СГАП, 1999. – С. 120.

180. Shidemov A. The use of special knowledge in view of investigation of the crimes of an extremist nature // Journal of Advanced Research in Law and Economics. – 2017. – Vol. 8. – Iss. 2. – P. 612-624. ISSN:2068-696X Journal's DOI:<https://doi.org/10.14505/jarle>

181. Шидемов А.Г. Қылмыстық процестегі экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша сот сараптамасын тағайындау ерекшеліктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми көпшілік журнал. – Алматы, 2017. – №1(43). – Б. 275-279.

182. Дильбарханова Ж.Р. Специальные знания в расследовании транснациональных преступлений: – Алматы: Юрист, 2007. – С. 272.

183. Исаев А.А. Теоретические и правовые проблемы применения специальных познаний для квалификации преступлений. – Алматы: «Жеті жарғы», 1999. – С. 240.

184. Закон от 10 февраля 2017 г. № 44-VI «О судебной экспертной деятельности» (с изменениями от 18.04.2017г.). // Электронный ресурс: <https://www.online.zakon.kz> (20.01.2020).

185. Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в гражданском, арбитражном, административном и уголовном процессе / Е.Р. Россинская. – 3-е изд., доп. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2011. – С. 736.

186. Назначение и производство судебных экспертиз: пособие для следователей, судей и экспертов. – М., «Юридическая литература». – 1988. // Электронный ресурс: <https://naukaprava.ru/catalog/435/1272/76151> (12.01.2019).

187. Дильбарханова Ж.Р. Генотипоскопическая экспертиза в расследовании преступлений: учебно-практическое пособие. – Алматы: Юрист, 2007. – С. 88.

188. Грибунов О.П. К вопросу о противодействии экстремизму на объектах транспорта // Вестник Восточно-Сибирского института МВД России. – 2013. – №3(66). – С. 9-16.

189. Бринев К.И. Справочник по судебной лингвистической экспертизе. – М., 2012. – С. 200.

190. Белая И.В., Салихова Д.Д. Некоторые вопросы назначения судебных экспертиз по делам об экстремизме и терроризме // Студенческий: электрон. научн. журн. – 2019. – №20(64). // Электронный ресурс: <https://sibac.info/journal/student/64/142608> (08.04.2020).

191. Электронный ресурс: <https://www.neoexpert.ru/node/2400> (08.04.2020).

192. Экспертизы на предварительном следствии / Под ред. В.В. Мозякова. – М.: Экспертно-криминалистический центр МВД России, 2002. – С. 120.

193. Теория и практика судебной экспертизы в гражданском и арбитражном процессе / Под. ред. Е.Р. Российской. – М.: Норма, 2006. – С. 259-276.

194. Карбузов К-К.Ж. Расследование уголовного дела в отношении членов международной экстремистской религиозно-политической организации «Хизб-ут-Тахрир» по признакам преступлений, предусмотренных ст. 164 ч. 1, ст. 337-1 ч.2 Уголовного кодекса Республики Казахстан: практическое пособие / К-К.Ж. Карбузов, Е.С. Тлеубаев. – Астана. – 2013. – С. 145.

195. Мусина Д.Ш. Особенности назначения и проведения судебной религиозоведческой экспертизы: Заңгер. – 2015. – №9(170). – С. 55-59.

196. Хожаков К.Б. Правовые аспекты назначения религиозоведческой экспертизы материалов содержащих идеи религиозного экстремизма // Проблемы противодействия терроризму и экстремизму: отечественный и зарубежный опыт: матер. науч.-практ. конф. – Алматы: Алматинская академия МВД Республики Казахстан, 2012. – С. 272.

197. Приказ Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года №162 Об утверждении Правил проведения религиозоведческой экспертизы. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2019г.) // Электронный ресурс: <https://www.online.zakon.kz> (08.04.2020).

198. Муканова Н.А. Исследование материалов касательно противоправной деятельности религиозных объединений // Восток-Запад: партнерство в судебной экспертизе. Актуальные вопросы теории и практики судебной экспертизы: Мат-лы. междунар. науч.-практ. конф., Астана: Министерство Республики Казахстан Центр судебной экспертизы. – 2015. // Электронный ресурс: <https://www.online.zakon.kz> (25.10.2015).

199. Айтбаев А.С. Использование специальных знаний на стадии предварительного расследования: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Академия МВД Республики Казахстан. – Алматы, 2008. – С. 128.

200. Петрухин И.Л. Экспертиза как средство доказывания в советском уголовном процессе. – М.: Юрид. Лит., 1964. – С. 268.

201. Нұрсұлтан Назарбаев: кез келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қатаң тойтарыс беру жайын ойластырумыз керек // Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ. // Электрондық ресурс: <https://www.ortcom.kz> (23.08.2016).

202. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 5 қараша 2016 жылғы №1033 бұйрығы.

203. Шидемов А.Г. Экстремистік бағыттағы қылмыстармен қарсы күрестегі ішкі істер органы қызметкерлерінің дайындық деңгейі // Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметін ғылыми әдістемелік қамтамасыз ету: халықар. ғыл.-тәж. конф. матер. жин.: – Алматы: ҚР ПМ Алматы академиясының ҒЗжРБЖҰБ, 2016. – Б. 306-323.

204. Нұрсұлтан Назарбаев: кез келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қатаң тойтарыс беру жайын ойластырумыз керек. // Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ // Электрондық ресурс: <https://ortcom.kz> (23.08.2016).

205. Шидемов А.Г. Экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс қимылдағы құқық қорғау органдарының ынтымақтастығы // Лаңкестік актілеріне қарсы күрестегі өзекті мәселелер: отандық және шетелдік тәжірибелер: халықар. ғыл.-тәж. конф. мат.-ры. – Алматы: ҚР ПМ Алматы академиясының ҒЗжРБЖҰБ, 2019. – Б. 247-259.

206. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 23 маусымдағы №588 Жарлығы // Электрондық ресурс: <https://www.adilet.zan.kz> (24.06.2013).

207. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Президентінің 2013 жылғы 23 маусымдағы №589 Жарлығы // Электрондық ресурс: <https://www.adilet.zan.kz> (24.06.2013).

208. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-І Заңы. (20.16.11 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // Электрондық ресурс: <https://online.zakon.kz> (16.11.2020).

209. Шидемов А.Г. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу бойынша ведомствоаралық жедел тергеу тобы // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – Алматы, 2016. – №4(80). – Б. 284-289.

210. Шидемов А.Г. Құқық қорғау органдары ынтымақтастығының процессуалдық және процессуалдық емес нысаны // Актуальные проблемы применения уголовного законодательства Республики Казахстан на современном этапе: вопросы теории и практики: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Алматы: ООНИиРИР Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени М. Есболатова, 2019. – С. 57-64.

211. Паутова Т.А. Взаимодействие следователей органов внутренних дел с органами дознания при возбуждении и расследовании уголовных дел: дис. ... канд. юрид. наук.:12.00.09 / Тюменский юридический институт МВД России. – Тюмень, 2005. – С. 183.

212. Смирнов А.Ф. Прокуратура и проблемы управления. – М.: Криминологическая Ассоциация, 1997. – С. 263.

213. Исаенко В.Н. Вопросы организации деятельности следственных групп, формируемых для расследования серийных убийств // «Черные дыры» в российском законодательстве. – 2005. – №1. – С. 412-418.

214. В Вооруженных силах РК создана комиссия по противодействию терроризму и экстремизму // Электронный ресурс: <https://www.zakon.kz> (15.11.2019).

215. Шоров М.П. Проблемы методики расследования убийств, совершенных по найму / под ред. д.ю.н., проф. Г. М. Меретукова. – Славянск-на-Кубани: «Блиц», 2002. – С. 182.

216. Зеленский В.Д. Организация расследования преступлений. Криминалистические аспекты: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Изд-во. Ростов. ун-та, 1989. – С. 152.

217. В следственном управлении Следственного комитета РФ по Ставропольскому краю обобщена практика расследования преступлений экстремистской направленности // Электронный ресурс: <https://sledcomrf.ru> (11.02.2015).

218. Абдрахманов Б.А., Байтанова Р.Б. Профессионально-психологический отбор кандидатов на службу в ОВД РК. – Алматы: ООНИиРИР Академии МВД РК, 2005. – С. 109.

219. Центр информационной безопасности на базе РАТС ШОС призвал создать К-Ж. Токаев // Электронный ресурс: <https://www.interfax.kz> (10.11.2020).

220. В СНГ создали единую базу осужденных и разыскиваемых за терроризм // Электронный ресурс: <https://mpgu.su/novosti/v-sng-sozdali-edinuyu-bazu-osuzhdennyih-i-razyiskivaemyih-za-terrorizm> (26.04.2018).

221. Возгрин И.А. Криминалистика / Под ред. Т.А. Седовой, А.Л. Эксархапуло. – СПб., 2001. – С. 928.

222. Центр «Э» потратит почти 50 млн рублей на базу данных экстремистов // Электронный ресурс: <https://secretmag.ru/news/centr-e-potratit-pochti-50-mln-rublei-na-bazu-dannykh-ekstremistov.htm> (27.05.2020).

223. Кыргызстан: некоторые проблемы противодействия религиозному экстремизму и терроризму // Электронный ресурс: <https://stanradar.com/news/full/738-kyrgyzstan-nekotorye-problemy-protivodejstvija-religioznomu-ekstremizmu-i-terrorizmu.html> (14.02.16).

224. Автоматизированная информационно-поисковая система // Электронный ресурс: <https://www.almatech-kz.com> (15.11.19).

225. «Көші-қон полициясы мен ақпараттық жүйенің ақпараттық ынтымақтастығы бойынша интеграцияланған мәліметтер банкін құру туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ 19.08.2016 жылғы №836 бұйрығы.

226. Единая база данных осужденных и подследственных появится в Казахстане // Электронный ресурс: <https://www.vlast.kz> (10.10.2019).

227. Автоматизированная поисковая система Контроль будет внедрена в оставшихся 5 областях до конца 2010 года – глава МВД РК // Электронный ресурс: <https://www.inform.kz> (10.10.20).

228. В казахстанской полиции внедряют цифровые решения // Электронный ресурс: <https://profit.kz/news/58925/V-kazahstanskoj-policii-vnedryaut-cifrovie-resheniya> (05.11.2020).


229. Шидемов А.Г. Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша елімізде қалыптасқан жағдай және онымен күрес жүргізудің тиімді жолын қалыптастыру // Әубәкіров оқулары: халықар. ғыл.-тәжір. конф. мат.-ры. – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы ҒЗЖРБЖҰБ, 2017. – Б. 361-366.

230. Еремин С.Г. О проблемах борьбы с легализацией (отмыванием) доходов, полученных преступным путем и финансированием терроризма // Криминалистическое обеспечение борьбы с терроризмом: матер. междунар. науч.-практ. конф. / под ред. Б.П. Смагоринского. – Волгоград, 2006. – С. 85-90.


231. Абишев Р.Р. О деятельности ОВД в сфере противодействия экстремизму и терроризму и некоторые вопросы совершенствования ОРД в данном направлении // Электронный ресурс: <https://Aui-aktobe.kz> (28.09.2018).

ҚОСЫМША А


Қазақстан Республикасы БП ҚСЖАЕАК берген 2014-2023 жылдары аралығындағы орын алған экстремистік қылмыстардың Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша статистикалық мәліметтері




Сурет А.1 – 2014-2023 жылдары аралығында экстремизм және терроризммен байланысты қылмыстар бойынша статистика




Сурет А.2 – 2014 жылы орын алған экстремистік қылмыстар Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша




Сурет А.3 – 2015 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша




Сурет А.4 – 2016 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша




Сурет А.5 – 2017 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша




Сурет А.6 – 2018 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша




Сурет А.7 – 2019 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша




Сурет А.8 – 2020 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша



Сурет А.9 – 2021 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша




Сурет А.10 – 2022 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша




Сурет А.11 – 2023 жылы орын алған экстремистік қылмыстар
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ДІК берген 2014-2019 жылдары аралығы бойынша статистикалық мәліметтері




Сурет А.11 – 2014-2019 жылдары аралығында ғаламтордағы сайттарға жасалған тексеру нәтижелерінің көрсеткіші


Қазақстан Республикасы ІІМ КПД 2010-2016 жылдары аралығындағы экстремизммен байланысты қылмыстар бойынша берген статистикалық мәліметтері




Сурет А.12 – Қазақстан Республикасында 2010-2014 жылдары аралығында экстремистік бағыттағы қылмыстар үшін жауапқа тартылған ер және әйел адамдар бойынша статистика




Сурет А.13 – Қазақстан Республикасында 2010-2014 жылдары аралығында экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша жауаптылыққа тартылған адамдардың жас шамасы бойынша статистика




Сурет А.14 – Қазақстан Республикасында 2010-2014 жылдар аралығында экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша сотталғандардың әлеуметтік сипаты бойынша статистика



Сурет А.15 – Қазақстан Республикасында 2010-2014 жылдар аралығында экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша сотталғандардың білім деңгейінің статистикасы



Сурет А.16 – Қазақстан Республикасында 2011-2016 жылдар аралығында экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасаған адамдардың азаматтығы бойынша статистика



Сурет А.17 – Қазақстан Республикасында 2010-2014 жылдары аралығында экстремистік бағыттағы қылмыстарды топ құрамында, алкогольдік және есірткілік еліту жағдайында жасағандар бойынша статистика

ҚОСЫМША Ә

Кесте Ә.1 – Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша сот үкімдері шыққан қылмыстық істерді зерттеудің нәтижелері

Зерттеу көрсеткіштері	Қылмыстық істер бойынша жалпы мәліметтер								
	Ескі редакцияда				Жаңа редакцияда				Барлығы
Қазақстан Республикасы ҚК баптары бойынша	164	233	233-3	174	182	258	259	405	41
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Топ құрамында жасағандар	4	3	1	2	2	1	2		15 (36%)
Жалғыз жасаған	10	2	1	7	1	3	1	1	26 (64%)
Жәбірленушінің жынысы бойынша									
Еркек		8					2		10 (95%)
Әйел		1							1 (5%)
Жәбірленушінің жас аралығы									
14-18		2							2 (18%)
21-29							1		1 (9%)
31-39							1		1 (9%)
41-49		4							4 (36%)
51-59		1							1 (9%)
61-69		2							2 (18%)
Жәбірленушінің азаматтығы бойынша									
ҚР азаматы		9					1		10 (95%)
Шетел азаматы							1		1 (5%)
Жасау орны									
Ашық мекенде жасалады (қасақана кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, жарылыс және т.б.)	4	5	2	3	3	4	3	1	25 (61%)
Ғаламторда	10			6					16 (39%)
Жасалу уақыты									
Кешкі кезде	14	4	1	7	3	4	2	1	36 (87%)
Таңертен			1						1 (3%)
Күндіз		1		2			1		4 (10%)
Жасау құралы									
Суық қаруды қолдануға		1							1 (2%)
Жарылғыш зат		4							4 (10%)

Оқ ататын қаруды қолдануға							3		3 (7%)
Ешқандай жасау құралын қолданбай	14		2	9	3	4		1	33 (80%)
Жасаудың әдісі									
Дайындық	10	5		1	1		1		18 (45%)
Жоспарлау	4			8	2	3	2		19 (50%)
Жасыру			2			1		1	4 (5%)
Қылмысқа дайындық									
Қылмысты жасау уақыты мен орны анықталады, қаруы және құралдары ізделеді, қылмысқа қатысушылар мен қылмыс орнына келу және кету жолдары анықталады	9	2	2	8	2	4	3	1	31 (75%)
Ұзақ бақылау және зардап шегуші туралы ақпаратты жинау	5	3		1	1				10 (25%)
Қалыпты тергеу ахуалдарына келесі ақпараттар әсер етеді									
Экстр-тік сипаттағы матер-дың болуына ҚҚО мен арнайы қызметтер қызметкер-нің БАҚ, ғаламтордың әлеум. қызмет-не, ақпарат. технол-лар мен бұқаралық	11	3	1	5	2	3	3		28 (68%)

Ө.1 – кестенің жалғасы


1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
коммуникация-ға мониторинг жүргізу нәтижесі									
Жеке және заңды тұлғалардан ҚҚО мен қадағалау	3	2	1	4	1	1		1	13 (32%)

органдарына өтініш, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдерінің тиісті өтініштері									
Тергеу ахуалдары									
Экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы ақпараттың болмауы, сондай- ақ қылмыстың жасалу себептері белгісіз					2				2 (6%)
Жәбірленушінің жеке басы туралы ішінара ақпарат бар, бірақ экстремистік бағыттағы қылмыс жасаған тұлға мен оның қылмыстық әрекеттерінің себептері туралы ақпарат жоқ	10			1		2		1	14 (34%)
Экстремистік бағыттағы қылмысты жасаған тұлға мен жәбірленушінің жеке басы туралы және оның қылмыстық істерінің себептері туралы толық ақпарат бар	4	5	2	8	1	2	3		25 (60%)
Тергеу амалдары									
Оқиға болған жерді қарап- тексеру	14	5	2	9	3	4	3	1	41 (100%)
Күдіктіден, жәбірленушіден, куәдан жауап алу	12	5	2	7	3	4	3	1	37 (90%)


Күдіктіні анықтауға және ұстауға қатысқан азаматтардан куәлар ретінде жауап алу процесінде алынған айғақтар	2	4		1	2	1	1	1	12 (30%)
Күдіктіні «ізін суытпай» ұстаған жағдайда дереу жауап алу жүргізілген	4	3		2	1		2	1	13 (33%)
Экстр-тік әрекеттерді жасау фактісін толық мойындаған	2	1						1	4 (10%)
Ішінара мойындаған	5	1	1	2	1	4	2		16 (40%)
Тінту мен алу	14	5	2	8	3	3	3	1	39 (96%)
Қылмыстың мат-дық іздері	7	5	1	5	2	4		1	25 (60%)
Күдіктінің тұрғылықты жері бойынша нарколог. және психоневролог. диспансер-ге, соттылығы туралы мәліметтерді қамтитын ПО-ның арнайы есептеріне сұрау салу	14	5		9	2	1	2	1	34 (8)
Сараптамалардың қорытындылары айыптау негізіне жатқызылды	13	2	1	7	1	1	2	1	28 (68%)
Тағайындалған сот сараптамалары									
Сот дінтанушылық	13			5			1		19 (46%)
Сот-компьютерлік	10			9	3	1	3		30 (73%)
Сот-лингвистикалық	4			3			1	1	9 (22%)
Сот-автортану	7			7					14 (35%)
Сот психологиялық	2	5						1	8 (20%)

ҚОСЫМША Б

ПО-ның аумақтық бөлімшелерінің практикалық қызметкерлері арасындағы жүргізілген сауалнама нәтижелері



Сурет Б.1 – Сауалнамаға қатысқан қызметкерлердің лауазымдары бойынша көрсеткіші




Сурет Б.2 – Сауалнамаға қатысқан қызметкерлердің еңбек өтілі бойынша көрсеткіші




Сурет Б.3



Сурет Б.4



Сурет Б.5



Сурет Б.6




Сурет Б.7



Сурет Б.8




Сурет Б.9



Сурет Б.10

Сіздің көзқарасыңыз бойынша экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасады деген күдікпен ұсталған тұлғалардан жауап алу барысында қандай да бір елеулі ерекшеліктер бар ма?



Сурет Б.11

Сіздің пікіріңізше экстремистің жеке басына қандай сипаттар тән?



Сурет Б.12




Сурет Б.13



Сурет Б.14


Қандай шаралар экстремизмге қарсы іс-қимылда ПО қызметкерлерінің теориялық базасындағы жетіспеушіліктерді еңсеруге мүмкіндік береді?



- ПО-дың қызметкерлеріне арналған Ішкі істер министрлігі мен Дін істері жөніндегі комитеттің бірлесе отырып құрастырған экстремизмнің алдын алу мен анықтауға бағытталған әдістемелік ұсынысы
- экстремистік бағыттағы қылмыстар үшін жауаптылықты көздейтін ҚК-тің баптарына қатысты кеңейтілген түсіндірмені (комментарий) шығару
- экстремизмге қарсы күрес бойынша ПО-ның қызметкерлеріне арналған жоғары біліктілікті арттыру курстарын, семинарларды, тренингтерді жиі ұйымдастыру
- өз жауабыңыз


Сурет Б.15

Экстремистік бағыттағы қылмыстардың себептерін Сіз қалай анықтайсыз?




Сурет Б.16


Тәжірибеңізден ескере отырып, Қазақстан Республикасында тыйым салынған қандай экстремистік және террористік ұйымдар Сіздің аумағыңызда белсенді түрде жұмыс істеді ?



Сурет Б.17



Сурет Б.18



Сурет Б.19



Сурет Б.20

МАЗМҰНЫ

Анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар	3
Кіріспе	5
1 Экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылдың теориялық және құқықтық негіздері	
1.1 Экстремизмнің пайда болу генезисі, түсінігі мен түрлері	9
1.2 Экстремизмге қарсы іс-қимылды заңнамалық реттеудің салыстырмалы-құқықтық талдауы: отандық және шетелдік тәжірибе.....	44
2 Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудің қылмыстық-процестік және криминалистикалық аспектілері	
2.1 Экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы	74
2.2 Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудегі қалыпты тергеу ахуалдары	111
2.3 Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексерудегі жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктері.....	127
2.4 Экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша сот сараптамаларының жекелеген түрлерін тағайындау.....	169
2.5 Қазақстан Республикасы құқық қорғау және өзге де органдарының экстремизмге қарсы өзара іс-қимылын ұйымдастырудың ерекшеліктері.....	191
Қорытынды.....	224
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	230
Қосымша	256

Беттеу:
Туренова Б.Ю.

Қазақстан Республикасы ПМ М. Есболатов атындағы
Алматы академиясы Ғылыми-зерттеу
және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыр бөлімі
050060, Алматы қ., Өтепов көш., 29

Басуға 15 наурыз 2024 ж. жіберілді.
Пішімі 60х84 1/16 №1 баспаханалық қағаз.
Ризографтық басылыс. Есептік баспа табағы 11,5.
Таралымы 1000 дана.